

*Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К.*

# **ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА**

*Оқулық*

**Алматы  
2005**

**ББК 74.00**

**Б 12**

**Пікір жазғандар:**

**Ералин Қ.** – профессор, педагогика ғылымдарының докторы.

**Сманов І.** – профессор, педагогика ғылымдарының докторы.

**Жауапты редактор:**

**Беркімбаев К.М.** – профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты

**Бабаев С.Б., Оналбек Ж.К.**

**Б 12 Жалпы педагогика: Оқулық** – Алматы: «Нұр-пресс», 2005 – 228 бет.

**ISBN 9965-620-48-2**

Оқулық жоғары оқу орындарының «Педагогика» пәні бойынша мемлекеттік оқу стандартына сай жазылып, «Педагогика және психология» мамандығын игеруші студенттерге арналады. Бұл еңбектің ерекшелігі – педагогика курсының мазмұны ықшамдалып, жалпыланған күйде ғылым әдіснамасы тұрғысынан берілді; аксеологиялық теория, инновациялық бағыт-бағдарлар мен оқу технологиялары жөніндегі білімдік мәліметтер алғаш енгізіліп отыр. Көп көңіл тұлғалық тәлім-тәрбие мәселелеріне бөлінді. «Қысқа да нұсқа оқу технологиясы» айдарымен ұсынылған бұл оқулық жаңадан еніп жатқан кредиттік оқу жүйесінде өз тиімділігімен көрінеріне сенеміз.

**ББК 74.00**

**Б 4303000000  
00(05)-05**

**ISBN 9965-620-48-2**

© Бабаев С.Б., 2005.

© Оналбек Ж.К., 2005.

© «Нұр-пресс», 2005.

## Алғы сөз

*«Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді».*

*А.Байтұрсынұлы*

Сіз өте қиын, бірақ маңызды, жауапты және қызықты кәсіпті таңдағансыз. Оқуыңызды аяқтағаннан соң сіздің қолыңызға ата-аналар өзінің ең ардақтыларын – перзенттерін тапсырып, оларды қайырымды және ақылды адам етіп өсіріп шығарады деп, сізге сенім білдіреді. Педагог ретінде сіз жай, сонымен бірге ғажайып іс жасайсыз: кешегі ұстағаны қолынан түскен, аттаса сүрінген, ебедейсіз, сенімі жоқ сәбиден келелі тұлға қалыптастырасыз. әлбетте, бұл жұмысты іске асыру үшін сіз нені, қалай және қашан орындау қажеттігін білуіңіз міндетті.

Қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкерлі педагог-мамандарды қатыстыру қажеттігін мойындап отыр. Себебі адам тағдырында мектептік кезеңі аса маңызды. Балалардың өмірлік бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер шығынды өлшеп болмайды. Егер бала-бақша тәрбиешісі, мектеп мұғалімі қателесіп, балаға қажетті назар аудармаса, онда бұдан келер кемшілікті ересек дәуірде түзеу оңай емес.

Студенттік қабырғаның өзінде болашақ педагог оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын, олардың бірлікті еңбегінің мектептегі басты құндылықтар екенін түсініп, оны есінде мықты сақтауы қажет. Бала тәрбиенің құралы емес, мақсаты, сондықтан баланы мектепке икемдестірмей, керісінше, мектеп, мұғалімдер бала табиғатын өзгеріске түсіру ықпалын жасамай тұрып, оны өз мүмкіндігінше даму деңгейіне жеткізу үшін оқушы болмысына икемдесуі тиіс.

Өз ісіңіздің шебері болуы үшін сіз педагогиканы білуіңіз, кәсіби ой толғастыруға үйренуіңіз, содан кейін іс-әрекет жасауыңыз қажет. Педагогика оқу тәрбие қызметінің жағдайлары мен нәтижелері арасындағы жалпы тәуелділік байланыстарды ашып береді. Ол оқу мен тәрбиенің көзделген нәтижесі қалай орындалатынын, нәліктен анау не мынау проблемалардың туындайтынын көрсете отырып, күнделікті кезігетін қиыншылықтарды жеңудің жолдарын көрсетеді.

Педагогика – күрделі ғылым. Басқа ғылымдар сияқты ол нақты жағдайлар және ережелерді өрнектеумен шұғылданбайды. Бұл ғылым педагогикалық қатынастардағы басты құбылыстарды айқындап, педагогикалық процесс себептері мен салдарын нақтылайды. Шәкірттің көп түрлі өмірлік жағдайларын ол жалпыланған түсініктерге, теориялық тұжырымдарға келтіреді.

Ғылыми топшылаулар артында тұрған мектеп өмірі шындығын кейде байқай бермейміз. Дегенмен, педагогиканың бір ғана жалпы қорытындысы мыңдаған нақты ситуацияларды түсіндірудің көзіне айналады. Теорияны жақсы меңгерген маман орасан көп санды нақты деректер мен мысалдарды жаттап, есінде сақтаудан құтылады. Ал, қабылдаған теориясын тәрбиеге байланысты болып жатқан оқиғалардың бәрін байыппен түсіндіруге қолданады.

Сіздің оқу жылдарыңыз педагогика дамуындағы күрделі де қайшылықты кезеңге тура келіп тұр. Педагогикалық екі бағыт текетіресі, яғни әміршіл-әкімшіл және гуманистік оқу-тәрбие бағыттарының тайталасы белең алууда. Бірінші бағыт мұғалім үстемдігіне негізделген, ал екіншісі - мұғалім мен оқушыны педагогикалық процестің тең құқықты қатынасшылары ретінде таниды. Әміршіл-әкімшіл педагогиканың тамырлары қаншама тереңге бойлағанымен, әлемдік педагогика гуманистік тәрбие бағытын қалап алды. Қолыңыздағы қазақ тілінде алғашқы жарық көрген дәрісбаяндар тобында бұл бағыт оқу-тәрбие процесінің барша кезеңдеріндегі мұғалім мен оқушылар арасындағы жаңа қатынастар, олар арасындағы түсіністіктер мен бірлікті қызметке байланысты толық сипатталған.

Оқу құралы өте ықшамды құрастырылған. Оның беттерінен Сіз оқу тәрбие процесінің мәнін, мазмұнын, ұйымдасу жәйттерін түсінуге қажет болған негізгі педагогикалық тұжырымдарды игересіз. әр тақырып бөлімдері бойынша өзіндік тексеріске арналған сұрақтар, тапсырмалар берілген. Білімдер қоры қосымша кітапта плакаттар, таблица, схемалармен жабдықталған. Олар басты түсініктер мен терминдерді саналы жаңғыртуға, негізгі тұжырымдар мен өткен материалдардың құрылымдарын жылдам еске түсіру үшін, күрделі байланыстарды түсініп, оларды жүйелестіру және бекітуге жәрдем береді. Таныс болыңыз.

Оқуыңыз жемісті болсын!

*Авторлар.*

# 1-бөлім. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

## *1-дәрісбаян. Педагогиканың адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны*

*«Қазақ мектептері – қазақтарға білім берудің басты құралы... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім берілетін болсын... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады».*

*Ы.Алтынсарин*

Жоспары:

1. Педагогика – тәрбие жөніндегі ғылым
2. Педагогиканың пайда болуы мен дамуы
3. Педагогика нысаны, пәні және қызметтері
4. Педагогикалық ғылымдар жүйесі
5. Педагогика және басқа ғылымдар

### **1.1. Педагогика – тәрбие жөніндегі ғылым**

Адам биологиялық тіршілік иесі ретінде дүниеге келеді. Оның тұлға болып жетілуі үшін – тәрбиелеу қажет. Тәрбие адамды ізгілендіріп, оған қажет қасиет, сапаларды қалыптастырады. Қазіргі қоғамда тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мекемелер түзілген. Бұл процесті кәсіптенген адамдар басқарады. Тәрбие жөнінде арнайы ғылым қалыптасқан. Міне сол ғылымды үйренуді енді бастаймыз.

Адам тәрбиелеу жөніндегі ғылым **педагогика** деп аталады. Ол өз атамасын грек сөздері «пайдес»- балалар және «аго» -жетектеу дегеннен алған, тікелей аудармасында «педагогика» сөзі **бала тәрбиесін бағыттау өнері** дегенді аңдатады, ал «педагог» сөзі **бала жетектеуші** мәнін білдіреді.

Барша дәуірлерде педагогтар балалардың табиғаттан берілген мүмкіндіктерін іске асырып, жаңа сапаларды қалыптастырудың тиімді жолдарын тауып, оларға көмектесумен келеді. Мыңдаған жылдар бойы қажетті білімдер тырнақтап жиналып педагогикалық жүйе негізге келді, тексерілді, қажет болмаған тұстары қолданымнан шығарылды, ақырында өміршең, ең пайдалы педагогикалық идеялар

сақталып, бүгінгі күнімізге жетті. Бірте-бірте басты міндеті ғылыми білімдерді топтастыру және жүйеге келтіру болған тәрбие жөніндегі ғылым пайда болды. Ұзаққа созылған даму жолын бастан кешірген **бүгінгі заман педагогикасы адам тәрбиесі заңдылықтары жөніндегі ғылымға** айналды.

Педагогика мұғалімдерді белгілі жас тобындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері жөніндегі **кәсіби білімдермен** қаруландырып, әркімге жағдайлардағы оқу-тәрбие процесін **болжастыруға, жобалауға** және **іске асыруға**, оның **тиімділігін бағалауға** үйретеді. Тәрбие процесін ұдайы жетілдіріп отырып қажет, себебі адамдардың өмір жағдайлары өзгермелі, ақпараттар көлемі ұлғаяды, осыдан мұғалімге қойылатын талаптар жыл сайын күрделеніп баруда. Қоғамның мұндай талаптарына педагогтар өсіп келе жатқан әулетті оқыту, тәрбиелеу және оған білім берудің жаңа технологияларын құрастырумен жауап береді.

Бұдан бұрынғы мыңдаған жылдардағыдай-ақ баланың өмірлік мектебі оның алғашқы демімен бірге басталады. Осыдан мектеп педагогтары мәңгі проблемалар құрсауында келеді. Баланы адамаралық қатынастар дүниесіне енгізуді олар өзінің ең басты парызы деп біледі. Алайда, осы уақытқа дейін тәрбиелік қызмет мұншама қиын, күрделі және жауапкерлі болып көрген емес. Дүние басқаша кейіпте болған, онда бүгінгі балаларға төніп тұрған қауіп-қатерлердің кейбір түрлері тіпті болмаған. Отбасында, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектепте болашақ азаматқа қандай негіз қаланса, болашақ өмірі мен бақыты, бүкіл қоғамның берекесі соған тәуелді болып тұр.

Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқынмен дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарысына алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады. Сондықтан да, педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер – адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық педагогикада бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие практикасы; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соны технологиялары.

Сонымен, **педагогика - тәрбие жөніндегі ғылым. Оның басты міндеті адам тәрбиесі жөніндегі ғылыми білімдерді жинақтау және жүйелестіру. Педагогика адамдарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту заңдылықтарын ашып, соның негізінде алға қойылған**

*мақсаттарға жетудің ең пайдалы педагогикалық жолдары мен тәсілдерін көрсетіп отырады.*

## **1.2. Педагогиканың пайда болуы мен дамуы**

Тәрбие практикасы өз бастауларын адамзат өркениетінің бірінші қадамдарымен байланыстырады. Тәрбие алғашқы адамдармен бірге пайда болды. Ол замандары бала ешқандай педагогикасыз-ақ тәрбиеленген. Адамдардың ол жөнінде тіпті хабары да болмаған. Тәрбие жөніндегі ғылым геометрия, астрономия басқада ғылым салаларынан көп кейін қалыптасқан.

Белгілі болғандай, барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғы шарт - **өмір қажеттігі**. Кейін тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі әр түрлі қоғамда өсіп келе жатқан әулиетке берген тәрбиесіне орай өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамтыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу- тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілді, одан теория түзу қадамдары жасалды. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша білімдер философия шеңберінде жинақталатын, алғашқы педагогикалық тұжырымдарда сол ғылыми аумақта дүниеге келді.

Барша замандарда адамдардың рухани және тән-дене дамуында шешуші рөл атқарған қуаты мол күшті халық педагогикасы беріп келген. Инабаттылық, еңбектік, тән-дене тәрбиесі бойынша халық қайталанбас ғажайып өміршең жүйе түзді.

Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі – ежелгі Греция философиясында қалыптасқан. Оның көрнекті өкілі **Демокрит** (460-370 жж. Б.э.д.)- балалар тәрбиесі бойынша алғашқы нұсқаулар кітабын жазған. Сол уақыттың өзінде ол: «Табиғат және тәрбие мегзес. Дәлірек айтсақ, тәрбие адамды қайта жасайды және оны өзгерте отырып, болмыс табиғатын түзеді... Жаксы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді».

Адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары **Сократ** (469-399жж.б.э.д.), **Платон** (427-347жж. Б.э.д.), **Аристотель** (384-322жж.б.э.д.), **Тертуллиана** (160-222жж. Б.э.д) еңбектерінде жарияланған.

Орта ғасырлар дәуірінде шіркеу ықпалы қатайып, тәрбиені толығымен діни арнаға бұрды. Бұл Еуропада 12 ғасыр бойы үстемдік еткен догматикалық оқу принциптерінің шыңдалуына жол берді. Солай да болса, өз философиялық тұжырымдары мен педагогикаға

үлес қосқан шіркеу өкілдері **Августин** (354-430жж.), **Фома Аквинский** (1225-1274) есімдері ғылым тарихында сақталған. Бүгінгі күйінде жалпы білім беретін мектепті ойлап отырып, іске қосқан **Лойола** (1491-1556) және оның ізбасарлары.

Қайта тіктелу заманы (эпоха возрождения) аса жарқын ойшыл педагог-гуманистерді ғылым сахнасына келтірді. Олардың қатарында голландиялық **Эразм Роттердамский** (1466-1536), италияндық **Витторино де Фельтре** (1378-1446), француздық **Франсуа Рабле** (1483-1553) және **Мишель Монтень** (1553-1592) өздерінің педагогикалық еңбектерімен әйгілі болды.

Педагогика көп заманға дейін философияның бөлігі болып, тек қана XVII ғасырда ол дербес ғылым лауазымына ие болды. Осыдан педагогика бүгінгі күнде де философиямен аса тығыз байланысқан. Себебі бұл екі ғылымның да шұғылданатыны адам, оның өмірі мен дамуын зерттеу.

Педагогиканың философиядан бөлініп, өз алдына ғылыми жүйеге келуі ұлы чех педагогы **Ян Амос Коменскийдің** (1592-1670) есімімен байланысты. Оның 1654 жылы Амстердамда жарық көрген «Ұлы дидактика» атты еңбегі алғашқы ғылыми-педагогикалық кітаптардың бірегейі болды. Ондағы айтылған идеялардың көпшілігі осы күнге дейін өзінің көкейкестілігін және ғылыми маңызын жоғалтқан емес. Я.А.Коменский ұсынған **табиғи сәйкестік** принципі, **сынып-сабақтық** оқу жүйесі және басқа да оқу принциптері, әдістері, формалары педагогикалық теорияның алтын қорынан орын алды. «Оқу негізіне басқалардың зат жөніндегі бақылаулары мен айғақтарын жаттау алынбай, сол заттар мен құбылыстарды танып, білу қалануы тиіс»; «Естігенді –көргенмен, сөзді- қол әрекетімен байланыстыру қажет»; «әрқандай үйрету сыртқы сезім және ақыл-парасат байланысы негізіндегі дәлелдерге сүйенуі қажет»... Ұлы педагогтың осы тұжырымдары біздің заманымыздың талаптарына да сәйкес келіп тұр.

Ағылшын философы және педагогы **Джон Локк (1632-1704)** өз қайрат-күшін тәрбие теориясына бағыштады. Өзінің «Тәрбие жөніндегі ойлар» атты басты еңбегінде ол өзіне сенімді, ауқымды білімділігін іскерлікпен, берік наным-сенімдерін сұлу мәнерлілікпен ұштастыра білген адам - джентельмен тәрбиелеуге арналған көзқарастарын жариялады.

XVIII ғасырда мектеп педагогикасы бойынша өз шығармаларымен танылған француз материалист-ағартушылары **Д.Дидро** (1713-1784), **К.Гельвеций** (1715-1771), **П.Гольбах** (1723-1789), әсіресе **Ж.Ж.Руссо** (1712-1778) болды. «Затқа назар! Затқа! Мен ешқашанда біздің мылжың тәрбиемізбен сөзге аса көп маңыз беріп, құрғақ сөзді адамдарды жасайтынымызды қайталап айтудан жалықпаймын» -деп ұрандады ол.



Педагогиканың қалыптасуында **И.Г.Песталоцийдің** (1746-1827) есімі аса құрметпен аталады. «О сүйікті халқым! Сенің қаншалықты төмен жасап жатқаныңды мен байқап жүрмін, мен саған көтерілуге жәрдем беремін»-деп, ол жан айқайын салды. И.Г.Песталоций өз дегеніне жетті: мұғалімдерге оқыту мен адамгершілік тәрбиесінің ізгілікті теориясын ұсынды.

«Өзгерістерден басқа тұрақты ешнәрсе жоқ», -деп үйреткен неміс педагогы **Фридрих А.В.Дистервег** (1790-1886) барша педагогикалық құбылыстарға тән тәрбиенің қозғаушы күштері мен қарама-қарсылықтарын зерттеген.

Орыс ойшылдары, философтары және жазушыларының арасында педагогикалық шығармаларымен белгілі болған есімдер: **В.Г.Белинский** (1811-1848), **А.И.Герцен** (1812-1870), **Н.Г.Чернышевский** (1828-1889), **Н.А.Добролюбов** (1836-1861). Бүкіл әлемде **Л.Н.Толстойдың** (1828-1910), **Н.И.Пироговтың** педагогикалық идеялары әйгілі. Олар таптық мектепті қатаң сынға алып, халықтық тәрбие саласын түбегейлі өзгерту қажеттігін ұрандады.

Қазақ халқының да тәлім-тәрбиелік жүйесі ұланғайыр да мәуелі. Бұл салада халқымыздың тәлім-тәрбиелік алтын қорына елеулі үлес қосқан арыстарымыз **А. Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Торайғырұлы** және т.б. Олардың тәлім-тәрбиелік өсиеттері талай зерттеулерге арқау болған. Кеменгер **Ахмет Байтұрсынұлының** өткен ғасыр басында – «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы...әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» – деген ұлағатты ескерпесі бүгінгі қазақ мектебінің ұлттық білім стратегиясының тұғыры ретінде қабылдануда.

Орыс педагогикасын әлемдік даңққа бөлеген **Константин Дмитриевич Ушинский** (1824-1871) оқу-тәрбие теориясын түбегейлі өзгеріске келтіріп, педагогикалық практикада төңкеріс жасады. К.Д. Ушинскийдің педагогикалық жүйесінде жетекші орын тәрбие мақсаттарына, принциптеріне және оның мәніне берілген. «Тәрбие, егер ол адамға бақыт бағыштағысы келсе, оны бақыт үшін тәрбиелемей, өмірлік еңбекке баулуы тиіс. Ұдайы жетілуде болған тәрбие адамның тән-дене, ақыл-парасат және ізгілік-инабаттық күштерінің ауқымын барынша кеңейту мүмкіндігіне ие болады»- деп жазған еді ұлы ғұлама.

Тәрбие жолындағы жетекші рөл мектеп және мұғалімнің билігінде: «Тәрбиедегі барлық істер тәрбиеші тұлғасына негізделуі тиіс, себебі тәрбие күші тұлғаның адамилық қадір-сапаларынан бастау алады». «Ешбір жарғы немесе бағдарлама , ешқандай жасанды мекеме организмі, қаншалықты айламен құрылса да, тәрбие жұмысындағы

тұлға беделінің орнын баса алмайды» -деген К.Д.Ушинский бүкіл педагогиканы қайта қарастырып, жаңа ғылыми деректер негізінде білім беру жүйесін толығымен түбегейлі қайта құруды талап етті:

«...теориядан алшақтаған педагогикалық практиканың бір өзі – медицинадағы тәуіпшілдікпен тең».

XIX ғ. ақыры - XXғ. басында педагогикалық проблемалар АҚШ-та қарқынды зерттеле бастады. Ол жерде адам тәрбиелеудің жалпы принциптері мен заңдылықтары өрнектелді, әрбір адамға белгілеген мақсаттарына тез, әрі табысты жетуге мүмкіндік беретін тиімді білім технологиялары қалыптасып, практикаға енді. Американ педагогикасының белгілі өкілдерінің бірі **Джон Дьюи** (1859-1952). Оның зерттеу жұмыстары бүкіл батыс Еуропа, Америка және Австралия аймақтарында педагогикалық ойдың дамуына үлкен ықпал жасады. Американ педагогтарының тағы бір көрнекті тұлғасы **Эдвард Торндайк** (1874-1949) оқу процесін зерттеумен атын әйгілеп, әрекетшіл тәрбие технологиясын бүкіл әлемге жария етті.

Елімізде аты танымал американ педагогы және дәрігері **Бенджамен Спок**. Ол қауым өкілдеріне, бір қарағанға қарапайым ғана тәрбиеде басты не болу керек: қаталдық па қайырымдылық па? –деген сұрақ қойып, көпшіліктің санасына жаңа тәрбие лебін жеткізді. Бұл сұрақтардың астарынан күтілген жауап-педагогика қай бағытта: әміршіл-әкімшіл немесе гуманистік – жолымен дамуы қажет пе? Бұған нақты жауапты Б.Спок өзінің “Бала және оған қамқорлық”, “Анамен сұқбат” және т.б. еңбектерінде беруге тырысқан.

XX ғасырдың басында әлемдік педагогикада **еркін тәрбие** және **бала тұлғасының дамуы** идеялары белсенді жария етіле бастады. Бұл идеяға жетекші **Мария Монтессори** (1870-1952) болды. Өзінің «Ғылыми педагогика әдістемесі» кітабында ол балалық жас мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажеттігін түсіндіріп бақты. Себебі, сәбилік шақтағы бала дамуы үлкен тәрбиелік табыстарға есік ашады. Оның пікірінше, мектеп оқуының басты формасы өзіндік оқу жұмыстары болуы қажет. Монтессори оқушылардың жекелеп оқуына ыңғайлы грамматикалық, математикалық, биология-жаратылыстану және басқа пәндерге арнап дидактикалық материалдар ұсынды. Бұл оқу құралдарының ерекшелігі, оларды пайдалана отырып, бала өз кемшілік-қателерін табады және оларды түзетеді. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында да Монтессори жүйесінің тараптарлары мен қолдаушылары баршылық. Осы бағытта түзілген «бала бақша - мектеп» жүйесі іске қосылып, балаларды еркін тәрбиелеу идеясы өз жемісін беруде.

Ресейдегі еркін тәрбие идеяларын қуаттаушылардың бірі **Константин Николаевич Вентцель** (1857-1947)еді. Ол 1917 жылы

дүниеде алғашқылардың бірі болып, бала құқықтары декларациясын түзіп, жариялады. 1906-1909жж. аралығында Мәскеуде ол ұйымдастырған «Еркін бала Отауы» жұмыс істеп тұрды. Бұл ерекше оқу мекемесінде басты кейіпкер- бала аса құрметпен танылды. Тәрбиешілер мен мұғалімдер бала қызығуларына икемдесіп, оның табиғаттан берілген қабілеттері мен дарынының дамуына жәрдемдесу қызметтерін атқарды.

Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік педагогика жаңа қоғамдағы адам тәрбиесі идеяларын өзіндік түсінім жолымен дамыта бастады. Жаңа педагогикаға байланысты шығармашылық ізденістер аймағында белсенділікпен қатысқан белгілі педагог ғалымдар: **С.Т.Шацкий** (1878-1934), **П.П.Блонский** (1884-1941), **А.П. Пинкевич** (1884-1939) болды. Социалистік дәуір педагогикасын танымал еткен **Н.К.Крупская, А.С. Макаренко, В.А.Сухомлинский еңбектері. Надежда Константиновна Крупскаяның** (1869-1939) теориялық ізденістері жаңа кеңес мектебін қалыптастыру, сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру, енді пайда бола бастаған пионер қозғалысы проблемаларының төңірегінде шоғырланды. **Антон Семенович Макаренко** (1888-1939) балалар ұжымына педагогикалық басшылық, еңбек тәрбиесі, саналы тәртіп қалыптастыру және балаларды отбасында тәрбиелеу әдістемелеріне байланысты идеяларды қорытындылап, оларды практикада іске асыру принциптерін ұсынды, әрі өзі оларды тәжірибе тексеруінен өткізді. **Василий Александрович Сухомлинский** (1918-1970) өз зерттеулерін жастарды тәрбиелеудің моральдық проблемаларымен байланыстырды. Оның дидактикалық кеңестері мен нақты да дәл бақылаулары қазіргі педагогикалық ой дамуы және қоғамды қайта түзу дәуіріндегі мектеп тағдыры жөніндегі ұсыныстары өз маңызын әлі де сақтауда, сонымен бірге білім сапасын жаңаша түсінуде үлкен жәрдемін тигізіп отыр.

Халыққа білім беру аймағында өткен ғасырдың 40-60 жылдары белсенді еңбек еткен педагог-ғалымдардың бірі **Михаил Алексеевич Данилов** (1899-1973). Ол бастауыш мектеп тұжырымдамасын жасап шықты (“Бастауыш білім беру міндеттері мен ерекшеліктері”, 1943), (1947 жылы “Адамның ақыл-парасат және моральдық дамуында бастауыш мектептің рөлі”) кітабын жазып, мұғалімдерге арналған көптеген жетекші әдістемелік еңбектер жариялады. Олар осы күнге дейін мұғалім қауымының таптырмас құралдарына айналып отыр.

70-80 жылдары жалпыбілімдік мектеп проблемаларымен академик **Л.В.Занковтың** ғылыми лабораториясы белсенді айналысты. Бұл мекеменің зерттеулері нәтижесінде кіші, орта жастағы балаларды оқытудың жаңа, оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін арқау еткен оқу жүйесі пайда болды.

80-жылдардың ақырында бұрынғы Кеңес республикаларында мектепті жаңалау мен қайта құру қозғалысы өріс алды. Бұл **қызметтестік педагогикасының** туындауынан көрінді. Осы дәуірдегі жаңаланған педагогиканы дамытуға ат салысқан педагог ғалымдар мен бірегей шығармашыл мұғалімдер көптеп таныла бастады. Олардың арасында Ш.А.Амонашвили, Л.С.Соловейчик, В.Ф.Шаталов, Н.П.Гузик, Н.Н.Палтышев, В.А. Караковский және басқалар болды.

Бүкіл елге белгілі болған мәскеулік бастауыш мектеп мұғалімі С.Н.Лысынкова “Қалайша жеңіл оқуға болады?” атты кітабын жариялап, онда бастауыш мектеп оқушыларының оқу істерін схема, тірек карточкалар, таблицалар пайдалану арқылы басқару тәсілдерін көрсетіп берді. Сонымен бірге С.Н. Лысынкова “Ілгеріlestірілген (*опережающее*) оқу” әдістемесін жасады.

Бүгінгі кезеңдегі педагогика өзінің диалектикалық, өзгермелі ғылым сипаттарына сай болуымен қарқынды дамуда. Кейінгі он жылдықтарда педагогиканың бірнеше салаларында келелі табыстарға қола жеткізілді, әсіресе мұндай жетістіктер мектептегі оқудың жаңа технологияларын жасауда көрініс берді.

Сапалы оқу бағдарламаларымен жабдықталған қазіргі заман компьютерлері оқу процесін басқаруда үлкен жәрдемін тигізуде. Соның нәтижесінде оқу барысында аз қуат пен уақыт жұмсап, жоғары нәтижелерге жету мүмкіндіктері пайда болды.

Тәрбиенің жетілген әдістемелерін жасау бағытында да пайдалы өзгерістер көптеп болуда. Ғылыми -өндірістік комплекстер, авторлық мектептер, эксперименталды оқу-тәрбие алаңдары - ұнамды өзгеріс-тер жолындағы елеулі көзге түскен педагогикалық жаңалықтар. Еліміздегі жаңа және жаңаланған мектеп оқуы мен тәрбиесі басты назарда тұлға дамуын көзге алып, гуманистік бағытта өрлеп, өрістеуде.

Сонымен, тәрбие тәжірибесі адамзат өркениетінің тереңдегі тарихи сатыларынан бастау алады.Тәрбие жөніндегі ғылым негіздері ежелгі, көне дәуір философиясының арнасында дамыған. Тәрбие, оқу, білім берудің тиімді теориялары мен әдістемелері пайда болғанша, педагогика дамудың ұзақ та қайшылықты жолын басып өтті.

### 1.3. Педагогика нысаны, пәні және қызметтері

Өткенде де, қазіргі күнде де педагогика жөніндегі ғалымдар пікірі үш бағытта өрбіген. Бірінші топ ғылым өкілдерінің ойынша педагогика адамзат білімдерінің пәнаралық аймағын құрайды. Осыдан мұндай көзқарас педагогиканың дербес теориялық ғылым екендігін, яғни педагогикалық құбылыстардың идеялық түйіні боларын тіпті де мойындамайды. Бұл жағдайда педагогикалық нысан ретінде әртүрлі

күрделі болмыс объектері (космос, мәдениет, саясат және т.б.) қабылданары сөзсіз.

Ендігі ғалымдар тобы педагогиканың басқа ғылым салаларынан (психология, жаратылыстану, әлеуметтану және т.б.) алынған білімдерді жанама түрде пайдаланып, оқу және тәрбие аймағында туындайтын мәселелерді шешуге икемдестірілген қолданбалы пән рөлін таңдады. Бұлай болғанда педагогикалық практиканың іске асуы мен өзгерістеріне тұғырлы тірек болар тұтастай теориялық негіз қалыптасуы мүмкін емес. Мұндай педагогика мазмұны педагогикалық құбылыстардың жеке тақырыптары жөніндегі кездейсоқ, жүйеленбеген, байланыссыз деректер жиынтығы күйінде көрінері екінің біріне аян.

Қазіргі кезеңде ғылым мен практикаға үшінші ғылыми тұжырым өз тиімділігімен танылып отыр: педагогика- өзіндік нысаны мен зерт-теу пәніне ие салыстырмалы дербес білім саласы («Педагогика» оқулықтарының ең соңғы басылымдары: Б.Т.Лихачев, И.П.Подласый, В.А.Сластенин және т.б.).

**Педагогика нысаны.** Педагогика ғылымының нысандық ерекшелігі жөнінде батыл ой ұсынған ғалым және практик А.С.Макаренко болды. Оның пікірі: көпшілік педагогика нысаны бала деп біледі, алайда бұл дұрыс емес. Ғылыми педагогика зерттеулерінің объектісі – бұл «педагогикалық дерек (құбылыс)». Дегенмен, бала, адам да зерттеуші назарынан тыс қалмайды. Керісінше, адам жөніндегі ғылымдардың бірі болғандықтан, педагогика аталған объектілердің тұлғалық дамуы мен қалыптасуына мақсатты бағдарланған саналы іс-әрекеттер аймағын зерттейді. Осыдан, педагогика өз нысаны ретінде тек өкілі (индивид) не оның психикасын қарастырмай (бұлар психология объекті), оның дамуына байланысты педагогикалық-тәрбие құбылыстар жүйесін зерттеуге алады. Сондықтан да **педагогика нысаны деп қоғамның мақсатты бағдарланған іс-әрекеттері үдерісінде дара адам дамуына себепкер болған болмыс құбылыстарын** айтамыз. Бұл құбылыстар педагогика ғылымында **білімдену** (образование) атамасымен белгіленіп, педагогика шұғылданатын шынайы дүниенің бір бөлігін танытады.

**Педагогика пәні.** Білім, білімдену процесі тек педагогиканың ғана меншікті зерттеу аймағы емес, оның зерттеуімен философия, әлеуметтану, жантану, экономика және де басқа ғылымдар шұғылданады. Мысалы, **экономист** білім жүйесінде өндірілген «еңбек ресурстарының» шынайы мүмкіндіктер деңгейін анықтай отырып, олардың дайындығына жұмсалатын қаржы мөлшерін белгілеуге тырысады.

**Социолог** өз міндетіне орай білім жүйесінде дайындықтан өткен адамдардың әлеуметтік ортаға икемдесу қабілеттері мен ғылыми-техникалық үдеріске және әлеуметтік өзгерістер жолында ықпал ету мүмкіндіктерін білгісі келеді.

**Философ**, өз кезегінде, ауқымдылау бағдарын негізге ала отырып, білім саласының жалпы міндеттері мен мақсаттары жөніндегі сұрақтарға жауап іздестіреді: Білімнің бүгінгі жайы қалай? Ол келешекте қандай болмақ? **Психолог** білімді педагогикалық үдеріс ретінде қарастыра отырып, оның психологиялық қырларына назар аударады. **Саясаткер** қоғам дамуының нақты кезеңіндегі мемлекеттік білім саясатының тиімділік деңгейін тануға ұмтылады т.с.с.

Әлеуметтік құбылыс болған білімді зерттеудегі әртүрлі ғылымдардың қосқан үлесі, әлбетте, құнды да қажетті, бірақ олардың бәрі де адамның күнделікті өсу және даму процестерімен байланысқан білімнің мәндік астарын және сол даму процесіндегі педагог пен оқушы ықпалдастығы мен оған сәйкес жүйелік құрылымдарды назардан тыс қалдырады. Солай болуы заңды да, себебі аталған проблемалардың баршасы арнайы ғылым – педагогиканың зерттеу нысандары.

Осыдан, **педагогиканың пәні** – арнайы әлеуметтік мекемелерде (институттарда): отбасы, білім беру және мәдени-тәрбие орындарында –мақсат бағдарлы ұйымдастырылған шынайы біртұтас педагогикалық процесс ретінде көрінетін жүйеленген білім саласы. Бұл тұрғыдан педагогика әрбір адамның бүкіл өмір бойы дамуының кепілі және құралы болған педагогикалық процестің мәні мен мазмұнын, заңдары мен заңдылықтарын және оның бүгінгі бағыт-бағдары мен болашақ өркендеу жолын зерттеуші ғылым жүйесін аңдатады. Осы негізде педагогика тәлім-тәрбие процесінің ұйымдасу теориясы мен технологиясын, педагог іс-әрекетін (педагогикалық қызметті) және оқушылардың әрқилы оқу жұмыстарын жетілдірудің формалары мен әдістерін әрі олар арасындағы оқу істері төңірегінде туындап отыратын қарым-қатынас, ықпалдастық стратегиялары мен тәсілдерін нақтылап, ашып отырады.

**Педагогика ғылымының қызметтері.** Дербес ғылым ретінде танылған педагогиканың қызметтері оның жоғарыда аталған пәндік сипаттарымен сабақтас, яғни табиғи бірлікте іске асырылуы қажет теориялық және технологиялық міндеттер.

Педагогиканың **теориялық міндеттері** үш деңгейде жүзеге асырылады:

- **сипаттау немесе түсіндіру** – озат әрі жаңашыл педагогикалық тәжірибені зерттеу;

- **анықтау** (диагностикалық) – педагогикалық құбылыс жағдайын, педагог пен оқушы іс-әрекеттерінің нәтижелілігі немесе тиімділігін және оларды қамтамасыз етуші шарттар мен себептерді айқындап алу;

- **болжау** (прогноздау) – барша педагогикалық жағдаяттарды табиғи тұтастық күйінде эксперименталды зерттеуден өткізу және оның негізінде сол педагогикалық болмыстың жаңаланған моделін құрастыру.

Теориялық қызметтің болжау, болжастыру деңгейі педагогикалық құбылыстардың мәнін ашу, педагогикалық процестің түп-төркінінде орын алатын құбылыстарды таба білу, сонымен бірге болып қалуы мүмкін ықтималды өзгерістерге ғылыми негіздеме бере алу сынды іс-әрекеттермен байланысты. Осы деңгейде анықталған деректерге орай оқу және тәрбие теориясы анықталып, білім беру практикасына жетекші рол атқарушы озық педагогикалық жүйе моделі құрылады.

Педагогиканың **технологиялық қызметтері** де үш көрініс береді:

- **жобалау** (проекттеу) – педагогикалық іс-әрекет пен оның мазмұны әрі сипатын қалыптастыру және реттеуге нұсқау болғандай теориялық тұжырымдар мен анықтамаларды қамтыған қажетті әдістемелік материалдарды (оқу жоспары, бағдарлама, оқулықтар мен оқу құралдары, педагогикалық ұсыныстар) жасауға байланысты;

- **жаңалау** – тәрбие және білім беру тәжірибесін жетілдіру мен қайта түзу мақсатына орай педагогика ғылымының замандық жетістіктерін мектеп өміріне енгізе, пайдалану;

- **ықпал таныту** (рефлексивтік) және **реттеу-түзетулер** енгізу (коррекциялық) – ғылыми зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие ісіне болған әсер-ықпалын бағалау және одан соңғы ғылыми теория мен тәжірибелік іс-әрекеттер байланысына қажет болып қалатын реттеу-түзетулерді іске асыру.

Өзінің қоғамдық қызметтерді орындауға қажет қабілеттерінің дамуына себепші болған әлеуметтену процесінде адам тұлғалық кемелдену сатысына көтеріледі. Адамның әлеуметтенуі оның қоғамдағы ауыспалы жағдайлар мен шарттарға икемдесе білуі ғана емес, ол өз ішіне жеке тұлғаның дамуы, өзіндік танымы мен өз мүмкіндіктерін өз күшімен іске асыра алу сияқты процестерді де қамтиды. Дегенмен, аталған процестерге байланысты міндеттердің шешімі бірде мүдделі, жүйеленген болып, бүкіл қоғам, сол үшін арнайы ұйымдастырылған мекемелердің қолдауымен және жеке адамның ынта-ықыласына негізделсе, кейде кездейсоқ келеді. Ал осы әлеуметтенуге орай жүргізілетін, нақты мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған басқару процесі білім (образование) деп аталады. **Білім** мәні – әр адамның өте күрделі өзіндік басқару жүйесінің тиімділігін көтеру және оны жоғары моральдық және азаматтық мұраттар рухында тәрбиелеу.

Сонымен, әлемде кең таралған педагогикалық ойдың дамыған екі бағыты танылған – үлкендердің бедел – абыройына және балалардың бағыныштылығына негізделген әкімшіл (авторитарлы) ағым, шәкірт

құқығы мен еркіндігін құрметтеуші – гуманистік ағым. Олардың арасында – сан қилы педагогикалық бағыттар өрбіген. Әлемнің ізгілікті педагогикасы өзінің гуманистік таңдауын қабылдады.

#### 1.4. Педагогикалық ғылымдар жүйесі

Педагогика – кең ауқымды ғылым. Оның шұғылданатын оқу және тәрбие мәні мен олардың барша байланыстарын жеке бір ғылым шеңберінде қамту мүмкін емес. Педагогика дамудың ұзақ жолын басынан кешіріп, көптеген білімдер жинақтап, бүгінгі күнде ғылыми білімдердің кең тармақты жүйесіне айналып отыр. Сондықтан бүгінгі педагогиканы **тәрбие жөніндегі ғылымдар жүйесі** деп атаған дұрыстау келеді.

Педагогиканың ірге тасы- философия, дәлірек айтсақ, тәрбие проблемаларымен арнайы шұғылданатын оның **тәрбие философиясы** тармағы. Тәрбие философиясы өз алдына білім саласы ретінде тәрбиелік практикада әртүрлі философиялық жүйе идеяларын пайдаланады. Философия – педагогикаға танымның жалпы бағыт-бағдарын, педагогикалық құбылыстар мен процестерді зерттеудің әдіс-тәсілдерін көрсетеді. Сондықтан да, философияны оның біртұтас және жүйелік, құрылымдық талдау әдістерімен бірге педагогиканың әдіснамалық негізі деп атау қабылданған.

Қоғамдық құбылыс ретінде тәрбие дамуы мен педагогикалық білімдердің өткен жолын **педагогика тарихы** зерттейді. Өткенді түсіне отырып, болашаққа көз тігеміз. Бастан кешіргенді зерттеу және оны бүгінгімен салыстыру осы заманғы құбылыстардың негізгі даму кезеңдерін нақтылаумен бірге бұрынғы қателерді қайталаудан сақтандырады. Педагогика жүйесі келесі салаларды қамтиды: жалпы педагогика; жас кезеңдер педагогикасы; әлеуметтік педагогика; арнайы педагогика.

**Жалпы педагогика** – адам тәрбиесі заңдылықтарын зерттеп, барша типтегі тәрбиелік мекемелердегі оқу-тәрбие процесінің жалпы негіздерін теориялық тұрғыдан қарастыратын іргелі ғылыми пән. Қалыптасқан дәстүр бойынша жалпы педагогика төрт бөлімнен тұрады. 1) оқу-тәрбие процесінің негіздері; 2) дидактика (оқу теориясы); 3) тәрбие теориясы; 4) мектеп тану. **Жас кезеңдер педагогикасы** педагогиканың мектепке дейінгі және мектептік жүйелерін өз алдына бөліктеп қарастырады. Олар өсіп келе жатқан әулеттің белгілі жас тобына байланысты оқу-тәрбие іс-әрекеттері ерекшеліктерін бейнелейтін тәрбие заңдылықтарын зерттейді. Бүгінгі күнде жас кезеңдер педагогикасы орта білім берудің барша жүйесін қамтиды. әрқилы жас топтарында немесе оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәрбие айырмашылықтарын танытушы дербес педагогикалық салалар



пайда болуда. Олардың ішінде қазіргі күнде өз алдына пән ретінде оқылатындары – мектепке дейінгі педагогика, кәсіби техникалық мектептер педагогикасы, өндірістік педагогика, ұзақтан оқыту педагогикасы және т.б.

Ғылыми пәндер ішінде ересектердің педагогикалық проблемаларымен айналысып, қарқынды даму жолына түскен – **жоғары мектеп педагогикасы**. Оның міндеттері- барша деңгейдегі ресми, ресми емес тіркелген жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан оқу-тәрбие процесінің заңдылықтарын ашып беру, қазіргі ауыспалы кезеңде жоғары білім алудың арнайы проблемаларын зерттеу, жоғары технологиялық және компьютерлік оқу жүйелерінің принциптерімен таныстыру. **Дипломнан соңғы білім педагогикасы еңбек педагогикасымен** тығыз байланыста мамандық көтеру, сонымен бірге нарықтық экономикаға орай көкейкесті болып тұрған халық шаруашылығының әртүрлі салаларында қызмет етіп жатқан жұмысшылардың қайта мамандану, егделік жасқа келгенде жаңа білімдерді, жаңа кәсіпті игеру мәселелерімен шұғылданады. Арнайы жағдайларда өтетін тәрбие процестер ерекшелігін **әскери педагогика** зерттейді.

**Әлеуметтік педагогика** ауқымында отбасы педагогикасы, мәжбүрлі тәрбие (первентив) педагогикасы, алдын алу (профилактикалық) педагогикасы дамуда.

Өз дамуында әрқилы мүшелік бұзылыстар мен ауытқуларға ұшыраған адамдар **арнайы педагогика** аймағында зерттеледі. Есіпейтіндер мен мылқаулар оқуы және тәрбиесімен **сурдопедагогика**, зағиптар- **тифлопедагогика**, ақыл-есі кемдер- **олигофренопедагогика** шұғылданады.

Педагогика ғылымдарының арнайы тобын жекеленген немесе **пәндік әдістемелер** құрайды. Олар оқу-тәрбие мекемелерінің барша типтерінде өтілетін нақты оқу пәндерінің оқытылуы мен игерілуі заңдылықтарын ашып, мұғалімдерге ұсынады. Өз пәнін оқыту әдістерімен әрбір педагог жоғары деңгейде таныс болуы міндетті. Педагогиканы оқыту әдістемесі де жоқ емес. Қолыңыздағы оқу құралы осы әдістеме талаптарына лайық жазылған. Соңғы он жылдықтарда педагогиканың барша салалары дәстүрлі әдістемелерден ерекшеленген, нақты жағдайларда жоғары нәтижеге жеткізуші ең тиімді деген жолдар мен тәсілдерді түзуге көмектесетін жекеленген технологиялар жасау бағытында дами бастады.

Тәрбиеге байланысты жаңа ғылым салалары педагогиканың дәл және техникалық білімдермен тоғысында қылаң бере бастады. Олар – кибернетикалық, математикалық, компьютерлік педагогика, суггестология (гипноздық сендірумен жедел оқыту жүйесі) және т.б.

Осы заманғы педагогика адам жөніндегі басты ғылымдардың бірі ретінде ауқымды да қарқынды даму жолына түсті.

Сонымен, бұл күнде педагогика кең тармақты ғылыми жүйе ретінде танылған. Бұл жүйеде мектеп педагогикасы маңызды орынға ие. Себебі тәрбие процесі әсіресе балалық шақта жылдам жүрісте болады, сондықтан да оны жоғары кәсіптік деңгейде басқара білу қажет. Өз проблемаларын шешу барысында педагогика көптеген ғылымдардың деректерін пайдаланады.

### 1.5. Педагогика және басқа ғылымдар

Адам жөніндегі ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың орны оны басқа ғылымдармен байланыстыра қарастырғанда ғана айқындалуы мүмкін. Өзінің ұзаққа созылған тарихында педагогика көптеген ғылымдармен тығыз байланыста болып, өз дамуы мен кемелденуінде олардың әрқилы ықпал-әсеріне ұшырап отырды. Бұл ұштастықтардың кейбірі тарих тұңғығынан жалғасып келе жатса, енді біреулері-кейінгі, жақын дәуірлерде пайда болды. Педагогиканың алғашқы байланыс түзген білім салалары-философия мен психология. Бұл ғылыми «одақ» қазіргі күнде де педагогикалық теория мен практиканың кең, өрістеп дамуының алғы шарты.

Педагогиканың **философиямен** байланысы өте бір ұзақ та өнімді болды, себебі философиялық идеялардан педагогикалық тұжырымдар мен теориялар туындап отырды. Педагогикалық ізденістердің бағыттары белгіленді, сонымен бірге педагогиканың әдіснамалық негізі осы философиялық көзқарастардан қалыптасты. Философиялық бағыттар (экзистенциалды, прагматикалы, неопозитивистік, материалистік т.б.) жүйесін ұстануына орай педагогика зерттеушілерінің оқу-тәрбие саласындағы ғылыми-ізденіс жолы, білім беру процесінің мәні мен мағынасы, мақсаты мен технологиялық сипаттамасы айқындалады. Философия сонымен бірге педагогикалық болмыс пен нақты тәжірибені теориялық тұрғыдан түсінудің құралы ретінде қолданылып, жаңа педагогикалық тұжырымдамалар жасаудың бастау көзін береді.

Педагогиканың ежелден келе жатқан дәстүрлі де аса бір құнды байланысы **жантану** (психология) ғылымымен орныққан. Адам табиғатын білу, оның тума қасиеттері мен мүмкіндіктерін түсіну, тұлға дамуы мен оның жандүниелік қозғалыстарында байқалатын заңдылықтар және оларды басқарушы тетіктерді ескеру, сонымен бірге оқу мен тәрбие жүйесін осы психикалық заңдылық, қасиет-сапа, қажеттіктер мен мүмкіндіктерге негіздей отырып құрастыру талаптарын елеулі ғұлама-педагогтардың бәрі де алға тартып отырған. Дегенмен, ескеретін жәйт: тұлғаның дамуы мен қалыптасуын бір

жақты тек психологиялық шарттармен ғана түсіндіру шынайылыққа келмейді, себебі педагогтар мен балалар өмірі табиғи заңдылықтардан кейде басымдау түсетін әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға тәуелді келеді, тіпті сол психологиялық дүние, болмыстың өзі де арнайы қоғамдық ықпал нәтижесінде өзгеріске келуі әбден мүмкін.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы адамды тұлға ретінде зерттеуімен ортақ келетін философия және психология аймағымен шектеліп қалмайды. Оның адамды тіршіліктегі сипатында танушы анатомия, физиология, астрология және медицина ғылымдарымен де байланысы заңды құбылыс.

Адам дамуына ықпал жасаушы табиғи және әлеуметтік факторлар арақатынасынан туындайтын проблема - педагогика үшін өзекті мәселелердің бірі. Адамның жекеленген табиғи дамуын зерттеуші **биология** ғылымында бұл мәселе аса маңыздылығымен танылған.

Адамды табиғи жаратылыс туындысы және әлеуметтік болмыс жемісі ретінде қарастыра отырып, педагогика **антропология** ғылымындағы адам туралы білімдердің бай қорын толық пайдаланады, осыдан олардың бәрін жалпыланған адам бойында теориялық бірігімге келтірумен оның сан қырлы да көп сырлы болмысын тануға жол ашады.

Педагогиканың **медицинамен** байланысының нәтижесінде педагогикалық білімдердің арнайы саласы коррекциялық (реттеуші) педагогика пайда болды. Осыдан, өз дамуында тума немесе жасанды ауытқуы бар балаларға білім берудің тәсілдері анықталды. Педагогиканың бұл саласы медицина деректерін пайдалана отырып, бала деніндегі кемшіліктердің орнын толтыру мен оның қоғам өміріне толыққанды араласып кетуін жеңілдететін терапиялық құрал-жабдықтар жүйесін түзіп, қолданымға келтірді.

Сонымен бірге педагогиканың дами түсуі адамды қоғам мүшесі ретінде, оны әлеуметтік қатынас, байланыстар жүйесінде зерттеуші ғылымдарға да тәуелді келеді. Сондықтан да осы заман педагогикасының әлеуметтану, экономика, саясаттану және басқа әлеуметтік ғылым салаларымен тұрақты да ықпалды байланысқа түсуі кездейсоқ емес.

Педагогика және **экономикалық** ғылымдар арасындағы қатынастар өте күрделі, бірақ біртекті емес. Қай заманда да экономикалық саясат қоғам білімін қамтамасыз етудің қажетті шарты болған. Осы саладағы ғылыми зерттеулерді экономикалық қолдау педагогика дамуына үлкен ықпал жасаушы факторға айналып отыр. Осы ғылымдардың байланысынан «**Білім экономикасы**» деген арнайы педагогика саласы дүниеге келіп, білім беру аймағын реттестіруші

экономикалық заңдылықтар ашылды, олардың қоғамды сауаттандыруға байланысты ерекшеліктері зерделенді.

Педагогиканың **әлеуметтану** ғылымымен байланысы ежелден келе жатқан, дәстүрлі. Себебі бұл екеуін де толғандыратын ортақ проблемалар: білімді жоспарлау; халықтың әртүрлі топтары мен әлеуметтік қатарының негізгі даму бағыттарын айыра тану; әрқилы әлеуметтік орта мен ұйымдардағы тұлғаның қоғамдық кемелденуі мен тәрбиесі заңдылықтарын ашу.

Қоғам мен мемлекеттегі білім саясатының қалыптасуы әрдайым үстемдік жүргізуші партиялар мен таптардың идеологиясы негізінде түсіндіріледі; бұл тұрғыдан педагогика мемлекеттік оқу-тәрбие құралы ретінде **саясаттану** ғылымының заңдылықтарына сүйене отырып, адамның саяси сана субъектісі ретінде қалыптасуының шарттары мен механизмдерін белгілейді, саяси идеялар мен талаптарды игеріп, орындау мүмкіндіктерін нақтылап, ашып отырады.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланыстарын талдауға сала отырып, оларды пайдаланудың келесі формалары анықталған:

– басқа ғылымдардың негізгі идеялары, теориялық болжамдары мен қорытындыларының педагогикада пайдалануы;

– бұл ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерін шығармашылықпен қабылдап, меншіктеу;

– психология, жоғары жүйке қызметі физиологиясы, әлеуметтану және басқа да ғылымдар зерттеулерінің нақты нәтижелерін педагогикада қолдану;

– адамды жан-жақты және көптарапты зерттеуде педагогиканың қатысуы.

**Жекеленген әдістемелер** – оқудың жалпы заңдылықтарын және пәндерді оқытуда қолдану ерекшеліктерін зерттеуші пән дидактикасы.

**Педагогика тарихы** – әрқилы тарихи дәуірлердегі педагогикалық идеялар мен білімдендіру тәжірибесін зерттейтін ғылым саласы.

Педагогика ғылымындағы жаңа салалардың жіктелу процесі белсенді түрде жалғасын табуда. Соңғы жылдардың өзінде педагогиканың бұрын болмаған салалары өзінің қажеттілік маңызымен көзге ілінуде: білім философиясы, салыстырмалы педагогика, әлеуметтік педагогика ж.т.б.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тұрмыстық тәрбие біліктерінен ғылыми педагогикалық білімдердің айырмашылығы неде?
2. Педагогика пәні мен педагогикалық тәжірибеге негіздеме беріңіз?

3. Педагогика қызметтері қандай?
4. Әлеуметтік қажеттілік ретінде білім сипаттамасын беріңіз.
5. Білімнің педагогикалық процесс ретінде мәнін ашыңыз.
6. Аталған ұғымдарға түсініктеме беріңіз: педагогикалық процесс, педагогикалық жүйе, педагогикалық өзара ықпалдастық, тәрбие, оқу, педагогикалық технология, педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық міндет.
7. Қазіргі заман педагогика ғылымының құрылымы қандай?
8. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланыс формаларын атаңыз.

## 2-дәрісбаян. Педагогика әдіснамасы мен әдістері

Жоспары:

1. Педагогика әдіснамасы жөнінде түсінік
2. Педагогиканың философиялық негіздемесі
3. Педагогиканың жалпы ғылымдық әдіснамасы
4. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық принциптері
5. Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру
6. Педагогикалық зерттеу әдістемесі мен әдістер жүйесі

### 2.1. Педагогика әдіснамасы жөнінде түсінік

Ғылым дамуының басты шарты-жаңа деректермен үздіксіз толығып бару. Ал деректердің жинақталуы мен олардың түсініктемесі ғылыми негізделген зерттеу әдістеріне тәуелді келеді. Әдістер, өз кезегінде, ғылым аймағында әдіснама атауын алған теориялық принциптердің бірлікті тобымен міндетті байланыста болады.

Қазіргі заман ғылымында **әдіснама** деп ғылыми-танымдық іс-әрекеттердің түзілу принциптері, формалары мен тәсілдері жөніндегі білімді айтамыз. Ғылым әдіснамасы зерттеу жүйесіндегі құрылымдық бірліктердің –нысаны, талдау пәні, зерттеу міндеттері, зерттеу құралдар тобы т.б. сипаттамасын береді. Сонымен бірге зерттеу міндеттерінің шешімін табу процесіндегі әрекеттер бірізділігін белгілейді. Осыдан, педагогика әдіснамасын педагогикалық таным және болмысты қайта жасаудың теориялық ережелер топтамасы ретінде қарастырған жөн.

Әрқандай әдіснама қалыпты көрсетпе-нұсқау және реттестіру қызметтерін атқарады. Дегенмен, әдіснамалық білім екі күйде іске асырылуы мүмкін: дескриптивтік не прескриптивтік.

**Дескриптивтік әдіснама** – ғылыми білімдердің құрылымы мен ғылыми таным заңдылықтары жөніндегі білім ретінде зерттеу процесіне бағыт-бағдар береді, ал **прескриптивтік әдіснама** –зерттеу іс-әрекеттерін реттеп барудың жол жобасын белгілеп, көрсетеді. Дәстүрлі әдіснамалық талдауда ғылыми іс-әрекеттерді жүзеге асыру тиімділігімен танылған ұсыныстары және ережелеріне байланысты құрастыру міндеттері басымдау болса, ал дескриптивті талдауда ғылыми таным процесінде іске асырылған зерттеу әрекеттерін қайталап баяндау, түсіндіру қызметтері атқарылады.

Әдіснамалық білімдер тобы төрт деңгейлі келеді (Э.Г. Юдин): философиялық, жалпы білімдік, нақты ғылымдық және технологиялық. Әдіснаманың ең жоғары **философиялық деңгейі** танымның жалпы принциптері мен бүкіл ғылымның категориялар құрылымын

негіздейді. Осыдан философиялық білімдердің барша жүйесі әдіснамалық қызмет атқарады. Екінші – **жалпы ғылымдық –әдіснама** деңгейінде ғылымдардың баршасында не көпшілігінде қолданылуы мүмкін теориялық тұжырымдарды белгілейді. Үшінші деңгей – **нақты ғылым әдіснамасы** қандай да нақты ғылыми пән аймағында қолданылатын зерттеу әдістері мен принциптерінің жиынтығын құрайды. Нақты ғылым әдіснамасы белгілі саладағы ғылыми тануға тән болған проблемаларды, сондай-ақ жоғарылау келген әдіснамалық деңгейлерге байланысты алға тартылатын мәселелерді де қамтиды, мысалы: педагогикалық зерттеулердегі жүйелестіру мен жобалау (моделдеу) проблемалары. Төртінші деңгей – **технологиялық әдіснама** –зерттеу әдістері мен техникасын белгілеп, деректі эмпирикалық материалдарды жинақтап, алғашқы өңдеуден өткізіп, кейін оларды ғылыми білімдер өрісіне қосу қызметтерінен хабар береді. Бұл деңгейдегі әдіснамалық білім нақты көрсетпе-нұсқау сипатына ие. Әдіснаманың барша деңгейлері күрделі жүйеде бірігіп, өзара сабақтастықпен байланысты келеді. Ал әрқандай әдіснамалық деп танылған білімнің мазмұндық негізі философиялық деңгейден іздестіріледі, себебі таным процесі мен болмысты қайта жасау әрекеттерінің дүниетаным, көзқарас бағдары осы философиямен айқындалады.

## 2.2. Педагогиканың философиялық негіздемесі

Қазіргі кезеңде адам зерттеулеріне байланысты әркілі ғылымдар әдіснамасы сипатында көптеген философиялық бағыт-бағдарлар, теориялық көзқарастар бір қатар жасауда. Солардың ішінен бүгінгі педагогикада өз орнын тапқан келесі философиялық білімдерді ажыратуға болады: экзистенциализм, прагматизм, неотизм, неопозитивизм, диалектикалық материализм ж.т.б.

**Экзистенциализм** немесе адамның тіршілік, болмыс толғаныстары философиясы. Бұл бағытты дәріптеуші көрнекті өкілдер: Н.А. Бердяев, Л.И. Шестов (Ресей), М. Хайдеггер, Г. Ясперс (Германия), Ж. Сартр, А. Камю (Франция), Э. Брейзах, П. Тиллих (АҚШ) т.б. Экзистенциализмнің негізгі ұғымы- тіршілік – өз «меніне» шомған жекеленген адам болмысы. Экзистенциалистер түсінігінде шынайы дүниенің мәні оның субъектті сипатта болуына тәуелді. Олар тікелей объектив білімдер мен объектив шындықты мойындамайды. Сырттай дүние әр адамның ішкі «мені» тарапынан қалай қабылданса, солай танылуы тиіс.

Экзистенциалистер қазіргі қоғамның жеке адамды күйреуге соқтыратын, оның өзіндік ерекшелігін жойып, қауымнан аласталуына және т.б.себепші келеңсіздіктерін алға тартады. Мұндай

қиыншылықтан құтылудың жолын олар әр адамның өзін-өзі кемелдендіру әрекетімен байланыстырады. Осыдан, мектептің мақсаты, экзистенциалистердің пікірінше, оқушыларды өзін-өзі қалыптастыруға үйретіп, өз «менін» жасауға қажет тәрбие, білім беру.

Шынайы білімдерге қарсы тұруымен аталған бағыт теоретиктері мектеп бағдарламалары мен оқулықтарына қарсылық білдіреді. Білім құндылығы мен қажеттілігі әр нақты тұлға үшін өзіндік маңызға ие болуынан мұғалімнің міндеті оқу, тәрбие материалын игеруде оқушыға толық еркіндік беріп, оның ынта-ықыласы мен қызығуларына жол ашу. Заттар мен құбылыстар мәнін ұғыну оқушы еркінде. Ал ұғу процесі санаға негізделмей, бала сезімдері, арманы мен сеніміне орай іске асырылады. Экзистенциализм жекелеп оқытудың философиялық негіздемесі ретінде танылып отыр.

**Неотомизм** – орта ғасырлық діни философ *Фома Аквинскийден* бастауын алған әдіснамалық бағыт. Бұл ағымның ерекшелігі – сана объективтігін мойындайды. Бірақ мұның астарында сыр бар: сана неотомистер үшін діни догмаларды дәлелдеу мен шіркеудің адамдарға болған ықпалын күшейте түсу құралы ретінде ғана қажет.

Ғылыми білімдердің адамдар өміріне жан-жақты, берік енуін мойындаудан, неотомистер ортағасырлық Ф.Аквинский идеяларын осы заман жағдайлары мен талаптарына сәйкестендіре қолдануға мәжбүр болып отыр. Алайда олар танымында дүние екі талай: заттасқан және рухани. Заттасқан болмыс- ең төмен деңгейлі, өлі, мақсаты мен мәні жоқ дүние – оны зерттейтін ғылым. Эмпирикалық деректерді жинауға бағдарланған ғылым дүние мәнін ашуда қауқарсыз, себебі ол мән Алланың қолында. Сондықтанда анайы шындық, неотомистердің пікірінше, Жаратқан ақылымен ғана танылады, оның аяны арқасында ғана пенде санасына қонады.

Адам – екі тарапты, қосарланып жүретін заттасқан және рухани дүниеден тұрады. Соңғысы жоғары құндылық ретінде танылып, тұлғаның адамгершілік сипатын көрсетеді. Бұл адамға мәңгі өмір берген Алла тартуы.

Неотомистер мектептің шектен тыс ақыл-ойға тәуелділігін (рационалдығын) сынап, оны баланың санаға дейін тума берілген астарын қалайтын табиғи мүмкіндіктерін (сүйіспеншілік, бақыт, еркіндік пен өмір мәнінің негізі) жадтан шығарғандығымен айыптайды. Сондықтан барша оқу және тәрбие жүйесі баладағы Алладан дарыған санаға дейінгі ұмтылысты дамытуға бағытталуы қажет.

XIX-XX ғ.ғ. тоғысында химия, биология және т.б. жаратылыстану ғылымдарының өрістей дамуымен философия сахнасында жаңа – **позитивистік** бағыт пайда болды. Бұл бағыт өкілдері табиғаттану пәндері мен оларда қолданылатын әдістерді әсіре дәріптеп, сандық зерттелген дәйектерді ғана дұрыс та дәлелді деп таниды. Таптық күрес,



қоғам дамуы, әлеуметтік қайшылықтармен байланысты проблемаларды тіпті де жалған, ғылыми деректеуге келмейді деп жариялады. Позитивистер үшін бірден бір мәнді ғылымдар – бұл математика мен табиғаттану, ал қоғамдық ғылымдар- шындыққа сиыспайтын ертегі.

**Неопозитивизм** мәндік тұрғыдан өз негізі позитивизмді қолдай отырып, қазіргі заман ұғымдары мен терминдерін пайдалануымен осы дәуір философиясында елеулі орын иеледі. Педагогика әлсіздігін, неопозитивистер, оның шынайы деректермен іс-әрекеттерге орынды мән бермей, пайдасыз идеялар мен абстракцияға бой ұрғандығынан көреді. Олар білім беру жолында мазмұнға емес, әдістерге елеулі мән беріп, оқу мен тәрбиеде негізгі нәрсе «білім емес, ал оны ұғу мен игеру әдістері» - деген тұжырымды алға тартты. Неопозитивизмнің көрнекті өкілі- ірі атомшы ғалым, АҚШ-тың саяси қайраткері – **Дж. Конант**. Оның «Бүгінгі Америка орта мектебі», «Американ мұғалімдерін дайындау» атты еңбектері АҚШ педагогикасының өркендеуіне зор үлесін қосты.

**Прагматизм** философиялық ағым ретінде XIX-XX ғ.ғ. шектерінде пайда болды. Ғылым, техника және өндірістің қарқынды дамуы материалистік философияның тұғырын бекіте түсіп, абсолюттік идеализмнің негіздеріне ақау салды. Прагматистік бағытты қалаушылар идеализм мен материализмнен бөлектенген жаңа философияны ұстанатынын жария етті. Прагматизмдегі басты ұғым- «тәжірибе», «іс»(грекше «прагма»), осыдан олар болмыс танудың негізі жеке адамның іс-тәжірибесінде деп біледі де объектив білімдерді мойындаудан бас тартады. Олардың пікірінше, адамның практикалық іс-әрекетінің нәтижесінде алынған, ол үшін құндылықты болған білімдер ғана шынайы сипатта болуы мүмкін.

Прагматизмнің аса көрнекті өкілі- американдық ғалым-**Дж.Дьюи**. Оның шығармашылығымен жүзеге келген прагматикалық педагогика көптеген елдердің, әсіресе АҚШ-тың мектептік білім жүйесінің қалыпқа түсіп, өркендеуіне зор ықпал жасады, әлі де ықпал жасауда. Өзінің көптеген педагогикалық еңбектерінде Дж.Дьюи ескі, схоластикалық мектепті сынай отырып, оқу мен тәрбиеге орай аса маңызды болған бірқатар принциптерді алға тартты. Олардың ішіндегі бала белсенділігін дамыту, бала оқуының ықпалды мотиві- қызығуға дем беру принциптерінің орындалуын білім игертудегі басты міндет деп есептеді.

Прагматизмнің тірек ұғымы «тәжірибеге» сүйене отырып, Дж.Дьюи оқу процесінің негізі баланың жекеленген іс-әрекеттік тәжірибесінде болатынын уағыздады. Оның ойынша, оқу-білім мақсаты балаға тумадан берілген инстинкттер мен қабілеттердің өзіндік көрінуіне ықпал жасау. Дж.Дьюи және оның ізбасарлары (Т.Брамельд, А.Маслоу,

Э.Келли және т.б.) инабаттылық тәрбиесі мәселелерін де осы жекеленген тәжірибе тұрғысынан қарастыруды дәріптейді. Адам өз әрекет-қылығын басқаруда алдын ала жоспарланған принциптер мен ережелерге тәуелді болмай, нақты жағдай мен көзделген мақсатқа орай белгілі әрекетке кірісуі қажет екендігін мақұлдайды. Жеке табысқа жету жолында жәрдем бергеннің бәрін прагматистер ізгілік нышаны ретінде таниды.

**Диалектикалық материализм** табиғат, қоғам және ойлау процестерінің жалпы қозғалыс және даму заңдылықтары жөніндегі философиялық білім ретінде ХІХ ғ. 40-жылдарында туындады. Ол ХХ ғ., әсіресе социализм елдерінде кең өріс тапты. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері – **К.Маркс** және **Ф.Энгельс** қоғам тарихын танудың құралы материализмді жариялай отырып, теориялық таным үшін қоғамдық тәжірибенің рөлін негіздеді, материализм мен диалектиканы табиғи ұштастыққа келтірді.

Диалектикалық материализмнің негізгі тұжырымдары келесідей: материя – бірінші, ал сана – одан туындаушы, материяның (адам миының) дамуы нәтижесінде пайда болатын өнім (материалистік монизм принципі); объектив дүние мен сана құбылыстары себепті шарттасқан, өзара байланысты және тәуелді (детерминизм принципі); барша заттар мен құбылыстар қозғалыс жағдайында болып, дамиды және өзгеріске келеді.

Диалектикалық материализм философиясында аса маңызды орын диалектика заңдарына берілген: сандық өзгерістердің сапалық ауысуы, қарама-қарсылық бірлігі мен күресі, жоқты жоққа шығару.

Диалектикалық материализм педагогикасының негізгі идеялық ұстанымы- тұлға қоғамдық қатынастардың объекті де, субъекті де. Адамның тұлғалық дамуы мен кемелденуі сыртқы жағдайлармен себепті тәуелділікте (детерминирован), сонымен бірге сол нақты адамның табиғи болмысына байланысты. Тұлға дамуында жетекшілік рөл – тәжірибеде. Ал тәрбие тарихи және таптық сипатқа ие болған күрделі әлеуметтік процесс. Тұлға және адам іс-әрекеті ажырамас тұтастық құрайды, яғни тұлға іс-әрекетте, еңбекте көрінеді және қалыптасады.

Жаңаланған дәуір педагогикасы философиялық деңгейлі әрқилы әдіснаманы өз ғылыми зерттеулерінің бас қаруы ретінде міндетті түрде қолданып, пайдалануы қажет.

### **2.3. Педагогиканың жалпы ғылымдық әдіснамасы**

Жалпығылымдық әдіснама қоршаған болмыс құбылыстары мен процестерінің жалпыланған байланысы және өзара шарттастығына негізделген жүйеліліктен танылуы мүмкін. Ол әрбір зерттеуші мен

практикті белгілі құрылымға, сондай-ақ өзінің жасау заңдылықтарына ие өмір құбылыстарының белгілі жүйесіне бағдарлайды.

Жүйелілік мәніне орай әрқандай салыстырмалы дербес бірліктер өз бетінше шектелмей, өзара байланысқан даму мен қозғалыста қарастырылады. Осыдан ол жүйені құраушы элементтерде көріне бермейтін біріктіруші жүйе қасиеттері мен сапалық белгілерді анықтауға көмектеседі. Жүйеліліктің заттасқан және тарихи кырлары келесідей зерттеу принциптерін бірлікте іске асыруды қажет етеді: ***тарихилық, нақтылық, көптарпты байланыстар мен дамуды ескеру.***

Жүйелілікті білуден педагогикалық теория, эксперимент пен практика тұтастығы орындалады.

Теориялық негізде жобаланған экспериментте біршама тексерілген ғылыми білімдер мен тұжырымдардың шынайылығы практика міндеті мен талаптарына орай өлшестіріледі. Практикадан білімнің жаңа іргелі проблемалары туындайды. Сонымен, теория практикалық шешімдердің дұрыстығына арқау болады, ал білім тәжірибесіне байланысты ұланғайыр проблемалар мен міндеттер іргелі дәстүрлерді қажет ететін жаңа сұрақтардың туындауына жол ашады.

Педагогикалық технологиялар жөнінде алдағы дәрісбаяндарда сөз болады.

#### **2.4. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық принциптері**

Ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізуде төмендегідей принциптерді басшылыққа алу қажет:

- педагогикалық құбылыстардың шынайылығы мен шарттасқандығын ескеру, себебі дүниедегінің бәрі өзінің ішкі объектив заңдары, қарама-қарсылықтары және себепті-салдарлы байланыстарына орай жасайды әрі дамиды;

- құбылыстарды даму барысында зерттеу;
- бір құбылысты екіншілерімен өзара қатынаста байланыстыра зерттеу;

- зерттеу процесінде қалаған ғылыми проблеманың шешімі бірін-бірі толықтырып отырушы көптеген әдістер кешенімен орындалатынын естен шығармау;

- зерттеу әдістері зерттелетін құбылыстың мән-мағынасына сай келуі;

- даму процесін сол дамудың қозғаушы күші және даму көзі саналатын оның қарама-қарсылықтарына негізделген өзіндік қозғалыс және өзіндік даму ретінде қарастыру;

- сынақталушыға, білім-тәрбие процесіне зиян келтіретін, адамгершілік-инабаттылық талаптарына қайшы болатын эксперименттерді өткізбеу.

## 2.5. Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру

Педагогика саласындағы зерттеулер – бұл білім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері, мазмұны, принциптері мен технологиясы жөніндегі жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс процесі және оның нәтижесі. Педагогикалық зерттеулердің міндеті- деректер мен құбылыстарды түсіндіру және оларды алдын ала болжастыру.

Бағытталу тұрғысынан педагогикалық зерттеулер іргелі (фундаменталды), қолданбалы және болжам-жобалау (разработки) деңгейіндегі болып үш топқа бөлінеді. **Іргелі** зерттеулер нәтижесінде педагогиканың теориялық және практикалық жетістіктерін қорытушы жалпы тұжырымдамалар алынады немесе болжам жобалаумен педагогикалық жүйелерді дамытудың моделдері ұсынылады. **Қолданбалы зерттеулер** – бұл педагогикалық процестің кейбір тараптарын тереңдей тануға, алуан қырлы педагогикалық қызметтің заңдылықтарын ашуға бағдарланған істер. **Болжам жоба** – бұрыннан белгілі теориялық көзқарастарға негізделген нақты ғылыми-практикалық ұсыныстар дұрыстығын дәлелдеп, оларды практикалық айналымға қосу бағытында істелетін жұмыс.

Қалаған педагогикалық зерттеу көпшілік қабылдаған әдіснамалық тиектерге орай жүргізіледі. Педагогикада олардың қатарына – зерттелуге тиіс проблема, тақырып, нысан және оның дені (предмет), мақсат, міндеттер мен болжамдар, қорғалуы тиіс идеялар – кіреді. Педагогикалық зерттеулер сапасын танытушы негізгі көрсеткіштер: зерттеу көкейкестілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы.

**Зерттеу бағдарламасы**, әдетте, екі бөлімнен тұрады: әдіснамалық және іс-әрекеттік (орындау-процедуралық). Алғы бөлімде тақырып көкейкестілігі негізделеді, проблема нақтыланады, зерттеу нысаны мен дені, мақсаты мен міндеттері айқындалады, негізгі ұғымдары белгіленеді, зерттеу нысаны бастапқы жүйелі талдауға салынып, қызметтік болжам жасалады. Ал екіншіде – зерттеудің стратегиялық жоспары түзіледі, сонымен бірге ідер алды деректерді жинақтау мен оларды іріктеудің реті және негізгі шаралары жасалады.

**Зерттеу көкейкестілігін** негіздеудің мәні- оқу мен тәрбиенің теориясы және практикасын бұдан былай да дамыту үшін тиісті проблемалардың қажеттігін, дер кезінде зерттеліп, шешімін табудың маңыздылығын түсіндіру. Көкейкесті зерттеулер белгілі кезеңдегі аса

күрделі де қажет мәселелердің жауабын береді, педагогикалық ғылымға қойылатын қоғамның әлеуметтік тапсырысын бейнелейді, практикада орын алған келелі қайшылықтарды ашады. Көкейкестілік тиегі өзгермелі, қозғалысты, уақыт пен нақты әрі ерекше жағдайларға тәуелді. Жалпыланған күйде көкейкестілік ғылыми идеялар мен практикалық ұсыныстарға болатын сұраныс (қандай да қажеттілікті қамтамасыз ету үшін) пен дер кезеңдегі ғылым мен практиканың мүмкіндігі арасындағы айырмашылық деңгейін сипаттайды.

**Зерттеу тақырыбы** шешімі қалтқысыз табылуы қажет, өте күрделі де қоғамдық маңызға ие болған проблемалармен ұштасқан әлеуметтік тапсырыс нақты тақырыптың негіздеме дәйегін талап етеді. Ал бұл, өз кезегінде, қойылған мәселенің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды.

Егер әлеуметтік тапсырыс педагогикалық практиканы талдаудың нәтижесінде ұсынылатын болса, ғылыми проблеманың өз негізі басқаша. Оның міндеті ғылым құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, негізгі қарама-қарсылықтарды баяндап беру. Әдетте, проблема шешімі зерттеу мақсатын құрайды. **Мақсат** – қайта түзіліп, өрнектелетін проблема.

Проблема нақтыланып, өрнектелгеннен соң, **зерттеу нысанын таңдау** кезегі келеді. Нысанға педагогикалық процесс, педагогикалық болмыстың бір саласы немесе қайшылықтарымен жүз берген қандай да педагогикалық қатынас алынуы мүмкін. Басқаша айтсақ, өз ішінде нақты не әлі де күмәнді қайшылықтарды қамтып, проблемдік ситуацияларды туындатқан жағдайлардың баршасы нысан есептелінеді. Танымдық процесс бағытталғанның бірі- нысан. **Зерттеу дені (предмет)** - нысан бөлшегі, бір тарапты, яғни бұл түбегейлі зерттеуді қажет еткен нысанның теориялық не практикалық тұрғыдан өте маңызды сапа-қасиеттері, қырлары мен сырлары.

Зерттеу мақсаты, объекті және деніне сәйкес, әдетте, болжамды (гипотезаны) тексеру мен дәйектеуге арналған зерттеу міндеттері белгіленеді. **Гипотеза** – бұл шынайылығы әлі дәлелденуі қажет теориялық негізі бар болжамдар жиынтығы.

**Ғылыми жаңалылық** тиегі аяқталған зерттеулердің сапасын бағалау үшін қолданылады. Ол қазіргі кезеңде әлі белгісіз, педагогикалық әдебиеттер тобына енбеген білім заңдылықтары, олардың құрылымы мен механизмдері, мазмұны, принциптері мен технологиясын сипаттаушы теориялық және практикалық қорытындылардың мазмұнын өрнектейді.

**Зерттеу жаңалылығы** қаншалықты теориялық маңызға ие болса, соншалықты практикалық қажеттілікке ие. Зерттеулер нәтижесінде түзілген тұжырымдамалар, алынған гипотезалар, ашылған заңдылықтар, әдістер, бағыттар, көзқарастар, проблеманы айқындау моделі орындалған ғылыми істердің теориялық маңызын танытады. Ал

**зерттеудің практикалық маңызы** жаңа ұсыныстар, нұсқаулар және т.б. дайындауға арқау болуында.

Жаңалылық тиектері, теориялық және практикалық маңыздылық зерттеу типтеріне орай бір-бірімен ауысып барады, сондай-ақ жаңа білімдердің пайда болу уақытына да тәуелді келеді.

Зерттеу ізденістерінің логикасы мен қозғалысты өзгермелілігі (динамикасы) бірнеше сатылық-эмпирикалық, гипотетикалық, эксперименталды-теориялық немесе теориялық, прогностикалық-жұмыстар орындауды қажет етеді.

Зерттеудің **эмпирикалық сатысында** зерттеу нысанының қызметтік бағамы алынады, шынайы оқу-білім тәжірибесі, ғылыми білімдер деңгейі мен құбылыс мәнін түсіну қажеттігі арасындағы қарама-қарсылықтар көрінеді, ғылыми проблема өрнектеледі. Эмпирикалық талдаудың басты нәтижесі – зерттеудің алғашқы тұжырымдамалары ретінде қабылданған, бірақ әлі тұтастығы тексеріліп, бекуі қажет болжамдар мен шамалаулар жүйесінен түзелетін зерттеу гипотезасынан көрінеді.

**Гипотетикалық сатыдағы** ізденіс жұмыстарының мәні: зерттеу объекті жөніндегі деректік болжамдар мен олардың мәнін айқындап алу қажеттігі арасындағы қарама-қарсылықтарды шешіп алу, содан соң зерттеудің эмпирикалық деңгейінен оның теориялық (эксперименталды-теориялық) деңгейіне өтудің дайындық жағдайларын жасау.

**Теориялық саты** зерттеулерінде назарға алынған нысан жөніндегі функционалдық және гипотетикалық болжамдар мен ол туралы жүйелі шамалаулар қажеттігі арасындағы қайшылықтарды үйлестіру жұмыстары орындалады.

Теорияның белгілі қалыпқа келуі **прогностикалық сатыға** жол ашады, осының нәтижесінде тұтастай құрылым болып танылған зерттеу нысаны жөніндегі соңғы алынған идеялық ақпараттар мен олардың ендігі, жана жағдайларда даму мүмкіндіктерін көрегендікпен алдын-ала жобалау қажеттігі арасындағы текетіресті шешу талабы қойылады. Теорияның міндеті – осы сан қилы талаптардың объектив шешіміне негіз болу.

## **2.6. Педагогикалық зерттеу әдістемесі мен әдістер жүйесі**

Зерттеу әдістемесінің (методика) дайындығы ғылыми ізденіс логикасына орай жүргізіледі. Бұл әдістеме өте күрделі де сан қилы қызметтермен байланысты нысан болған білімдену процесін аса жоғары шынайылықпен зерттеуге мүмкіндік беретін теориялық және эмпирикалық әдістер (метод) тобынан құралады. Әдістердің тұтастай бір бөлігін қолданудан назарға алынған проблема жан-жақты айқындалады, оның барша қырлары мен шектері түгелдей зерттеуден өтеді. Педагогикалық зерттеу әдістерінің әдіснамадан өзгешелігі- бұл

педагогикалық құбылыстарды зерттеу, олар жөніндегі ғылыми ақпараттарды жинақтап, заңдылықты байланыстар, қатынастарды анықтау, оның нәтижесінде ғылыми теория қалыптастыру мақсатымен жүргізілетін іс-әрекет жолдары мен тәсілдерінің өзі. Әдістер көп түрлі де сан қилы, бірақ жүйелестіре келгенде, бұлардың бәрі үш топқа ажыралады: 1) педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері; 2) теориялық зерттеу әдістері, 3) математикалық әдістер.

**Педагогикалық тәжірибені зерттеу** әдістері – білім беру процесін ұйымдастырудың көз алдымызда қалыптасқан тәжірибесін зерттеудің жолдары. Зерттеуге озат тәжірибе, яғни танымал мұғалімдер мен қатардағы тәлімгерлер қызметтері бірдей алынады. Олардың жұмыстарында кезігетін қиындықтар педагогикалық процесс қайшылықтарымен, пайда болған не енді туындауы мүмкін проблемалармен байланысты келеді. Педагогикалық тәжірибені зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылады: бақылау, әңгімелесу, интервью, анкеттеу, оқушылардың жазба, графикалық және шығарма жұмыстарын көзден өткеру, педагогикалық құжаттармен танысу.

**Бақылау** – зерттеу барысында нақты дерек материал жинақтау мақсатымен қандай да педагогикалық құбылыстың назарға алынуы. Бақыланған құбылыстар міндетті түрде хатталады. Бақылау нақты нысанмен жете танысуға орай алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүргізіледі. Бақылау жұмысы келесі кезеңдерге бөлінеді: 1) міндеттері мен мақсаттарын айқындау; 2) бақыланатын объект, оның элементтерін және ситуацияларын тандастыру; 3) бақылау және оның барысында ақпарат топтастыруға оңтайлы әрі тиімді тәсілдерді іріктеу; 4) байқалғандарды хатқа түсіру формасын ойластыру; 5) жинақталған ақпараттарды өңдеу және дәйектеу.

Бақылау түрлері: *араласа бақылау* – ізденуші зерттеу жүргізіп жатқан топтың мүшесі ретінде қатысады; *сырттай бақылау*- зерттеуші ізденіс жұмыстарына тікелей араласпайды; *ашық және жасырын бақылау*; *тұтастай және таңдамалы бақылау*.

Бақылау – орындалуы тұрғысынан ең оңай әдіс, бірақ өзіндік кемшілігі де жоқ емес: көп жағдайларда бақылау барысындағы не соңғы нәтижеге зерттеушінің тұлғалық-әлеуметтік жеке –дара бітістері (көзқарасы, мүддесі, жан толғанысы) ықпал жасап, оның қандай да шынайылықтан ауытқуына себепші болуы мүмкін.

**Сұхбат әдісі** - қажетті ақпаратты алу немесе бақылау барысында түсініксіздеу болған құбылыстың мәнін аша түсу мақсатымен дербес не қосымша қолданылатын зерттеу тәсілі. Сұхбат айқындалуы тиіс нақты сұрақтар бойынша күні ілгері түзілген жоспармен орындалады. Әңгімелесу еркін жүргізіліп, сұхбаттас кісінің жауаптары хатталмайды. Сұхбаттасудың екінші бір түрі педагогикаға әлеуметтану саласынан

енген – *интервью алу*. Бұл әдісте сұрақтар алдын ала түзіліп, бірізділікпен қойылып барады. Интервью жауаптары анық жазылып, хатталады.

**Анкеттеу** – ауқымды материал жинақтау үшін қолданылады. Сұрақ жауаптары жазба күйінде қабылданады. Сұхбаттасу мен интервью алу бетпе-бет әңгімелесумен жүргізіледі, ал анкеттеу – сырттай орындалады. Аталған әдістердің нәтижелі болуы қойылатын сұрақтардың мазмұны мен құрылымына тәуелді. Сауалнама түзуде ескерілетін жәйттер: 1) алынатын ақпараттың сипатын анықтап алған жөн; 2) қойылатын сұрақтың бірнеше баламалы өрнегі болғаны қажет; 3) сауалнаманың бірнеше жоспары түзіліп, ол алғашқы тексеруден өткізілуі тиіс; 4) сауалнама кемшіліктері түзетіліп, пайдалануға ақырға редакциясының ұсынылуы дұрыс.

Құнды материал оқушылардың **шығармашылық туындыларын зерттеу** әдісімен де алынады. Олар: шәкірттер орындаған жазба, графикалық, шығармашылық және бақылау жұмыстары; балалардың суреттері, сызылмалары, жасалған қосалқы бөлшектер, кейбір пән дәптерлері. Мұндай жұмыстар оқушылардың даралық қабілеттерінен дерек береді, олардың қандай да бір саладағы ептілік және дағды жетістіктерінің деңгейін көрсетеді. **Мектеп құжаттарымен танысу** әдісін қолдана отырып, оқушының жеке ісі (личное дело), дәрігерлік карта, күнделік, жиналыс не отырыс хаттамалары және сол секілді мектеп хат-қағаздарымен танысу арқылы зерттеуші оқу-тәрбие, білім игеру процесін ұйымдастыру практикасында нақты қалыптасқан объектив жағдайлар жөніндегі ақпараттармен қаруланады.

Педагогикалық зерттеудің қандайда бір әдіс не тәсілінің педагогикалық тиімділігін анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған тексеру түрі- эксперимент ерекше маңызды. **Педагогикалық эксперимент** міндеттері: 1) жобаланған педагогикалық құбылыс және оның іске асуында көрініс беретін себеп-салдарлы байланыстар мәнін зерттеу; 2) педагогикалық құбылысқа зерттеушінің белсенді ықпал жасауы; 3) педагогикалық ықпал мен ықпалдастықтың нәтижесін өлшестіру. Эксперимент келесі кезеңмен өткізіледі: – *теориялық* (проблема қою, зерттеу мақсатын, нысанын және денін анықтау, міндеттер мен гипотеза белгілеу);

- *әдістемелік* (зерттеу әдістемесі мен оның оның жоспарын айқындау, бағдарлама түзіп, алынған нәтижелерді өңдеу әдістерін нақтылау);

- *эксперимент* жұмысы – бірнеше тәжірибелік зерттеу әрекеттерін орындау (ситуация түзу, бақылау, тәжірибені басқару және зерттеушілердің жауап әрекеттерін бағалау);



- *талдау* – сандық және сапалық сарапқа салу; алынған деректерге түсініктеме беру; қорытынды жасап, практикалық ұсыныстар енгізу.

Эксперимент түрлері: *табиғи* (калыпты оқу-тәрбие процесі жағдайында) және *зертханалық* – қандай да әдістің тиімділігін тексеру үшін жасанды жағдайлар түзу (экспериментке алынған балалар тобы өз алдына бөлектенеді). Көп жағдайларда табиғи эксперимент қолданылады. Ол зерттеуге алынған педагогикалық құбылыс мазмұны, мақсаты және т.б. орай ұзаққа созылған не қысқа мерзімді болуы мүмкін.

Егер эксперимент педагогикалық процестің нақты жағдайымен танысуға бағытталған болса, *деректеуші* (констатирующий) аталып, ал оқушы не сынып ұжымының дамуына қажет жағдайларды анықтауға арналған күнде мұндай эксперимент- *қайта жасаушы* (дамытушы) деп аталады. Қайта жасау экспериментінде салыстырып баруға керек бақылау топтары түзіледі. Эксперименттік әдістің қиындығы: оны жүргізу техникасын жете білу қажет, бұл зерттеу барысында ұйымдастырушының аса үлкен сыпайылығы мен әдептілігі, көрегендігі мен егжей-тегжейлілігі, зерттеудегілермен қатынас түзу қабілеттілігі де маңызды келеді.

Жоғарыда аталған әдістер тобы педагогикалық құбылыстар танудың эмпирикалық мақсатымен байланысты келеді, яғни жеке-дара ғылыми-педагогикалық деректерді жинақтауға арналады. Ал осы топталған алғашқы деректік материалдың мән-мағынасын ашып, заңдары мен заңдылықтарын анықтау зерттеудің теориялық талдау әдісімен орындалады.

***Теориялық талдау*** – педагогикалық құбылыстың кей тараптарын, белгілерін, ерекшеліктері мен қасиеттерін біліп, қарастыру үшін қажет. Жеке деректерді талдаумен оларды жүйелі топтарға біріктіреміз, әрбіріндегі жалпылық пен даралықты ескере отырып, ортақ принциптер мен ұстамдарға келеміз. Талдауды біріктіру (синтез) процесімен қатар жүргізе отырып, зерттеудегі педагогикалық құбылыстың мән-жайына енеміз.

Индуктив және дедуктив әдістер – эмпирикалық жолмен алынған ақпаратты қорытындылаудың логикалық әдістері. ***Индуктив*** әдіс – ойдың жеке пікірлерден жалпы ойға өтуін байқаса, ***дедуктив*** – жалпы пікірден жеке қорытынды жасауға қолданылады.

Теориялық әдістің қажеттігі проблема анықтауға, гипотеза белгілеп, жинақталған деректердің бағасын шығарудан туындайды. Теориялық әдіс көптеген әдебиеттермен таныс болуды талап етеді:

- жалпы адамтану, соның ішінде педагогика классиктерінің еңбектері;

- жалпы және арнайы педагогикалық әдебиеттер;
- тарихи-педагогикалық ресми деректер мен құжаттар;
- педагогикалық мерзімді басылымдар ;
- мектеп, тәрбие, мұғалім жөніндегі көркем шығармалар;
- педагогикалық анықтама құралдары;
- педагогика және онымен сыбайлас пәндер бойынша оқулықтар мен – әдістемелік қолданбалар.

Әдебиеттермен танысудың арқасында қай проблеманың қандай тараптары жақсы зерттелгенін, қандай проблемалардың дау-дамайлы және қай мәселелердің әлі тың жатқанын білуге болады.

*Әдебиеттермен жұмыс істеу* әдістерінің түрі сан-алуан. Олар арасында көбірек қолданылатындары: кітапдерек (библиография) түзу – зерттелетін мәселеге байланысты іріктеліп алынған деректік әдебиеттер тізімі; *реферат* жазу – жалпы тақырып бойынша бір не бірнеше ғылыми еңбектің қысқартылып берілген мазмұны; *конспектілеу* – жұмыстың маңызды идеялары мен тұжырымдарына байланысты жан-жақты материалдарды мұқият қамтыған жазбалар; *аннотациялау* – кітап пен мақаланың жалпы мазмұнынан қысқаша ақпар жазу; *сілтеме* (цитата) беру – әдеби деректе келтірілген ой, пікір не санды өзгертпестен мәтінге ендіре жазу.

Педагогикадағы *математикалық* және *статистикалық* әдістер сауалнама, эксперимент жолымен алынған деректемелерді өңдеу үшін, сондай-ақ зерттеліп жатқан құбылыстар арасындағы сандық тәуелділіктерді анықтау мақсатында қолданылып, эксперимент нәтижесін бағалауға, қортындылар сенімділігін арттыруға, теориялық тұжырымдарды негіздеуге жәрдемдеседі. Математикалық әдістер арасында педагогикада ең көп қолданымға келетіндері: тіркеу (регистрация), ранжирование (тәртіпке келтіру), өлшемге түсіру (декодирование). Статистикалық әдіспен қолға түскен көрсеткіштердің орташа сандық шамасы айқындалады: орта арифметикалық (салыстырып бақылау және эксперименттік топтардың жазба жұмыстарында жіберілген қателердің орташа санын шығару үшін); медиана – тізімдердің орта тұсындағы көрсеткіш (топта он екі оқушы болса, бағаның өсу дәрежесімен өрнектелген тізімде алтыншысының бағасы - медиана ); таралу дәрежесі – дисперсия немесе орташа квадраттың ауытқу, баламалар коэффициенті және т.б.

Мұндай есептерді жүргізу үшін белгілі формулалар, анықтама таблицалар қабылданған. Осы әдістермен жинақталған көрсеткіштердің сандық тәуелділіктері графиктер, диаграммалар, таблицалар түрінде өрнектеледі.

Педагогика ғылымында жас зерттеушілердің араласуын күтіп жатқан, әлі анықталмай елеусіз болған құбылыстар байланысы мен тәуелділіктері ұланғайыр, тың халінде. Педагогиканың жемісті дами

түсуінің басты шарты – ғалымдар мен педагог-практиктердің бірлікті іс-әрекеті. Егер осы теориялық және тәжірибелік ізденістер аталған педагогикалық әдістер жүйесін жете білумен жүргізілетін болса ғана, педагогтың өз тәжірибесі де, басқалардың да педагогикалық ұсыныстары мақсатты бағытта зерттеліп, талданады, соның нәтижесінде оқу-тәрбие ұйымдастыру жолындағы табыстары мен жаңалықтары ғылыми тұғырға орнығуы сөзсіз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Педагогика әдіснамасының мәні неде?
2. Әдіснама деңгейлеріне сипаттама беріңіз.
3. Зерттеу әдістерінің қайсысы – теориялық, қайсысы –эмпирикалық екенін деректеп беріңіз.
4. Педагогикалық әдістер мәні неде? Жеке-жеке анықтама беріңіз.
5. Педагогикалық зерттеулер тобына сипаттама беріңіз.

### **3-дәрісбаян. Педагогикадағы тұлға дамуына байланысты проблемалар**

*“Адам баласы туа есті болмайды. Естін, көрін, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, гибрат алу ғана есті етеді.”*

*Абай*

Жоспары:

1. Тұлғаның даму процесі
2. Нәсілдік және қоршаған орта
3. Іс-әрекет және тұлға дамуы
4. Даму диагностикасы

#### **3.1. Тұлғаның даму процесі**

*Даму – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің жүрісі мен нәтижесі.* Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және элеуметтік тіршілік иесі болып жетіледі. Адамның биологиялық сипаты өз ішіне морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтыған тән- дене дамуынан көрінеді. Ал *элеуметтік* даму оның психикалық, рухани, интеллектуал кемелденуінен байқалады.

Егер адам сана және өзіндік санаға ие болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам *тұлға* деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады. “Адам” ұғымынан өзгеше “тұлға” түсінігі – адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан элеуметтік сапа-қасиеттерін білдіреді. Тұлға ретінде әрбір адам элеуметтік жүйеде мақсат бағдарлы және ойластырылған тәрбие барысында қалыптасады. Әрбір тұлға, бір жағынан, қоғамдық тәжірибені игеру деңгейімен, екінші жағынан, материалдық және рухани құндылықтар қорына қосқан қоғамдық үлесімен танылады. Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және өмір мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты практикалық қызметте аша білуі шарт.

Адам дамуы – бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты процесс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына ұласады. Ал адамның тән-дене болмысы мен рухани дүниесі, әсіресе, балалық және жас өспірімдік шақта қарқынды ауысуларға кезігеді. Адамның дамуы сандық өзгерістердің қарапайым жиынтығы

немесе төменнен жоғарыға бағытталған ілгерілі қозғалыс тобы емес., бұл процестің өзіне тән ерекшелігі – сандық өзгерістердің тұлғаның физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттеріне диалектикалық түрде өтіп, жаңалануы. Бұл құбылыстарды түсіндіруде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Мамандардың бір бөлігі адамдардың дамуын кездейсоқ, басқарымға келмейтін өзінше жүрісі бар, даму өмір шарттарына тәуелсіз, сондықтан, тумадан берілген күштерге байланысты; адамның дамуын ешкім, еш уақытта өзгертуі мүмкін емес, тағдыр белгілейді. Ал басқа бір зерттеушілер тобының пайымдауынша: даму – бұл әуел бастан қозғалысқа қабілетті тірі материя. Даму жолында көне жойылып, жаңа туындап барады. Өмірге енжар икемдесуші жануарлардан адам өз дамуы үшін қажеттерін өз еңбегімен жасай алатындығымен ажыралады.

Дамуды қозғаушы күш – *қарама-қарсылықтар тайталасы*. Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасалулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. *Қарама-қарсылықтар* – бұл өзара екі полярлы күштердің бір-біріне сийымсыздығынан туындайтын диалектикалық процесс. Адам қайшылықтарды іздеп немесе ойдан шығарып, әлектенуінің қажеті жоқ, олар қадам сайын өмірлік қажеттіктердің өзгеру салдарынан пайда болып отырады. Табиғатынан адамның өзі де қарама-қайшылықты дүние болмысы. Қарама-қайшылықтар барша адамдардың дамуына ықпал жасаушы *ішкі* және *сыртқы*, *жалты* (эмбебап), сонымен бірге қарапайым материалдық және ең жоғары рухани *қажеттерінің* және оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар эмбебап сипатқа ие. Ішкі қарама-қайшылықтар әр адамның өз болмысына қанағаттанбауынан туындайды. Олар жеке-дара *ниеттерде* көрінеді. Негізгі ішкі қайшылықтардың бірі – жаңадан пайда болған қажеттер мен оларды іске асыру мүмкіндіктерінің арасындағы алшақтықтар. Мысалы, оқушылардың өз психикасы мен интеллект, әлеуметтік деңгейінің жетімсіздігіне қарамай, мүмкіндіктері толысқан ересектермен бірге іс алып баруға ұмтылуы. “Қалаймын -“қолымнан келмейді”, “білемін” - “білмеймін”, “мүмкін”-“болмайды”, “бар”-“жоқ” – мәңгі қарама-қайшылықтарды белгілейтін қосарлы ұғымдар. Адам дамуын зерттей отырып, ғалымдар даму және оның нәтижелері – бір жағынан, және оларға ықпал жасаушы себептер – екінші жағынан, арасындағы заңдылықты байланыстарды аңдатушы бірнеше маңызды тәуелділіктерді ашты.

Неліктен кей адамдар өз дамуында өте биік нәтижелерге жетіседі, ал екінші біреулер - ондай мүмкіндікке ие емес? Бұл процестің және оның нәтижесі неге байланысты? Ұзаққа созылған зерттеулер осы сұраққа орай жалпы заңдылық ашты: адам дамуы ішкі және сыртқы жағдайларға тәуелді. *Ішкі жағдайлар* – адам ағзасының

физиологиялық және психикалық қасиеттері. *Сыртқы жағдайлар* – бұл адамның қоршаған ортасы, ол жасаған және дамыған аймақ, сыртқы ортамен ықпалды араласу процесінде адамның ішкі мәні өзгереді, жаңа қасиеттері қалыптасады, ал бұл, өз кезегінде алдағы өзгерістерге жол ашады.

Сонымен, адамның дамуы сандық және сапалық өзгерістердің желісі мен нәтижесі. Даму барысында адам тұлғаға айналып, сана мен өзіндік сана, дербес жаңғыртушы іс-әрекет иесі болып жетіледі. Дамудың қозғаушы күші-қарама-қарсылықтар күресі. Адамның дамуы ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады.

### 3.2. Нәсілдік және қоршаған орта

Дамудың қай қырлары адамның өзіне тәуелді және қай тараптары сыртқы жағдайларға, жағдаяттарға байланысты? Дамуды айқындаушы *себептер тобы* – жағдайлар деп аталады, ал сол қарапайым себептердің ішіндегі ең маңызды, *мәнді себеп* – жағдаят (фактор) деп аталады. Даму процесі мен оның нәтижесіне әсер етуші жалпы жағдайлар мен жағдаяттар қандай?

Белгілі болғандай, адамның даму процесі мен оның нәтижесі үш өзекті жағдаяттардың бірлікті әрекетімен жасалады, олар – *нәсілдік, қоршаған орта және тәрбие*. Негізге “нәсілдік” деп аталатын адамның тума, табиғи ерешеліктері алынады. **Нәсілдік** – бұл атадан балаға берілетін тұрақты сапалар мен ерешеліктер. Нәсілдікті тасушы – биологиялық ген (грек сөзі - *туындатушы*). Организм қасиеттері табиғат жаратқан гендік кодтарда өрнектеліп, белгілі ақпарат күйінде тіршілік өкілі тәнінде сақталатынын және бірден бірге ауысып баратынын бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр. **Генетика** – адам дамуының нәсілдік бағдарлама құпияларын ашып, жариялайды. Адамның нәсілдік бағдарламасы адамды адам кейпінде танытатын жалпы, сонымен бірге әрбір адамның басқаға ұқсас өзгешілігін білдіретін айрықша *детерминатты* (тұрақты) және *ауыспалы* бөліктерді өз ішіне алады. Нәсілдік бағдарламаның т ұ р а қ т ы бөлігі адамзаттық ұрпақ жалғастыру және адам тегіне тән нышандарды – сөйлеу, тік жүру, еңбек іс-әрекеті, ойлау, т.б. – қамтамасыз етеді. Атадан балаға адамның сырт-қы белгілері: дене құрылысы, шаш, көз, тері түстері – ауысады. Қан тобы, резус-фактор, ағзадағы ақуыздардың әртүрлі бірігімі қатаң генетикалық бағдарламаға тәуелді түзілген.

Адамның жүйке жүйесі, мінезі, психикалық процестердің өту ерекшелігі осы нәсілдік қасиеттер тобынан. Ата-аналар тәнінде болған жүйке жүйесінің кемшіліктері, олардың арасында психикалық күйзеліс, сырқаттар – патологиялық ауытқулар ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отырады. Сондай-ақ, қан аурулары (гемофилия), қан диабеті, кейбір

эндокриндік бұзылыстар, мысалы – ергежейлілік, нәсілдік сипатқа ие. Ұрпаққа ауыр зиян келтіретін жағдаяттардың бір тобы – ата-аналардың алкагольдік және нашақорлық зиянды әдеттерінен.

Нәсілдік бағдарламаның *ауыспалы* бөлімі адамға тіршілік жағдайларының өзгермелі шарттарына икемдесіп баруына көмегін тигізеді. Нәсілдік бағдарлама жетілдіре алмаған адамның сапа-қасиеттері өмір бойы жүріп жататын *тәрбиемен* толықтырылады. Бағдарламаның бұл бөлігін әрбір адам өз бетінше дамыта алады. Осылайша табиғат әрбір адамға өзіндік даму және өзіндік жетілу жолымен өзінің адамилық мүмкіндіктерін іске асыруға жол ашады. Сонымен, тәрбие қажеттігі адамға оның табиғатынан берілген. Балалар өз ата-аналарынан нені мұра етіп алады – ақыл әрекетіне дайын қабілеттерді ме немесе қабілеттерді дамыту үшін қажет, мүмкін болған нышандарды ма? Эксперименталды зерттеулерде топталған деректерді талдау бұл сұрақтарға нақты бір жауап мүмкіндігін берді: *нәсілдіктен өтетін қабілеттер емес, тек қана – нышандар*. Әулетке өткен нышанның кейін дамуы да мүмкін не қолайлы жағдайлар болмаса, өшіп кетуі де ықтимал. Бәрі жағдайға байланысты: егер адамның нәсілдік бастаулары нақты қабілетке өту мүмкіндіктеріне кез болса және тұрмыс шарттары, тәрбиесі, адам мен қоғамның қажеттері орынды үйлесім тапса, нышан қабілет деңгейінен көрінеді.

Барша қалыпты адамдар табиғатынан өзінің ақыл және танымдық күштерін дамыту мүмкіндігіне ие, сонымен бірге шексіз рухани дамуға қабілетті. Жоғары жүйке қызметі типтеріндегі айырмашылық ойлау процестерінің жүрісін ғана өзгертуі мүмкін, ал ақыл-парасат әрекеттері деңгейіне олардың ешқандай әсері жоқ. Солай да болса, бүкіл дүние педагогтары нышандардың ақыл ой қабілеттерінің дамуына кедергі де болатынын айғақтайды. Мысалы, маскүнемдерден туған балалардың бас миындағы енжар жасушалар, нашақорларда болатын гендік құрылым бұзылымдары, кейбір нәсілдік психикалық сырқаттар – қабілеттердің орнығуына көп кедергі келтіреді. Шылымкеш ата-аналардан туған балалар өкпе ауруына шалдыққыш келеді.

Ақыл-ой әрекетіне негіз –*жалты* нышандармен бірге *арнайы* нышандар да ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Белгілі іс әрекет түрінде адамды қалыптастырудың бастауы осы арнайы нышандарда. Егер адамға қажетті жағдайлар жасалса, арнайы нышандар ерте жастан-ақ белгілі болады. Мұндай нышандар: ән-күй, сурет өнері, математика, лингвистика, спорт және т.б. үлкен маңызға ие.

### 3.3. Іс-әрекет және тұлға дамуы

Дамуға нәсілдіктің, қоршаған ортаның және тәрбиенің ықпалына қосымша әсер ететін аса маңызды жағдаяттардың және бірі – бұл тұлға

іс-әрекеті. Іс-әрекет ұғымы қандай да жұмысты орындау үшін жасаған адам қимыл-қозғалыстарының бәрін аңдатады.

Тарих тұңғығынан іс-әрекет бабында небір дана бақылаулар бізге дейін жеткен: «балаңның немен және қалай шұғылданатынын айтсаң, оның қандай адам болып жетілетінін айтып беремін»; «қаңғыбас болғанның ешқайсысы да, дегеніне жете алмаған»; «қанша тер төксең – сонша емерсің», «адам өз бақытының ұстасы»; «ерте тұрғанның ырысы артық»; «еңбегіне қарай – сый-сияпаты»; «өнерлінің қолы гүл» т.б. Даму нәтижелері мен іс-әрекет қарқындылығы арасында тікелей байланыс болатыны айдан анық. Бұдан даму процесінің және бір жалпы заңдылығы ашылады: оқушы неғұрлым белгілі салада көбірек іс-әрекет жасаса, оның сол саладағы даму деңгейі соншама жоғары келеді. Әлбетте, бұл заңдылықтың шексіз қолданыла беруі мүмкін емес. Ол жағдай әрбір адамның қабілеттеріне, жасына, іс-әрекеттің өзінің қарқындылығы мен ұйымдасуына тәуелді келеді.

Іс-әрекет барысында адамның жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көзқарас, қарым-қатынасы қалыптасады. Таңдалған іс-әрекет көзделген тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін оны қажетті деңгейде ұйымдастыру және келелі бағдарлап отыру қажет. Бұл тәрбие практикасында өте күрделі іс. Өкінішке орай, көп жағдайларда осы күрделілік даму мүмкіндіктерін шектейді; кейде тәрбиеленушілер ең қажетті болған жағдаяттарға – қоғамдық, еңбек, таным әрекеттеріне белсенді араласа алмай, енжар бақылаушы күйінде қалып, дайын ережелерді жаттаудан ары өте алмайды.

Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекеттерінің негізгі түрлері – ойын, оқу, еңбек. Бағдары бойынша іс-әрекет танымдық, қоғамдық, спорттық, көркем өнерлік, техникалық, кәсіптік, құмарлық (гедоникалық) болып ажыралыады. Барлық жастағы оқушылардың іс-әрекеттерінің ерекше түрі – тілдесу, қатынасу (ортақтасу).

Іс-әрекет сипаты бойынша белсенді (актив) және енжар (пассив) болуы мүмкін. Тіпті, құрттай ғана сәбидің өзі белсенді тіршілік иесі болып көрінгенді қалайды. Ол жасына қарамай үлкендерге, қатарына



қандай да талаптар қояды, төңірегіндегі кісілерге, заттарға, болып жатқан оқиғаларға өз қатынасын білдіруге тырысады. Уақыттың озуымен қоршаған орта және тәрбиенің ықпалы арқасында белсенділік көтерілуі де мүмкін, кейде төмендеуі де ықтимал. Мысалы, адам көп жұмыс істеуі мүмкін, бірақ іске құлықсыз, көңілі құламай, орындалуы қалай болса, солай – енжар. Әлбетте, мұндай іс-әрекет адамды жоғары нәтижелерге жеткізбейді. Дамудың тиімді болуы іс-әрекеттің белсенділігіне, көңіл-күй жарасымдылығына тәуелді. Адам таңдаған ісіне жан-тәнімен кірісіп, өзіндегі бар мүмкіндіктердің бәрін іске жұмылдырып, өзін кемелденген тұлға ретінде көрсете білуі қажет. Мұндай қызмет адамға қанағат ләззатын әкеліп, шабыт пен қуаттың көзіне айналады. Сондықтан да, іс-әрекеттің маңыздылығы оның өздігінен ғана емес сол әрекетте көрінетін тұлға белсенділігінің деңгейіне байланысты.

Белсенділік оқу барысында шәкіртке тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе топтауға мүмкіндік береді. Оның қарым-қатынас, тілдесу қабілеттерін дамытады, қоршаған болмысқа деген көзқарасын қалыптастырады. Баланың ақыл-парасатты дамуын танымдық белсенділік қамтамасыз етеді. Бұл үшін балаға танымдық мәселелерді шешуімен бірге игерілген білімдерді практикада қолдану қажеттігі де тән болуы тиіс. Себебі еңбектегі белсенділік тұлғаны өзінің рухани және адамгершілік дүниесін тез арада және тиімді қалыптастыруға ынталандырады, оны көп және нәтижелі еңбектенуге бағыттайды.

Белсенділіктің барша көріністерінің негізінде бір ғана тұрақты дерек көзі- *қажеттік* орын алған. Адам қажеттіктерінің көп түрлілігі оларды қанағаттандыру үшін қолданылатын іс-әрекеттердің де сан қилылығын туындатады. Өсіп келе жатқан адамға белсенділіктің пайдалы бағыттарын көрсетіп, алдамшы қырларын мейлінше бәсеңсіту – педагогтар үшін тұрақты да және өте күрделі де міндет. Күрделілігі – адамның жеделдете кемелденуі дәуірінде іс-әрекет қажеттері мен сеп-түрткілері (мотивтері) өте қозғалмалы және ауыспалы келеді. Сондықтан, әртүрлі жас сатыларында іс-әрекет түрлері ауысып баруы шарт. Жалпы мектептік тәрбиенің өзгерістер ізімен үлгере орындалуы өте қиын, солай да бола, әрқандай тәрбиелік іс мезетінен бір де кешікпей жүргізіліп, келеңсіз салдардың алдын алып отыруы қажет.

Әрбір адамның өзіндік белсенділігі оның қабілеттері мен дарынының дамуы және табыстарға жетуінің міндетті кепілі. Оқушы тәрбиесімен қандай да бір ғажайып тәрбиеші шұғылданбасын, оқушының өз әрекет- ықпалы болмаса, ешқандай нәтиже болуы мүмкін емес. К.Д.Ушинскийдің пікірінше, бала өзі оқуы тиіс, ал педагогтың қызметі – оған игерілуі қажет материалды ұсынып беру, оның оқу процесін басқару. Осыдан, дұрыс қойылған тәрбиеде оқушы

педагогикалық ықпалдың тек объекті ғана емес, ол сонымен бірге өз тәрбиесін белсенді өз қолына алған- субъект.

Іс-әрекет сияқты тұлға белсенділігі де таңдамалы сипатқа ие. Тұлғаның дамуы кез-келген әсерден болмайды, солардың ішінде адамның өз қажетіне сай келген, оның тұлғасына жарасымды болған, шынайы болмысқа деген оның жеке көзқарастарына сәйкес ықпал болса ғана, бала дамуы қарқынды жүреді.

Тұлғаның белсенділігі дамудың тек алғы шарты емес, оның нәтижесі де. Қоғамдық белсенді, ынталы, шығармашыл және өзі мен төңірегіндегі қатысқан адамдардың бәріне бірдей жақсылық пен қуаныш беретін тұлға қалыптастырушы тәрбие әрдайым өз мақсатына жетіп отырады. Саналы, педагогикалық сынақтан өтіп, ұйымдастырылған оқушы іс-әрекеті белсенділіктің қай түрін де қамтамасыз ете алады. Өсіп келе жатқан адамға толық іс-әрекет мүмкіндігін ашып беру, өз күш-қуатын белсенді қолдануға қажет әрекет тәсілдерімен қаруландыру, тұлғалық ерекшеліктерді жете зерттеу және әр тұлғаның болмысындағы табиғаттан берілген нышандар мен дарындылықты мейлінше жайып салу- әрбір тұлғаның даму процесін ақылгөйлікпен бағыттаушы ұстаз-педагогтың өз арнамысы мен қоғам алдындағы борышы. Сонымен, оқушы дамуының маңызды жағдаяттарының бірі – оның меншікті өз әрекет –қызметі. Мұғалім қаншама жақсы бола берсін, өз үстінде еңбектенбеген оқушы көздеген мақсатына жете алмайды. Әрқандай іс-әрекет оқушы ықылысымен орындалып, шартты түрде белсенді болуы қажет. Орындаған ісінен шәкірт ләззат және қанағат табуы ләзім. Белсенді іс ешқашан шаршатпайды.

### 3.4. Даму диагностикасы

Педагогикалық практикада оқушының даму деңгейіне байланысты жетістіктерді дер уақытында зерттеп тұру қажеттігі күннен-күнге үлкен маңызға ие болуда. Бұл қажеттік тұлғаның қалыптасу процесін тиімді басқару үшін, ондағы жүріп жатқан өзгерістердің тереңдігін, қарқыны мен ерекшеліктерін білу керектігінен туындаған. К.Д.Ушинский : «Егер педагогика адамды барша тараптан тәрбиелегісі келсе, онда ол сол адамды ең алдымен жан-жақты білуі шарт» -деп өз уақытында диагностиканың нақты оқу тәрбие процесіндегі маңызын баса көрсеткен.

**Диагностика** (грек сөзі: диа – ашық, айқын және гнозис - білу) – зерттелуші объект немесе процесс жөніндегі ақпараттарды күні ілгері алудың жалпы тәсілі. Педагогикалық даму саласындағы диагностиканың мән-мағынасы, медицинадағы сырқатты күні бұрын

анықтаумен бірдей. Диагностика жолымен тәрбие процесіндегі қандай да өзгерістердің белгілері мен себептері, оның сипаты анықталып, ол тәрбиені болашақта дұрыс жолға келтірудің жоспарына негіз береді. Дұрыс орындалмаған диагностика барлық еңбекті зая етіп, алдағы тұрған мақсатқа жетудің кедергісін азайтпақ түгіл, оны асқындырып жібереді. Сондықтан да, даму желісін диагностикалау жоғары мамандық пен жауапкершілікті талап ететін өте маңызды практикалық іс.

Оқушының тән-дене дамуын диагностикалау қиындық тудырмайды. Бұл үшін бүкіл дүниежүзінде жалпы және айрықша сапалардың даму дәрежесін өлшегіруші ерекше тестер (нұсқау-көрсетпелер) қолданылады. Берілген тапсырманы орындауына қарай оқушының қажетті деңгейге, тән-дене дамуындағы нақты өлшемдерге сәйкестігі анықталады. Алынған деректер жас мүмкіндіктермен салыстырылады.

Рухани, әлеуметтік дамуды диагностикалау үлкен қиындық тудырады. Бұл мақсатта қолданылатын әдістемелер әзірше күрделі, қорытынды дәлдігін қамтамасыз ете бермейді. Диагноз анықтаудың сенімділігін көтеруге орай комплексті тексерістер, антропометриялық, әлеуметтік және психологиялық деректер жинақталып, өзара салыстырылады, ал бұл үшін арнайы жабдықталған клиникалар мен зертханалар, дайындықты мамандар қажет. Нақты педагогикалық практикада мектеп психологтары мен мұғалімдері тұлғаның жекеленген қасиет-сапаларын анықтауы мүмкін, бірақ мұндай зерттеулердің нәтижесіне негіздеп, даму құрылымдарына жалпы баға беріп болмайды.

Оқушылардың дамуындағы кейбір ерекшеліктерді диагностикалаудың қарапайым әдістерін үйреніп алу кәсіби педагогикалық дайындықтың аса маңызды шарты. Мектеп мұғалімдерін аса қызықтыратын жәйттер – оқушылардың ақыл-ой әрекеттерін, мінез-құлық сеп- түрткілерін, қажетсіну деңгейін, көңіл-күй шабытын, әлеуметтік бітістер дамуы мен т.б. маңызды сапаларын күні ілгері байқастыру. Аталған сапаларды зерттеудің кең тараған әдісі- бұл тестілеу. Мұғалімдердің өз қызметтерінде пайдалануы үшін чех психологы Й. Иырасектің алты жасар балалардың ойлау қабілетін анықтауға жәрдемін тигізер тестерді кейбір өзгерістер енгізіп үлгі ретінде ұсынып отырмыз:

1. Қай жануар үлкенірек – жылқы ма, ит пе?

Жылқы –0 , қате жауап- -5.

2. Күндіз оқимыз, ал түнде... ?

Ұйықтаймыз-0, ойнаймыз, сабақ оқимыз және т.б. - -3.

3. Күндіз жарық, ал түнде ....?  
Қараңғы –0, қате жауап –4
4. Аспан көк, ал шөп...?  
Жасыл –0, қате жауап- 4.
5. Алма, алмұрт, шие... бұл не?  
Жеміс –1, қате жауап-1.
6. Неліктен адамдар өтетін жолда қызыл бағдаршам жанады?  
Сақтандыру үшін, т.т. –0, қате жауап-1.
7. Сағат неше? (қағаз сағатта: жетіге 25мин. қалды, 5мин. кем 8, он екіге 5мин. қалды).  
Жақсы көрсетілген –4, бір ғана уақыт көрсетілген-3, білмейді-0.
8. Мәскеу, Алматы, Астана деген не?  
Қалалар –1, станциялар-0, қате жауап- -1.
9. Кішкентай сиыр-бұзау, кішкентай ит ..., кішкентай қой ...?  
Күшік, қозы –4, екеуінің біреуі-0, қате жауап - -1.
10. Ит мысыққа не тауыққа ұқсай ма? Несімен ұқсайды?  
Мысыққа (бір белгісі жеткілікті)-0, мысыққа ұқсас (белгі келтірмей-ақ)-1, тауыққа - -3.
11. Автомобильдерге тежегіш неге керек?  
Екі себеп (таудан түскенде, тоқтау үшін және т.б.)-4, бір себеп-0, қате жауап- -1.
12. Балға мен балта несімен ұқсас?  
Екі ұқсастық-3, бір ұқсастық –2, қате жауап-0.
13. Жолбарыс пен мысық несімен ұқсас?  
Екі ортақ белгі –3, бір ұқсастық –2, қате жауап-0.
14. Шеге менен винт немен ажыралады?  
Винттің тілімі бар-3, винттің гайкісі бар-2, қате жауап-0.
15. Футбол, волейбол, суда жүзу –бұл ...?  
Спорт (дене шынықтыру-3, ойындар (жаттығу, жарыс)-2, қате жауап –0.
16. Қандай автокөліктерді блесің?  
Үш жол көлігі және ұшақ не корабль-4, жәрдемдесумен жауап-2, қате жауап-0.
17. Кәрі жас адамнан қалай ажыратылады?  
Үш белгі-4, бір не екі ерекшелік-2, қате жауап (таяғы бар, шылым шегеді)-0.
18. Адамдар неге спортпен шұғылданады?  
Екі себеп-4, бір себеп-2, қате жауап-3.
19. Неліктен сабақтан қашу жаман?  
Дұрыс жауап –2, қате жауап-0.
20. Неліктен хат конвертіне марка жабыстыру керек?  
Тасудың төлем ақысы –5, айыппұл төлемес үшін-2, қате жауап-0.

Тест нәтижесі – жеке сұрақтарға берілген балл қосындысы.  
Нәтижелердің сарабы (классификациясы) :  
өте жақсы... +24 және одан жоғары  
жақсы ...+14 +28 дейін  
канағаттанарлық... +0 +13 дейін  
жаман ... -1 -10 дейін  
өте жаман ... -11-дан төмен.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Тұлға дамуы деген не?
2. Тұлға дамуының қозғаушы күштері?
3. Тұлға дамуындағы нәсілдік пен қоршаған орта ықпалы қандай?
4. Тұлға дамуы мен іс-әрекет байланысын сипаттаңыз.
5. Даму диагностикасының мән-мағынасын түсіндіріңіз.

## 4-дәрісбаян. Білім мәні мен маңызы

### Жоспары

1. Білім – жалпыадамзаттық құбылыс
2. Білім - әлеуметтік қажеттілік
3. Білімнің жүйелілігі
4. Білім-педагогикалық процесс
5. Қазіргі заман білім жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары

#### 4.1. Білім – жалпыадамзаттық құбылыс

Қаншалықты кең тараса да, бір қарағанға тұрақты болып көрінгенімен, «білім» түсінігі көп мәнділігімен ерекшеленеді. Әдетте, бұл термин мазмұны жағынан келесідей түсініктемелерге ие болуы мүмкін: білім - жалпыадамзаттық құбылыс; білім - әлеуметтік мәдени мұра; білім – жүйе; білім – педагогикалық процесс; білім – нәтиже.

Категориялық тұрғыдан білім *жалпыадамзаттық құндылық* ретінде танылады. XX- ғасырдың 60-жылдарынан адам, мораль, гуманизмге, жалпы субьектив жағдаяттар (фактор) проблемасына қызығушылық артудан, бұл категория философиялық деңгейде қарастырыла бастады. Құндылықтар табиғатын, олардың құндылықты дүние болмысы мен оның құрамындағы орнын **аксиология** ғылымы зерттейді.

«Құндылық» термині қоғамдық мұраттар қамтыған, сонысымен де міндеттілік өлшемі (эталон) ретінде танылған нысандар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, сонымен бірге бейнақты идеяларды белгілеу, әрі сипаттау үшін қолданылады. Құндылықтар заттасқан және субьектив болып ажыралады. Сан қилы адамзат қызметінің, қоғамдық қатынастардың өнімі және олардың аймағына қосылған табиғат құбылыстары *заттасқан* құндылықтар сапына кіреді. Ал *субьектив* құндылықтар – бұлар бағалау –баға негізіне алынған өлшем-шектері (критерий), өрнек үлгілер, әлеуметтік стандарттар. Бұлардың бәрі идеялар, принциптер, мұраттар, іс-әрекет мақсаттары ретінде қоғамдық санада бекіп, ол сананың бағыт-бағдарын айқындап отырады.

Құндылық ретінде әлеуметтік ілгерілеумен (прогресс) байланысты ұнамды мән-мағыналы оқиғалар мен құбылыстар ғана танылады. Әрқандай тарихи нақты қоғамдық формация әлеуметтік реттілікті қамтамасыз етуші, өзіне ғана тән құндылықтар жиынтығына ие. Сол құндылықтарды танып меңгеру негізінде тұлға қалыптасады, қоғамда қабылданған тәртіптер жүйесі қолдау табады.

Адамзат дамуының әрқилы кезеңдерінде де өзгеріске түспей, тұрақты қалпында сақталатын құндылықтар болады. Мұндай

құндылықтар: өмір, бейбітшілік, еңбек, денсаулық, махаббат, әсемдік, шығармашылық және т.б. – адамзат қауымының гуманистік бастауы болған бұл категориялар мәңгілік, ешбір төңкеріс не идеология, саясат оларды жоюы мүмкін емес. Әр тарих кезеңде олар мәні қайта қарастырылып, жаңа көзқараспен басқаша бағалануы ықтимал.

Жалпы құндылықтар арасында *педагогикалық* құндылықтар өз алдына дербес топ құрайды. Олардың мәні тәрбиелеу және білім беру қызметінің ерекшелігі, оның әлеуметтік ролі және жасампаздық мүмкіншіліктерімен анықталады.

**Педагогикалық құндылықтар** білім саласында қалыптасқан қоғамдық дүниетаным, көзқарастар мен педагог қызметтері арасында жанама және тікелей байланыстырушы ретінде, әрі педагогикалық іс-әрекетті реттеуші талаптар (нормы) ретінде қабылданған.

Барша құндылықтар сияқты педагогикалық құндылықтар да қоғамдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарға тәуелді. Олар тарих желісінде қалыптасып, ерекше танымдық бейне және ұғымдар түрінде қоғамдық сана формасына енеді. Өмірдің әлеуметтік шарттарының өзгеріске келуімен, тұлға, қоғам қажеттерінің дамуымен педагогикалық құндылықтар да ауысып барады.

*Білім* – қоғамдық құндылықтардың аса маңыздысы. Мұның дәлелі – көпшілік елдер Ата заңында келтірілген әрбір адамның білім алуға болған құқығы. Бұл құқық әртүрлі бастау тұжырым, бағыттардың дүниетаным шарттарына сәйкестендірілген нақты дәуір білім жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Білім, өз кезегінде, мемлекеттік, қоғамдық және жеке тұлғалық құндылықтарға ие.

Білімнің *мемлекеттік* тұрғыдан құндылықты болуының себебі-мемлекеттің адами-инабаттық, ақыл-парасаттық, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және экономикалық мүмкіндіктерінің негізі – білімде. Осыдан, білімді ел- мықты, мызғымас ел.

Білімнің *қоғамдық* құндылығы да жоғарыда аталған алғы шарттармен анықталады. Алайда, мемлекет және қоғам тарапынан болатын білім дамуына орай түсіністік пен ұмтылыс әрқашан сәйкес бола бермейді. Мысалы, осы күнгі ҚР он екі жылдық оқуға өту – мемлекет талабы, бірақ ол қоғам тарапынан түсінбеушілікке ұшырауда.

## 4.2. Білім - әлеуметтік қажеттілік

Әрқандай адамзат қауымдастығының шарты – оның мүшелігін мойындаған әр тұлға сол қауымның нақты табиғи және әлеуметтік-тарихи жағдайларына байланысты қалыптасып, қабылдаған құндылықтарын мойындап, қылық-әрекет талаптарына бой ұсынады. Өзінің қоғамдық қызметтерді орындауға қажет қабілеттерінің дамуына

себепші болған әлеуметтену процесінде адам тұлғалық кемелдену сатысына көтеріледі. Адамның әлеуметтенуі оның қоғамдағы ауыспалы жағдайлар мен шарттарға икемдесе білуі ғана емес, ол өз ішіне жеке тұлғаның дамуы, өзіндік танымы мен өз мүмкіндіктерін өз күшімен іске асыра алу сияқты процестерді де қамтиды. Дегенмен, аталған процестерге байланысты міндеттердің шешімі бірде мүдделі, жүйеленген болып, бүкіл қоғам, сол үшін арнайы ұйымдастырылған мекемелердің қолдауымен және жеке адамның ынта-ықыласына негізделсе, кейде кездейсоқ келеді. Ал осы әлеуметтенуге орай жүргізілетін, нақты мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған басқару процесі **білім** (образование) деп аталады. Білім - өте күрделі, басқа дүние болмыстарында қайталанбас қыр мен сырға мол қоғамдық – тарихи құбылыс, оның мән-жайын тануға құштарлық білдірмеген ғылым аз-ақ.

Педагогикада қолданылып келе жатқан білім түсінігі немістің “Bildung”-”бейне” сөзі негізінде пайда болған әрі оның бұл күндегі көпшілік таныған анықтамасы келесідей: *кейбір идеалды бейнелерге саналы бағытталған, тарихи шарттарға тәуелді қоғамдық санада түбегейлі әлеуметтік өрнек – эталонға сай бекіп, жүзеге келетін тұлғалық және рухани қалыптасу мен әлеуметтену процесі.*

Бұл тұрғыдан білім барша қоғамдар мен жеке индивидтер өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасады. Осыдан да ол ең алдымен әлеуметтік құбылыс.

Білімнің әлеумет өміріндегі ерекше сала сипатына ие болу кезеңі білім мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа өткізу процесі қоғамның тіршілік әрекеттерінен өз алдына бөлініп және тәрбие мен оқуды іске асыратын арнайы кәсіби адамдардың пайда болу дәуірінен басталады. Дегенмен, мәдениетке мұралық ету әлеуметтену мен тұлға дамуының қоғамдық құрал-тәсілі ретінде білім адамзат қауымының алғашқы қадамдарымен бірге өмірге еніп, еңбек әрекеттері, ойлау, тіл дамуымен бірлікте шексіз өркеніет жолында өз өрісін тауып келеді.

Алғашқы қауым сатысында балалардың қоғам өміріне бастапқы араласу заңдылықтарын зерттеген ғалымдардың топшылауынша, ол дәуірдегі білім игеру процесі қоғамдық өндірістің нақты іс-әрекетіне тікелей араласу нәтижесінде атқарылатын болған. Оқу мен тәрбие, мәдени құндылықтарды әулеттен әулетке жеткізу қызметтерін орындау әрбір ересектің борышты міндеті есептелген де, ол міндет балалардың еңбек және әлеуметтік іс-әрекеттерге тікелей араласып отыруының арқасында шешімін тауып отырған.

Қоғамның әрбір ересек мүшесі күнделікті тіршілік процесінде педагог қызметін атқаратын болған, ал кейбір дамыған қауымдарда (Колумбия, ягу тайпасында) бұл жүктемені, яғни жас балаларды тәрбиелеу негізінен жасөспірімдерге тапсырылған. Қандай жағдайда да



білім қоғам өмірінен ажыралмай, оның ажыралмас бірлігіне айналған. Балалар үлкендермен бірге қорек тауып, ошақ-отбасын қорып, еңбек құралдарын жасай отырып, білік, өнеге үйренген. Әйелдер қыздарын үй шаруашылығына үйретіп, бала бағуға баулыған, ал ер адамдар ұлдарын аңшылыққа, қару-жарақ ұстауға, пайдалануға тәрбиелеген. Жастар аға ұрпақ өкілдерімен бірге жүріп, жануарларды қолға үйреткен, көкөніс өсірген, сонымен бірге бұлттар мен аспан денелерінің қозғалысына ден қойып, табиғат сырларын таныған, табысты аңшылық, әскери жеңістерге қуана асыр сала билеп, ән шырқаған, тайпаластарының бақытсыздығы мен ашаршылығын, жеңілістері мен күйреулерін бірге басынан өткізіп, налыған да жабырқаған. Осыдан адам білімденуі комплексті іске асып, өмір бойы үздіксіз дамуда.

Қоғамдық қатынастар шеңберінің өрістеуі, тіл мен жалпы мәдениеттің дамуы жас ұрпаққа өткізілуі тиіс ақпарат пен тәжірибенің мольға түсуіне жол ашты. Бірақ оны игеру мүмкіндіктері шектеулі болды. Осы қарама-қарсылықтың үйлесімді шешімі білім топтау мен көпшілік арасында таратуға арналған арнайы әлеуметтік құрылымдар мен әлеуметтік (институт) мекемелердің түзілуіне байланысты болды.

Әлеуметтік құбылыс ретінде танылған білім – ең алдымен шынайы қоғамдық құндылық. Әрқандай қоғамның адамгершілік, интеллектуал, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және экономикалық мүмкіндіктері білім беру саласының даму деңгейіне тәуелді. Алайда білім қоғамдық - тарихи сипатта бола тұрып, өз кезегінде, әлеуметтің білімдену функциясын іске асырушы қоғамның тарихи типіне байланысты. Әр дәуір білімі сол кезеңдегі әлеуметтік даму міндеттерін, қоғамдағы экономика мен мәдениет деңгейін, саяси және идеологиялық талаптар сипатын аңдатады. Себебі аталған факторлардың ортасында қоғамдық қатынастар субъекті болған педагогтар мен оқушылар тұр.

Сонымен, білім – салыстырмалы дербес жүйе. Оның қызметі – нақты ғылыми біліктерді, идеялық-ізгілік құндылықтарды, ептіліктер мен дағдыларды, әрекет-қылық нормаларын игеруге бағытталған қоғам мүшелерінің тәрбиесі мен оқуын іске асыру. Ал бұлардың бәрінің астарында болатын мазмұн нақты қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымы мен оның материалды –техникалық деңгейімен айқындалып барады.

Білімнің жеке тұлғалық құндылығы әрбір адам үшін өз алдына бөлек. Әсіресе, бұл өзіндік білім, оның деңгейі мен сапасында көрінеді.

Білім, әлеуметтік-қажеттілік болумен бірге біршама қызметтер атқарады. Ғалымдардың пайымдауында (Н. В. Берковский, А.А. Реан) білім қызметтері төмендегідей:

*- адамның ғылым және мәдениет әлеміне енуінің ең оңтайлы да жәдел жолы. Бүкіл дүние қазіргі таңда әлем және барша планета*

азаматын тәрбиелеуге ұмтылыс жасап, білім аймағында барлық күш-қуатын топтастыруда. Дүниежүзілік білім кеңістігі жедел дамуда. Сондықтан да әлем қауымдастығы адамның жасайтын орны не елі, білім игеру типі не деңгейіне тәуелсіз жаһандық білім стратегиясын қалыптастыру талаптарын алға тартып отыр;

- *тұлғаның әлеуметтенуі мен ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз ету тәсілі.* Адамдардың идеологиялық көзқарасы мен талғамдарының, әлеуметтік танымдарының, мұраттары мен тіршілік климаттарының түбегейлі өзгеріске түсіп жатқан заманда білім қайта жаңғырту мен тарихи және әлеуметтік тәжірибені әулеттен әулетке өткізу процесін қалыпты жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа саяси және экономикалық жағдайларды, қоғам және мәдениет дамуын жаңа бағыттарын жас ұрпақ санасына ендіріп, бекітуге жәрдемдеседі. Тек білімнің ғана үйлестіру, тұрақтандыру қызметіне бола, адам жаңа өмір салттары мен тіршілік шарттарына икемделіп, бейімделеді.

- *адамның қоғамдық және рухани өмірін, сонымен бірге жалпы халықтық рухани сана қалыптастыру тетіктері:* Білім беру және тәрбиелеу мекемелері белгілі дәуір адамының әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерінің ең жоғары өрнек - үлгілерін шоғырландырады. Осыдан білімнің әлеуметтік құндылығы білімді де ізгілікті қоғам адамының маңыздылығымен өлшенеді. Білімнің адамилық (гуманистік) құндылығы әрбір жеке тұлғаның танымдық және рухани қажеттерінің даму мүмкіндіктерінен көрінеді. Біртұтас білім жүйесінің барша түрлері мен деңгейлерінде елдің интеллектуал және рухани-инабаттық мүмкіндіктері жинақталып, даму жолына түседі.

- *мәдени қалыпқа енген жеке мінез-құлық және қимыл-әрекет үлгілері мен қоғамдық өмірдің бекіген формаларының ауысып (трансляция) баруы.* Оқу және тәрбие барысында адам өркениет дамуына қажет әрі мәдени-тарихи маңызы бар әлеуметтік-мәдени нормаларды игереді, атап айтсақ, олар: адамның әлеуметтік топтар мен өндірістегі, отбасы мен қоғамдық орындардағы, сонымен бірге ортақтасу, жеке тұлғалық және іскерлік қатынастардағы моральдық және ізгілік талап өлшемдері.

- *аймақтық жүйелер мен ұлттық салт-дәстүрлердің даму әдісі.* Кейбір аудан тұрғындарының ерекшелігі педогогикалық міндеттерге өзіндік өң береді. Жастардың қала не ауылдың рухани өміріне енуі осы білімнің арнасында өтіп жатады. Аймақтық білім жүйесінде бұқара халық арасындағы әркілі әлеуметтік топтардың сұраныстары ескеріледі.

- *тұғырлы мәдени құндылықтар мен қоғамның даму мақсаттарын бірден бірге өткізіп тұрушы және іске асырушы әлеуметтік институт (ресми құрылым, мекеме).* Әлеуметтік институттар жас

ұрпақты бүгінгі қоғамда дербес жасауға мақсат бағдарлы дайындау жұмыстарын іске асырып барады.

- *жеке адам мен қоғамдық өмірдегі мәдени ауысулар мен қайта түрленудің белсенді үдеткіш күші.*

### 4.3. Білімнің жүйелілігі

Жүйе ретінде білім – бұл өзара ұштасқан білімдену бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандартының жиынтығы әрі оларды іске асырушы білім мекемелері мен білімді басқару органдарының торабы.

Еліміздегі осы заманғы білімдену жүйесі Қазақстан Республикасының 1992 жылы қабылданған « Білім туралы заңына» сәйкес құрылады. Бұл Заң білім саласындағы келесідей мемлекеттік саясат принциптерін белгілеп берді. Олар:

- білімнің адамилық (гуманистік) сипаты, жалпы адамзаттық құндылықтардың, адам өмірі мен салауаттылығының, тұлғаның еркін дамуы, азаматтық сезім және Отанға деген сүйіспеншілік тәрбиесінің басымдылығы принципі;

- аймақтық мәдени және білім кеңістіктерінің бірлігі, білім жүйесі арқылы көп ұлтты мемлекет жағдайында ұлттық мәдени құрылымдар мен аймақтық мәдени салт-дәстүрді қорғау принципі;

- жалпы халықтың білімге теңдей қол жеткізе алуы, білім жүйесін оқушы-тәрбиеленушілердің даму деңгейлері мен ерекшеліктері және дайындығына икемдестіру принципі;

- мемлекеттік, жеке меншік білім мекемелеріндегі оқудың зайырлылық (светский) сипаты;

- білім жүйесіндегі еркіндік пен әрқилы пікірлер сиыстығы (плюрализм) принципі;

- білім басқарудың демократиялық, мемлекеттік-қоғамдық сипаты, білім мекемелерінің дербестігі принципі.

Заң өзіндік сипаттарымен, әсіресе, деңгейі және кәсіби бағыттарымен ажыралатын білім мекемелерінің құрылымын анықтап береді.

Қазіргі қалыптасып жатқан білім жүйесінде білім мекемелерінің төменде көрсетілген типтері белгіленген:

- мектепке дейінгі: ясли, бала бақшалар;
- жалпы білімдік (бастауыш, жалпы, негізгі жалпы, орта(толық) жалпы білім) : мектептер, гимназиялар, лицейлер, т.б.
- бастауыш кәсіби (училищелер), орта кәсіби (техникумдар, колледждер), жоғары кәсіби (институттар, университеттер, академиялар) және ЖОО-дан соңғы

кәсіби (аспирантура және докторантура, курс-тар, біліктілік көтеру және қайта дайындау институттары) білім мекемелері;

- дамуында ауытқуы бар оқушыларға арналған арнайы (түзету – коррекциялық) оқу мекемелері; көруі мүкісті және зағиптар, естуі мүкісті және керендер , ақыл- ес дамуы кемістер, есі ауысқандар және т.б. мектептері:

- қосымша білім мектептері: ән-күй, өнер, спорт мектептері, шығармашылық орталықтары, жас техниктер мен туристер станциялары және т.б.;

- жетім балалар мен ата-ана қарауынсыз қалған балаларға арналған мекемелер: интернаттар, балалар үйі;

- білімдену процесін іске асырушы басқа да мекемелер.

Ұйымдасу – құқықтық формалары бойынша білім мекемелері мемлекеттік, муниципалды және мемлекеттік емес (жеке меншік, қоғамдық мекемелер мен діни ұжым оқу орындары) болуы мүмкін.

Жеке тұлға қажеттері мен мүмкіндіктерін ескеруге орай әрқилы білім алу формалары: оқу орнында (күндізгі, күндізгі-сырттай(кешкі), сырттай оқу формалары), отбасылық оқу формасында, өзіндік оқу, экстерн оқуы.

ҚР «Білім туралы Заңына» орай білім жүйесіне оқу мекемелері мен олардың іске асырып баруы тиіс білімдік бағдарламалар және стандарттар кіреді. Бағдарламалар қажетті деңгейдегі және бағыттағы білім мазмұнын анықтайды. Қазақстан Республикасында жалпы білімдік (негізгі және қосымша) және кәсіптік (негізгі және қосымша) болып ажыралған жалпы білім бағдарламалары бойынша оқу, білім процестері жүргізіледі.

Жалпы білімдік бағдарламалардың міндеті тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, жеке адамды қоғам өміріне бейімдеу, кәсіби білім бағдарламаларын саналы таңдау мен игеру негіздерін қалау.

Кәсіби білім бағдарламалары кәсіби және жалпы білімдік деңгейлерді бірізді көтеру міндеттерін іске асыруға , белгілі талаптарға әйкес мамандар дайындауға бағытталады.

Осы заманғы білім жүйесінің аса бір көзге түсетін ерекшелігі –білім жүйесін басқарудың мемлекеттік формасының мемлекеттік – қоғамдық формаға біртіндеп ауысуы, мұндай басқарымның мәні- білім проблемасын мемлекет пен қоғам мүдделерін үйлестіре жасау үшін осы екі жүйенің бірлікті күш- қуат жұмсау қажеттігі.

Білімнің мемлекеттік сипатын елде ҚР «Білім туралы Заңына» сай жүріп жатқан білім саласындағы біртекті мемлекеттік саясат айқындайды. Оның ұйымдасу негізі- нақты уақытқа арналған жоғары заң шығарушы билік қабылдаған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарлама мазмұны, бір жағынан, мемлекеттік саясаттың жалпы принциптерімен анықталса, екінші жағынан,

замандық бағыт-бағдар және болашақ даму жағдайларын ескерумен білім жүйесіне жасалатын объектив талдаулар нәтижелерімен белгіленеді.

Білім кеңістігінде мемлекет саясатын бірізді асырып бару үшін мемлекеттің білім басқару- республикалық, облыстық, аудандық - органдары түзіледі. Елдегі басқару құрылымдары- білім және ғылым министрлігі , облыстық оқу департаменттері және аудандық оқу бөлімдеріне бөлінген.

Білім жүйесін басқарудың мемлекеттік органдары құзырына төмендегідей міндеттер жүктеледі:

- білім бағдарламалары мен стандарттарын дайындау, стандарттар негізі білім бағдарламаларын міндетті білімнің ең аз педагогикалық ықшамдалған (минимум) көлемін, оқушыларға арналған оқу жүктемесінің ең жоғары (максимум) ауқымын, түлектер дайындығына қойылатын талаптарды белгілейді;

- оқу мекемелері мен оқушыларды *аккредитациялайды* және *аттестациялайды*;

- білімдік құрылым бірліктерін қалыптастырады;

- білім мекемелері торабының дамуын қамтамасыз етеді және болжастырады;

- білім жүйесіндегі бюджеттік және қаржылық қызметтерде ҚР заңдарының орындалуын қадағалайды.;

- бүгінгі таңда білімді басқару жүйесі бір орталыққа тәуелділігінен босатылған, яғни республикалық органдар дамудың стратегиялық бағыттарын береді де, ал жергілікті мекемелер нақты ұйымдастыру, қаржылық, мамандар және материалдық қамтамасыз ету мәселелерін шешеді. Мемлекеттік басқару көздерімен бірқатар мұғалімдер мен оқушылар ұжымдарының өкілдері, ата-аналар мен әлеумет белсенділерінен жасақталған қоғамдық басқару органдары да жұмыс алып барады.

#### **4.4. Білім- педагогикалық процесс**

*Білім* –бұл мұғалім мен оқушының субъектив-объектив әрекет жолдарымен мақсатқа жетуді көздеген педагогикалық процесс жүрісі. Адамның тұлғалық дәрежеге жетуі оның қоғам мұраттарына сай қалыптасуы педагогикалық процестен тыс іске асуы мүмкін емес.

*Педагогикалық процесс* осыдан білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағытталып, арнайы ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленуші арасындағы өзара ықпалды қызметті аңдатады, яғни педагогикалық процесс – *бұл анайы тар мағынадағы оқу мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету жолымен кең мәндегі тәрбиені іске асыруды көздеген біртұтас процесс.*

Мәндік, мағыналық тұрғыдан педагогикалық процесс-әлеуметтік құбылыс. Педагогикалық процестің басты мақсаты- қоғамның әлеуметтік тапсырысын іске асыру, яғни өздеріне жүктелінген міндеттерді табысты шеше білетін адамдардың жан-жақты дайындығын қамтамасыз ету. Педагогикалық процеске әлеуметтік тәжірибе ұсынылады, әрі ол белсенді игеріліп барады, бұл мақсат бағдарлы ұйымдастырылған іс-әрекеттер жәрдемімен, тәрбиелеуші және тәрбиеленушілер қарым-қатынасымен, шәкірттер санасына, еркі мен көңіл-күйіне жүйелі әсер етумен орындалып жатады.

Педагогикалық процестің ең алдымен көзге түсер, тілге алынар бірліктері- бұл *оқу және тәрбие*. Осылардың арқасында тұлғаның білімділігі, тәрбиелілігі және дамуындағы іштей өзгеріс процестері іске асады. Өз кезегінде, оқу және тәрбие процестері бір-біріне ұштасқан нақты іс-әрекет процестерінен құралады: *оқу-оқыту* және бұдан туындайтын *өзіндік тәрбие*.

Педагогикалық процесс атқаратын қызметтер түрі:

- ақпараттық (тәрбиеленушіні сауаттандыру);
- тәрбиелік (тәрбиеленушінің тұлғалық өзгеріске келуі);
- дамытушылық (тәрбиеленушінің жан-жақты кемелденуі);
- аксиологиялық (тәрбиеленушінің құндылық сезіну бағдары, заттар мен құбылыстарға болған қатынастарын қалыптастыру);
- әлеуметті икемдестіру (тәрбиеленушіні нақты өмір жағдайларына бейімдеу).

Педагогикалық процестің құрылымы екі тұрғыдан қарастырылады: 1) педагогикалық процеске қатысушылардың субъективті құрамы, 2) іс-әрекеттік құрамы.

Педагогикалық процестің *субъекттері* - тәрбиеленуші және тәрбиелеушілер. Бұлардың құрамы сан қилы. Мысалы , тәрбиеленушілер қатарында алты жастан алпыс жасқа дейінгі сәбилер мен қариялар; ал тәрбиелеушілер сапында ата-аналарды, кәсіби педагогтарды тікелей тәрбиеші субъекттер деп білсек, бұқаралық ақпарат құралдарын, салт-дәстүр, дін, тіл, табиғат және с.с балаға ықпал жасайтын барша әлеуметтік –қоғамдық құбылыстардың бәрін жанама да, тікелей де тәрбиеші деп танығанымыз жөн.

Педагогикалық процесс субъекттерінің өзара байланысты іс-әрекеттерінің соңғы нәтижесі –тәрбиеленушілердің адамзат жинақтаған тәжірибені игеруі.

Педагогикалық процестің *іс-әрекеттік (процессуалды) құрылымында* төмендегідей бірліктер ажыралады:

*Педагогикалық процесс қозғалысы (динамика) педагогикалық процестегі кейінгі өзгерістердің мөлшері алдағы кезеңдердің*

*өзгерістер өлшеміне тәуелді.* Қолға түскен жетістіктер неғұрлым жоғары болса, нәтиже де соғұрлым салмақты келеді. Бұдан шығатын қорытынды - педагогикалық процесс педагог пен тәрбиеленуші арасындағы дамып барушы ықпалдастық ретінде бірізді «сатылық» сипатқа ие. Осы заңдылық салдары: аралық нәтижесі жақсы болған оқушы жалпы жетістіктерінде де жоғарылау көрсеткіштерге ие болады;

- *педагогикалық процесте тұлғаның дамуы педагогикалық процесс, тұлға дамуының арқауы.* Тұлғаның даму қарқыны мен жетілген деңгейі нәсілділікке, тәрбие және оқу ортасына, оқу-тәрбиелік іс-әрекеттерге жегілуіне, қолданымдағы педагогикалық ықпал жабдықтары мен тәсілдеріне тәуелді;

- *оқу-тәрбие процесін басқару педагогикалық процестің тиімділігі* тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің арасындағы кері байланыстың жеделдігіне, сондай-ақ тәрбиеленушілерге жасалған реттеуші ықпал әсердің шамасы, сипаты және негізділігіне орайлас келеді;

- *ынталандыру:* Педагогикалық процестің өнімді болуы оқу-тәрбие қызметтерінің ішкі ықпалдарына (стимулдарына) және сыртқы (қоғамдық, педагогикалық, моральдық, материалдық) және т. б. ықпалдардың әсеріне байланысты болады;

- *педагогикалық процестегі сезімдік, логикалық және іс-тәжірибелік элементердің бірлігі.* Оқу-тәрбие процесінің тиімділігі сезімдік қабылдау, қабылдағанды қисынды тоқу, тоқығанды іс-тәжірибеде қолдана білу шарттарына тәуелді;

- *сыртқы (педагогикалық) және ішкі (танымдық) іс-әрекеттің бірлігі.* Педагогикалық ықпал нәтижелілігі педагог қызметінің сапасына қалай байланысты болса, тәрбиеленушінің өзіндік оқу танымдық іс-әрекеттерінің сапасына да соншалықты тәуелді келеді;

- *педагогикалық процестің себептілік негізінің болуы.* Оқу тәрбие процесінің жүрісі мен нәтижесін алдын ала анықтап отыратын жағдаят- қажеттілік, сондай-ақ тұлға мен қоғам мүмкіндіктері (материалды-техникалық, экономикалық және т.б.), процестің оқыту, орындалу (моральдық-психологиялық, санитар-гигиеналық және т.б.) шарттары.

Жоғарыда аталған және басқа да заңдылықтар негізінде *педагогикалық процесс принциптері-* (яғни, кейбір ереже, ұсыныстарға орай) нақтыланып баратын оқу мен тәрбиеге бастау, жетекші талаптар анықталады (оқу мен тәрбие принциптері кітаптың келесі бөлімінде қарастырылады).

Қай педагогикалық процесс болмасын, -өз дамуының белгілі бір ізділігіне сәйкес кезендерге бөлінеді. Олар :

- дайындық кезеңі,
- орындау (негізгі) кезеңі;
- нәтижелер талдауы(қорытынды) кезеңі.

#### 4.5 Қазіргі заман білім жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әлем қауымдастығының басқа да елдеріндегідей білім жүйесін жаңарту және дамыту мақсаттарында ұланғайыр реформалау шаралары қолға алынып жатыр. Осы заманның білім жүйесін реформалаудың басты бағыттары төмендегідей:

- білімді адамиластыру(гуманизациялау);
- оқуды үздіксіз жүргізу бағыт-бағдары;
- білім технологиясындағы пән аралық бірігім-байланыстарды (инеграция)іске асыру;
- оқу процесін компьютерлестіру және технологизациялау;
- білім берудің ақпараттандыру формасынан проблемдік, ғылыми ізденіс, оқушылардың өзіндік жұмыстарын кең қамтитын оқудың белсенді әдістері мен формаларына өту;
- оқу желісінде мұғалімнің оқыту жұмыстарынан гөрі оқушылардың танымдық іс-әрекеттеріне көбірек мән беру;
- оқу-танымдық процесін ұйымдастыру мен сол процесі басқаруда жоспарлы қадағалау, қатаң бағдарластыру тәсілдері орнына оқудың дамытушылық, белсенділік көтеру, жеделдестіру мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалану;
- білімнің дамытушылық және азаматтық баулу қызметтерін назарда ұстау. Қазақстан мектебінің 2005-2010 жылдардағы даму бағдарламаларында белгіленген аса маңызды мәселе- азаматтық, дербестік, жеке жауапкершілік, қоғамға қызмет ету құндылығын түсіну, демократиялық қоғам құру проблемаларын шешуде ынтымақ сезімін тәрбиелеу.

Қазақстан білім кеңістігінде қалыптасып жатқан осы заман білімін реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдар мен үндес келіп, іске асырылуда.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Білім» түсінігінің мазмұндық тұрғыдан негізгі мағыналары қандай?
2. Мәдениет адамның бейімделуіне алғы шарт әрі нәтиже деген пікірді қалай түсіндірер едіңіз?
3. Білімге әлеуметтік құбылыс ретінде сипаттама беріңіз.
4. Осы заман білімінің негізгі қызметтерінің мәнін ашып беріңіз.
5. Біртұтас педагогикалық процесс түзілуінің негізгі кезеңдері қандай?



## 2-бөлім. ОҚУ ТЕОРИЯСЫ (дидактика)

*“Дидактика мұғалімге жалпы жол-жоба көрсетіп, жетекшілік етеді... сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды”.*

*Жүсіпбек Аймауытов.*

### 5-дәрісбаян. Оқу процесінің мән-мағынасы

#### Жоспары

1. Оқу процесінің мәні және дидактика жөнінде түсінік
2. Оқу- дидактикалық процесс
3. Оқу процесінің қызметтері
4. Оқудың әдіснама-дидактикалық жүйелері
5. Таным теориясы және оқу

#### 5.1. Оқу процесінің мәні және дидактика жөнінде түсінік

Біртұтас педагогикалық процесті құраушы екі басты бірліктің біреуі – оқу процесі. Бұл процесс өте күрделі, сипаты жағынан ол тек тәрбие және даму процестерінен кейін тұруы мүмкін. Сондықтан оған толық та жан-жақты анықтама беру қиынға соғады. Оқу процесі әр текті және табиғаты жағынан әртүрлі көптеген жағдаяттардың мың санды байланыстары мен қатынастарын қамтиды. Процесс анықтамаларының көптігі де осыдан болар.

Ежелгі және ортағасырлық ойшылдардың шығармаларында “оқу”, “оқу процесі” ең алдымен мақсаты - оқушы болған оқыту қызметін (преподавание) білдірген. Ғасырымыздың басында оқу ұғымы енді осы процесті құрайтын екі бірлікті – оқыту қызметі мен оқып- үйренуді қамтитын болды. *Оқыту* – оқу материалын игеруге ынталандырушы мұғалімдердің қызметін, ал *оқып- үйрену* (учение) ұсынылған білімдерді игеруге бағышталған оқушылар іс-әрекетін танытады. Кейінгі жылдары «оқу» ұғымы оқушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастырушы мұғалімнің басқару іс-әрекетін де , мұғалімдер мен оқушылардың бірлікті іс-әрекетін де аңдататын болды. Мұғалім мен оқушының бірлікті іс-әрекеті болған оқу процесінің мәні оқыту мен оқып үйренудің бірлігін аңдатады. Бүгінгі түсінім тұрғысынан оқу келесі белгілерімен сипатталады: 1) екі тараптылық; 2)

мұғалім мен оқушының бірлікті әрекеті; 3) басқарым мұғалім тарапынан; 4) жоспарлы ұйымдасу және басқару; 5) біртұтастық және бірлік; 6) оқушылардың жас даму заңдылықтарына сәйкестік; 7) оқушылардың дамуы мен тәрбиесіне жетекшілік.

Оқу және білімдену проблемалары педагогиканың дидактика деп аталатын бөлімінде зерттеледі. «**Дидактика**» термині грек тілінен енген, аудармасы «үйретуші» дегенді білдіреді. Алғашқы рет бұл сөз неміс педагогы **Вольфганг Ратке** (1571-1635) шығармаларында қолданылып, оқыту өнері мәнін аңдатқан. Ал **Я.А.Коменский** дидактиканы «баршаны барлық нәрсеге үйретудің әмбебап өнері» деп түсіндірген. XIX ғасырдың басында неміс педагогы И.Герbart дидактиканы тәрбиелеп оқытудың өз алдына тұтас және қайшылықсыз теориясы ретінде таныған. Дидактиканың негізгі міндеттері В.Ратке заманынан бермен қарай бірде өзгерместен келе жатыр. Олар: *нені үйрету және қалай үйрету проблемасын шешу; қазіргі заман педагогикасы бұларға қоса –қашан, қай жерде, кімді және не үшін оқыту қажет* деген мәселелерді қарқынды зерттеуде. Дидактиканың негізгі категорияларын танытушы келесі ұғымдар белгіленген: оқыту, оқып-үйрену, оқу, білімдену, білім, ептілік, дағды, сонымен бірге оқу мақсаты, мазмұны, ұйымдастырылуы, түрлері, формалары, әдістері, құрал-жабдықтары, нәтижесі (өнімі). Дидактикалық жүйе және оқу технологиясы да осы категориялық ұғымдар тұрғысынан танылуы тиіс. Осыдан қысқа да ауқымды анықтама келіп шығады: *дидактика- бұл оқу және білімдену, олардың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құрал-жабдықтары, ұйымдастырылуы мен нәтижелері жөніндегі ғылым.*

Дидактика өз пәні аймағында іске қосылатын заңдылықтарды зерттейді, оқу процесінің барысы мен нәтижесіне негіз болар тәуелділіктерді талдайды, жоспарланған мақсаттар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуші әдістер, ұйымдастыру формалары мен құрал-жабдықтарын белгілейді. Осының арқасында ол екі басты функцияны атқарады: 1) теориялық (диагностика және болжастыру); 2) практикалық (қалыпты іс-әрекет, құралдар дайындау).

Дидактика барша пәндер бойынша және оқу іс-әрекетінің барлық деңгейіне орайластырылған оқу жүйесін біріктіреді. Зерттелуші болмысты қамту шеңберіне байланысты дидактика жалпы және жекеленген болып бөлінеді. *Жалпы дидактиканың* зерттейтін пәні: оқыту мен оқып үйренуді, оларды туындатқан жағдаяттары мен оларды орындау шарттары және соның арқасында жетілетін нәтижелерімен бірге анықтау. *Жекеленген* (нақты) *дидактика оқыту әдістемесі* деп аталады. Ол әртүрлі оқу пәндерінің желісін, мазмұнын, оқыту формалары мен әдістерін қарастырады. Әр оқу пәні өз әдістемесіне ие.

## 5.2. Оқу – дидактикалық процесс

Дидактикалық процесс мәнін түсіну үшін «оқу» және «оқу процесі» түсініктерінің мән-мағынасын ажыратып алған жөн. Кейде бұл категориялар теңдестіріле қарастырылады. Іс жүзінде олай емес. «Оқу» түсінігі құбылысты білдіреді, ал «оқу процесі»- бұл процестің уақыт және кеңістікте дамуы, оның кезеңдерінің бірізді ауысып баруы.

Ұзақ уақыттар желісінде оқу процесі негізінен оқыту қызметі ретінде қарастырылды, яғни мұғалім жұмысы деп есептелінді. Уақыт өтумен бұл түсінікке кең мағына беріліп, оқушы іс-әрекеттеріне ерекше назар аударылатын болды.

Оқу процесі – шынайы болмыстағы қиын да қыстаулы, күрделі процесс. Ол өз ішіне көптеген құрылымы, деңгейі әр текті және табиғаты бір-біріне ұқсамаған жағдаяттардың сан қилы байланыстары мен қатынастарын қамтиды. Сондықтан да «оқу процесі» түсінігіне толық және жан-жақты анықтама беру қиындау. Солай да болса, қазіргі педагогика ғылымында «оқу процесі» ұғымына орай келесідей анықтама қабылданған: **«оқу процесі – бұл барысында білім беру, игеру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушы арасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс -әрекет».**

Оқу процесі екі тарапты сипатқа ие. Оның құрамы өзара табиғи байланыстағы екі түрлі әрекеттен тұрады: оқыту – мұғалімнің оқу материалын меңгеруге орай ұйымдастыратын оқу-үйрету іс-әрекеттері және оқып үйрену – білім меңгеру мақсатындағы оқушының іс-әрекеттері. Бұл екеуі арасындағы байланыстырушы тетік – бірлікті іс-әрекеттерді жанамаластыратын оқу мазмұны.

Оқу негізінде мұғалім үшін осы процесс мазмұнының базалық бірліктері болып есептелетін, әрі оқушылар тарапынан игерілуі тиіс өнім ретінде білімдер, ептіліктер және дағдылар жатады.

Оқып-үйренудің аса маңызды элементі – сеп-түрткілер (мотивтер). Қандай да оқу әрекеттерін не тұтастай оқу істерін орындай отырып, оқушы осы сеп-түрткілерді басшылыққа алады. Оқуға қызықтыратын мотивтер түрі көп, әрі сан қилы. Олардың әрқайсысы өз алдына дербес ықпал жасамай, бір-бірімен тығыз ықпалдастық байланыста оқушының білім игеруіне себепші болады. Ақыл-ой әрекеттеріне ынталандырушы сеп-түрткілер қатарында танымдық қызығулар мен қажеттердің маңызы ерекше. Бұлардың жоғары деңгейде дамуы үшін шынайы ғылыми мазмұн және педагогикалық мақсат бағдарында ұйымдастырылған белсенді де дербес таным қажет.

### 5.3. Оқу процесінің қызметтері

Оқу процесі бірнеше қызметтерді – білімдендіру, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру және ұйымдастыру – атқарады. Бұлардың бәрі кешенді іске қосылады, алайда, тәжірибелік іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру, оқу міндеттерін тиімді жоспарлау үшін олардың әрбірін өз алдына қарастырған жөн.

Оқу процесінің *білімдендіру қызметі* ең алдымен білім, ептілік, дағдыларды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруға бағытталады.

*Білім* (знание) – бұл деректер, мәлімет, ұғымдар, ережелер, заңдар, теориялар, формулалар мен сипаттамаларды, т.с.с. түсіну, есте қалдырып, қажеттікке орай қайта жаңғырту.

Оқу барысында ғылыми білімдер тұлға меншігіне айналып, оның тәжірибелік қорына енуі қажет. Бұл қызметтің іске асырылуынан білім толықтығы, жүйелілігі және саналылығы, оның бекімі мен әрекеттендігі қамтамасыз етіледі. Оқушы ғылым негіздері мен іс-әрекет түрлері бойынша мәліметтер жинақтайды, игерілген білімдерді саналы пайдалана білу негіздері қаланып, оларды тұрмыстық міндеттерді шешуге қолдануға үйренеді.

Білімдендіру қызметі сонымен бірге оқушыға тек білім игертіп қана шектелмей, олардың ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға арқау болады.

*Ептіліктер* – бұл адамның ережелерге сүйене отырып, қандай да нақты әрекеттерді орындау қабілеті. Дәлірек айтсақ, ептілік дегеніміз – білімді практикамен байланыстыра қолдану тәсілдерін, жолдарын меңгеру.

*Дағды* – бұл саналы іс-әрекеттің автоматтастырылған бірлігі. Басқаша айтсақ, дағды – ойланбай орындалатын, жоғары дәрежеде жетілген ептілік.

Ептілік жаттығулар нәтижесінде қалыптасады. Дағды қалануы үшін көп санды қайталаулар қажет.

Ептіліктер мен дағдылар жалпы оқулық және арнайы оқулық болып ажыралады.

Арнайы оқу ептіліктері мен дағдылары нақты оқу пәні мен белгілі ғылым саласына байланысты қалыптастырылады. Мысалы, физика, химия пәндері бойынша – зертханалық тәжірибелер өткізу, заттай көрнекіліктер пайдалану; географиядан – картамен жұмыс, масштабты өлшемдер, компас не басқа құралдарды қолдану; математикадан – логарифмдік сызғышпен, есептеу машиналарымен, әркілы модельдермен және т.б. жұмыс алып бару ептіліктері мен дағдылары орнығады.

Арнайылардан тыс оқу процесінде оқушылар барша пәндерге қатысы бар жалпы оқу ептіліктері мен дағдыларын да игереді. Мысалы, оқу және жазу дағдылары; өзіндік таным жұмыстарын тиімді ұйымдастыру ептіліктері; оқулық, анықтамалар, библиографиялық тізімдермен жұмыс.

Оқу процесі білім беру қызметімен бір уақытта тәрбиелік міндеттерді де іске асырып барады. Оқудың тәрбиелік қызметтері осы әлеуметтік процестің өз табиғатына орай орындалады. Осыдан оқу процесінде оқушыларда көзқарастар, ғылыми дүниетаным, табиғат, қоғам және ойлау заңдылықтарын пайымдау, қоғамдық талап, тәртіп нормаларын мойындау әрі оған байланысты заңдарға бойсыну қабілеттері қалыптасады. Тұлғаның қажетсіну сезімі, іс-әрекеттік, әлеуметтік мінез-құлық, құндылық және құндылықты бағыт-бағдарлар да осы оқу процесінде пайда болып, жетіліп отырады.

Тәрбие мүмкіндіктері тікелей білім мазмұнынан келіп шығады. Әр оқу пәнінің өзіндік тәрбие мүмкіндігі бар. Оқушылардың тұлғалық сапа-қасиеттерін қалыптастыруда гуманитар және әлеуметтік-экономикалық пәндердің тәрбиелік маңызы басқа кәсіби пәндермен салыстырғанда өте жоғары.

Оқу барысындағы тәрбиелік ықпал мұғалім мен оқушы, оқушылардың өзара қатынасына және ұжымдағы психологиялық жағдайға байланысты. Педагогикалық процесс қатысушыларының арасындағы қарым-қатынас, тілдесу стильдері әрқилы болуы мүмкін: әміршіл-әкімшіл, демократиялық, либералдық. Бұл орайда қазіргі заман педагогикасының ұстанымы-мұғалімнің оқушыға деген ізгілікті (гуманистік), сыйластық қатынас жасауы, шәкірттерге белгілі шамада дербес, өз бетінше жұмыс алып бару мүмкіндігін беру және оларды оқу процесін ұйымдастыруға тартып, сенім білдіруі. Осылардың бәрі біріге оқушыға білім беру процесінің тең құқықты субъекті болатынын танытып, оның белсенділігін көтеруге жәрдемін тигізеді. Оқу адамды барлық уақытта тәрбиелейтіні белгілі, алайда ол тәрбие кейде қисынсыз бағытқа да бұрылып кетуі ықтимал, сондықтан оқудың тәрбиелік қызметін іске асыруда оқу процесін ұйымдастыруға, оның мазмұнын іріктеу мен әдіс, формаларын таңдауға байланысты тәрбие міндеттерін дұрыс түсініп алған жөн.

Білім беру және тәрбиелеу қызметтерімен бір қатар оқу процесі балаға дамыту ықпалын да жасайды. Оқып, білім игере отырып, оқушы жан-жақты дамуы тиіс, яғни тұлғаның сөйлеу тілі, ой толғауы, сезімдік және қозғалыс ептіліктері көңіл-күй-еріктік, қажетсіну қабілет-қасиеттері ілгерілі даму өзгерістеріне келеді. “Даму басы - оқу”(Л.С.Выготский)- бұл аса маңызды психологиялық заңдылық. Сабақ барысында мұғалім қаруы болған білім мазмұны, ол қолданған

оқу формалары мен әдістері, сондай-ақ оқушылардың белсенді, саналы да әрқилы іс-әрекеттері – бәрі де даму өзегі.

Дұрыс ұйымдастырылған оқу әрқашан дамыту қызметін атқаратыны сөзсіз, дегенмен оның нәтижелі іске асуы арнайы бағыт-бағдардың болуына тәуелді. Педагогика теориясы мен тәжірибесінде дамыту мақсатына орай ерекше оқу технологиялары нақтыланған:

- ақыл-ой әрекеттерін кезеңмен дамыту бағыты (И.Я.Талызина);
- теориялық материалдар көлемін арттыра беру (Л.В.Занков);
- жоғары қарқын және қиыншылық деңгейінде оқыту (Л.В.Занков);
- оқушылардың өз оқу әрекеттерін сезінуін қамтамасыз ету (Л.В.Занков);
- проблемді оқыту (А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов);
- оқудың дамытушы әдістер жүйесін қолдану (И.Я. Лернер, М.Н.Скаткин);
- оқудағы мазмұндық қорытындылау тұжырымы (В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин);
- оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің белсенділігін көтеру әдістерін қолдану (Г.И.Щукин);
- төңіректері қоғам, адам, өнермен қатынастардан болатын толғаныс, көңіл-күй, сезімталдық дамыту жолдары пайдалану арқылы оқу тиімділігін арттыру бағыты (Д.Кабалевский, И.Волков).

Бүгінгі таңда оқудың дамытушылық қызметін жүзеге келтіретін талай технологияларын мұғалімдер табысты қолданып жүр (11-дәрісбаянда).

Білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметтерімен қатар педагогика ғылымында оқудың ынталандыру және ұйымдасу қызметтері де өз алдына қарастырылуда. Оқу процесін шәкірттерді алдағы оқу-танымдық жұмыстарға еріксіз тартатындай, келер сабаққа ынтық болып күтетіндей дәрежеде құрастыру, оқушыны жаңаны білуге ынталандыратындай етіп ұйымдастыру қажет.

Оқу процесінің жоғары да аталған барша қызметтері бір-бірінен окшауланған құбылыстар емес, олардың бәрі өзара шартты байланыста әрі сабақ бөліктері мен кезеңдерінің бәрінде бірдей орындалып барады.

#### **5.4. Оқудың әдіснама-дидактикалық жүйелері**

Оқу мәнін түсіндірудің бірнеше әдіснама-дидактикалық жолдары бар. Олардың ішінде аса кең танымал болғандары: 1) Герbartтық тәрбиелік оқу бағыты; 2) Дж.Дьюидің оқушы белсенділігіне негізделген оқу бағыты; 3) қазіргі заман демократияшыл дидактика бағыты.

**Тәрбиелік оқу бағыты.** Негізін салған неміс философы және педагогы **И.Гербарт**. Ол Я.А.Коменскийдің дәстүрлі сынып-сабақтық жүйесін сындарлы түсінім тезіне сала отырып, оның кемшіліктерін көрсетті, онымен бірге этика мен психологияның соңғы жетістіктерін арқау еткен жаңа дидактикалық жүйе түзіп, ұсынды. Гербарттың пікірінше, оқу-тәрбиенің ең жоғары мақсаты – адамгершілікті, моральды, күшті мінезге ие болған тұлға қалыптастыру. Оның ойынша, тәрбиелік оқу келесі этикалық идеяларға сүйенуі тиіс:

- тұлға ұмтылыстарының бағытын, аймағын және күшін анықтаушы кемел жетістігі;
- өз еркін басқалардың еркіне икемдесуі мен бағынуын қамтамасыз ететін тілектестік;
- адамдар арасындағы дау-дамайдың өрістеуіне шек қоятын құқықтар;
- басқалар тарапынан болған көңіл қабарту және өкпені қайтаруды міндетіне алатын әділдік;
- адамның ерік сезімін оның ниеттері мен наным-сенімдеріне икемдестіруге мүмкіндік беретін ішкі рухани еркіндігі.

Бұл жүйенің негізгі ерекшеліктері келесідей: мектептің басты міндеті – оқушылардың ақыл-ес дамуын қамқорлыққа алу. Моральдық тұрғыдан күшті мінез иелерін қалыптастыруға дұрыс педагогикалық жетекшілік, тәрбие және онымен байланысты оқу себепші болады. Жетекшілік жасаған адамның міндеті балалардың тұрақты іспен шұғылдануын қамтамасыз ету, дене және интеллектуалды дамуына бақылау қою, тәртіпке үйрету. Оқудың тәртіппен тығыз байланысқа келуінен, білімнің оқушы сезімі және ерігімен бірігуінен – тәрбиелік оқудың мәні құралады. Бұл түсінікті ендіре отырып, Гербарт тәрбиені оқудан бөлектеуге болмайтынына, ерік және мінездің ақыл-санамен бірге дамитаынына баса назар аударды.

Гербарттың дидактикаға ендірген басты жаңалығы – оқу сатыларын бөлектеу болды. Оның дидактикасындағы схема келесідей: *түсініктілік – байланыс – жүйе-әдіс*. Оқу процесі ұғымдардан түсініктерге өту және түсініктерден теориялық сипаттағы ептіліктерге жету жолымен жүргізіледі. Бұл схемада, байқағанымыздай, практикаға орын қалмаған. Бұл формальды деңгейлер оқу мазмұнынан ажыралып, барша сабақтарда және барлық пәндерге арналған оқу процесінің желісін айқындайды.

XIX ғасырдың ортасында кең таралған Гербарт теориясы кейін бірте-бірте маңызын жоя бастады. Осы күнгі бағалармен өлшестіретін болсақ, Гербарт жүйесі мектептің дамуына кері ықпал жасады. Осы теорияның негізінде оқудың мақсаты дайын білімдерді ұсынып, жаттату деген пікірлер тарай бастады; оқу процесіндегі белсенділік тек мұғалімнен ғана күтілді, оқушыларға «тыныш, назар салып, мұғалімнің

айтқанын орындау» міндеттері таңылды, яғни балалар енжар тыңдаушыға айналды. Дегенмен, Герbart дидактикасынсыз, одан келер ықпал болмағанда, оның тәрбие тәжірибесін сынға салып, қайта қарастырмағанда, бүгінгі теория мен практика мектеп өміріне еш уақытта да енбеген болар еді. Зерделі назар аударсақ, бүгінгі мектептің өзінде де Герbart қалаған әміршіл дидактиканың элементтерін көптеп кездестіруге болады. Осылайша, өз сыныбына қатаң тәртіп енгізуді ниеттеген мұғалім алдымен ойланғаны жөн –бұлай істесем бола ма? Герbart тәжірибесінде бұл тәсіл қолданылған, бірақ оқудағы шектен тыс қаталдықтан ғұламаның кейінгі шәкірттері бас тартты. Бұл өнеге – құптарлық.

Оқушы белсенділігіне негізделген оқу бағыты XIX ғасырда жасаған американ философы, психологы және педагогы *Джон Дьюи* дидактикасы қоғам мен мектептің прогрессив дамуына қайшы келген герbartшылардың әміршіл-әкімшіл педагогикасына қарсы тұру мақсатында дүниеге келді. Герbart дидактикасына келесідей қарсы айыптар тағылды:

- қатаң тәртіп пен жазалауларға негізделген үстірт тәрбие;
- өмірмен байланыспаған оқудың «кітабилылығы» ;
- оқушыларға тек «дайын» білімдерді ұсыну, жаттауға бағытталған «енжар» әдістерді қолдану;
- оқушылардың қызығулары және қажеттерімен байланыспауы;
- оқушы қабілеттерін дамытуға аз көңіл бөлінуі.

Дж.Дьюи өз зерттеуінде оқушылардың белсенділігі дамуына басты назар аударып, оқушылардың қызығуларына, олардың өмірлік қажеттеріне байланысты болған оқудың (кұрғақ сөзді, кітаби, тек жаттауға негізделген оқудан гөрі) анағұрлым жоғары нәтижелер беретініне көз жеткізді. Дьюидің оқу теориясына енгізген негізгі үлесі – «толық ойлау әрекеттері (акті)» жөніндегі жаңалық пікірі. Осыған байланысты адам өз өміріне аса күрделі де кедергі болған қиыншылықтарды кездестірген кезде ғана ойлау әрекетіне кіріседі. Әрбір «толық ойлау акті» келесі кезеңдерден құралады:

- қиыншылықты түйсіну (сезу);
- оны нақ байқап(көріп), мәнін анықтау;
- одан құтылудың жолдарын іздестіру (болжам белгілеу);
- болжастырылған шешімнен қорытындыға келу (гепотезаны логикалық тексеріске салу);
- болжамды қабылдау немесе одан бас тартуға мүмкіндік беретін келесі бақылаулар мен эксперименттерге өту.

Шешімдерін ойластырып, жеңу қажет «қиыншылықтар» кейін «проблема» атауын алды. Дьюидің пікірінше, дұрыс құрылған оқу әр уақытта проблемді болуы тиіс. Оқушыларға берілетін тапсырмалар олардың қызығуларына, өмір талаптарына сәйкес болуы шарт.



Мұғалім оқушылардың қызығу қабілеттерінің дамуына мұқият ден қоя отырып, олардың алдына түсінімі және шешілуі жағынан қиналтпайтын проблемалар қойып баруы қажет. Оқушылар, өз кезегінде, осы проблемаларды шешуден өздеріне жаңалық әрі пайдалы болған білімдерді игеретініне сенімді болуы тиіс. Сабақтар «толық ойлау актілері» негізінде құрылып, одан оқушылардың келесі ептіліктерді игеруі күтіледі:

- нақты қиыншылықты сезу;
- оны (проблеманы) анықтау;
- кезікпен қиыншылықты жеңудің болжамын (гипотезасын) түзу;
- толық проблеманы немесе оның бір бөлігін шешудің жолын табу;
- болжамды бақылау немесе эксперименттер жәрдемімен тексеру»;

«Дәстүрлі» жүйемен салыстырғанда, Дьюи өте батыл жаңалықтар, күтілмеген шешімдер ұсынды. «Кітаби оқу» орнына негізінде оқушылардың өзіндік таным әрекеттері болған белсенді оқу мектеп тәжірибесіне енді. Әміршіл мұғалім орнын оқушылар белсенділігін не мазмұн, не оқу әдістеріне матамайтын, ал қиыншылықтарды жеңуге көмектесетін, қажет болса, жәрдем беретін жебеуші – мұғалім иеледі. Жалпыға бірдей мызғымас оқу бағдарламалары мұғалім тарапынан тек жалпылай мазмұны ғана анықталған бағыттау бағдарламаларымен ауыстырылды. Ауызша және жазбаша сөздің орнына оқушылардың өзіндік дербес зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға бағышталған теориялық және практикалық дәрістер келді. Кейінгі кезеңдерде жүргізілген зерттеулер ежелгіден, дәстүрлі және жаңашыл дидактикалық жүйелерден ең құнды болған тараптарын сақтап қалып, күнделікті маңызды болған мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табуға бағытталды. Бұл ізденулерден кейін орын иеленген оқу жолдары бүгінгі заман дидактикасының жаңа жүйесін құрады.

Жаңа бағыттар арасында белгілі американ психологы және педагогы *Дж. Бруннер* ұсынған «жаңалықтар ашумен оқыту» бағыты назар аударарлық. Бұл теорияға орай оқушылар барлық танымдық күштерін іске қосуды талап ететін және өнімді ойлау қабілетінің дамуына ұтымды ықпал жасаушы өз белсенділігімен ашқан жаңалықтары негізінде дүниені танып, білімдер игеруі қажет. Оқушылар бұған дейін білмеген қорытындыларды жасап, оларды өз бетінше өрнектеп, тәжірибеде қолдану жолдарын да игеруі қажет. Мұндай шығармашылық оқу «дайын білімдерді » игеруден де, сондай-ақ қиыншылықтарды жеңу жолымен жүргізілетін оқудан да өзгеше, дегенмен аталған екі жүйе де Бруннер теориясының негізі әрі қажетті шарттары ретінде пайдаланылған. Шығармашыл оқуға тән белгі, Бруннердің пайымдауынша, нақты тақырып бойынша деректерді жинақтау және бағалау, солардың нәтижесінде белгілі қорытынды ғана

өрнектеу емес, сонымен бірге игерілетін материалдардың шеңберінен сыртта жатқан заңдылықтарды да анықтау.

**Қазіргі заман демократияшыл дидактика** өзінің келесідей ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Бұл жүйе негізін объектив заңдылықтар құрайды. Осының арқасында қазіргі заман дидактикасы оқу процесін түсіну мен талдауда бір тараптылық көзқарастан құтылды. Дидактиканың қазіргі күндегі тұжырымдамасы оқу процесіне жүйелі бағытта қатынас жасауға негізделген, яғни осы жүйеліліктен сезімдік қабылдау, білімдерді түсіну және игеру, игерілген білімдер мен ептіліктерді тексеру танымдық процесіте, оқу іс-әрекеттерінде табиғи біртұтастыққа келтіріледі. Танымда да осы сезім, ойлау және практикалық іс-әрекеттердің өзара бірдей уақыттағы ықпалдастығына байланысты талаптар да іске асып барады. Қазіргі дидактикалық бағыт өткендегі дидактикалық жүйелерге тән теория мен практика, білімдер мен ептіліктер, баяндау қабілеттері мен болмысты өзгерту, сондай-ақ тікелей мұғалімнен алынатын білімдер көлемі мен оқушылардың өз бетінше жинақтайтын білімдердің арасындағы қарама-қарсылықтарды жойды.

Дидактикалық жүйе түзуде комплекстік бағыт-бағдар қажеттігі жөніндегі түсінім бекіді. Мұғалімдер де, ғалымдар да балалар жөніндегі білімдер, оларды оқыту механизмдері, танымдық іс-әрекеттері, мақсаттары мен мотивтері бірлігіне сүйенген дидактика ғана тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуына пайдалы болатынын түсінді.

2. Бүгінгі дидактика жүйесіндегі оқудың мәні оқушыларға дайын білімдерді ұсыну, қиыншылықтарды өз бетінше жеңу және оқушылардың өзіндік жаңалықтар ашуымен шектелмейді. Оны түбегейлі ажырататын сипат: педагогикалық басқарудың оқушылардың ынтасы, дербестігі және белсенділігі мен саналы байланыс, қатынастарына негізделуі. Бүгінгі дидактиканың мақсаты – көзделген оқу деңгейіне оқушы уақытын, күшін, оқу құрал-жабдықтарын өз орнымен пайдаланып, балалардың оқу жүктемесін жас сатылары мен мүмкіндіктеріне қарай белгілеп, денсаулығына зиян келтірмейтіндей етіп жеткізу.

3. Оқу мазмұнын анықтау бағыты да өзгерді, оқу жоспарларын, бағдарламаларын және оқу пәндерін құрау принциптері де басқаша. Гербарт заманында мектептік оқу үшін қолданылған бағдарламалар оқушылардың талаптарын, қажеттерін және қызығуларын тіпті де ескермейтін еді, интеллектуалдық дамуда «кітаби білімдердің» маңызын асыра дәріптеді. Оқудың американдық моделінде көбінесе оқушылардың жағдайға байланысты өз бетінше туындайтын қызығулары мен мезеттік белсенділігіне аса көп мән берілді. Нәтижеде,

бағдарламалар білімнің жалпы суреттемесін беріп, ал жеке оқу пәндері жоғары сыныптарда ғана енгізілетін. Мұндай дидактикалық бағыттың ұнамды да, сондай-ақ ұнамсыз да тараптары болды. Жақсы болған тарапы – оқушы өз бетінше асықпай еңбектенумен қалаған саласында тиянақты дайындық көрді. Бірақ оның қорытынды білімі тар шеңбердегі проблемалармен ұсақталып, қажетті жүйе мен деңгейге жеткізілмеді.

Бұрынғы дидактикалық жүйелердің ұнамды сапалары жаңа дидактикаға өтіп, толығы түсті. Бүгінде жіктелмелі (дифференцированные) оқу жоспарлары, бағдарламалары, курстері бүкіл әлемге тараған. Сонымен бірге, оқу пәндерінің бірігуі (интеграция) процестері де өріс алып, олар оқушылардың әрқилы қажеттері мен қызығуларына икемдестірілуде.

Сонымен, ежелгі заманнан бері балаларды оқыту мен білімдендірудің жетілген жолдары іздестірілуде. Мұғалімдер көптеген бағыттарды өз тәжірибесінде тексеріп, сынап көруде. Ғылым топтаған білімдердің аса құндылары, озық тәжірибе, дидактикалық жүйелерге енуде. Мектептің қазіргі заман білімдену жүйесіне И.Герbart және Д.Дьюи жүйелері көп ықпал жасады. Бірақ қазіргі заман дидактикасы оқудағы бір тараптылық принциптен бас тартып, бала жөніндегі ғылыми білімдердің бар комплексін пайдалану теориясына ден қойды.

## **5.5. Таным теориясы және оқу**

Оқудың теориялық - әдіснамалық негізі - материалистік таным теориясы (гносеология). Бұл теорияға орай әлем шынайы, адам санасынан тыс жасайды, бірақ оны танып білуге болады. Таным - бұл қоршаған болмыстың, оның элементтерінің белсенді ақыл-ой және көңіл-күй іс-әрекеттері мен олардың нәтижесі, яғни білім; жалпыланған теория, заңдар мен ғылыми ұғымдардың санада бейнеленуі.

Шындық пен нақты болмысты танудың диалектикалық жолы – тікелей байқап, сезуден бейнақты ойлауға, одан практикаға өту.

Тікелей байқау процесінде, яғни түйсік, қабылдау, шынайы болмысты белсенді зерттеу арқасында қандай да құбылыс не заттар жөнінде түсініктер пайда болады. Осы түсініктер негізінде қорытындылар жасалады. Бейнақты (абстракт) ойлау әрекеті танымға түскен құбылыстардың жалпы белгілерін анықтауға, түсінік, пікір, ұғымдарды игеруге, зат не құбылыстар арасындағы мәнді, қажетті де тұрақты байланыстарды ашып, заңдар мен заңдылықтарды өрнектеуге мүмкіндік береді.

Таным теориясы оқу танымына тікелей қатысты. Білім игеру әрқашан таныммен байланысты келеді. Оқудың міндеті – табиғат, қоғам және адамның психикалық процестерінің даму заңдылықтарын оқушы санасына өткізу.

Таным мен оқу арасында жалпы ортақтастық көп. Оқушы қоршаған дүниені тану арқылы дамиды, кемелденеді. Оқу жұмысын таным істерінің өзінше бір формасы ретінде қарастыруға болады.

Алайда таным мен оқу ортасында болатын маңызды ерекшеліктерді ескермеу мүмкін емес:

- таным – бұл қоғамдық-тарихи категория. Көптеген ғасырлар бойы ғалымдар табиғат, қоғам және адам ақыл-ойының біршама заңдылықтарын ашты. Яғни ғалымдар жаңалықты тұңғыш күйінде таниды, сондықтан да ондай таным толық болмайды. Ал оқу процесінде оқушылар бұрыннан белгіліні жаңалық деп қабылдайды, ғылым жинақтаған түсінік, ұғым, деректерді игереді. Олар өздері үшін бұрыннан белгілі шындықты қайтадан ашқан сияқты болып, шәкірттердің жас мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне орайластырылған, дидактикалық бейімге келтірілген әрі қарапайымдастырылған материалдарды меңгерумен айналысады. Сонымен бірге, оқу барысындағы таным міндетті түрде, мейлі тікелей не жанама, мұғалім болуын керек қылады, ал ғалым тұлғааралық қатынастарды көбіне қажет етпейді.

- жаңалықтар ашуға арналған таным процесі ұзақты кезеңдік ғылыми ізденістерді қажет етеді. Ал оқу процесінде белгіліні қайтадан ашып, игеру жолы қысқа әрі мұғалім шеберлігімен жеңілдетіледі;

- таным процесі материалдық не рухани нысандарды қабылдауды талап етеді де, ал олардың шынайылығын практика дәлелдеуі тиіс. Оқу барысында мұғалім білім игеру процесі бөліктерін ауыстыруы және оны практикалық ептілік, дағдылармен кезектестіріп немесе біріктіріп жүргізуі мүмкін.

Сонымен, таным мен оқу процесі арасында қаншалықты ортақтастық болса, соншалықты айырмашылық та бар. Оқу процесі оқушының психикалық іс-әрекеттерінде жүріп жататын заңдылықтар негізінде өзіне ғана тән ішкі қисындылық (логика) бойынша орындалады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Оқу мәнін қалай түсінесіз?
2. Оқу процесі анықтамасы қандай?

3. Оқу процесінің негізгі қызметтерін атаңыз.
4. Оқудың қандай әдіснама-дидактикалық бағыттарын білесіз?
5. Ғылыми таным мен оқу танымы арасындағы ерекшеліктер қандай?

## **6-дәрісбаян. Оқу заңдары, заңдылықтары және принциптері**

### Жоспары

1. Заңдар, заңдылықтар және принциптер мен ережелер жөнінде түсінік
2. Оқудың негізгі заңдары мен заңдылықтарына шолу
3. Принциптер және оларға байланысты оқу ережелері

### **6.1. Заңдар, заңдылықтар және принциптер мен ережелер жөнінде түсінік**

Оқу теориясының негізгі құрылым бірліктері – бұл ғылым тарапынан анықталған заңдар мен заңдылықтар. *Заңдар мен заңдылықтар* құбылыстар, процестер мен олардың нәтижелері арасындағы жалпы, объектив, тұрақты және қайталанып келетін байланыстар мен тәуелділіктердің мәнін ашады. Дидактикалық процестің негізін құрайтын аса маңызды және негізгі заңдылықтар мен заңдар *оқу принциптері* немесе *дидактикалық принциптер* деп аталады. Бұл принциптер арқасында оқу процесіне қатысы бар көптеген заңдылықтардың мән-мағынасы ашылады, мұғалімдер мен оқушылардың қызметтері реттеледі, барлық оқу пәндерін өтуде және оқудың барша кезеңдерінде олар өздерінің жалпы мәнін сақтайды. Принциптер дидактикалық процестің біртұтас концепциясын құрай отырып, табиғи бірлікте әрекетке келеді. Қазіргі кезеңдегі оқу жүйесінің ірге тасын **Я.А. Коменский** қалаған. Ғұлама- педагог пікірінше, оқудың негізі – *табиғи сәйкестік принципі*, ал барша қалған принциптер осы табиғи сәйкестікке сай бірізді іске асырылып барады. **А.Дистервег** бұл жүйені жаңа талаптарға негізделген нақты ережелермен толықтырды. Бұл ережелер 1) оқу мазмұнына; 2) оқытушыларға; 3) оқушыларға қатысты болды. **К.Д. Ушинский** тиімді оқуға қажет келесі шарттарды белгілеп берді: уақытқа сай болуы, бірізділік, табиғилық, тұрақтылық, игеру беріктігі, анықтығы, оқушылардың дербестік әрекеті, жүктемелердің аса ауыр не өте жеңіл болмауы, дұрыстық.

Қазіргі заман гуманистік дидактикасында оқу принциптері табиғи сәйкестік басты принципінің төңірегінде жүйелі біріккен. Бұл жүйедегі дидактикалық принциптер төмендегідей: 1) саналылық және белсенділік; 2) көрнекілік; 3) жүйелілік және бірізділік; 4) беріктік; 5) түсіністік; 6) ғылымилық; 7) көңіл-күй; 8) теория мен практиканың байланысы.

*Принциптер* нұсқау-көрсетпе (норматив) қызметтерін атқарады. Олар мұғалімге кейбір жағдайларда қандай әрекетке келуі жөнінде тек кеңес немесе сілтеме беріп қоймайды, жалпы заңдылықтар ретінде бұл принциптер педагогикалық әрекеттер бірлігіне негіз қалаумен бірге олардың толық орындалуын талап етеді. Принциптерді білу және оларды оқу-тәрбие процесінде толықтай іске асыру педагогикалық шеберліктің негізін құрайды және ол педагогикалық біліктілікті анықтауда алдымен ескеріледі.

Педагогиканың принциптік талаптары ережелер жүйесі арқылы іске асырылады. *Ереже* – бұл педагогикалық іс-әрекеттің нақты жағдайларда белгілі мақсаттарға жеткізу тәсілінің суреттемесі (описание). Көбіне оқу *ережесі* деп қандай да принципті қолданудың жеке тараптарын ашып беретін жетекші тұжырымдарды түсінеміз.

## **6.2. Оқудың негізгі заңдары мен заңдылықтарына шолу**

Оқу барысында диалектиканың жалпы заңдары мен педагогиканың арнайы заңдары орындалуы шарт.

Диалектиканың жалпы заңдары сапына кіретіндер: қарама-қарсылықтар бірлігі мен тайталасы заңы, сандық жинақтың сапалық өзгерістерге келу заңы, жоқты жоққа шығару заңы.

Оқу процесінде *қарама-қарсылықтар бірлігі мен тай-таласы заңы* іске қосылады. Қарама-қарсылықтардың туу себебі – жаңа әлеуметтік жағдайлар, тұлға мүмкіндіктерінің өзгеруі, білім беру аймағында қалыптасқан соны талаптар оқу процесіне болған дәстүрлі, бекіген ұғымдар және көзқарастармен сәйкессіздікке ұшырауы. Бұл өз кезегінде оқу мазмұны мен технологиясын өзгертіп, заманға сай ауыстыруды талап етеді.

*Сандық жинақтық сапалық өзгеріске түсу заңы* да оқу процесінде көрініс береді. Тұлғаның бүкілдей сапалық сипаты (нанымдары, сеп-түрткілері, ұстанымдары, қажеттері, құндылықты бағыттары, даралықты іс-әрекет стилі, ептіліктері мен дағдылары) сандық жинақтың белгілі деңгейдегі нәтижесі.

Санның сапаға ауысуы *жоқты жоққа шығару заңы* тетіктеріне сәйкес келеді. Тұлғалық және психикалық жаңа құрылымдар адамның өткен кездердегі жинақтаған тәжірибесі негізінде қаланады. Соңғы өмір кезеңдерінде пайда болған сапалар бұрынғы қалыптасқандарын “жоққа” шығарады. Жоққа шығару тетігі оқу дағдыларының қалыптасу процесінде көрінеді, яғни кейбір әрекеттер көп қайталаулар нәтижесінде күрделі дағдыларға (жазу, есеп, оқу) айналады.

Диалектиканың жалпы заңдылықтарымен бір қатар оқу барысында арнайы педагогикалық заңдар да әрекетке келеді. Ғалымдар мұндай заңдардың бірқаншасын ашып, педагогикалық тәжірибеге ұсынған. Өз заманында ғұлама педагог **И.Г.Песталоцци** келесі заңды нақтылаған: *елес байқауынан анық ұғымдарға, олардан анық түсініктерге өту.*

Неміс педагогі **Э. Мейман** бірнеше ерекше заңдарды негіздеп, ұсынды:

- *жеке адамның дамуы әуел бастан көбіне оның табиғи нышандарына тәуелді жүріп жатады;*

- *ең алдымен бала тіршілігі мен оның қарапайым қажеттерін қанағаттандыруға арналған сапа-қасиеттер дамиды;*

- *балалардың жан және тән дамуы әрқилы деңгейде өтеді.*

Теоретиктер мен практиктер ашып, бүгінгі педагогикаға енгізген заңдылықтар саны ұланғайыр (мысалы, И.П.Подласый өз оқулығында 70-тен астам заңдылықты хаттаған).

Оқудың әрқилы заңдылықтарын реттестіріп, жинақтауға орай, оларды жалпы және жеке (нақты) заңдылықтар деп бөлу қабылданған.

**Жалпы заңдылықтар** қалаған білім беру процесіне тән болып, оқудың бүкіл жүйесін қамтиды. Олардың арасында аса көп еленетіндері:

- *оқу мақсаттары.* Оқу мақсаты қоғам дамуының деңгейі мен қарқынына, оның қажеттері мен мүмкіндіктеріне, педагогика ғылымы мен практикасының даму деңгейі мен жетістіктеріне байланысты;

- *оқу мазмұны.* Оқу мазмұны қоғамдық қажеттер мен оқу мақсаттарына, ғылыми-техникалық және әлеуметтік процестің қарқынына, оқушылардың жас мүмкіндіктеріне, оқу теориясы мен практикасының даму деңгейіне, оқу мекемелерінің материалды-техникалық және экономикалық жағдайларына тәуелді келеді;

- *оқу сапасы.* Оқу сапасы өткен кезеңдегі оқу процестерінің нәтижелілігіне, оқу материалының сипаты мен көлеміне, мұғалімнің ұйымдастыру – педагогикалық шеберлігіне, оқушының оқып-үйренуге болған қабілетіне, оқу уақытына байланысты;

- *оқу әдістері.* Дидактикалық әдістер тиімділігі әдістерді білу мен қолдану ептілігіне, оқу-мақсаттарына, мазмұнына, оқушылардың жеке деңгейі мен оқуды меңгеру қабілетіне, материалдық-техникалық қамсыздығына, оқу процесінің ұйымдасуына тәуелді;

- *оқуды басқару.* Оқудың нәтижелі болуы оқу жүйесіндегі кері байланыстың жеделдік сипатына, реттеу-түзету ықпалдарының орынды келуіне орайласады;

- *оқуға ынталандыру.* Оқу нәтижесі шәкірттің білім игеруге деген іштей ынта-ықыласы мен оқу әрекеттерінің өзіне тән тартымына (внутренние стимулы); оқу әрекетіне мүмкіндік жасаушы сыртқы жағдайлар (қоғамдық, экономикалық, педагогикалық).



**Жеке (нақты) заңдылықтар** оқу жүйесінің кейбір тараптарына орай іске қосылады. Оқу процесінің жеке (нақты) заңдылықтары:

- *дидактиканың тек өзіне тән* (оқу нәтижесі қолданылған оқу әдістері мен құрал-жабдықтарына, оқытушының кәсіби шеберлігіне және т.б. байланысты);

- *таным теориясына* (гносеологиялық) сай (оқу нәтижесі оқушылардың танымдық белсенділігіне, ептілігіне және оқуды қажетсінуіне, т.б. тәуелді);

- *психологиялы?* (оқу нәтижесі шәкірттердің оқу-үйрену мүмкіндіктеріне, зейін деңгейі мен тұрақтануына, ой-ақыл ерекшеліктеріне және т.б. байланысты);

- *алеуметтік* (жеке адамның дамуы төңірегіндегі басқа адамдармен тікелей не жанама қарым-қатынасына, қоршаған ортаның ақыл-парасат дәрежесіне, мұғалімнің оқушымен қатынас жасау стиліне және т.б. тәуелді);

- *ұйымдастырушылық* (оқу процесінің тиімділігі оның ұйымдастырылу дәрежесіне, сол процестің оқушыда оқуға болған ынтаны, қажеттікті тәрбиелеуге бағытталуына, таным қызығушылығын қалыптастыруына, қанағаттану ләззатына бөлеп, танымдық белсенділікті қанаттандыруына және т.б. тікелей байланысты);

Оқу заңдылықтарының нақты көріністері принциптерде және оларға орай қабылданған ережелерде байқалады.

**Ережелер** мұғалімге қандай да бір жағдайларда нақты әрекеттерді жасауға сілтеме беріп, белгілі бір талаптарды орындауға бағыттайды. Ал бұл нұсқаулардың қалай орындалуы мұғалімге тәуелді. Мысалы, оқушы сабақ басына кешігіп, сыныпқа қоңыраудан соң кіріп келді. Мұндай жағдайда мұғалім ережеге сай оқушыға қандай да ықпалды әрекет жасауы қажет, себебі тәртіп бұзу ескерусіз қалмауы тиіс. Ал бұл ескерту қалай орындалады- оның жолы бүтіндей және толығымен нақты ситуацияға, оқушы тұлғасына, мектепте қабылданған тәртіптерге, қалыптасқан қатынастарға және көптеген басқа да себептерге байланысты.

### **6.3. Принциптер және оларға байланысты оқу ережелері**

Оқудың дәстүрлі теориясында аса танымал болғандары келесі дидактикалық принциптер: саналылық және белсенділік, көрнекілікпен оқыту, жүйелілік және бірізділік, беріктік, түсініктілік, ғылымилық, көңіл-күй ескеру, теория мен практиканы байланыстыру. *Саналылық және белсенділік* принципі негізінде ғылым тарапынан анықталған заңдылық тұжырымдары жатыр. Білім мәні оқушының өз ақыл-ой белсенділігі арқасында игерілген терең де әрі өз бетінше ұғынылған білімдерден құралады. Білімдерді саналы игеру бірнеше

шарттар мен жағдаяттарға тәуелді: оқу мотивтері, оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейі мен сипаты, танымдық іс-әрекетті басқару және оқу тәрбие процесін ұйымдастыру, мұғалім қолданған әдістер мен оқу жабдықтары және т.б. Оқушының өзіндік таным белсенділігі оқудың маңызды жағдаятының бірі есептеледі, ол оқу материалын терең әрі берік игеруде пәрменді ықпал жасайды. Оқудың саналылық және белсенділік принципін іске асыру барысында келесі маңызды оқу ережелері сақталуы тиіс:

- алдағы жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анық түсіну-саналы оқудың қажетті шарты: оларды оқушыларға көрсету маңызы мен мәнін түсіндіру, болашақтағы қажетін бала санасына жеткізе білу;

- оқыту барысында оқушы не, неліктен және қалай істеу керектігін түсінуі, сонымен оқу жұмыстарын қарадүрсін орындамай, алдын-ала олардың терең мән, мағынасын ұғынуы;

- оқу барысында танымдық іс-әрекеттің барша түрлері мен формаларын пайдалану, талдауды біріктіру тәсілімен, индукцияны дедукциямен салыстыруды қарама-қарсы қоя, біріктіру, сәйкестікті жиі пайдалану, балалардың жасы кіші болса, индукция тәсілін жиі қолдану;

- оқушылар әр сөздің, сөйлемнің, ұғымның мән-мағынасын түсінуі; оларды қолдануда оқушылардың өтілген білімдері мен тәжірибесіне сүйену, бейнелі салыстыруларды пайдалану, мән-мағынасы жете ашылуы мүмкін болмаған ұғымдарды сабақта қолданудан аулақ болу;

- балалардың бірін-бірі оқыту мүмкіндіктерін пайдалану, дұрыс шешім табудың ұжымдық формаларын дамытуға қажет жағдайларды қамтамасыз ету, мұғалімнің түсіндірмесінен гөрі, қасында бірге отырған жолдасының әңгімелеп бергені тиімді де, әрі жеңіл, сондықтан сыныптағы үздік оқушылар қолынан келетін оқу істерін өз міндетіне алуы, бала белсенділігін тәрбиелеуде уақытты да, күш-қуатты да аянбау. Есте болсын, бүгінгі белсенді оқушы қоғамның ертеңгі белсенді мүшесі;

- оқушыларға белгісіз мәліметтерді бұрынғы белгілілерімен логикалы ұштастыру: игерілген мен игеріліп жатқан білімдердің арасында логикалы байланыс болмаса, саналы оқу да болмайды.

- Есте болсын, оқудағы басты нәрсе –оқытылып жатқан пән емес, ол мұғалім тәрбиесімен қалыптасып жатқан тұлға. Оқушыны пәнге қосалқы элемент болмайтындай етіп оқыту әрі тәрбиелеу, керісінше, оқушыны сол пәнді мұғаліммен бірге белсенді игеретін субъект дәрежесінде тану. Тұлғаны қалыптастыратын пән емес, пәнді оқытумен байланысқан мұғалімнің өз әрекет-қимылы.

- оқушының бақылайтын деректері мен игерген білімдері арасындағы айырмашылықтарды тауып және оларды түсіндіруді талап ететін жағдайлар жасау;

- егер әр ереже тиімді сандағы мысалдармен қамтамасыз етілсе және сол ережелердің қолдану ауқымы қаншалықты кең екендігін оқушы түсінсе, оқу табысы соғұрлым жоғары болады.

- игеріліп жатқан материалдардағы басты және екінші дәрежелі ақпараттарды табуға және ажыратуға үйрету. Оқушыны ең алдымен өзекті проблемаларды түсініп, игеретін дәрежеге жеткізу. Сабақта келтіретін дерек және мысалдардың негізгі мәселе мәнін көлеңкелеп тастамауы.

**Көрнекілікпен оқыту принципі.** Оның негізінде келесідей ғылыми заңдылықтар жатыр: адамның сезім мүшелері сырттай тітіркендіргіштерді әртүрлі қабылдайды, адамдардың көбі көру органдарының аса жоғары сезімталдығына ие; рецепторлардан орталық жүйке жүйесіне бағытталған байланыс оптикалық каналының өткізгіштік қабілеті өте жоғары; көру органдарынан (оптикалық канал бойынша) миға келіп түсетін ақпарат қайта таңбаланбайды, ол оқушы есінде жеңіл, тез және берік бейнеленіп қалады. Оқу тәжірибесі көрнекілік принципін қолданудың көптеген ережелерін іске асырған. Солардың кейбірін еске салайық:

- сөздік формада, ауызша не жазбаша өрнектелген материалдарға қарағанда, табиғи күйінде берілген заттар жақсы, жеңіл әрі тез есте қалатынын ескеріп, оларды оқу процесінде пайдалану.

- есте болсын, сәби ойы формалармен, түр-түсті бояулармен, дыбыстармен, түйсіктермен өрнектеледі. Осыдан бала санасы жалпы дерексізденген ұғымдар мен сөздерден құралмай, оның тікелей қабылдауындағы нақты бейнелерді арқау етеді.

- оқушылар үшін ең маңызды ереже: мүмкін болғанша сезімдік қабылдауды пайдалану, дәлірек айтсақ, көз қабылдауына – көретінді, құлақ қабылдауына – естілетінді, иіс, дәм қабылдауға тиісті мүшелерді;

- бір көрнекілікпен шектеліп қалмау: көрнекілік – мақсат емес, оқушының ойын дамыту және оны оқыту құралы;

- оқыту және тәрбиелеу барысында есіңізде болсын: ұғымдар мен дерексізденген тұжырымдар бала санасына нақты деректер, мысалдар және бейнелер негізінде жеткізілсе, тез әрі жеңіл қабылданады; олардың мәнін ашуға әрқилы көрнекілік түрлерін пайдалану;

- көрнекілікті тек сурет ретінде қолданбастан, оны проблемалық ситуацияларда өз бетінше білім алу көзі ретінде де пайдаланған жөн. Бұл оқушылардың тиімді ізденіс және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- көрнекі құралдар сабақта өтіліп жатқан заттар мен құбылыстар жөнінде өте анық және дұрыс ұғымдарды қалыптастыруға жәрдемін беретінін оқу және тәрбие барысында естен шығармау;

- оқушы бақылауларын жүйелестіріп, себеп- салдарлармен сәйкестендіру;

- көрнекі құралдарды қолдана отырып, алғашқыда балаларды ондағы берілген бейнелерді тұтастай қабылдауға, кейін бастысын және екінші дәрежелілерін өз алдына, содан соң – қайталай тұтастыққа келтіруге үйрету.

- әртүрлі көрнекілікті пайдалану, бірақ көрнекі құралдар санын шектен асырмау, себебі бұл баланың зейін шашыраңқылығын пайда етіп, негізгі мән-мағынаны қабылдауға кедергі жасайды.

**Жүйелілік және бірізділік принципі** келесі ғылыми тұжырымдарды негізге алады: қоршаған орта болмысының айқын бедерлері мида нақты бейнеленсе ғана, оқушы шынайы білім топтай алады; ғылыми білімдер жүйесін қалыптастырудың басты тәсілі – белгілі жолмен ұйымдастырылған оқу; ғылыми білімдер жүйесінің бірізділігі оқу материалының ішкі логикасымен және оқушылардың танымдық мүмкіндіктерімен байланысты; жеке элементтерден тұратын оқу процесінің тиімді әрі жоғары нәтижеге жетуі ол процесте орынсыз үзілістердің, ескерілмей қалған қажетті сәттердің болмауына және бірізділіктің қандай да себептермен бұзылмауына тәуелді. Егер дағдылар тиісті жаттығулармен жүйелі бекімесе, олар көп ұзамай жойылады; егер оқушылар логикалық ойлауға үйретілмесе, олар өздерінің ойлау іс-әрекетінде үлкен қиыншылықтарға кезігеді; егер оқу ісінде жүйелілік және бірізділік сақталмаса, оқушылардың даму процесі бәсеңдейді.

Мұғалім практикасында жүйелілік және бірізділік принципі көптеген ережелерді орындаумен іске асып барады, олардың арасында аса маңыздылары келесідей:

- оқушылардың білімдер жүйесін қалыпты игеруін қамтамасыз ету үшін схемаларды, жоспарларды орынды пайдалану. Оқу материалын логикалық бітімге келген бөліктерге ажырату, оларды бірізді іске асырып бару, балаларды бірізді оқу әрекеттерін жасауға үйрету;

- егер жауабы табылмайтынына не шешімі алынбайтынына көзі жетсе, ондай сұрақтарды немесе мәселелерді сабаққа қоймау;

- материалдың мазмұндық жүйесін, сондай-ақ оқу тәсілдерінің жүйесін бұзуға жол қоймау, ал егер жүйе себепсіз өзгеріске түсе қалса, үлгермеушіліктің алдын алу үшін олқылықтарды түзету;

- әрдайым пән аралық байланыстарды пайдалану. Мазмұндық тұрғыдан, сондай-ақ оқу әдістемелерінде барша сыныптар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

- оқу әдістемелерінің жетістіктерін пайдалану: оқушылармен тірек-конспекттер, оқу материалының құрылымды- логикалық

схемасын түзу, білімдерді игеру процесін жеңілдететін шараларды қолдану. Оқу барысында жүйелілік пен бірізділікті қамтамасыз ету үшін бұрын өтілгендерді жиі қайталап отыру және жетілдіріп бару;

- қысқа және қорытынды қайталауларды сабақтың басында немесе ақырында үй тапсырмаларына байланысты қолданып қана қоймай, оларды бүкіл сабақ барысында негізгі проблемаға орай, сонымен бірге жеке мәселелерді баяндаудан соң да пайдалану, жаңа материалдарды өтуді күрделендіретін жағдайлардан сақ болу, сабақ тақырыбына жасанды ендірілген, оған тікелей қатысы жоқ идеялар (білімдік, дамытушы, тәрбиелік) дәріс нәтижесі мен оқу құндылығын кемітеді. Осыны ескере отырып, аса маңызды болған идеяларды оқу мазмұнына және балалардың мүмкіндіктеріне орай игертуді, оқу-тәрбие процесінің жылдық жоспарына ендіруді алдын ала көздеу.

- өтілгендерді қайталау сабақтың басында білім мен ептіліктердің игерілу деңгейін анықтау үшін немесе сабақтың ақырында ұсынылған ақпаратты бекіту үшін ғана орындалмай, бұл жұмыс логикалық бітімге келген оқу бөліктерінің әрбірінен соң, сабақ барысында іске асып баруы шарт;

- оқушылардың ой өрнектеу тәсілдері мен формаларын бақылап бару, тұрақты әрі үлкен шыдамдылықпен балаларды дербес еңбектенуге үйрету. Тапсырмаларыңыз дербес орындалуда бірте-бірте күрделеніп барсын, сонымен бірге олардың табысты орындалуы үшін мүмкіндіктер жасау. Істі, мүмкін болғанша, оқушының өзі орындасын, қажет болса, көмек беру.

- оқудан болар жарқын болашаққа оқушылардың сенімін жеткізу;

- сезімдік тәжірибе мен тірек білімдерді орынсыз әрі жиі жаңғыртуға әуесқой болмау, жаңа білімдерді игеруге ғана қажеттерін еске түсіріп, әркімге белгілі әшейін біліктерді хабарлау үшін өзі де тығыз сабақ уақытын алмау.

**Беріктік принципі** келесідей заңдылықтарға негізделеді: мазмұнын игеру және оқушылардың танымдық күш-қуатының дамуы – оқу процесінің бір-біріне байланысқан екі тарапы; игерілген оқу материалының беріктігі объектив жағдаяттарға, яғни бұл материалдың мазмұны мен құрылымына ғана тәуелді болып қоймай, оқушылардың сол пәнге, материалға, мұғалімге деген субъектив қатынастарына да орайлас; игерілген білімнің берік болуы оқуды ұйымдастыруға, әрқилы оқу түрлері мен әдістерін пайдалануға, сондай-ақ оқу мерзіміне байланысты келеді; оқушылар жады таңдамалы сипатқа ие: қандай да материал оларды маңыздылығымен қызықтырса, сол материал берік орнығады және ұзақ сақталады.

Игерілген білімдердің бекуіне жәрдемші оқу іс-әрекеті механизмдерін түсінуден дәстүрлі оқу жүйесіне жаңа ережелерді ендіру мүмкіндіктері ашылды:

- қазіргі заман оқуында ес мүмкіндіктерінен гөрі ойлау қабілеті көбірек іске қосылады. Сондықтан аса қажетті болмаған білімдік материалдарды жаттауға сарп етпей, балалардың күш-қуатын үнемдеу, ес жүктемесін ойлау әрекетіне кедергі болар дәрежеден арттырмау.

- қате қабылданған немесе түсініксіз материалдардың есте бекуіне жол қоймау, бала әр уақыт саналы игерілген және түсінген білімін ғана есте сақтайтын болсын;

- қосалқы сипатқа ие материалды жаттаудан балаларды құтқару үшін, оларды әрқилы анықтама кітаптарымен, сөздіктермен, әмбебап ақпарат құралдарымен пайдалануға үйрету.

- есте сақтауға қажет материал қысқа да нұсқа болуы тиіс. Оқушының өзі ойланып, жеңіл есіне келтіретіндерінің бәрін жатталатын материалдар қатарынан шығарып тастау.

- Есте болсын, өтілгенді ұмыту процесі оқу жұмысы біткен бойда қарқынды жүреді, сондықтан қайталаулар уақыты мен жиілігі ұмытудың психологиялық заңдылықтарымен сәйкестендірілуі қажет;

- қайталаулар жиілігі оқушының ұмыту жағдайларына сәйкес болуы тиіс. Қайталаулардың көбі жаңа материалдың өтілу ізімен, яғни ақпараттың ең көп жойылатын мезетінде ұйымдастырылып, ал кейін бұл бекіту жұмыстары бірте-бірте кемиді, бірақ толық тоқтатылмайды;

- оқушыларды өз мүмкіндіктеріне сәйкес күш салып, жұмыс істеуге үйрету. еріншектікке жол бермей, тиімді іс-әрекет желісін қалыптастыру;

- алдын-ала оқу процесіне аса қажет екі сапаны – қызығу мен ұнамды қатынас қалыптастырмай, жаңа материал өтуді бастамау;

- оқу материалын ұсыну логикасына назар салуды ұмытпау, өзара логикалық байланыстағы білімдер мен нанымдар жеке-дара, тұтастығы жоқ ақпараттарға қарағанда, берік игеріледі;

- оқу қарқыны төмендегенін байқаудан, кейінге қалдырмастан оның себебін анықтау. Бұл жағдайдағы себептер түрі келесідей болуы мүмкін: оқу процесіне қызығушылықтың болмауы және шаршау. Оларды қайта қалпына келтірудің жолдарын іздестіру, оқу барысын жасанды жеделдетпеңіз.

**Түсініктілік принципі** оқытудың көп ғасырлық тәжірибесі талаптарынан туындайды: бұл, бір жағынан – оқушылардың жастық даму заңдылықтарына байланысты келсе, екінші жағынан – дидактикалық процесі оқушылардың даму деңгейімен сәйкестендіре ұйымдастыру және іске асыруға тәуелді. Бала өзінің ойлау деңгейіне,

жинақтаған білімі, ептілігі, ойлау тәсілдеріне сәйкес келген дүниені ғана түсіне алады.

Түсініктілік принципін іске асыруда қажет, өз уақытында Я.А.Коменский өрнектеген классикалық ережелер: жеңілден-қиынға, белгіліден-белгісізге, қарапайымнан-күрделіге өту. Қазіргі заман оқу теориясы мен практикасы түсінімін оқытуда міндетті болған ережелер тізімін кеңейте түсті:

- өтілуге тиіс материалдардың бәрі әр жас қабылдауына сәйкес реттестіріліп, ұсынылуы тиіс;

- оқушы санасы қандай да пәнді қабылдауға дайын болуы қажет екендігін ұмытпау;

- оқыту барысында балалардың табиғи мүмкіндіктерін, олардың дайындығы мен даму деңгейін арқау ету, балалардың өмір тәжірибесін, қызығуларын, бейімділігін, даму ерекшеліктерін зерттеу және оқытуда ескеру;

- оқу мазмұны және тәсілдері балалар дамуынан бір шама алда жүрегіндей болсын;

- оқушылардың әртүрлі топтарындағы оқу ерекшеліктерін назарға алу. Бір текті мүмкіндіктері бар балаларды жіктеулі топтауға біріктіру;

- оқу процесін тиімді қарқында жүргізу, бірақ күшті оқушыларды аяқтан тартпайтындай, сонымен бірге орташа және үлгерімі төмен оқушылардың дамуына тиімді ықпал жасайтындай етіп ұйымдастыру;

- оқу жұмысы белгілі дәрежеде күш салуды қажет етеді. Олай болмаса, балалар жұмыс орындауға дағдылана алмайды. Оқушылар әрдайым өз мүмкіндіктерінен төмен оқу қарқынын қалайды. Осыны ескерумен мұғалім әр оқу ситуациясына сәйкес оқу желісін тиянақты әрі нақты белгілеп барғаны жөн;

- педагогиканың және психологияның жаңа жетістіктерін пайдалану: нақты білімдер мен ептіліктерді кіші көлемдегі материалдар жәрдеммен қалыптастырып бару, ал қорытынды білімдерді қалыптастыруда – іріленген білім блоктарын пайдалану;

- сабақ барысында ұқсастықты, салыстыруды, беттестіруді, қайшылықтарды кең қолдану, жаңа және күрделі материалды өтуде күшті оқушыларды қатыстыру, ал бекіту жұмыстарына - орташа және төмен оқушыларды тарту;

- жаңа ұғымды енгізу бір сабақтың танымдық міндеттерімен ғана байланыстырылмай, бүкіл өтілген оқу жүйесіне негізделуі тиіс.

**Ғылымилық принциптің** талабы – оқушылар игеруіне ғылым тарапынан анықталған білімдерді ұсыну. Мектептік білімденудің де міндеті осы ғылыми білімдерді игертуге бағытталған. Оқудың ғылымилығы ең алдымен мектеп білімінің мазмұнына және оны қалыптастыру принциптерін қатаң ұстануына; мұғалімдердің

мазмұнды толық іске асыра алуына тәуелді; қабылданған білімдердің ғылымдық сипаты оқу жоспарларында, бағдарламаларында өрнектелген, пән аралық байланыстарда іске асып барады. Озат дидактикалық жүйелер практикасы бұл принципті жүзеге келтіретін бірнеше ережелерді пайда еткен:

- оқуды педагогика, психология, әдістеме, педагогикалық тәжірибенің жаңа жетістіктері негізінде жүргізу, оқу процесіне педагогикалық еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін ендіру;

- оқу дидактикасы мен психологияның соңғы жаңалықтарын ескерумен индуктивті оқыту логикасын ғана емес, сондай-ақ дедуктивті оқу әдісін де орынды пайдалану, дерексізденген (абстракция) түсініктерді қолданудан тартынбау, себебі бұл нақты құбылыстардың тереңдегі мән-мағынасын түсінуге жәрдемін береді. Бірақ мектеп курсы шеңберінде толық түсінік берілмеген абстракцияларды қолданудан аулақ болыңыз;

- әрқандай жаңа енгізілген ғылыми ұғым, түсінікті жүйелі қайталап отыру, пәнді оқыту барысында қолданып, пайдалану, себебі жаттықтырылмаған білімдер тез ұмытылады;

- ғылыми таным әдісін пайдаланумен, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, балаларды ізденіс, шығармашыл жұмыстарға қосып отыру;

- жаңа идеялар қабылдауды бір сәттік міндет деп білмеу – әрбір құбылысты жаңадан түзіліп жатқан жан-жақты байланыстары және қатынастары аумағында қарастыра талдау;

- оқушыларды атақты ғалымдардың өмірбаяндарымен таныстыру мүмкіндіктерін қолдан шығармау, олар енгізген ғылым жаңалықтарын шәкірттерге кең жария ету;

- жаңа ғылыми терминологияны қолдану, ескірген терминдерден сақ болу, оқушыларға жаңа жетістіктердің негізгі идеяларын ашып, ұсыну, оларды жаңа ақпараттарға ден қоюға үйрету, жаңа мәселелерді ұжым болып талқылауды қолдап қуаттау;

- балалардың зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету. Оларды мүмкін болған жағдайларды пайдаланып, ғылыми-тәжірибе жұмыстарының негіздерімен таныстыру, шығармашылықты қажет еткен мәселелерді шешуде алгоритмдерді пайдалануға жаттықтыру, проблемалармен айналысудың сензитивтік (жас сатысы) кезеңдерін есіңізде ұстау;

- танымдық қызметтен оқушыға жаңалық ашу, табысқа жету, қанағат табу сезімдеріне бөленуге мүмкіндік беру.

**Ұнамды көңіл-күй сақтау принципі** бала табиғатының дамуы мен оның іс-әрекетіне байланысты туындайды. Ұнамды көңіл-күйден адам жаны нәр алады, ой өрісі сәуелелене түседі, оқу жеңіл, жылдам және



жағымды сезіммен қабылданады. Егер оқушының кітап оқуға зауқы болмаса, оны ауыр да азапты еңбек сипатында қабылдаса, одан табысты нәтиже күтудің өзі бей-берекетсіз іс. Сондықтан да, оқу баланың ұнамды көңіл-күйін көтеріп, оны қуанышты оқиға ретінде қабылданатын дәріс жұмысына дайындау қажет. Ұнамды қатынас болмаған жерде оқу процесі өз ықпалын жояды. Ықыласы болмаған адамды оқыту – бос әурешілік. Көңілін қорқыныш, өшпенділік, жек көрушілік жайлаған баланы оқыту оның санасына шынайы болмыс деректерін зорлап ендірумен бірдей. Мұндай жолмен қабылданған білім ұзаққа бармай ұмытылады, одан келер пайда болымсыз. Сондықтан педагогтар бар шеберлігін қосып, мектеп оқу еңбегі мен білім тартымдылығын көтеруге ат салысады. Бала жанын сенім шуағымен жылытып, оның алғашқы қадамдарына қолдау көрсетеді. Мектеп өмірін мұғалімдер жарқын да қызықты істер, оқиғалармен толтырып, олардың бәрі балалық шақтың балдәурені секілді оқушы есінде ұзаққа сақталуына негіз қалайды. Оқудың көңіл-күй принципінің талаптары осы. Ал бұл талаптарды іске асыруда мұғалімнің міндеттері:

- әр сабаққа дайындалу барысында оқушылардың ұнамды көңіл-күйін қалыптастыру мен қолдау жолдарын ойластыру. Алдағы оқу жұмысы неғұрлым зеріктіргендей әрқилы болса, оқу материалы неғұрлым құрғақ әрі абстракт келсе, ұнамды эмоциялар пайда етудің барша мүмкіндіктерін іздестіріп бағу;

- сынып босағасын көңіл жадыратар кейіппен аттап, балалармен әзілдесе, оларды жігерлендіре сөз тауып, сабақты бастау;

- демократиялық қарым-қатынас стилін ғана ұстану;

- балалар болмысына, олардың істеріне қызыға қатынас жасап, араласып бару;

- сыныпта қапелімде болып қалатын дау-дамайды әрқашан сабырлы, айқайсыз, тұрпайы және намысқа тиер сөздерсіз шешу;

- күдер үзгендей әрі қиын жағдайлардан шығу үшін орайы келген әзіл-қалжыңды пайдалану;

- оқуды әсем, бейнелі, көңілді өткізілуі үшін оқу процесін танымдық ойындар, жарыстар, конкурстар мен сайыстарға толтыра жүргізу;

- кіші оқушының ойлауын оның сезімдері мен толғаныстарынан ажыратпау: оқу-тәрбие процесінің эмоционал көрікті болу қажеттігі - бала ойының даму заңдылықтарынан туындаған талап;

- әрдайымғы көңіл-күй көтеретіндей сәттерден ұнамды эмоционал қалыпта өтетін тұрақты кейіп жағдайларына өту;

- оқу материалдары, оқу әдістері мен танымдық еңбек ұйымдастыру формаларының эмоционалдық молшылығын пайдалану.

**Теория мен практиканы байланыстыру принципі** негізіне классикалық философияның ақиқат пен танымдық қызметтің дерек көзі – тұрмыс және практика екендігі туралы тұжырымы алынған. Орынды ұйымдастырылған тәрбие әрқашан өмірдің өзінен, практикадан бастау алып, онымен тығыз байланыста болады, сонымен өсіп келе жатқан әулетті белсенді тіршілік қамына дайындайды. Оқудың өмірмен, теорияның практикамен тығыз байланысты болуы оқу мазмұнына, оқу-тәрбие процесінің келелі ұйымдастырылуына, оқудың тиімді формалары мен әдістерін пайдалануға, еңбек пен политехникалық дайындыққа бөлінген уақытқа, сонымен бірге оқушылардың жас ерекшеліктеріне тәуелді келеді.

**Оқудың өмірімен ұштастық принципі**н іске асыру негізі – теориялық тұжырымдар мен озат мектеп ұжымдарының тәжірибесінен туындайды. Осыған байланысты мұғалімнің атқаратын міндеттері:

- мектепте игерілетін білімдердің қажеттігін оларды қоғамдық – тарихи практикамен байланыстыра, оқушыларды сендіре, дәлелдеу, оқу процесін білімнің, оған қоса мектепте алатын құндылықтарының өмірлік қажетті дүние болатынын түсініп, сезетіндей дәрежеде алып бару;

- тұрмыс қажеттерінен - білімге, білімнен өмір қажеттігіне өте отырып, баланы «білім – бай, қуатты тіршілік» қағидасымен тәрбиелеу;

- балаларға қазіргі заманның жаңа технологиялары, өндірістік қатынастары, озат еңбек әдістері жөнінде әңгімелеу;

- оқушыларды өз білімдерін практикада тексеріп, қолдануға табандылықпен үйрету, қоршаған дүниені білім көзі және сол білімді қолдану саласы ретінде пайдалану;

- өз жұмысының өмірлік маңызын оқушыға түсіндіріп бере алмайтын бірде бір мұғалім не сабақ болмауы тиіс;

- мектеп пен өндіріс орындарының байланысын пайдалану, оқушылардың өндіріс өкілдерімен қатынастарын оқу-тәрбие жұмыстарының жалғасына айналдыру, бұл үшін «оқу пәні -өндіріс» байланысын ептілікпен бағдарлап, қадағалап бару;

- оқушылармен бірге «тұрмыстық қажет» сипатындағы мәселелер мен жаттығулар түзіп, оларды сабақ материалымен байланыстыра шешуге дағдыландыру. Оқулықты балалар өмірімен ажыралмас бірліктегі қоршаған болмыс деректерімен толықтырып баруды ұмытпау.

- оқуды ауыл, қала, облыс, республиканың нақты болашақ даму жағдаяттарымен ұштастыру, аймақтың келешек дамуына орай кәсіби бағдарлау жұмыстарын өткізіп бару;

- проблемді ізденіс және зерттеу тапсырыстары теорияны практикамен байланыстырудың таптырмас құралы. Оларды әрқилы жолдармен пайдалануға тырысу;

- балаларды еңбекке, қоғамдық және жеке меншікке саналы да ұнамды қатынас жасауға баули отырып, мұндай қатынас үлгісін мұғалімнің өз бойынан көрсетуі.

Қорытындылай келе, айтарымыз: принциптер әрқашан белгілі жүйеде, бір уақытта, тығыз байланысқан күйде іс-әрекетте комплексті, параллель жүзеге асып барады, оларды кезекпен немесе бірінің орындалуымен екіншісіне тізбекті өте, пайдалану мүмкін емес. Принциптер арасында басты не екінші дәрежелісі болмайды, әңгіме тек олардан туындайтын талаптардың ауқымдылығы мен жалқылық дәрежесі жөнінде болуы мүмкін. Барша принциптер өзара кіріге ұштасқан, сондықтан бірінің талаптары, екінші бір принцип талаптарымен мәндік жақындыққа түсіп жатады. Олардың бәрінің де қызметі - бағыттау, оқудың сапалы нәтижелеріне жетудің жолдарын көрсету. Білімдендіру ісін гуманизациялаудың мәні –оқушының тән-дене және ақыл-ес мүмкіндіктерін сақтау және дамыта түсу. Сондықтан оқу еңбегінің нәтижесі оған жұмсалған оқушы күш-қуатының деңгейімен салыстырылып, бағаланады. Принциптер баланың табиғи және әлеуметтік мүмкіндіктерін, күш салулары мен еңбек нәтижелерін қалыпты мөлшерлеп отырады, егер қандай да себептермен ауытқуға түспесе, олар арасындағы теңдіктің (баланс) сақталғаны.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Оқу заңының дидактикалық жалпы заңдылықтардан ерекшелігі қандай?
2. Оқу принциптері деген не?
3. Оқу ережелері деген не?
4. Жалпы танылған принциптер жүйесі қандай?
5. Түсініктілік принципі деген не? Оның қай ережелерін білесіз?

## 7-дәрісбаян. Білім мазмұны

### Жоспары

1. Білім мазмұны түсінігі және оның мәні
2. Білім мазмұнын қалыптастыруға байланысты негізгі теориялар
3. Мемлекеттік білім стандарты
4. Оқу жоспарлары, бағдарламалары және оқу құралдары

### 7.1. Білім мазмұны түсінігі және оның мәні

Табысты оқу қамтамасыздығы үшін неге оқыту қажет, білім мазмұны қандай болуы керектігін анықтап алу міндетті шарт. Білім мазмұны түсінігі бойынша біркелкі пайымдама жоқ.

Білімдендіру қызметін іске асыруға бағытталған дәстүрлі педагогикада білім мазмұны оқушылар игеруі тиіс педагогикалық икем мен сәйкестікке келтірілген ғылыми ақпарат және оған байланысты тәжірибелік ептіліктер мен дағдылар жүйесі ретінде қабылданған Білім мазмұнының мәнін ашуда бұл бағыт *білімдік бағдарлы (знаниево-ориентированное) оқу* атамасын алған. Мұндай оқу жүйесінде адамзаттың тарихи дамуы барысында жинақталған білімдер ғана әлеуметтік құндылық ретінде танылады.

Бұл көзқарастан демократиялық қоғамның басты міндеті-шығармашыл, дербес ой жүргізе алатын адам қалыптастыру – жалаң білім жинақтау талаптарының көлеңкесінде қалып келді.

Соңғы кезеңдерде білімді адамиластыру идеясының арқасында білім мазмұнының мәнін айқындауда *тұлғалық бағдарлы (лично-ориентированное) оқу* бағыты кең назарға алынуда. Осы бағытқа орай оқушылар белгілі оқу мазмұнын ғана меңгерумен шектелмеуі тиіс.

Оқу-тәрбие барысында ең алдымен шәкірттерде құндылықты- мәнді сұраныстар мен ниеттер қалыптастыру міндеті тұрады, олар тұлғаға қажет сапа-қасиеттердің орнығуына негіз ретінде қабылдануы ләзім. Болашақ қоғам мүшесі –тұлға педагогикалық процесс аймағында өз әрекет – қылықтарына, қоғам мен ел тағдырына, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырып, әділетсіздік пен немісқайлықтан қашық болуға баулынады, өзінікінен басқаша пікірлерді ымырашылдықпен тыңдап, ұрда-жық ысырып тастамай, қажеттісін қабылдауға үйренуі тиіс.

Тұлғалық бағдардағы білім мазмұны мейлінше толық құрылымға келтірілген, педагогикалық тұрғыда икемге түсірілген әлеуметтік тәжірибе күйінде төрт элементтен құралып, төмендегідей іс-әрекеттерде көрініс береді:

- нәтижелік формасы –білім (қоғам, табиғат, техника, ойлау, іс-әрекет әдістері жөнінде) күйінде бекіген танымдық іс-әрекеттер;
- үлгі бойынша орындау ептіліктері (ақыл-ес және практикалық ептіліктер мен дағдылар) формасындағы әрекеттердің белгілі әдістерін іске асыра білу;
- проблемді жағдайларда қалыптан тыс шешімдер қабылдау ептіліктері формасындағы – шығармашыл іс-әрекет, қызмет;
- тұлғалық бағдар (қоршаған ортаға, дүниеге, адамдарға, өз басына, мораль нормаларына, көзқарастық идеяларға және т.б.) формасындағы көңіл-күй құндылықты қатынастарды орындай білу.

Білім мазмұнының аталған элементтері бір-бірімен байланысты және өзара шарттасқан. Әлеуметтік тәжірибенің осы элементтерін игерген адам жақсы орындаушы ғана болып қалмастан, дербес, өз бетінше шығармашылдықпен әрекет істей алатын, қалыптасқан қатынастар жүйесіне өз үлесін қоса білетін тұлға дәрежесіне көтерілуге мүмкіндік алады.

## **7.2. Білім мазмұнын қалыптастыруға байланысты негізгі теориялар**

Білім мазмұны тарихи сипатқа ие. Ол қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде алға тартылатын білім міндеттері мен мақсаттарына орай анықталады. Әрқилы әлеуметтік жүйедегі білім мазмұны біргелкі емес. Ол өмір, өндіріс және ғылыми білімдердің даму деңгейіне сәйкес өзгермелі.

Білім мазмұнының қалыптасуына байланысты негізгі теориялар XVIII ғ. ақырында- XIX ғ. басында өрбіді. Бұлар мән-мағынасына қарай білім мазмұнының материалдық және формальдық теориялары атауларымен педагогика тарихына енді.

Білім мазмұнының *материалдық теориясын* қолданушылар (дидактикалық материализм немесе энциклопедизм теориясы тараптарлары) білімнің негізгі мақсаты – оқушыларға ғылымның әрқилы салаларынан мейлінше ауқымды білім игерту деп білді. Мұндай пікірді өткен дәуірлердегі көптеген танымал педагогтар қолдап, қуаттады (Я.А.Коменский, Г.Спенсер және т.б.). Аталған теория бүгінгі күнде де өз жүгінүшілеріне ие (болмаса, оқушыларды шектен тыс жүктеме ақпаратқа кезіктіру нәліктен тиылмайды?).

Білім мазмұнының *формальдық теориясын* қалаушылар (дидактикалық формализм идеяшылдары) оқуды шәкірттердің қабілеттері мен танымдық қызығуларын, олардың зейінін, есін, ұғымын және ойлау мүмкіндіктерін дамытудың құралы ретінде пайдаланады. Олар түсінімінде, білім көзі - ақыл. Сондықтан да, ең алдымен адамның ақыл-есін және қабілетін дамыту қажеттігіне ден

қойды. Білім мазмұнын іріктеуде дидактикалық формализм тараптары математика және классикалық көне тілдер сынды дамытушылық сипатымен құнды пәндерді басшылыққа алды. (Дж. Локк, И.Г.Петалоцци, Н.Гербарг және т.б.).

Қазіргі дәуір педагогикасында бұл екі теория да сынға ұшырауда. Таза, жалаң күйінде аталған бағыттардағы педагогикалық жүйе оқу-тәрбие міндеттерін ойдағыдай орындай алмайды. Мектептің басты мақсаты- адамның ақыл-ес (интеллектуал) күштерін дамытып, сол арқылы білім игеруге, оны қолдана білуге үйрету. Осыдан, бүгінгі педагогика дидактикалық материализм мен дидактикалық формализм бағыттарындағы оқу-тәрбие істерін бірлікте жүзеге асыруды қолдайды. (К.Д.Ушинский).

XIX және XXғғ. шектерінде білім мазмұнын іріктеудің дидактикалық *прагматизм* теориясы қалыптасты. Бұл теорияны қолдаушылардың (Дж.Дьюи, Г. Кершенштейнер) пікірінше, білім мазмұнының негізі жеке пәндерде емес, ол оқушының қоғамдық және дара іс-әрекеттерінде. Білім мазмұны оқушылардың сол білімді меңгеруге бағышталған ұжымдық еңбегі және белгіленген мәселені шешуге сәйкес практикалық әрекеттерді қажет ететін пәнаралық біліктер жүйесімен белгіленуі тиіс. Осы теорияға орай оқушылар мейлінше еркіндікпен оқу пәндерін таңдауға құқылы, оқу-тәрбие жұмысы оқушылардың субъектив сұраныстары мен қызығуларына икемдестіріледі.

Европа, әсіресе, АҚШ мектептерінде кең енген бұл теория нәтижесі білімдену деңгейінің күрт төмендеуіне соқтырды. Өткен ғасырдың 20-жылдары Қазақстан оқу –жүйесінде “Төте оқу” атымен қабылданған бұл әдіс өз жалғасын таппады.

Дегенмен, материалдық және формальдық теориялар, дидактикалық прагматизм бағыты уақыт талаптарын көтере алмағанымен, білім мазмұнын қалыптастырудың осы заманғы бағыттарының өркендеуіне үлкен ықпал жасады.

Белгілі поляк ғалымы **В.Оконь** *функционалды материализм* атты білім мазмұнын қалыптастыру теориясын жарыққа шығарды. Оның пікірінше, қандай дидактикалық теория болмасын, ол оқушылардың білім алуын қамтамасыз етумен бірге сол білімдерді өз іс-әрекеттерінде пайдалана білу ептіліктерінің де жетілуіне негіз болуы шарт, яғни таным мен іс-әрекет ажырамас бірігімді байланысқа келуі қажет. Жеке пәндер мазмұнында да сол пәннің жетекші ұғымы басты назарға алынуы тиіс. Мысалы, биологияда – эволюция теориясы, математикада – функционалды тәуелсізділік, тарихта – тарихи шарттылық және т.б., яғни білім мазмұнын таңдастыруда дүниетанымдық көзқарастарды басшылыққа алған жөн. Дәрістер барысында оқушылар өз меңгерген білімдерін практикада қолданып үйренетіндей жағдайлар жасалуы тиіс.

Көзделген нақты практикалық мәселелерді білім негізінде шеше отырып, шәкірт табиғи, техникалық, мәдени және қоғамдық болмысқа сай өз мүмкіндіктерін қайта қарап, өзгертуге үйренеді.

В.Оконь теориясы өз ішіне қоғамның білімге қойған талаптарын және оқушылардың жеке сұраныс –қызығуларын біріктіре қамтиды.

Қазақстан Республикасындағы бүгінгі мектептің білім мазмұны ҚР “Білім заңына” сәйкес құрастырылған. Бұл Заңға орай білім мазмұны қоғамның экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуінің аса маңызды жағдайаттарының бірі, сондықтан ол тұлғаның өзіндік қалыптасуына, оның өз мүмкіндіктерін өз бетінше іске асыра алуына жағдай жасап, қоғам дамуын, құқықтық мемлекеттің бекіп және жетілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Білім мазмұнының міндеті-қоғамның әлемдік деңгейге сай жалпы және кәсіби мәдениетін көтеру, оқушылар санасында осы заман білім деңгейі мен білімдену бағдарламасының талаптарына сәйкес *әлем бейнесін* (образ мира) қалыптастыру; тұлғаның ұлттық және әлемдік мәдениетке араласуына; осы күнгі қоғамның төл тумасына айналған және сол қоғамды жетілдіруді мүдделеген адам және азамат тәрбиелеу; қоғамның мамандар қорын жаңғырта көбейтіп, әрі қарай дамыту.

Білім мазмұнын қалыптастырудағы басты мақсат - расалық, ұлттық, этникалық, діни және әлеуметтік тегіне қарамай адамдар, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен қызметтестік қатынастардың орнығуына жәрдемдесу, оқушының ерікті пікір мен наным таңдау құқығын іске асыруға көмектесу, әрқилы дүниетаным көзқарастарды ымырашылдықпен ескеру.

Білім мазмұны жалпы және кәсіби білімдерден құралады. ***Жалпы білім мазмұны*** негізінде тұлғаның жалпы мәдениеті, оның дүниетанымы, азаматтық бағдары, әлемге, еңбекке және қоғамдық өмірге болған көзқарасы қалыптасады.

*Кәсіби білім мазмұны* адамға нақты еңбектік іс-әрекет саласындағы білімдер мен ептіліктерді игеру үшін қажет.

Педагогика ғылымында білім мазмұнын іріктеудің өлшем-шек (критерий) жүйесі қабылданған. Осы шектер негізінде мектепте берілетін білім мазмұны келесідей талаптардың орындалуына себін тигізуі міндетті:

- тұлғаның жан-жақты дамуы және оның базалық мәдениетінің қалыптасуына қажет міндеттерді толық та біртұтас күйде берілуін қамтамасыз ету;

- оқу пәндері мен қоғамдық практикаға енетін білім материалдарының ғылыми және тұрмыстық маңызға ие болуы;

- әрқилы жас деңгейіндегі оқушылардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы;
- материал мазмұны көлемінің оқушының мүмкін болған игеру уақытына сәйкес келуі;
- жалпы орта білімді құрастыруда халықаралық тәжірибені ескеру;
- осы заманғы мектепте бар оқу -әдістемелік және материалдық базаға сәйкес болуы.

### 7.3. Мемлекеттік білім стандарты

ҚР “Білім заңына” сәйкес елімізде білім стандарттары қабылданған.

“Стандарт” түсінігі латын сөзі негізінде қабылданып, “үлгі”, “өлшем” деген мағынаны аңдатады. **Білім стандарты** мән-мағыналық тұрғыдан сауат, білімділіктің мемлекеттік өлшемі ретінде қабылданып, қоғамдық мұратқа орайластырылған, әрі нақты тұлға мен білім жүйесінің мүмкіндіктерін ескерген сол мұратқа жету негізгі белгі - талаптар (параметры) жиынтығын қамтиды.

Білім саласындағы стандарттаудың негізгі нысандары –стандарт құрылымы, оқу жүктемелерінің мазмұны, көлемі және оқушыны дайындау деңгейі. Стандарт бойынша белгіленген деңгей, дәрежелер мен талаптар білім сапасын бағалау мен білімдену процесінің негізгі қырларын сараптауда мызғымас шек (эталон) сипатында қабылданады.

Білімді стандарттаудың қажеттігі қоғамдық құбылыс ретінде танылған білім саласындағы түбегейлі өзгерістерге орай туындап отыр. Қазақстан Республикасының егеменді елдер қатарында демократияға, нарықтық қатынастарға, тұлғаның құқы мен еркіндігіне бетбұрысы білім аймағындағы саясатты қайта қарастырып, жаңаланған заман көзқарасымен түсінуді талап етіп отыр. Білім саласы енді ең алдымен жеке тұлғаның рухани қасиеттерін қамтамасыз етуге бет бұрды. Бұл өз кезегінде оқу процесін ұйымдастыру, оқу –оқыту формалары мен әдістерін таңдау және білім мазмұнын іріктеу істеріне көптеген өзгерістердің енуіне себепші болды.

Стандарттау сонымен бірге білім саласындағы көптеген жаңашыл қадамдарға байланысты қажет болып отыр. Атап көрсететін болсақ, олар:

- 1) мектеп оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі;
- 2) көптеген мектептердің құқықтық дәрежесінің өзгеруі;
- 3) тың оқу жоспарларының енгізілуі;



- 4) мектептердің оқу пәндері мен олардың игерілу көлемін өз қалауымен таңдауы;
- 5) баламалы оқулықтардың қосылуы;
- 6) оқудың жаңа технологияларының жасалуы; көп деңгейлі және жіктемелі оқуға өту.

Байқағанымыздай, аталған демократиялық қадамдар өткендегіміздей тезге салынған бір сарынды (шаблон) оқу жүйесіне тосқауыл қойып, әрқандай жәйт, жағдайларды ескеріп, білім беру процесіне шығармашылдықпен қатынас жасау қажеттігін айғақтауда. Осыдан, әрқилы оқу мекемелерінде оқушылар игеретін білімнің біргелкі деңгейін қамтамасыз ететін білімдену кеңістігінің базалық тұтастығын сақтау- міндетті шараға айналды.

Ал Мемлекеттік стандарт елдегі жалпыға ортақ бірдей білім қорының болуын қамсыздандыратын жалғыз тетік.

Сонымен бірге, білім стандартының алғы шепке тартылуына себеп - Қазақстан Республикасының әлемдік мәдениет жүйесіне еруге болған талпынысы. Бұл білім сапасын қалыптастыруда халықаралық білімдену тәжірибесінің жетістіктерін ескеруді қажет етеді. Осы талаптың орындалуынан Қазақстан азаматтарының білімі жөніндегі құжаттары шет елдерде мойындалатын болады.

Мектеп тәжірибесіне енген Мемлекеттік стандарт оқу процесін мызғымас, қатаң ресми байламға матау емес, керісінше, ол педагогикалық шығармашылдыққа, міндетті мазмұндық өзек (стандарттың өзі) төңірегінде баламалы бағдарламалар, оқудың әрқилы технологияларын, оқу құралдарын жасауға кең жол ашады.

Мемлекеттік міндетті стандарттар бәсеке негізінде қабылданады, 10 жылда бір рет қайта өңделіп, қажетті реттеулер мен түзетулер енгізіледі, мемлекеттік заңмен бекиді. Ол барша оқу орындарының қай салаға бағынуына, типіне, меншіктік формасына тәуелсіз орындалуы міндетті.

Жалпы білім беруші мекемелердің білім стандарты үш бөліктен құралады: мемлекеттік, ұлттық – аймақтық және мектептік.

Стандарттың *мемлекеттік бөлігі* (инвариант) елдегі білім кеңістігінің біртұтастығы мен тұлғаның әлемдік мәдениет жүйесіне енуін қамтамасыз етеді.

*Ұлттық – аймақтық* елдің жер-жерлеріндегі ерекшелік, талаптарына (ана тілі мен әдебиетіне, жағрафиясына, мәдениет пен өнеріне, еңбек, өндіріс дайындығына және т.б.) байланысты анықталады.

*Мектептік білім мазмұны* нақты оқу орнының анайылығы мен бағыт –бағдарына орай оқу пәндерінің енгізілуімен белгіленеді.

Стандарттың мемлекеттік бөлігі –бұлжымас, қайта қарастырылуы өте сирек, ұлттық аймақтық және мектептік бөліктер- баламалы, оның құрамды бірліктері жүйелі жаңаланып барады.

Қазақстан республикасының “Білім туралы Заңында” көрсетілгендей, жоғары өкілетті мемлекеттік органдар негізгі білім ақпараттарының ең төмен көлемдегі мазмұнын, оқу жүктемесінің ең жоғары деңгейін белгілеп, түлектер дайындығына қойылатын талаптарды алға тартады. Қабылданған оқу жүктемесі шегіндегі міндетті білім көлемінен тыс, қосымша білім мазмұнын ұсыну жергілікті оқу орындарының билігінде. Стандарт құрамы келесі бірліктерді қамтиды: жалпы білімдік оқу орындарының түбір (типтік) жоспары, мазмұн құраушы мызғымас (инвариант) және баламалы бөліктер, оқушылардың жалпы дайындық деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптар.

#### **7.4. Оқу жоспарлары, бағдарламалары және оқу құралдары**

Білім мазмұны оқу жоспарларында, бағдарламаларында, оқулықтар мен оқу құралдарында айқындалады. *Оқу жоспары* – оқу орнында игерілетін оқу пәндерінің құрамын, оларды меңгеру бірізділігі мен кезек тәртібін, әр пән бойынша жылдық, апталық бөлінген сағат санын, оқу жылының бас-аяқ мерзімі және апта, айларын анықтап беретін құжат. Оқу жоспарлы түбір (типтік) және нақты оқу мекемесі тарапынан жасалған оқу жоспары болып бөлінеді. Түбірлі оқу жоспарында мектеп (ЖОО) қабырғасында оқу жылдарына орай жүргізілетін барша оқу пәндерінің тізімі беріледі. Игерілуі қажет пәндер оқу жоспарында үш топқа бөлінеді: 1) міндетті (базалық-мемлекеттік бөлік), 2) оқушылар қалауы бойынша (аймақтық бөлік) және 3) мектеп (ЖОО) кеңесі бекімімен өтілетін пәндер (мектептік (ЖОО) бірлік). Түбір оқу жоспарында әрқилы білім саласына, факультативтерге, оқушылар таңдауымен енген курстарға арналған сағаттар бөлігі өрнектеледі.

Түбір жоспар негізінде жеке ерекшеліктерін ескерумен мектеп (ЖОО) өз оқу жоспарларын жасайды. Оқу формаларына қарай күндізгі, ауысымды, сырттай, қашықтықтан оқыту жоспарлары да әр қилы келеді. Оқу жоспарлары негізінде оқу бағдарламалары түзіледі. *Оқу бағдарламалары* өз ішіне: 1) нақты пәнді оқу жөніндегі түсініктемені; 2) оқушылардың (студенттердің) біліміне қойылатын талаптарды; 3) әр сыныпта (курста) пән бойынша өтілетін материалдардың тақырыптық жоспарын; 4) пән курсы бойынша білімдер мен тақырыптар тізімін,

яғни бағдарламаның өзін; 5) пәнге орай оқу жабдықтары мен көрнекі құралдар тізімін; 6) қажетті әдебиеттер ауқымын; 7) бақылау сұрақтарын, 8) курстық, дипломдық жұмыстар тақырыбын (ЖОО да)-камтиды.

Оқу бағдарламаларының түбірлі (типтік), оқу-жұмыс (рабочие) және авторлық түрлері ажыралыды.

Түбір бағдарламалары Мемлекеттік білім стандарты негізінде нақты пән бойынша құрастырылады. Оларды ұсыныс сипатында қабылдауға болады.

*Оқу - жұмыс* бағдарламалары түбір жоспары негізінде түзіліп, мектептің педагогикалық кеңесінің (ЖОО да жетекші кафедра) шешімімен бекиді. Бұл бағдарламалар білім стандартының талаптарына сәйкес, сонымен бірге ол нақты оқу орнының мүмкіндіктерін ескерумен жасалады.

*Авторлық оқу жоспарларында* білім стандартының талаптары міндетті сақталады, бірақ оқу материалын ұсынудың өзгеше қисыны, оқу барысында оқып-зерттелетін құбылыстар мен процестерге автор тарапынан өзіндік көзқарастар болуы мүмкін. Мұндай бағдарламалар көбіне таңдамалы курстар мен факультативтерде қолданыс табады. Оқу бағдарламаларын құрастырудың педагогика тарихында екі әдісі белгілі: концентрлі және тізбекті.

*Концентрлі әдіске* орай бір оқу сатысында өтілген оқу материалы алдағы жоғарылау сатыларда күрделірек күйде және оқылады. Бұл әдісті қолданудың қажеттігі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру принципіін сақтаудан туындайды.

*Тізбекті әдіспен* түзілген оқу бағдарламаларында әр кезекті оқу сатысының материалы өткен жылдардағы игерілгендердің қисынды жалғасы ретінде қабылданады. Мұндай оқу өзінің үнемділігімен еленеді.

Білімдік оқу материалының нақты мазмұны оқулықтар мен оқу құралдарында ашылады.

*Оқулық* мектептік (ЖОО) білім ақпаратының көзі әрі оқу жабдығы, білімдену мақсаттары мен мазмұнын айқындайды.

Оқулықтың басты көрінісі –мәтінде. *Мәтін* келесі бірліктерден құралады:

- негізгі (тұғыр терминдер, олардың анықтамалары, негізгі деректер, құбылыстар, оқиғалар; заңдар, теориялар және жетекші идеялар және т.б. баяны);
- қосымша (құжаттар, хрестоматиялық және анықтамалық материалдар, өмірнама деректері, статистика мәліметтері ж.т.б.);
- түсініктеме (кіріспе, ескертулер, сөздіктер, көрсетпелер ж.т.б.)

Оқулықтарға қосымша *оқу құралдары* дайындалады. Мұнда оқулық материалдарының кейбірі мазмұн тұрғысынан тереңдей түседі, кеңейеді. Оқу құралдары – бұлар хрестоматиялар, есеп жинақтары, атластар, жаттығу жинақтары және с.с.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Білім мазмұны қалай түсіндіріледі?
2. Білім мазмұнының мәнін анықтауға байланысты теориялық бағыттар қандай?
3. Білім мазмұнын іріктеу негіздері қандай?
4. Мемлекеттік білім стандартының міндеті неде?
5. Мемлекеттік білім стандартының негізгі бірліктерін атаңыз.

## **8-дәрісбаян. Оқу әдістері және құрал жабдықтары**

### Жоспары

1. Оқу, әдіс, тәсіл және ережелері түсінігі мен мәні
2. Оқу әдістерін топтастыру
3. Оқу құрал-жабдықтары
4. Оқу әдістері мен құралдарын іріктеу

### **8.1. Оқу әдіс, тәсіл және ережелері түсінігі мен мәні**

Білімдену процесінің табысты болуы көбіне қолданылатын оқу әдістеріне тәуелді.

*Оқу әдісі* – білім игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған оқытушы мен оқушының бірлікті іс -әрекеттік қимыл - тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы және анайылығы осы оқу әдісінен көрінеді.

Дидактикада кең қолданым тауып жүрген және бір түсініктер легі – бұл “оқу тәсілі” және “оқу ережелері”.

*Оқу тәсілдері*- оқу әдісінің құрамды бөлігі немесе бір қыры, яғни жалпы “әдіс” түсінігіне байланысты жалқы ұғым. Бұл екі ұғымды өз алдына шектеп болмайды, олардың ара қатынасы ауыспалы, өзгермелі. Кей жағдайларда әдіс педагогикалық міндетті шешудің дербес жолы есептелсе және бір ықшам оқу-тәрбие мәселесіне орай-тәсіл болуы мүмкін. Мысалы, егер мұғалім жаңа білімдерді сөздік, ауызша әдіспен (түсіндіру, әңгімелеу, сұхбат) ұсыну барысында көрнекі құралдарды пайдаланса, онда бұл көрнекілік –тәсіл ретінде қабылданады. Егер де көрнекіліктер білім игертудің негізгі құралы болып, солар негізінде оқушылар жаңа білім ақпараттарын қабылдаса, онда көрнекілік - әдіс, ал мұғалімнің қалған оқу іс-әрекеттерінің бәрі тәсіл болып есептеледі.

Сонымен, әдіс көптеген тәсілдерден құралады, бірақ олардың жәй жиынтығын білдірмейді. Тәсілдер арқылы оқытушы мен оқушының оқу жұмыстарын орындаудағы өзіндік ерекшелігі көрініп, оқу субъекттері іс-әрекеттеріне даралық сипат береді.

*Оқу ережелері (дидактикалық ережелер)* – оқу процесінің қалыпты педагогикалық жағдайларында қандай және қайтп әрекет жасау қажеттігін көрсететін нақты ұсыныс.

Ереже әрқандай тәсілдің сипаттамасы, норматив моделі есебінде қолданылады. Нақты міндет шешіміне пайдаланатын ережелер жүйесі - әдістің норматив-сипаттама моделін құрайды.

Оқу әдістері – тарихи категория. Өндіріс күштерінің деңгейі мен өндірістік қатынастар сипаты педагогикалық процестің мақсаттарына,

мазмұнына, құрал жабдықтарына өз ықпалын тигізеді. Олардың ауысуымен оқу әдістері де өзгеріске келеді.

Қоғамдық дамудың алғашқы кезеңдерінде өскелең әулетке тәжірибе өткізу ересектер мен балалардың бірлікті іс-әрекеттік процесінде орындалып жатты. Бұл дәуірлердегі басты оқу әдісі еліктіру, еліктеу жолымен іске асты. Ересектер қалай әрекетке келсе, балалар соны қайталап, қорек табу, от жағу, киім-кешек дайындау ж.т.б. үйренді. Негізгі оқуды өзгертпей, қайта жасау (репродуктив), (“мендей етіп істе”) әдісі алынды. Кейінгі замандардағы барша әдістер осы қайталай жасау әдісінен өз бастауларын алды.

Мектептердің ресми формаларының ұйымдастырылуы заманынан оқудың сөздік (ауызша) әдістері пайда болды. Мұғалім дайын ақпаратты сөзбен жеткізіп отырды, оқушылар оны есіте отырып, игерумен болады. Қоғамға жазудың келуі, кітап баспасының өркендеуі, білімді жария етуде, жинақтауда және әулеттен әулетке жеткізуде (код) таңбаны пайдалануға мүмкіндік берді. Енді сөз негізгі ақпарат ұсыну құралына айналып, ал кітап бойынша оқыту мұғалім мен оқушының ең көп тараған өзара ықпал жасау әдісі болды.

Кітап әрқилы қолданылды. Ортағасыр мектебінде оқушылар негізінен діни мазмұндағы мәтіндерді қарадүрсін жаттаумен шектелді. Осыдан жалаң, жаттанды оқу (догматикалық) әдісі үрдіске айналды. Бұл әдістің сәл жетілген түрі сұрақ қою, дайын жауаптар берумен (софистика) байланыстырылды.

Ұлы жаңалықтар ашу және ойлап табу дәуірінде бұрын оқытудың жалғыз- ақ жолы болған сөздік әдіс өз маңызын жоғалта бастады. Өркендеудегі қоғам қажетіне орай оқу процесіне бақылау, эксперимент, өзіндік жұмыс, жаттығу, яғни оқушыда белсенділік, саналылық, ынталылық оятуға бағытталған әдістер ене бастады. Көрнекі оқу әдісі де кең тарады.

XIX-XX ғ.ғ. шектерінде сөздік әдіске балама ретінде бала қажеттері мен қызығуларын біршама толық ескеретін, оның өзіндік әрекеттерінің дамуына жол ашатын эвристикалық (шығармашылдық) әдіс маңызды орын иелей бастады. “Кітаби” әдістердің орнына “табиғи ” әдістер келді. Яғни оқу шынайы болмыс, қоршаған дүниемен байланыстырылатын болды. Ұстаз бен оқушыны енді оқудың практикалық әдістерін қажет ететін “іс-әрекет арқылы оқып- үйрену” әдісі қызықтыра бастады. Мұндай оқуда қол еңбегіне, еңбекпен байланысты іс-әрекеттерге, сонымен бірге оқушылардың кітаппен жұмыс істеуіне көп мән беріліп, балалардың өз тәжірибесі негізінде дербестік қабілетін дамыту басты назарға алынды. Шамалап ізденіс, зерттеу әдістері қалыптасты.

Дегенмен, білім дамуының әр кезеңдерінде қолданымға келген әдістердің қай-қайсысы да өз бетінше жеке қажетті педагогикалық нәтижені қамтамасыз ете алмайды. Оқу әдістерінің әрбірі өз алдына әмбебап қызмет атқармайды. Оқу барысында әрқилы әдістерді өзара байланыстыра қолдану, пайдалану ғана тиімді өнімін береді.

## **8.2. Оқу әдістерін топтастыру**

Осы заманғы педагогикалық процесте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп. Осыдан, оларды ғылыми топтастыру қажеттігі туындайды. Бұл оқу әдістеріндегі жалпылық пен жалқылықты мәнділік пен кездейсоқтықты анықтауға жәрдемдеседі, оларды мақсатқа орай әрі тиімді пайдалануға себін тигізеді.

Қазіргі күнде педагогикада әдістерді топтастырудың үш жолы кең танылған.

### **1. Оқу әдістерін дидактикалық мақсаттарға орай топтастыру.**

Мұндай топтастыруға байланысты әдістерді бөлу ең алдымен оқу мақсатын назарға алады. Бұл жағдайда оқу мақсатына қол жеткізуге бағытталған мұғалім әрекетіне көп көңіл бөлінеді. Мақсатты көздеген әдістер тобына енетіндер:

- білім жинақтау әдісі;
- ептілік және дағды қалыптастыру әдісі;
- білімді қолдану, пайдалану әдісі;
- білім, ептілік, дағдыларды бекіту мен тексеру (бақылау) әдістері.

### **2. Оқу әдістерін білім көзі бойынша топтастыру.**

Тәжірибеде негізгі үш білім көзі нақты танылған: сөз, көрнекілік, іс-әрекеттік (практика). Осыған орай ажырататынымыз: сөздік әдістер (білім көзі ретінде ауызша не жазба сөз қызмет етеді); көрнекі әдістер (білім көзі- бақылауға түскен заттар, құбылыстар, көрнекі құралдар) және іс-әрекеттік әдістер (білім және ептіліктер ойын, оқу, қарапайым еңбектік істер процесінде қалыптасады).

Оқу әдістері жүйесінде басты орын **сөздік әдістерге** беріледі. Олар-әңгімелеу, түсіндіру, сұхбат, сөз-жарыс, пікір-талас, дәрісбаян (лекция), кітаппен жұмыс.

**Әңгімелеу** – оқу материалын тыңдарманға сипаттама не баян формасында монологты, бірізді сөйлеп жеткізу.

**Түсіндіру** – бұл игеруге қажет объект, құбылыс, кейбір ұғымдар заңдылықтары мен мәнді қасиеттерін талқы, талдау, мысал келтіру жолымен дәлелдеп, оқушы санасына енгізу. **Сұхбат** – оқудың диалогтық әдісі: педагог бірізді сұрақтар қоя отырып, оқушыны жаңа материалды түсіну, ұғу деңгейіне көтереді не ұсынылған материалдың қаншалықты меңгерілгенін тексереді.

**Дәрісбаян (лекция)** - көлемді материалды монологтық жолмен баяндау. Дәрісбаянның басқа сөздік әдістерден өзгешелігі – қатаң

құрылымды, мол ақпаратты, баяндалуы қисынды, білім мәнін ашу жүйелікке негізделеді.

Дәрісбаян *ғылыми-көпшілік* және *академиялық* болып ажыралады. Өткен материалды қорытындылауға, қайталауға *шолу дәрісбаяндары* қолданылады.

Қазіргі кезеңде дәрісбаян әдісін қолданудың көкейкестілігі ірі бөлімдер мен жеке тақырыптарды игеруде оқу материалын топтап ұсыну (блок) тәсілін пайдалану қажеттігінен туындап отыр.

**Оқу сөз-жарысы (дискуссия)** әдіс ретінде нақты проблема бойынша пікір алмасуға, жекеленген көзқарастар білдіруге негізделеді. Сөз-жарыс барысындағы оқушының ой-пікірі өзінің меншікті шешімі не басқа тұлғалардың ғылыми –теориялық ұсыныстары болуы мүмкін. Оқу сөз –жарысының басты қызметі – шәкірттердің танымдық ұмтылыстарына дем беру.

Сөз жарыс жәрдемімен оған қатысушылар жаңа білімдерді игереді, өз пікірлерінің дұрыстығына не қателігіне көзін жеткізеді, өз көзқарастарын қорғап қалуға үйренеді, басқалар ой топшылауларымен есептесу қажеттігін түсінеді.

**Кітаппен (оқулықпен) жұмыс** – кітап оқу сөздік әдісінің аса маңызды түрлерінің бірі. Бұл әдістің тиімділігі –оқушы өзіне қолайлы жағдайда, өз түсініміне орай оқу материалын қалауынша қайталап игеруге мүмкіндік алады.

Баспа көздерімен оқу жұмысын атқарудың бірнеше жолы бар:

- *конспектілеу* - оқылған ақпараттың қысқаша жазбасы не баяны. Конспектілеу түрлері- түгелдей көшіру, іріктеумен таңдап жазу, толық не қысқа конспект түзу. Оқушы конспектіні үшінші тұлғаның атынан емес, өз атынан жасағаны жөн, осы жағдайда оның дербес ойлау қабілеті дамиды;

- *тезистер түзу* - негізгі идеяларды белгілі бірізділікпен қысқаша баяндау;

- *реферат құрастыру* – тақырып бойынша бірнеше ақпарат көздеріне шолу беріп, олардың мазмұны мен формасына өз бағасын беру;

- *мәтін жоспарын жасау* - мәтінді бөлімдерге келтіріп, әрқайсысына атама беру; жоспар жай не күрделі болуы мүмкін;

- *сілтемелер беру* (цитирование)- мәтіннен өзгертілместен бөліп алынған көшірме. Сілтемеге байланысты қойылатын талаптар: әдептілік болуы, мағынаның өзгеріске түспеуі, сілтеме алынған еңбектің авторын, атамасын, баспа орыны мен атын, жария жылын, бетін дәл келтіру;

- *түсініктеме беру* (аннотация)- оқылғанның мәнді тараптарын жойып алмастан, қысқа, ықшам баяндау (ауызша не жазба);



- *пікір беру* (рецензирование)- оқылған жөнінде өз ойын білдіруге арналған қысқаша ауызша не жазба баян.

- *анықтама* (справка) *түзу* –ізденіс нәтижесінде жинақталған ақпарат бойынша мәлімет. Анықтамалар түрі - өмірнамалық дерек, сандық- статистикалық, жағрапиялық, терминологиялық және т.б.

- *формальды –қисынды модель жасау* - оқылғанды сөз-сұлбе (схема) күйінде жеткізу;

- *тақырыптық тезаурус құрастыру* - тақырып, бөлім не түгелдей пән бойынша тірек ұғымдардың реттелген жиынтық тізімін жасау;

- *идеялар матрицасын жасау* - біртекті заттар, құбылыстар жөнінде келтірілген түрлі авторлар еңбектеріндегі салыстырмалы сипаттамаларда кесте формасына келтіру;

- *пиктографиялық жазба* –сөзсіз бейнеу.

Білім көзіне орай топтастырудың және бір реті - бұл **көрнекілік әдістер**. Көрнекі әдістерді пайдалану барысында ақпараттық материалды игеру оқу процесінде көрнекі құралдар сұлбе (схема), кесте, сурет, модельдер, приборлар, техникалық құралдарды тікелей қолдануға тәуелді. Бұлардың бәрі оқушының сезім тетіктеріне ықпал жасауға негізделіп, сөздік және практикалық әдістермен бірге пайдаланылады.

**Оқудың практикалық әдістері** - оқушының іс-әрекетіне, оқу қызметтеріне негізделеді. Бұлардың басты міндеті –тәжірибелік ептіліктер мен дағдылар қалыптастыру. Мұндай топтастыруда жаттығу, лабораториялық және тәжірибелік әдістері бірігеді.

*Жаттығулар* – материалды игеру не игерілгеннің сапасын көтеру мақсатында оқу әрекеттерін (ақыл не қызметтік) көп мәрте қайталаумен орындау.

Жаттығулар ауызша, жазба, графикалық және оқу-еңбектік болып ажыралады.

*Ауызша жаттығулар* оқушылардың сөйлеу мәдениетінің, қисынды ойлау, ес, зейін, таным мүмкіндіктерінің дамуына ықпал жасайды.

*Жазба жаттығулардың* басты міндеті игерілген білімді бекіту және олар бойынша қажетті ептіліктер мен дағдыларды қалыптастырып, қолдануға бейімдеу.

*Оқу-еңбектік жаттығулар* ерекше әдістер тобын құрайды. Бұларды пайдалану нәтижесінде оқушылар теориялық біліктерін еңбек іс-әрекеттерінде қолдануға үйреніп, еңбек құрал-саймандарымен, лабораториялық жабдықтармен қатынас жасауға дағдыланады, құрастырушылық-техникалық ептіліктерін дамытады.

Оқушылардың өзіндік әрекеті мен дербес жұмыс істеуіне байланысты қалаған жаттығу қайта жасау, дағдылану, шығармашылдық сипатына ие.

Оқу процесінің белсенділігін көтеру, оқу тапсырмаларының сапалы орындалуына *түсіндірмелі жаттығулардың* тиімділігі орасан. Бұлардың мәні – оқушы орындап жатқан әрекетіне сипаттама береді, осыдан жаттығу ісі мен білімі көтеріңкі саналылықпен меңгеріледі.

*Лабораториялық жұмыстар* әдіс ретінде оқушылардың өз бетінше арнайы приборлар мен құралдарды пайдалана отырып, тәжірибе не эксперимент жүргізуіне негізделген. Жұмыс дара не топта жүргізіледі. Бұл әдісті қолдану барысында оқушылар жоғары белсенділік және дербестікпен қатысып, зерттеу істеріне етене араласуға мүмкіндік алады.

### **3. Оқу әдістерін шәкірттердің танымдық әрекеттеріне орай топтастыру**

Танымдық іс-әрекет сипаты оқушының ойлау белсенділігінің деңгейінен көрінеді. Мұндай топтастыру тұрғысынан келесі әдістер түрі ажыралады: түсіндірме – көрнекілі (ақпаратты – рецептивті, іштей түсіну), қайталай жасау (репродуктивті), проблемді баяндау, бөлшектеп ізденіс (эвристикалы) және зерттеу.

*Түсіндірме – көрнекілі* әдістің мәні – оқытушы әрқилы құрал-жабдықтар көмегімен дайын ақпаратты хабарлайды, ал оқушылар оны қабылдайды, түсінеді және есте қалдырады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті дайын білімдерді есте қалдыруымен еленеді, бірақ бұл бейсаналық деңгейде де болып, ақыл-ой белсенділігіне ешқандайда әсер етпеуі ықтимал. Осыдан түсіндірме, яғни ақпаратты- іштей түсіну әдісі әрдайым тиімді бола бермейді.

*Қайта жасау (репродуктивті) әдісте* оқытушы ақпаратты дайын күйінде хабарлап, түсіндіреді, ал оқушылар оны меңгеріп, ұстаз тапсырмасымен сол күйінде қайталап айтып береді. Білім өзгеріске түспейді, оқушыдан шығармашыл белсенділік талап етілмейді.

Қайта жасау әдісінің, ақпараттық іштей түсіну әдісіндегідей басты тиімділігі- уақыт, күш қуат үнемділігі. Бұл әдіс қысқа уақытта, көп күш жұмсамай ауқымды көлемдегі білім қоры мен ептіліктерді түсіндіріп жеткізуге мүмкіндік береді. Сабақ барысындағы көп қайталаудан білім бекімі бірқанша жоғары болады. Бірақ бұл әдіс те оқушылардың ой белсенділігін көтеруде өзінің тиімсіздігімен байқалады.

*Проблемді оқу әдісі* - оқу процесіндегі орындаушылық қызметтен шығармашыл іс-әрекетке өту құралы ретінде танылады. Бұл әдістің мәні – оқытушы мәселе ұсына отырып, оның шешімін береді, таным

процесіндегі ой өрісінің даму жолын көрсетеді. Оқушылар дайын білімдерді, қорытындыларды тек қана түсініп, есте қалдырумен шектеліп қалмай, дәлелдер қисынына, ой пайымдау тәсіліне бақылау қояды. Мұндай әдісті қолдану барысында оқушылар таным процесінің тікелей қатысушысы болмағанымен, мұғалімнің ой топшылауларына зер сала отырып, өздеріде проблема шешуге үйреніп барады.

Танымдық процестің біршама жоғары деңгейде танылғаны - бұл **бөлшектеп ізденіс (эвристикалық)** әдісі. Бұл әдіске байланысты оқушылар күрделі оқу проблемасын толықтай бастан-аяқ шешпестен, проблеманы бөлшектерге келтіріп, оларды бірінің ізімен екіншісіне жауап тауып отырады.

Оқытушы мұндайда оқушының ізденіс әрекетіндегі әр қадамына назар сала отырып, оған бағыт-бағдар сілтейді.

**Оқудың зерттеу әдісі** – оқушының білім игерудегі шығармашылық ізденісіне басты назар аударады. Бұл әдісті қолданудағы басты мақсат- оқушының білім игерудегі саналылығын көтеру, құбылыстар мен оқиғаларды нақты күйінде қабылдамай, олардың мән-мағынасына тереңдей ұғынуға үйрету, қорытындылар жасауға баулып, игерген білім, ептілік және дағдыларын тұрмыста қолдануға жаттықтыру.

Бұл әдістің бір кемшілігі – көп уақыт жұмсауды талап етеді.

Жоғарыда аталған дәстүрлі әдістерінің бәрі оқушының таңдау, есте қалдыру, мұғалімнің айтқанын қайталау әрекеттерін дамытуға бағыттталып, шын мәніндегі шығармашыл еңбек, белсенді таным мүмкіндіктерін өрбітуде тиімсіздік танытады. Бұл кемшілікті белсенді және жедел әдістермен толықтыруға болады. **Оқудың белсенді әдістері** – оқушы іс-әрекетіне өнімділік, шығармашыл- жасампаздық және ізденісті - зерттеу сипатын беретін жол-жобалар тобы. Оқу танымдық процесте шәкірт белсенділігін көтеруге **дидактикалық ойындар, нақты ситуацияларды талдау, іскерлік ойындар, проблемді мәселелерді шешу, алгоритм бойынша оқу, ақыл шабуылы (“мазговая атака”)**, жеке ұғымдармен жұмыс істеу.

**Жедел әдістер** – қысқа уақыт аралығында оқу сеанстарына ұзақтай ендіру жолымен көзделген іс-әрекетке үйретуде қолданылады (шомдыру әдісі). Бұл әдістер бизнес, маркетинг, шет ел тілдерін, практикалық психология мен педагогиканы оқытуда кең қолданылуда.

Қазіргі уақыттары жалпы педагогикада теориялық негізін тауып, оқу-тәрбие процесіне еніп жатқан бұрын соңды естімеген әдістер тобын келтіруге болады: **суггестопедия** - иландыру жолымен оқыту; **гипнопедия** – ұйқыда оқыту; **фармакопедия** - дәрі-дәрмек қолданып оқыту. Бұл әдістердің бәрі адамның табиғатындағы, ішкі мүмкіндіктеріне қозғау салып оқытуға бағытталған.

Сонымен, әдіс көп, оның топтастырылуы да сан қилы, әрқайсысы өз алдына тиімді де, кемшілігі де жоқ емес. Осынысына көз жібере отырып, зерделі ұстаз оқу мақсатына, мазмұнына, алдындағы оқу субъектіне сай келетін нақты әдіс таңдайды, оны қолданудың жолдарына мән береді.

### 8.3. Оқу құрал – жабдықтары

Оқу әдістері белгілі оқу ( дидактика) құрал - жабдықтарымен іске асырылады. **Оқу құрал-жабдықтары** - бұл білім алу, ептіліктер қалыптастыру көздері. «Оқу құрал –жабдықтары» түсінігі кең және тар мағынада қолданылады. Тар мағынада бұл түсінік оқу және көрнекі құралдары, көрсетпе жабдықтар, техникалық саймандар және т.б. байланысты. Ал кең мағынада оқу құрал-жабдықтары деп білім мақсатын іске асыруға жәрдемші жағдаяттардың бәрін түсінеміз, яғни оқу әдісі, формасы, мазмұны, сонымен бірге оқудың арнайы бұйымдарының бәрі осы оқу жабдықтарын құрайды. Оқу құралдарының көмегімен дүниені тікелей де жанама тануды жеңілдетеміз. Олар, әдістер сияқты оқу, тәрбиелеу және дамыту қызметтерін атқарып, оқушыларды ынталандыруға, оқу-танымдық іс-әрекетті басқару мен бақылауға пайдаланылады. Дидактикалық құралдар төмендегідей тіркеледі:

- *көру (визуалды) құралдары* -кестелер, карталар, табиғи объекттер ж.т.б.;
- *есіту(аудио)құралдары*-радио, магнитофон, ән-күй аспаптары ж.т.б.;
- *есіту-көру құралдары*-дыбысты фильмдер, теледидар ж.т.б.;
- *сөздік құралдар* - оқулықтар, мәтіндер;
- *оқу процесін автоматтастырушы құралдар* – тіл кабинеттері, компьютерлер, ақпараттық жүйелер, телебайланыс- қатынас тораптары;
- *сөз, сөйлеу, ым-ишара, дене қозғалыстары.*

### 8.4. Оқу әдістері мен құралдарын іріктеу

Педагогикалық қызмет әдістері мен жабдықтарын таңдау көптеген объектив және субъектив себептерге тәуелді, атап айтатын болсақ, олар:

- оқу заңдылықтары және оларға негізделген принциптер;
- адамның оқу, тәрбие және дамуына байланысты жалпы мақсаттар;
- нақты білімдену –тәрбие міндеттері;

- оқуға болған ынта деңгейі;
- нақты оқу пәнінің әдістемелік ерекшеліктері;
- материал мазмұны;
- материал игеруге бөлінген уақыт;
- оқу материалының саны мен күрделілігі;
- оқушылардың дайындық деңгейі;
- шәкірттердің оқу дағдыларының қалыптасу дәрежесі;
- дәріс түрі мен құрылымы;
- оқушылар саны;
- балалар қызығулары мен ықыласы;
- оқу еңбегі процесінде қалыптасқан ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас (қызметтестік не әміршіл - әкімшіл);
- материалды – техникалық қамсыздандырылуы;
- педагогтың тұлғалық ерекшеліктері мен біліктілік деңгейі- дәрежесі.

Аталған жағдайлар мен шарттарды ескере отырып, оқытушы нақты әдіс пен құрал – жабдықты іріктеу, таңдау жөнінде шешім қабылдайды немесе дәріс өткізудің жағдайына орай бірнеше әрқилы әдіс не құралды біріктіре пайдалануды көздейді.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Оқу әдісі деген не?
2. Өзіңізге таныс әдістер топтамасына сипаттама беріңіз?
3. Оқу әдістерінің қай топтамасы, сіздіңше, сәтті берілген?
4. Оқу әдістерін іріктеуге ықпал етуші жағдаяттарды атап беріңіз?
5. Қай жағдайда зат не құбылыс оқу құралы ретінде танылады?

## 9-дәрісбаян. Оқу формалары

### Жоспары

1. Оқу формасы түсінігі
2. Оқу формаларының қалыптасуы мен жетіліп баруы
3. Оқу процесін ұйымдастыру формалары
4. Оқу түрлері

### 9.1. Оқу формасы түсінігі

Оқушылардың білім мазмұнын игеру іс-әрекеттері әрқилы формада жүзеге асып барады.

Латын сөзі «форма» тысқы бейне, сырттай көрініс, қандай да нәрсенің құрылымы дегенді аңдатады. Оқуға байланысты форма екі мағынада қолданылады: 1) оқу формасы; 2) оқу-ұйымдастыру формасы.

Дидактикалық категория ретінде **оқу формасы** оқу процесі ұйымдастырылуының сырттай көрінісін білдіреді. Ол оқу процесінің мақсаттары, мазмұны, әдістері мен құрал-жабдықтарына, материалдық жағдайларына, қатысушылар құрамы және т.б. элементтеріне тәуелді.

Оқушылар санына, оқу уақыты мен орынына, іске асыру тәртібіне орай оқу формасы әрқилы болып келеді. Қазіргі мектеп тәжірибесінде келесідей оқу формалары қалыптасқан: жеке-дара, топтық, толық сыныптық, ұжымдық, жұптастық, дәрісханалық және дәрісханадан тыс сыныптық және сыныптан тыс, мектептік және мектептен тыс, әлбетте, мұндай топтастырудың (классификация) жетілген ғылыми негіздемесі әзірге болмай тұр. Дегенмен, осы тұрғыдан оқу формаларының көптүрлілігін біршама ретке келтіру мүмкін.

**Жеке-дара оқу формасы** мұғалімнің бір оқушымен педагогикалық қатынасқа келуінен құралады.

**Оқудың топтық формасында** оқушылар әрқилы мүдде-мақсатқа орайласқан топтарда оқиды, тәрбиеленеді.

**Толық сыныппен жұмыс** (фронталь) формасы оқуда мұғалім бір мезетте барша оқушылармен, біркелкі тапсырма, міндет белгілеп, сынып қатысушыларының бәріне ортақ іс-әрекеттер төңірегінде бірқалыпты оқу жұмыстарын алып барады.

**Оқудың ұжымдық формасы.** Бұл оқу түрінің фронталь оқу формасынан өзгешелігі: сынып оқушылары өздеріне тән ара қатынас, өзара ықпал жасау ерекшеліктерін сақтаумен біртұтас, мақсат-мүддесі ортақ, біртекті жұмыс бағытында бірігіп, бекіген ұжым ретінде қарастырылады.

**Жұптасып оқуда** негізгі өзара байланысты оқу әрекеттері екі оқушының қатысуымен орындалады.

**Дәрісханалық және дәрісханадан тыс, сыныптық және сыныптан тыс, мектеп ішілік және мектептен тыс** оқу жұмыстары өздерінің өткізілетін орындарымен белгіленеді.

**Оқу ұйымдастыру формасы** – бұл оқу процесінің жекеленген бөлігінің құрылымы, дәрістің белгілі бір түрі (сабақ, дәрісбаян, семинар, саяхат, факультатив дәріс, емтихан, сынақ және т.б.)

Оқудың ұйымдастырылу формалары әрқилы негіздемелерге байланысты қарастырылуы мүмкін.

- Оқу процесінде *басым болған мақсатқа* орай – кіріспе сабақ; білімді тереңдете оқыту дәрісі; практикалық сабақ; білімді жүйелестіру және қорытындылау сабағы; білім, ептілік және дағдыларды бақылау, тексеру сабағы; аралас сабақ формалары.

- *Дидактикалық мақсаттарға орай* – теориялық, практикалық, еңбектік, аралас сабақтар формалары;

**Жеке-дара** өтілетін дәріс түрлері: репетиторлық, тьюторлық, менторлық, гувернерлық, отбасылық оқу, өзіндік оқу.

**Ұжымды-топтық** сабақ түрлері өз ішіне дәрісбаян, семинар, конференция, олимпиада, оқу саяхаттары және іскерлік ойындарды қамтиды.

**Даралықты-ұжымды** дәрістер-пән, тақырып жұмыстарына толық шомдыру (погружение), шығармашылдық апталары, ғылыми апталар, жоба (курстық, диплом) жұмыстары.

## **9.2. Оқу формаларының қалыптасуы мен жетіліп баруы**

Оқу формалары қозғалысты, қоғам, өндіріс, ғылымның даму деңгейіне тәуелді пайда болады, өрістейді, бірі бірімен ауысып отырады. Әлемдік білім тәжірибесі тарихында әрқилы оқу жүйелері қалыптасып, олардың әрқайсысы өзіне ыңғайлы оқу формаларына сәйкес, қолданылған.

Алғашқы адамзаттық қауымның өзінде-ақ тәжірибені бір адамнан екіншіге, ересектен жас әулет өкіліне өткізу мақсатында **жеке-дара** оқыту жүйесі іске асырылды. Бірақ мұндай жолмен көп санды оқушы қамту мүмкін болмады. Қоғамның бұдан былайғы дамуы сауатты адамдардың көп болғанын қажет етті. Осыдан жеке-дара оқыту басқаша ұйымдастыру формаларымен ауыса бастады. Дегенмен, жеке-дара оқыту өз маңызын осы күнге дейін жоғалтпастан, репетиторлық, тьюторлық, менторлық, гувернерлық оқу формаларында қолданым табуда.

**Репетиторлық**, әдетте, оқушыны емтихан және сынақ тапсыруға дайындаумен байланысты.

**Тьюторлық пен менторлық** шет елдерде кең тараған жеке-дара оқыту формасы. Оқушының білім жолындағы іс-әрекетінің өнімділігін арттыруда өте пайдалы. Ментор немесе ұстаз – оқушы кеңесшісі, оқылып жатқан пән мазмұнына даралық сипат береді, тапсырмалар орындауға жәрдемдеседі, тұрмысқа бейімделуге көмек көрсетеді. Тьютор-оқушыға ғылыми жетекшілік жасап, оны конференцияларға, ғылыми іс-шараларға дайындайды.

Соңғы кездерде отбасылық оқу-тәрбие формасы - *гувернерлық* қайта жаңғыруда.

Ғылыми білімдердің дамуы мен білім аймағына көпшілік қауымның тартылуымен жеке-дара оқыту жүйесі **даралықты-топтық** оқыту формасымен ауысуда. Мұндай оқытуда мұғалім балалардың бүтін бір тобымен оқу жұмысын алып барады, бірақ дәріс жеке оқушымен жұмыс сипатын жоймайды. Мұғалім дайындығы әр деңгейлі, әр жастағы 10-15 баламен шұғылданады. Ол кезегімен әр оқушыдан өтілген материалды сұрастырып, әрқайсысына жаңа оқу материалын жеке түсіндіріп, дара тапсырмалар беріп отырады. Балалардың бәрі бірдей, мұғалім пайымдауынша, дәріске байланысты ғылым негізін, кәсіп не өнерге тиесілі материалды меңгергенше аталған оқу жұмыстары қайталанатын. Дәрістің басталуы мен аяқталуы, оқу мерзімі әр оқушы үшін даралықты сипатымен ерекшеленеді. Осыдан оқушы мектепке оқу жылының өзі қалаған мерзімінде, күннің өзі таңдаған мезетінде келуге құқылы болды.

Даралықты-топтық оқу әрқандай өзгерістерге ұшырап, біздің заманымызға дейін сақталып келді. Ауылдық жердегі оқушы саны өте аз бастауыш мектептер мұның айғағы. Бір оқу бөлмесінде бірінші сынып бағдарламасымен оқитын 2-3 бала, бірнешесі-екінші сынып материалын игеріп жатқан оқушылар отыруы мүмкін.

Орта ғасырларда қоғамның әлеуметтік-экономикалық ілгерілі дамуына байланысты білімді тұлғалардың көптеп қажет болуынан білімдену аймағы өрістей кеңіді. Бір қатар жастағы балаларды бір топқа біріктіре оқыту мүмкіндігі туындады. Осыдан оқудың **сынып-сабақтық** жүйесі пайда болды. Бұл жүйе XVI ғ. Белорусия мен Украина мектептерінде қалыптасып, өзінің теориялық негіздемесін XVII ғ. Ян Амос Коменскийдің “**Ұлы дидактика**” кітабында тапты.

Бұл жүйенің сыныптық белгісі-белгілі бекіген құрамды, тендей жастағы балалар тобының (сыныбының) болуы. Сабақтық аталуы-оқу процесі қатаң белгіленген уақыт аралығында – дәрісте өткізілуінен.

Сабақ теориясына Я.А. Коменский дәуірінен кейінгі кезеңде елеулі үлес қосқан белгілі орыс педагогі **К.Д. Ушинский** болды.



Сынып-сабақтық жүйе барша елдерде кеңінен тарап, уақыт озуына қарамастан өзінің негізгі белгілерімен әлі күнге дейін сақталуда.

Алайда, XVIII ғ. соңына қарай сынып - сабақтық жүйе орнына қолданылғандай оқуды ұйымдастырудың жаңа формаларын іздестіру көбіне оқушылар санын ұлғайту және оқу процесін басқару проблемаларымен байланысты болды.

Сынып-сабақтық жүйені реформалаудың алғашқы қадамын XVIII ғ. аяғында- XIX ғ. басында ағылшын священнигі **А. Белл** мен мұғалімі **Дж. Ланкастер** жасады. Олардың ниеті-жұмысшылар арасында бастау білімдерді кеңінен енгізуді қажеттігі мен оқыту және мұғалім дайындығына жұмсалатын қаржыны көбейтпеу аралығындағы қарама-қайшылықты үйлестіру еді.

Жаңа жүйе *өзара оқытудың белл-ланкастерлік* жүйесі атауын алып, Индия мен Англияда бірдей уақытта тәжірибеге енді. Бұл жүйенің мәні-ересек оқушылар мұғалім басшылығында материалды өздері игеріп, соң қажетті көрсетпе –нұсқаулар алып, өздерінен кіші жолдастарын оқытты, нәтижеде аз оқытушылар санымен жаппай оқуды ұйымдастыруға қол жететін болды. Бірақ оқу сапасы ойдағыдай жоғары деңгейге көтерілмеді, сондықтан белл-ланкастерлік оқу жүйесі кең өрістей алмады.

Ғалымдар мен практиктердің оқуды ұйымдастырудың жаңа формаларын іздестіргендегі мақсаты-сабақ жүйесінде кезігетін кемшіліктерді, атап айтсақ, оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербес дамуына тұсау болып келген оқудың орташа білімді оқушыға бағдарлануы, оқу мазмұнының біртектілігі мен оқу игеру қарқынының дараланбауы, оқу процесі құрылымының өзгермеуін талап ету сияқты педагогикалық олқылықтардың орнын толтыру болды.

XIX ғ. ақырында АҚШ-та *батав жүйесі*, ал Батыс Европада *мангейм жүйесі* аталған таңдамалы оқу формалары пайда болды. Біріншісінің мәні-мұғалім уақыты екі бөліктен тұрады: алғашқысы-бүкіл сыныппен ұжымдық оқу ісіне арналады да, ал екінші бөлімінде қажетсінген оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіледі.

Мангейм (Европада) қаласында қолданылған мангейм оқу формасы негізінен сынып сабақтық оқу талаптарын сақтай отырып, оқушылардың қабілеттеріне, ақыл-парасат даму деңгейі мен дайындық дәрежесіне қарай әртүрлі сыныпқа бөліп отыруды көздеді.

Оқу жүктемесі мен оқу әдістерін балалардың нақты қабілеттері мен мүмкіндіктеріне орайластыру принципін сақтай отырып, бұл жүйенің негізін қалаушы **Й. Зиккингер** төрт типті сынып оқуын ұсынды; аса дарындылар үшін, орташа қабілетті балаларға арналған негізгі сыныптар, қабілеті төмен балалар сыныбы мен ақылы кем оқушыларға арналған көмекші сыныптар. Мұндай сыныптарға балаларды іріктеу психометриялық барлау, мұғалімдер мінездемелері

мен емтихандар негізінде жүргізілді. Й. Зиккингердің пайымдауынша , мұндай оқуларға тартылған шәкірттер дамуына орай сыныптан сыныпқа ауысып отыруына мүмкін еді, алайда бұлай болмай шықты, себебі оқу бағдарламаларындағы шектен тыс алшақтық бұған жол бермеді.

1905 ж. Дальтон (АҚШ) қаласында алғашқы рет **Елена Праксерт** қолданып, *дальтон-план* аталған жекеленген оқу жүйесі пайда болды. Бұл жүйе педагогикада көбіне зертханалық немесе шеберханалық оқу жүйесі деп те аталады. Жүйенің алға қойған мақсаты-оқушыға өзіне тиімді шапшаңдық және қарқынмен оқып, өз қабілетіне орай білім игеруге мүмкіндік беру. Оқушылар әр пәнге байланысты жылдық тапсырмаларын алу мен белгіленген мерзімде олар бойынша есеп беріп отырды. Дәстүрлі сабақ формасындағы оқу шегерілді, баршаға ортақ дәрістер кестесі болмады. Оқушылар табысты оқуы үшін қажетті оқулықтардың, әдістемелік нұсқаулардың бәрімен қамтамасыз етілмеді. Ұжымдық оқу жұмысы күніне бір сағат өтіліп, қалған уақытта олар пән шеберханалары мен зертханаларында өзіндік жеке дәріспен айналысты.

Жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, оқушылардың көбінің мұғалім жәрдемінсіз дербес білім игеруге шамасы жетпейтіні белгілі болды. Сонымен дальтон –план педагогикалық іс-тәжірибеде кең өріс жая алмады.

1920-жылдары дальтон-план ғалымдар мен мектеп қызметкерлері тарапынан қатаң сынға кезікті. Дегенмен, сол уақыттың өзінде ол ССРО-да пайда болған оқудың *бригадалық- зертхана* формасына өрнекке алынып, қатаң құрылымды сабақты ығыстырды. Бригадалық – зертхана оқуының дальтон-планнан ерекшелігі – бүкіл сыныптың ұжымдық жұмысы бригадалы топ оқу ісі мен әр оқушының жеке оқуы арасындағы байланысқа негізделді. Жалпы дәрістерде оқу жұмыстары жоспарланды, тапсырмалар талқыланды, мұғалім қиын сұрақтарды түсіндірді және көпшілік оқу іс-әрекетін қорытындылады. Бригада тапсырмасын белгілей отырып, мұғалім оның орындалу уақытын көрсетті, әр оқушының міндетті оқу тапсырмасын анықтап, қажет болса, әрбір оқушының шамасын байқап, оған бөлінген тапсырмаларға даралықты сипат беріп отырды. Қорытынды конференцияларда бригадаға жетекші оқушы жұмысты орындауға қатысқан белсенділер атынан есеп береді, ал қалған оқушылар тек қатысып қана отырды. Барлық бригада мүшелеріне бірдей баға қойылды.

Әмбебап оқу жүйесі ретінде қабылданған бригадалы-зертхана оқуына тән сипаттар: мұғалімнің жетекші ролі мойындалмады, оның қызметі оқушыларға ретті кеңес берумен шегерілді.

Шәкірттердің оқу мүмкіндіктері мен білім жинақтаудың өзіндік дербес әдісін әсірелеуден үлгерім күрт төмендеді, білім игеруде

жүйелілік болмай, жалпы білімдік маңызды ептіліктер қаланудан қалды. 1932 жылы бұл жүйе бойынша оқу мүлде тоқтады.

1920 жылдар кеңестік мектеп тәжірибесінде **жобалап оқыту жүйесі (жобалау әдісі)** қолданыла бастады. Орта Азия және Қазақстан аймағында бұл жүйе **төте оқу** атамасымен қабылданды.

Жүйе авторы американдық мектеп мұғалімі - **У.Килпатрик**. Бұл педагогтың ойынша, мектеп бағдарламасының негізіне баланың өмір барысында топтаған, нақты дүниемен байланысты тәжірибелік іс-әрекеттері және оның ұмтылыс, қызығулары арқау болуы шарт. Мемлекет не мұғалім оқу бағдарламасын жасауға құқылы емес, ол оқу процесінде балалардың мұғаліммен бірлікті ісі нәтижесінде түзілуі әрі оның мазмұны баланы тікелей қоршаған болмыстан алынуы тиіс. Жоба түзуге қажет тақырыптарды оқушылар өздері таңдайды. Оқу тобының мамандануына (бағытына) орай жоба шынайы болмыстың қоғамдық-саяси, шаруашылық-өндіріс, мәдени-тұрмыстық салаларына сәйкес болуы міндетті, яғни оқу-жобаларын құрастырудағы мақсат- баланы өз өмір желісінде туындайтын проблемаларды зерттеп, тануға үйретіп, оларды шешу жолдары және құралдарымен қамсыздандыру. Алайда, бұл әдіске әсіре әмбебап сипат беру және оқу пәндерін жүйелестіріп меңгеруден бас тарту балалардың жалпы білімдік дайындығына орасан нұқсан келтіріп, үлгерімді өте төмендетіп жіберді. Жүйе сонымен түгелдей дағдарысқа ұшырап, келмеске кетті.

1960 жылдары американдық педагогика профессоры **Л.Трамп** ізденісіне байланысты жарық көрген **Трамп жоспарымен оқу** жүйесі үлкен маңызға ие болды. Оқуды ұйымдастырудың бұл формасында үлкен дәрісханалардағы (100-150 адам) оқуды 10-15 адамдық шағын топтар мен жеке оқушылар жұмыстарын байланыстыра жүргізу көзделді. Әрқилы техникалық жабдықтармен өтілетін жалпы дәрісбаяндарға оқу уақытының 40%, дәрісбаяндарды талқылау және кей бөлімдерді тереңдей меңгеру мен ептілік және дағдылар қалыптастыру семинарларына 20% бөлініп, ал қалған уақытты (40%) оқушылар мұғалім не жетекші оқушы басшылығында өз бетінше оқу ізденісіне пайдаланды. Бұл жүйеде сынып шегеріліп, шағын топтар құрамы тұрақсыз болды.

Қазіргі уақытта Трамп жоспары бойынша аз санды жеке меншікті мектептер ғана жұмыс істейді, ал көпшілік оқу орындарында бұл жүйенің кейбір элементтері сақталған, атап айтсақ, олар – бір пәнді оқытушылар бригадасы алып барады (біреулері дәрісбаяндар жүргізсе, басқалары семинарлар ұйымдастырады); үлкен топ оқушыларымен дәріс жүргізу үшін арнайы білімі болмаған жәрдемшілер тартылады; кіші топтарда өзіндік жұмыстар ұйымдастырылады. Жалпы білім беретін мектепке жоғары оқу орындарындағы білім жүйесін қарадүрсін енгізумен бірге Трамп жоспары даралықты оқу принципін ұстана отырып, оқушыға білім мазмұны мен оны игеру әдістерін таңдауда

толық еркіндік береді. Бұл жоғарыда аталған кей жүйелердегі мұғалімнің жетекшілігін мойындамай, білім стандартынан бас тартудың әлі де сақталуына жол қойып отыр.

Осы заманғы кей мектептер тәжірибесінде оқуды ұйымдастырудың басқа да формалары қабылданған. Батыс елдерінде *шектері нақтыланбаған (неградуированные) сыныптар* сақталған: кей оқушы бір пән бойынша жетінші сынып бағдарламасымен оқыса, қалған пәндерден алтыншы не бесінші сыныптық білім алып жүруі мүмкін.

Жер-жерде *ашық мектептер* ұйымдастыру эксперименттерінде жүріп жатыр. Оқу мұндай мектеп жағдайында қоры бай кітапханалар, шеберханалар орталықтарында өткізіледі, яғни бұл болашақта “мектеп” деген жүйенің жалпы керек болмасына мезгеп тұр.

Оқу ұжымдастырудың ерекше формасы *шомдыру* (погружение): оқушы белгілі уақыт (бір не екі апта) аралығында бір немесе екі пәнді игерумен ғана айналысады. Осыған сәйкес Вальдорф мектептерінде *дәуірлер бойынша* оқу ұйымдастырылған.

Оқуды ұйымдастыру формалары дамуының қысқаша тарихы осылайша.

Жоғарыда аталған барша жаппай оқыту формаларының арасында үлкен тұрақтылығымен сақталғаны **сынып-сабақтық** оқу жүйесі. Шынымен де, осы оқу формасы педагогикалық ой мен жаппай мектеп озық тәжірибесінің аса құндылықты жемісі.

### 9.3. Оқу процесін ұйымдастыру формалары

Оқу процесі әрқилы ұйымдастырылуы мүмкін. Оның ұйымдастырылу формалары да сан түрлі: сабақ (дәстүрлі түсінімде), дәрісбаян, семинар, конференция, зертхана-практикалық дәріс, практикум, факультатив, оқу саяхаты, курстық жоба, дипломдық жоба, өндірістік практика, өзіндік үй жұмысы, кеңес, емтихан, сынақ, пән үйірмесі, шеберхана, студия, ғылыми қоғам, олимпиада, конкурс және т.б.

Қазіргі заманда еліміз мектептері тәжірибесінде оқушыларға келелі тәлім-тәрбие берудің бірден-бір формасы да, құралы да– сабақ өз маңызын жойған емес.

**Сабақ** – оқу процесін ұйымдастырудың ең тиімді формасы. Бұл оқу барысында педагог дәл белгіленген уақыт аралығында оқушылардың тұрақты тобымен (сыныбымен) шәкірттерге игерілуі тиіс пән негіздерін қабылдауына тиімді жағдайлар жасап, қажетті жұмыс түрлерін, құрал-жабдықтары мен әдістерін қолданып, танымдық және басқа да іс-әрекеттерді ұйымдастырады, онымен бірге оқушыларды

тәрбиелеп, олардың шығармашыл қабілеттері мен рухани күштерінің көзін ашып, жетілдіріп, дамыта түседі.

Әр сабақ негізгі бірліктерден құралады. Олар – жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, ептілік, дағдыларды тексеру. Бұлардың әрбірі мұғалім мен оқушының қандай да өзіндік сипатына ие іс-әрекетімен ұштасады. Аталған бірліктер сан қилы байланысқа түсіп, сабақ құрылымының, оның кезеңдері арасындағы көптеген сан және сападағы көрініс береді.

*Сабақ құрылымы* – бұл белгілі бірзділікті және өзара қарым-қатынасқа келген дәріс бірліктерінің байланыс тұтастығы. Құрылым әрқашан дидактикалық мақсатқа, оқу материалының мазмұнына, оқушылардың жас айырмашылықтары мен ұжым сипатындағы сынып ерекшеліктеріне тәуелді. Сабақ құрылымының көптүрлілігі сабақ типтерінің де сан алуандығына жол ашады.

Бүгінгі дидактикада сабақ типтерінің жалпылай қабылданған нақты классификациясы жоқ. Мұның басты себебі – сабақта мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланысқа түсетін ықпалдас іс-әрекеттердің алдын ала болжамға келе бермейтін күрделілігі мен көп тараптылығында.

Бүгінгі дидактика сабақ типтерін олардың басты сипатына орай төмендегіше топтастырады:

***дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ типтері:***

- жаңа білім материалын хабарлау;
- білімді бекіту;
- ептіліктер мен дағдыларды қалыптастырып, бекіту;
- қорытындылау;
- білім, ептілік және дағдыларды тексеру (бақылау) сабағы.

***Оқу дәрістерін өткізу тәсілі бойынша сабақ типтері:***

- оқу саяхаттары;
- кино-теле-сабақтар;
- өзіндік жұмыс сабақтары және т.б.

***Дәріс бірліктерінің басымдылығын негізге алған арнайы сабақ типтері:***

- жаңа материалды игеру;
- бекіту;
- қайталау;
- білімді бақылау, тексеру.

Егер арнайы сабақ типтерінің мақсаттары мен жұмыс түрлері не олардың элементтері бір дәрісте тоғысатын болса, ондай сабақты *аралас сабақ* деп атау қабылданған.

Сабақтан басқа да, жоғары да айтылғандай, оқуды ұйымдастырудың әртүрлі формасы баршылық. Солар арасында аса ерекше көзге түсетіні – дәрісбаян (лекция).

*Дәрісбаян* – оқу процесінің өзіндік анайы құрылымымен танылған тәлім-тәрбие формасы. Дәрістің басынан ақырына дейін оқытушы жаңа оқу материалын баяндап, ұсынады, ал оқушылар сол материалды белсенділікпен қабылдайды. Дәрісбаян оқу ақпаратын ұсынудың ең тиімді тәсіл жолы, себебі оқу материалы қисыны нақтыланған формада шоғырландырылып беріледі. Мұндай сабақ аяқ асты, суырып салмалыққа мүмкіндік береді, осыдан дәріс тыңдармандардың белсенділік көтеріңкілігіне дем беріп, сабаққа араласып отыруына қолдау-қуаттау көрсетеді, сонымен бірге оқу процесіне шығармашыл сипат ендіріп, сабақ ақпаратына болған қызығушылықты арттырады.

Дидактикалық мақсаттарына және оқу процесіндегі орнына байланысты дәрісбаян: кіріспе, айқындау (установочная), ағымдық, қорытындылау және шолу- түрлерімен ажыралыады.

Оқу дәрістерін өткізу әдіс-тәсілдеріне орай дәрісбаян түрлері төмендегідей:

- *ақпараттық дәрісбаян* – түсіндірме-көрнекілік әдіспен өткізілетін дәстүрлі, ежелден келе жатқан оқу түрі;

- *проблемді дәрісбаян*- оқу материалының ұсынылуы шешімі қажет болған сұрақтар, мәселе-міндеттер, жағдай-ситуациялар қолданумен өтілетін оқу формасы. Таным процесі-ғылыми ізденіс, диалог, талдау, әрқилы көзқарастарды салыстыру және т.б. жолдармен орындалатын оқу шарты;

- *көрнекілі (визуалды) дәрісбаян* – оқу материалын техникалық оқу құралдарын, аудио, теледидар қолдану арқылы, түсіндірме бере отырып, оқыту жүйесі;

- *бинарлы дәрісбаян* (диалогты дәрісбаян) – оқу материалын екі оқытушының - бірі ғалым, екіншісі – практик немесе екі ғылыми бағыт өкілдерінің сұхбаты негізінде жеткізу формасы;

- *шатастыру дәрісбаяны* (лекция провокация) –мұндай дәрістер алдын ала жоспарланған қателіктермен беріледі. Мұндағы мақсат – оқушылар ынтасына дем беріп, ұсынылып жатқан материалға бақылау қоюға және көзделген олқылықтарды байқауға үйрету. Дәрісбаян соңында тыңдаушылар білімі сарапқа салынып, жіберілген қателіктерге талдау беріледі;

- *дәрісбаян –конференция* – ғылыми-практикалық сабақ түрінде күн ілгері белгіленген, оқу бағдарламасына сәйкес проблемалар төңірегінде баяндамалар тыңдау жолымен өткізіледі. Сабақ аяғында оқытушы қорытынды жасайды, ақпаратты толықтырады әрі нақтылайды, негізгі тұжырымдар жасайды;

- *Кеңес дәрісбаяндар* «сұрақ-жауап» не «сұрақ-жауап-сөз-жарыс» күйінде материалды оқушыға жеткізу формасы;

- *Екеу дәрісбаяны* (лекции вдвоем)- бір пән не тақырып бойынша екі маман бір уақытта дәріс жүргізеді. Оқушылар қатысына орай оқытушы рейтингі анықталады.

Дәрісбаян түрлері басқа да негіздемелер бойынша:

- *жалпы мақсаттарына* байланысты оқыту-ағарту, үгіттік, насихаттық, тәрбиелік, дамытушылық дәрісбаяндары ажыралады;

- *мазмұны бойынша*; академиялық және ғылыми көпшілік дәрісбаяндары белгілі;

- *ықпал-әсеріне орай*: көңіл-күй, түсінім, иландыру деңгейіндегі дәрісбаяндар қолданылуда.

Құрылымдық жағынан, әдетте, дәрісбаян үш: кіріспе, негізгі және қорытынды – бөлімнен тұрады. *Кіріспе бөлімде* тақырып нақтыланады, жоспар мен міндеттер таныстырылады, негізгі және қосымша әдебиеттер көрсетіледі, өтілген материалдармен байланыстар түзіледі, тақырыптың теориялық және практикалық маңызы сипатталады. *Негізгі бөлімде* проблема мазмұны ашылып, өзекті идеялар мен ұстанымдар нақтыланады, олар арасындағы байланыстар, қатынастар көрсетіліп, құбылыстар талданады, қалыптасқан тәжірибе мен ғылыми зерттеулерге баға беріледі, даму болашағы жөнінде жол - жоба анықталады. *Қорытынды бөлім* қызметтерінің мәні – мазмұн нақтылы үйретіліп, негізгі теориялық көзқарастар қысқаша қайталанып, жалпыланады, қорытынды ой-сөз жүйесіне келтіріліп, сұрақтарға жауаптар беріледі.

**Семинар** -меңгеріліп жатқан мәселелер, баяндамалар мен рефераттарды ұжымдық талқылау формасында өтетін оқу дәрісі. Семинарлардың басқа сабақтардан өзгешелігі - оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттері көбіне олардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылады. Семинар желісінде тұңғыш дерек көздерінен, құжаттардан, қосымша әдебиеттерден, оқудан тыс ізденістер барысында алынған оқушылардың білімдері тереңдетіледі, жүйеге келтіріледі және бақыланады; дүниетанымдық бағыт-ұстанымдары , бағалау-сұрыптау ой-пікірлері жүйелі бекімге келтіріледі.

Жүргізу тәсіліне орай семинарлардың бірнеше түрі бар. Олардың ішінде аса кең тарағаны – **семинар-сұхбат** : оқытушының қысқа кіріс сөзі және қорытындылауымен жоспарға сәйкес кең әрі ашық сұхбат-әңгімелесу формасында өтеді. Семинарға жоспар сұрақтары бойынша барша оқушылардың мұқият дайындығы қажет, бұл тақырып бойынша белсенді талқы, пікір-талас ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоспардың әр сұрағы бойынша жеке оқушылар хабарламалары тыңдалады, соңынан олар басқа оқушылар тарапынан талқыланады әрі толықтырылады.

Кейде семинар қатысушылары сұрақтарды өзара бөліп алады да, баяндамалар, хабарламалар дайындайды, кейін олар семинар сабағында тыңдалады және талқыланады.

Семинардың ерекше түрі **семинар-сөз-жарыс**. Ол қандай да бір проблеманың шешілу жолдарын айқындау мақсатындағы ұжымдық талқыға арналады. Мұндай семинардың мақсаты – дүниетанымдық бағыт-бағдар бекіту, бағалау пікірлерін қалыптастыру, пікірталас жүргізу ептіліктерін дамыту, өз көзқарастары мен ұстанымдарын қорғауға үйрету, өз ойын қисынды да анық баяндауға баулу.

**Оқу конференциясы** – білім арттыру, бекіту және жетілдіруге бағытталған оқу ұйымдастыру формасы. Әдетте, мұндай форма бірнеше топтардың қатысуымен өткізіледі.

**Зертхана-практикалық сабақтар, практикумдар** – оқушылардың мұғалімдер тапсырмалары және басшылығында зертханалық тәжірибе жұмыстар орындауына арналған оқу ұйымдастыру формасы. Бұл оқу түрі пән кабинеттерінде, зертханаларда, шеберханаларда, оқу-тәжірибе алаңдарында, оқушылардың өндірістік бригадаларының қатысуымен өндіріс комбинаттарында өткізіледі.

Мұндай дәрістердің негізгі дидактикалық мақсаттары - өтілген теориялық материалдардың эксперименталды негіздемесіне көз жеткізу; эксперимент техникасын меңгерту; тәжірибелер өткізу арқылы оқу-тұрмыстық міндеттерді шешу ептіліктерін қалыптастыру; әрқилы оқу жабдықтары мен техникалық құралдарды пайдалануға дағдыландыру.

Бұл сабақтар сонымен бірге бағдарламадағы ірі бөлімдерде берілген теориялық материалдар игерімін бақылау, қадағалау үшін қолданылады.

**Факультатив сабақтар** - оқу пәндерін оқушылардың өз таңдауы және қызығуларына орай тереңдете оқуына арналып, шәкірттердің ғылыми-теориялық білімдері мен практикалық ептіліктерін дамытуды көздейді.

Білім беру міндеттеріне сәйкес факультатив түрлері келесідей:

- негізгі оқу пәндерін тереңдете игеру;
- қосымша пәндерді (логика, риторика, шет ел тілдері және т.б.) меңгеру;
- мамандық (стенография, компьютерлі, бағдарлама түзу) алуға байланысты қосымша пәндерді өту;

Факультатив бағыттары теориялық, тәжірибелік немесе аралас болуы мүмкін.

**Оқу саяхаттары** -әрқилы нысандар мен қоршаған дүние құбылыстарын оқушылардың тікелей бақылау және зерттеуіне арналып, өндіріс, мұражай, көрме, табиғат аясы жағдайларында жүргізілетін оқу ұйымдастыру формасы.



Бақылау нысандарына байланысты оқу саяхаттары өндірістік , табиғат тану, өлке тану, әдеби, жағрапиялық және т.б. болып ажыралады.

Білімдену мақсаттарына тәуелді тақырыптық және шолу саяхаттары жүргізіледі. *Тақырыптық саяхаттар* бір не бірнеше оқу пәндерінің өзара байланысты тақырыптарына арналады (мысалы, физика және химия, биология және география). Ал *шолу саяхаттары* өте кең тақырыптар шеңберінде өткізілуі мүмкін.

Оқу бағдарламасындағы орнына орай саяхаттар кіріспе, ағымды, қорытынды ретінде ұйымдастырылады.

Қалаған саяхат жалпы оқу жүйесінің маңызға ие сипатты бөлігі ретінде пайдаланылғаны жөн.

Саяхаттық оқу формасының дамыған түрі – бұл *экспедиция* – экологиялық жағдайлармен таныуға , тарихи деректер, және ауызекі әдебиет материалдарын жинауға бағышталған оқу жорықтары.

*Курстық (жоба) жұмыс* – оқу ұйымдастыру формасы ретінде жоғары мектеп жүйесінде оқу пәнін игерудің қорытынды кезеңінде пайдаланылады. Ол меңгерілген бөлімдерді болашақ мамандардың іс-әрекет аймағымен байланысқан өндіріс-техникалық не басқа міндет, мәселелерін шешуде пайдалану мүмкіндігін ашады.

Оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес білім орындарының оқушылары курстық жоба не курстық жұмыс жазады. Мұндай жұмыстар жалпығылымдық , математикалық не арнайы пәндер бойынша дайындалады. Оларды орындау барысында студенттер техникалық, технологиялық және математикалық проблемаларды шешеді.

Курстық жұмыс жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіби және арнайы пәндер бойынша жазылады. Олардың дайындалу барысында оқушылар оқу-ізденіс, зерттеу сипатындағы мәселе, міндеттермен айналысады.

*Дипломдық жоба*- білім беру мекемесіндегі бүкіл оқу процесінің аяқталу кезеңінде қолданылатын оқу ұйымдастыру формасы. Бітіруші түлек ғылыми-теориялық, өндірістік-экономикалық маңызы бар тақырыпта диплом жобасын түзеді не дипломдық жұмыс жазады және қорғайды, соның негізінде Мемлекеттік біліктілік комиссиясы студентке мамандық біліктілігі лауазымын беру жөнінде шешім қабылдайды.

*Өндірістік практика* - жоғары мектепте оқу процесін ұйымдастырудың көп формаларының бірі.

Өндірістік практиканың дидактикалық мақсаттары – кәсіби ептіліктер мен дағдылар қалыптастыру, сонымен бірге шынайы болмыста қолдану арқылы игерілген білімдерді кеңіту, бекіту, қорытындылау және жүйелеу.

Өндірістік практиканың құрылымы практикалық оқу мазмұнына байланысты айқындалып, нәтижеде ол маманның кәсіби іс-әрекетке болған біртұтас дайындығын, яғни нақты маманның өз біліктілігінің сипаттамасына сәйкес кәсіби қызмет лауазымдарын атқаруға дайын болуын қамтамасыз етуі шарт.

**Үйдегі өзіндік жұмыстар** - дәрісхана оқуларынан тыс білім игеру процесінің құрамдас бөлігі. Мұндай оқу қызметінің маңызы бүгінгі таңда өте жоғары, себебі қазіргі нарықтық кезең әрбір оқушыдан үздіксіз өзіндік білім жинақтау мен дербес танымдық іс-қызмет дағдыларын қалыптастырып, жетілдіріп баруды талап етуде.

Оқушының ой-өрісі, ерік қабілеті мен ұнамды мінез қасиеттерінің дамуы осы үйдегі өзіндік оқу жұмыстарының дұрыс жолға қойылуынан.

**Кеңес** – оқу формасы ретінде оқушыға жетімсіз игерілген не тіпті игерілмеген оқу материалы бойынша жәрдем көрсету мақсатында ұйымдастырылады. Пәнді тереңдей меңгеруге қызығу білдірген оқушыларға өз алдына кеңес өткізіледі. Кеңестерде оқушылар емтихан және сынақтарда қойылатын талаптармен таныстырылады.

Жеке-дара және топтық кеңес түрлері ажыралады.

**Емтихан**- оқушылар білімін жүйелестіру, анықтау және бақылау мақсатында ұйымдастырылатын оқу формасы. Емтихандардың білім игерудегі маңызы – көп күш-қуат талап ететін қиыншылық жағдайларында оқушының ақыл-парасат, ерік, мінез қабілеттерін жүзеге шығарып, жедел дамуына дем беру.

Емтихан өткізудің әрқилы формалары: емтихан билеттеріндегі сұрақтарға жауап беру, шығармашылық жұмыс орындау, жарыстарға қатысу, зерттеу нәтижелерін қорғау, тест сынақтары және т.б. – қолданылады.

**Сынақ** - міндет, мәні бойынша емтихандармен жақын оқу формасы. Сынақты емтихан алдындағы дайындық оқу ісі ретінде қарастыруға да болады.

**Пән үйірмелері** және осы тектес басқа да оқу формалары (**шеберханалар, зертханалар, кафедра, студия**)- бағыт-бағдары, мазмұны, жұмыс әдістері, оқу уақыттары және т.б. бойынша көп түрлілігімен ерекшеленеді. Пән үйірмелеріндегі оқу-жұмыстары шәкірттердің қызығулары мен бейімділіктерін, оқуға болған ұнамды қатынастарын дамытып, білім игеру сапасын арттырады.

Үйірме жұмысының негізінде **ғылыми қоғамдар** (кіші академиялар және т.б.) ұйымдастырылуы мүмкін. Олар мектептегі көптеген үйірмелер жұмыстарының басын біріктіріп, реттестіреді; көпшілік шараларға ұйытқы болады, конкурстар мен олимпиадалар ұйымдастырып, өткізеді.

**Конкурс және олимпиадалар** – оқушылардың білім игеру жолындағы белсенді қызметтеріне дем беріп, оларды өрістете түседі, шығармашылық қабілеттерін арттырады, бәсеке, жарыс жеңісіне ынталандырады. Конкурстар мен олимпиадалар әрқилы деңгейде: мектеп, аймақтық, республикалық, халықаралық - өткізіледі. Соңғы кезеңдерде мұндай оқу формаларының қашықтықтан интернет торабы арқылы ұйымдастырылатын мүмкіндіктері пайда болды.

#### 9.4. Оқу түрлері

Оқу мекемелері тәжірибесінде бірқатар белгілерімен дербестенген оқу түрлері қолданылуда. **Оқу түрі** – бұл оқыту және оқып-үйрену қызметтерінің ерекшелігіне орайластырылған жалпылама сипаттағы білім игеру жүйесі, яғни оқу процесіндегі мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, қолданымдағы оқу құрал-жабдықтары, әдістері және формаларының атқаратын міндеттері.

Оқу түрі өз негізіне алынған **педагогикалық технология** (кейінгі дәрісбаяндарда қарастырылады) сипатымен анықталады. Оқу түрлері келесідей ажыралады: түсіндірме-көрнекілік, жалаң-жаттанды (догматикалық), тұлғалық бағдарлы, компьютерлі, модульді, қашықтан оқу (дистанционды), пәнаралық, т.б.

**Түсіндірме-көрнекілі: (дәстүрлі, ақпарат жеткізу) оқу түрі.** Мұндай оқуда мұғалім ауызекі сөзбен көрнекі құралдарды қолдана отырып, оқушыларға дайын материалды ұсынады, шәкірттер ақпаратты сол күйінде қабылдайды, қайталап айтып береді.

**Жалаң - жаттанды (догматикалық)** – оқуда тыңдаушы ұсынылған ақпараттың мән-мағынасына еніп жатпастан, түсінбей-ақ қабылдайды.

**Проблемді** оқуда ұстаз басшылығында оқу, дәріске байланысты мәселелерді шешу үшін оқушылардың өз бетінше оқу-ізденіс қызметтері ұйымдастырылады. Бұл оқу түрінің тиімділігі көптарпты: жаңа білім, ептілік, дағды қалыптасады, балалардың қабілеті, белсенділігі, танымдық қызығушылығы, шығармашыл ой-өрісі және басқа да тұлғалық маңызды сапа- қасиеттері дамиды.

**Дамытушы** оқу түрі оқушылардың білім, ептілік және дағдыларының күннен күнге арта түсуіне қажет ішкі психологиялық жағдаяттардың (зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу және т.б.) жетіліп баруын қамтамасыз етеді. Оқу жедел қарқынмен жоғары деңгейде жүреді, білім игеру процесі саналы, мақсатты және жүйелі құрылып, негізінен, теориялық ақпарат, мәліметтерді меңгеруге бағытталады.

**Шығармашыл (эвристикалық)** – оқу проблемді және шығармашыл оқудың басты принциптеріне негізделеді. Бұл оқуда оқушының білімдік табыстары белгіленген ғылыми білімдер кеңістігіндегі оның

тұлғалық шығармашыл қабілеттерінің өзінше іске қосылуымен тікелей байланысты. Осыдан, мұғалім міндеті – баланың барша ұнамды адами қасиеттерінің (нышан, талант, дарын, т.с.с.) оянуына ат салысып, оларды білім игеру процесіне қоса білу.

**Тұлғалық бағдарлы оқу** мәні – білімдену бағдарламалары мен оқу процесі әр оқушының жеке өзіне тән танымдық ерекшеліктерін ескерумен түзіледі әрі іске қосылады.

**Компьютерлі оқу және оқыту** қызметтері электронды есептеу машиналарының кері байланысты оқыту – бақылау бағдарламаларына негізделеді. ЭЕМ оқу процесіндегі білім мазмұнының игеріліп жатқандығы жөнінде кері ақпараттың дәл әрі молдығынан даралықты оқуды күшейтеді.

**Модульді оқуда** – білімдік ақпараттың шағын дидактикалық бөлшегінің – модульдің көп тарапты қызметтер атқаруынан білім мазмұнының тұтастай игерілуін қамтамасыз етуге болады.

**Қашықтықтан** оқыту түрі қазіргі заман телебайланыс жүйесін пайдаланумен көзделген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**Пәнаралық оқу** – сыбайлас білім салаларындағы пәнаралық және пәнішілік байланыстарды іске асыруға бағытталып, біріктірілген оқу пәндерін меңгеруді көздейді

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Оқудың ұйымдастырылу түрі деген не?
2. Оқудың сынып-сабақтық формасының ерекшелігі неде?
3. Сабақ құрылымының әртүрлі болуының себебі қандай?
4. Оқу процесінің әртүрлі ұйымдасу формаларына өз тәжірибеңізден мысал келтіріңіз.
5. Негізгі оқу түрлері және олардың ерекшеліктері қандай?

## **10 – дәрісбая. Оқу барысындағы диагностика және бақылау – қадағалау**

### Жоспары

1. Оқу сапасын диагностикалау
2. Қадағалау түрлері, формалары және әдістері
3. Оқу іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау
4. Бағалаудағы қателіктер

### **10.1. Оқу сапасын диагностикалау**

Білімдену процесінің ажыралмас бір бөлігі диагностика болып табылады. Диагностика жәрдемімен белгіленген мақсат, міндеттердің табысты орындалуы анықталып барады. Ол болмаған жерде дидактикалық процесті тиімді басқару мүмкін емес. **Диагностика** – бұл дидактикалық процестің нәтижесін анықтау.

“Диагностика” түсінігінің мәні “білім, ептілік және дағдыларды тексеру” түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. “Тексеру” нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді. Ал диагностикалауда нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс – тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық процестің бағдар – бағытын, ілгерілі не кері қозғалысы анықталады.

Диагностика өз ішіне бақылау мен тексеруді, бағалау мен бағаны, жинақталған статистикалық деректер талдауын, дидактикалық процестің жүрісін, бағытын және жобалануын қамтиды.

Диагностикалаудың маңызды бөлігі – бұл қадағалау. **Қадағалау** – білім, ептілік және дағдылардың игерілу процесіне бақылау қоюды аңғартады. Қадағалау тексерулерден тікелей құралады. **Тексеру** – бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет – қимылдар жүйесі.

Мән – мағыналық тұрғысынан бақылау, қадағалау кері байланыс түзуді қамтамасыз етеді, яғни оқушылардың оқу әрекеттерінің нәтижесі жөніндегі мәліметтерді алу мүмкіндігін ашады. Оқытушы өз шәкірттерінің қай білімді қандай деңгейде игергенін, жаңа ақпарат қабылдауға қаншалықты дайын екендігін анықтайды. Сонымен бірге оқушылардың өзіндік оқу жұмыстарының сипаты мен сапасын байқастырады. Қадағалау нәтижесінде мұғалім өз оқу жұмыстарының қаншама дәрежеде жемісті болғанын, педагогикалық процес мүмкіндіктерін оқыту – оқу мақсатында қай деңгейде пайдаланғанын сарапқа сала алады.

Бақылау, қадағалау кезінде оқушының өзі де өз оқу жұмыстарының нәтижесі бойынша ақпарат алады. Бұл оған білім игеру барысында

қандай жетістіктерді қолға түсіргенін, сонымен бірге өз кемшіліктері мен олқылықтарының пән бағдарламаларының қай тұстарымен байланысты болғанына көз жеткізеді. Тұрақты да бірізді қадағалаудан оқушының тәртібі жақсарады, белгілі жұмыс қарқынына үйренеді, ұнамды мінез, ерік сапаларын дамытады.

## **10.2. Қадағалау түрлері, формалары және әдістері**

Оқу процесіндегі қадағалау әртүрлі, көп формалы бола келіп, сан қилы әдістермен атқарылады. Педагогикалық тәжірибиеде қадағалаудың бірнеше түрін атауға болады: алдын-ала, ағымдық, мерзімдік, тақырыптық, қорытынды және өтілген материал ізімен.

*Алдын-ала қадағалау* - әдетте, диагностикалық міндеттерге орай жүргізіледі. Ондағы мақсат – оқушылардың оқуды бастауға дейін игерген білім, ептілік, дағдыларының деңгейі, дәрежесін анықтау. Бұл жұмыс жыл басында не тақырыпты өту алдынан өткізіледі. Алдын-ала қадағалау нәтижесінің негізінде мұғалім оқу жұмыстарының тиімді түрлері мен формаларын таңдастырады.

*Ағымдағы (күнделікті) қадағалау* – оқу барысында ұйымдастырылып, білім, ептілік және дағдылардың қалыптасу дәрежесін, сонымен бірге игерілген материалдың қаншалықты терең және берік бекігенін анықтау үшін қолданылады.

Бұл қадағалаудың тиімділігі – оқушылар біліміндегі кемшіліктер мен олқылықтарды дер кезінде байқап, бағдарлама ақпараттарын меңгеруде көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Күнделікті қадағалаудың дұрыс жолға қойылуы оқушылардың әр сабаққа мұқият әрі тыңғылықты дайындалып жүру жауапкершілігін арттырады.

*Мерзімді қадағалау* – белгілі уақыт аралығындағы жұмыстардың қорытындысын алуға пайдаланылады. Ол не тоқсан не жыл жартысы аяғында жүргізіледі.

*Тақырыптық қадағалау* – тақырып, бөлім материалдары өтіліп болған соң өткізіледі.

*Қорытынды қадағалау* – оқу процесінің соңғы нәтижелерін жинақтау үшін қолданылады. Ол пән бойынша бүкіл білім, ептіліктер мен дағдылар жүйесін қамтиды.

*Өтілген материал, тақырып ізімен қадағалау* – тақырып, курс, бөлім өтіліп, бірқанша уақыт озған соң қалдық білімді анықтау үшін қолданылады. Мерзім үш айдан жарты жылға дейін не одан көп созылуы мүмкін. Мұндай қадағалау оқу процесінің тиімділігін соңғы нәтиже бойынша пайымдау талаптарына сәйкес келеді.

Қадағалау әрқилы *формада* жүргізілуі мүмкін. Формалық жағынан мұндай жұмыс жеке-дара, топтық және сыныптық болып бөлінеді.

Қадағалау барысында әрқилы әдістер де қолданылуы мүмкін. **Қадағалау әдістері дегеніміз** – бұл оқушылардың оқу танымдық іс - әрекеттері мен мұғалімдер жұмыстарының нәтижелілігін айқындауға жәрдемші жол, тәсілдер.

Педагогикалық практикада ауызша, жазбаша, тәжірибелік, компьютерлі (машынды) қадағалау және өзіндік қадағалаулар қолданылуда.

**Ауызша қадағалау** – оқушыларға ауызекі сұрақ қоюмен орындалады. Ол шәкірттердің білім, ептілік және дағдылар деңгейін айқындауға, сонымен бірге оқушының материалды баяндау қисынымен танысуға, меңгерген білімдерін процестер мен төңіректе болып жатқан оқиғаларды түсіндіре алу ептіліктерін байқауға, өз пікірін білдіру мен дәйектеу және қателікті көзқарастарға қарсы тұрып, дәлел келтіре алу ұқыптарын анықтауға мүмкіндік береді.

**Жазбаша қадағалау** – жазба бақылау тапсырмаларын (жаттығулар, бақылау жұмыстары, шығармалар, істелген жұмыстар бойынша есеп беру ж. т. б.) орындау формасында жүргізіледі. Мұндай қадағалау әдісі барлық оқушылар білімін бір уақытта тексеруге мүмкіндік береді, алайда жазба жұмыстары көзден өткізіліп, бағалау көп уақытты талап етеді.

**Тәжірибелік қадағалау** – оқу, тұрмыс және өндірістік ептілік, дағдылардың қалыптасуын не қозғалыс, қимыл дағдыларының орнығуын анықтауда пайдаланылады.

Ақпараттық технологиялардың дамуымен *компьютерлі қадағалау ен жаюда*. Мұндай машинды қадағалау оқытушының да, оқушының да уақытын үнемдеуге көп көмегін тигізеді. Компьютерлі қадағалау арқылы білім деңгейін өлшестіру мен бағалауға бірыңғай талаптар белгілеу мүмкін. Бұл қадағалауда оқу нәтижелерін статистикалық талдау мен өңдеу өте жеңіл. Білім бағалаудағы мұғалім субъективизміне машин шек қояды.

Машынды қадағалау қолданумен **өзіндік қадағалауды да** оңтайлы ұйымдастыруға болады, дегенмен өзіндік қадағалауды қарапайым жолмен де өткізу мүмкін. Бірақ бұл үшін оқушыларды өз бетінше қателіктерін байқауға, танымдық міндеттердің қате шешілу себептерін талдауға, оларды болдырмау, түзеу және реттеуге үйрету қажет.

Өртүрлі қадағалау әдістерінің бірге қолданылуы **аралас (тығыздалған) қадағалау** деп аталады. Әдетте, мұндай тексеру ауызша және жазба сауалнамалар беру түрінде өтеді.

Оқу процесіндегі қадағалауларға төмендегідей **педагогикалық талаптар** қойылады:

– қадағалаудың даралықты сипаты. Әр оқушы жұмысы, оның жеке оқу іс-әрекеттері өз алдына қадағаланады. Бір шәкірттің оқуындағы

нәтижелерді ұжымдық жұмыстар қорытындыларымен не керісінше алмастыруға болмайды;

- жүйелілік қадағалаудың оқу процесі барша кезеңдерінде үздіксіз, ретімен өтіп тұруы;

- қадағалау формаларының әртүрлігі. Осыдан қадағалаудың оқыту-үйрету, дамыту және тәрбиелеу қызметтері қамтамасыз етіледі;

- қадағалаудың жан-жақтылығы. Қадағалау баланың теориялық білімдерін, ақыл-ой парасаттылығын, тәжірибелік ептіліктер мен дағдыларын тексеруге мүмкіндік береді;

- қадағалаудың шынайылығы. Қадағалауда субъектив және қателікті пікірлер мен қорытындыларға жол берілмеуі тиіс;

- жекелестірілген бағыт-бағдар. Оқушылардың жеке-дара тұлғалық сапа-қасиеттері ескерілуі тиіс;

- мұғалім тарапынан болған талаптардың бірыңғай болуы.

Соңғы кездері **тесттік қадағалау** көптеп қолданылуда. Мұндай тексерудің негізгі құралы – тест тапсырмалары. Өлшестіру, анықтау нысаны тұрғысынан педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік – психологиялық, мәдени – эстетикалық таным тестері ажыралады.

### 10.3. Оқу іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау

Оқушылардың оқу-танымдық жұмыстарын қадағалау нәтижесі сол жұмыстарды бағалаудан көрінеді. **Бағалау** – білім, ептілік және дағдылардың игерілу дәрежесін анықтау.

Бағалау қызметтерінің сандық көрсеткіші – **баға**, яғни баға оқушылардың білім, ептілік, дағдылар дәрежесінің шартты сан не ұпаймен белгіленуі.

Оқу нәтижесі тек баға емес, басқа да жолдармен анықталуы мүмкін. Мысалы, ол ауызекі қолдау не қолдамау, алғыс жариялау, мақтау парағы не медальдармен мадақтау және т. б.

Білім бағалауда шынайылық, білім сапасын анықтаудағы бірыңғай талап үлкен маңызға ие. Себебі, білімдік баға оқушыға ықпал жасаудың өте нәзік құралы. Көтеріңкі баға шәкіртті қуантады, қанаттандырады, сонымен бірге оның жұмысқа болған немқұрайлылығын да пайда етеді. Әсіресе, болымсыз бағаның әсері күшті: ол баланың оқуға деген ықыласын арттыруы да не тіпті оқудан бас тартуға ықпал жасауы мүмкін. Сондықтан да, кейінгі жылдары бағалау, баға қою мәселесі үлкен пікір талас туғызып отыр. Педагогтардың бір тобы сыныптан сыныпқа оқушыны білім сапасына қарамастан өткізуді ұсынуда. Осыған байланысты еліміздегі бағалау проблемасының әр кезеңдегі жайы өз алдына қызықты.



1917 жылға дейін оқушылар білімі балдық жүйеде бағаланды. Баға нөлден беске дейінгі алты балдық жүйеде қойылды. Кейін нөлдік баға жойылып, бес балдық жүйе қабылданды.

Оқу нәтижесін балл бойынша бағалау әрқилы көзқарастар туындатты. 1917 жылдан соң тіпті оқу жүйесінде бағалау, баға қоюға қарсылықтар да болды. Кеңестік еңбек мектебінің тұжырымдамасына орай оқу іс-әрекеттері шәкірттің қызығушылығына, дербестігіне, ынталылығына, шығармашылық сипатына негізделуі тиіс болды.

Дәстүрлі келе жатқан оқушыларды баға жәрдемімен тәртіпке шақыру әдістері тиімсіз деп танылды. Осыдан 1918 жылы Кеңестік өкімет жарлығымен оқушы білімі мен тәртібін балдық жүйемен бағалау мектеп тәжірибесінен мүлде шығарылды, сыныптан сыныпқа өткізу, куәліктер беру оқушылар білімі жөніндегі педагогикалық кеңес шешімі негізінде орындалатын болды.

Емтихан түрлерінің: қабылдау, ауыстыру, бітірту – қай-қайсы да жүргізілмейтін болды. Сабақ барысындағы оқушыны жеке-дара тексеру де орынсыз деп табылды. Өте қажетті жағдайларда жалпылама сынақтау сипатындағы ауызша сұрақтар мен жазба жұмыстарды ғана өткізуге рұқсат берілетін болды. Оқушылармен өтілген тақырыптар бойынша мерзімді әңгіме-сұхбаттар жүргізу, оқыған кітаптары мен мақалалары бойынша баяндарын тыңдау ұсынылды. Оқушылардың жеке таңдауымен өз бетінше орындаған жұмыстары дәріптелді. Дәстүрлі қадағалау жүйесі өзіндік бақылаумен ауыстырылды, жеке оқушы табыстары еленбей, ұжымдық жетістіктер негізге алынды. Өзіндік бағалауда тестік қадағалау формасы жаппай қолданылды.

Бағасыз оқу бір жағынан тиімді де болды, себебі оқушылардың біршамасында дербес, өз бетінше оқу қабілеттерін дамытты. Дегенмен, мұндай оқу көпшілік жағдайларда оқушылар білімінің, тәртібінің құлдырауына алып келді. Оқушылар мектепте, үйде тиянақты білім игеру жұмыстарын тоқтатты, сабақтарға қатыспайтын болды. Сондықтан да, алғашқыда қадағалаудың әрқилы формалары біртіндеп енгізіліп, ал 1932 жылдан жеке оқушының білімі оның даралықты ерекшеліктерін ескерумен жүйелі бағалау принципі негізінде орындалатын болды.

1935 жылдың қыркүйек айынан бастап, бес сөздік (вербалды) баға: “өте жақсы”, “жақсы”, “қанағаттанарлық”, “жаман”, “өте жаман” – енгізілді. Бұл жүйе 1943 жылға дейін сақталды. 1944 жылдың қаңтарынан оқушы білімі мен тәртібін бағалаудың сөздік бағамен сандық баға жүйесімен ауыстыру жөнінде шешім қабылданды.

Реттелген тәртіпте білім есебін жүйелі жүргізу өзін ақтады, оқушылардың оқу дайындығы мен мінез құлық сапасынан көтерілуіне ұнамды себін тигізді.

Оқу іс-әрекеттерінің нәтижесін балл жүйесінде бағалау көптеген кемшіліктеріне қарамастан өз баламасын таппай отыр. Дегенмен, педагог ғалымдардың көбі сауаттылық дәрежесін бағалаудың мұндай жүйесіне қарсы. Олардың дәйегі:

- білімділік іс-жүзінде үш балдық жүйеде бағаланады (“1”, “2” бағалары білімсіздік көрсеткіштері).

- білімділікті бағалаудың шынайылығы кем (“5”, “4”, “3” бағалары гимназиялық сыныптарға да, дарынды оқушылар топтарында да, ақыл-есі кем балалар оқуында да бірдей тең қойылады. Ал аталған оқу түрлеріндегі білім игеру нәтижесіне қойылған талаптар әрқилы болатындықтан бағалардың мәні біркелкілігін жояды).

- оқушылар білімін бағалауда үш балдық өлшем жеткіліксіз (сондықтан да оқытушылар қосымша өлшемдер қолданып жүр: балл жанына “плюс” не “минус” белгілерін қояды).

Ғалымдар он балдық, он екі балдық тіпті жүз балдық та бағалау жүйелерін ұсынуда.

#### **10.4. Бағалаудағы қателіктер**

Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъектив қателіктері төмендегідей:

- кең пейілділік, орынсыз жомарттық. Баға ретсіз көтеріңкі қойылады. Оқушыларды бағалаудағы “жомарттықтың” шектен асқан, бүгінгі күнде мектеп тәжірибесінен арылуы қиындық тудырып отырған формасы - “проценттікке” жүгіну (процентомания).

- оқушыға болған ұнамды не кері қарым-қатынас күйін бағалауға, бағаға өткізу;

- көңіл-күйге орай баға қоя салу;

- тұрақты да қатаң өлшем-шектердің болмауы (деңгейі төмен жауап үшін мұғалім жоғары не ұнамсыз баға қоя салуы);

- орташа бағалау ұстанымында болу (“екілік” не “бестік” бағаларды қоймау);

- жүйе тұрақсыздығы (оқытушы көп уақытқа дейін сұрақ жүргізбей, баға қоймай не бір сабақты түгелдей сұрақ қоюмен оқушылар бағасын тізіп салу);

- өткендегі бағаға жақындау бағаны қоя салу (мысалы, оқушының өткендегі “екілігінен” кейін оған бірден “бестік” баға беру мұғалім үшін қиын сияқты);

- әсіре (ореол) қателігі (оқытушы өзі ұнатқан оқушысына жаман, жек көрген шәкіртіне ұнамды баға қоюда тартыншақтыққа түседі);

- баланың тәртібіне қойылатын баға пән үлгеріміне ауыстырылады;

- бағаны әсіре көтеру не себепсіз төмендету және т. б.

Дегенмен, әрқандай бағаны көтере түсу немесе төмендей бағалау негізінде неше түрлі мән болуы мүмкін. Мысалы, үлгерімі төмен оқушыға көтеріңкі баға қою оған психологиялық қолдау көрсетіп, алдағы оқуда ілгерілеуіне көмектесу ниетінен болуы мүмкін. Сондықтан бағалаудағы субъектив ойдың бәрін бірдей қателікті деп қарастыру дұрыстыққа келмейді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қадағалаудың негізгі қызметтеріне сипаттама беріңіз.
2. Қадағалауға қойылатын педагогикалық талаптар қандай?
3. Ауызша және жазбаша қадағалаулардың тиімділігі мен кемшілігі неде?
4. Компьютерлі қадағалау мүмкіндіктері қандай?
5. Бағалау, баға қою өлшемдерінің қай түрінің болашағы бар деп ойлайсыз?

## ***11-дәрісбаян. Оқудың педагогикалық технологиялары***

### **Жоспары**

1. Оқудың педагогикалық технологиялары түсінігі
2. Оқудың педагогикалық технологияларына сипаттама

#### **11.1. Оқудың педагогикалық технологиялары түсінігі**

Көптеген уақыттар желісінде «технология» түсінігі педагогикалық ұғымдар қорынан тыс қалып келді. Шынайы мәні («шеберлік жөніндегі ілім») педагогикалық міндеттерге: педагогикалық процесті сипаттау, түсіндіру, болжау, жобалау – сай келсе де, ол технократиялық тіл элементі ретінде қарастырылды.

Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемді оқу технологиялары, авторлық технология және т.б.

Алғашқыда педагогтар «педагогикалық технология», «оқу-оқыту технологиясы» және «тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән-мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыдан «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдары мәндерімен салыстырғанда тереңдеу де ауқымдылау.

*Педагогикалық технология* – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы.

Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б.Беспалько, В.В.Данилов, В.К.Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.).

Сонымен, технология астарында не жатыр? Оқу технологиясы жөніндегі идея қай заманда пайда болған?

Мұндай ғылымдық мәні бар ой жаңалықты емес. Кезінде оны Я.А.Коменский де дәріптеген. Ұлы педагог – ғұлама 16-ғасырда-ақ оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық») болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты. Я.А.Коменский еңбектеріне үніле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе – 1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды; 2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемдестірілген жабдықтарды; 3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек».

Коменский заманынан бастап, оқуды мүлтіксіз әрекеттегі механизмге сәйкестендіру ұмтылысының талайы күні бүгінге дейін басылған емес. Кейін оқу технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланып отырды. Әсіресе, техникалық прогрестің әрқилы теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуімен оқуды технологияластыру идеясы нығайып, іске асырыла бастады (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Галызина, Ю.К.Бабанский және т.б.).

Осы заманғы дидактикада әрқилы оқу технологиялары көрініс беріп жүр. Олардың көп түрлі болу себебі - әр автор мен орындаушының педагогикалық процеске өзінше жаңалық қосып, технологияға өзгеріс ендіріп баруымен байланысты.

Дидактикада оқу технологиялары төмендегідей сипаттарымен жіктеліп, топтастырылады:

- **қолдану деңгейі:** жалпы педагогикалық, пән әдістемелік, бөлімдік (модульдік);

- **философиялық негізі:** ғылыми және діни, гуманистік және әміршіл- әкімшіл (авторитарлы);

- **тәжірибе меңгерудің ғылыми негіздемесі (концепция):** байланыс-жауапты (ассоциатив-рефлекторлы); іс-әрекетті (бихевиористік), іштей ұғу (интериоризаторлы), дамытушы;

- **тұлғалық құрылымға бағдарлануы:** ақпараттық (білім, ептілік және дағдылар қалыптастыру), нақты қимыл-әрекеттік (оперативті-ақыл-ой әрекеттері әдістерін қалыптастыру), шығармашыл (эвристикалы-дарын қабілеттерін дамыту), қолданбалы (тұрмыс-тәжірибелік әрекеттер қалыптастыру).

- **Дәстүрлі оқу жүйесін жаңалау бағыты** (модернизация): оқушы іс-әрекетінің белсенділігін көтеру және жеделдестіру технологиясы; мұғалім және оқушы арасындағы қатынастарды адамиластыру мен демократияластыру негізінде жасалған технология; оқу материалын дидактикалық қайта түзуге негізделген технология және т.б.

Оқу технологиясының топтастырылуы, сонымен бірге, нақты кезеңде басым болған мақсаттар мен міндеттерге, оқуды ұйымдастыру формасының қолданылуына, дәл кезеңде қажет болған әдістерге және басқа да негіздемелерге тәуелді келеді.

Оқу технологиясын оқу әдістемесінен ажырата білген жөн. Олардың бір-бірінен айырмасы – оқу технологиясын қайталап, көбейте таратуға болады. Қай жағдайда да технология өзіне сай түзілген оқу процесінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады. Ал әдістеменің соңғы тиімді нәтижеге жете алмауы жиі кездеседі. Сонымен бірге, әдістеме технологиялық деңгейге дейін көтерілуі мүмкін. Мысалы, жаңа материалды түсіндірудің белгілі әдістемесі бар. Егер ол әдістеме шынайылық, сенім, сәйкестік талаптарына орайласса, оны технология деп тануға болады.

Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі – шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық ерекшеліктерден мұғалімнің оқу шеберлігі көрінеді.

## **11.2. Оқудың педагогикалық технологиялары сипаттамасы**

Оқудың *дәстүрлі (қайта жасау- репродуктивті) технологиясы* білім, ептілік және дағдыларды ұсынуға бағытталған. Ол өтіліп жатқан материалдың игерілуін, қайта жасау деңгейіндегі білім сапасының бағалануын қамтамасыз етеді. Бұл технологияның ежелгі түрі. Ол бүгінгі таңда да кең таралған (әсіресе орта мектепте). Оның мәні: *жаңаны игерту–бекіту–қадағалау–бағалау сұлбасы (схема) бойынша* оқу процесін жүргізу. Технология негізіне табысты өмір тіршілігін қамтамасыз ететіндей білім ауқымын анықтауға мүмкіндік беретін және оны оқушыға жеткізу жолын көрсететін білімдік бағыт-бағдарлама (парадигма) алынады. Осыған орай оқу- оқытудың басты әдістері ретінде 1) көрнекілік және онымен бірге жүретін түсіндіру, 2) оқушының жетекші іс-әрекеттері түрлеріне – тыңдау мен есте қалдыру, 3) басты талап және тиімділіктің негізгі көрсеткішіне – игерілгенді қалтқысыз қайталап жаңғырту ептілігі алынады. Мұғалім қызметтері – түсіндіру, әрекеттерді көрсету, оқушылар орындағандарды бағалау және реттеу, түзету.

Оқу технологиясы бірқатар маңызды да ұнамды тараптарымен еленген. Олар – үнемділігі, күрделі материалды түсінуді жеңілдетуі, білім-тәрбие процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етуі, білім ұсынудың жаңа әдіс –тәсілдерін пайдалануға икемді келуі. Сонымен бірге дәстүрлі технология біршама кемшіліктерге де жол береді – оқу

процесін дараландыру мен жіктеуге қолайсыз, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіншілігі кем.

**Дамытушы оқу технологиясы** мектеп тәжірибесіне енген оқу іс-әрекеттері арасындағы аса танымалы (Л.С.Выготский, Л.В. Занков, Д.Б.Эльконин және т.б.).

Ғалымдар дәлелдегендей, педагогика бала дамуының өткеніне емес, болашағына бағытталуы тиіс. Сонда ғана ол оқу процесінде осы нақты уақыт шеңберіндегі жақын даму процестерін жүзеге асыра алады. *«Жақын даму аймағының»* мәні: бала өз дамуының белгілі кезеңінде оқу міндеттерін ересектер басшылығында не ақылдылау дос –жарандарымен араласа жүріп шешуі мүмкін. Келтірілген пікір жария болғанға дейін бала дамуы, әсіресе оның ақыл-ойының өрістеуі *оқу және тәрбие ізімен жүретіні* мойындалған болатын.

Зерттеулер нәтижесінде (Л.В. Занков) оқу тиімділігін көтеру есебінен оқушы дамуын жеделдетуге болатыны дәлелденді. Бұл үшін оқуды *жоғары деңгейлі қиыншылықта жүргізу принципін* ұстану – басты талап. Егер алдынан рухани, сезімдік күш-қуаттың іске қосылуын қажет ететін кедергілер (ойын, оқу, тұрмыс) шығып тұрмаса, әрі оларды жеңуге талпынбаса, бала дамуы бәсеңдейді.

Жоғары қиыншылық деңгейіндегі оқу принципіне орай білім мазмұны және оны құрастыру реті анықталады. Оқу материалының мазмұн қарқыны ұлғаяды, әрі тереңдейді, жетекші рол теориялық білімдерге беріледі, дегенмен, оқушылардың практикалық ептіліктері мен дағдыларының маңызы жойылмайды.

Дамытушы технология талаптарының және бірі – оқу ілгерілі және жедел қарқында жүреді. Өткендерді жиі әрі бір беткей қайталаулар оқу процесінің кедергісіне айналып, оқуды жоғары қиыншылық деңгейінде өтуге мүмкіндік бермейді. Дамытушы технологияны іске асыру сонымен бірге оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты *жүйелі- іс-әрекеттік* оқу бағытын ұстануды қажет етеді (Д.Б.Эльконин).

Дамытушы технология идеяларының қатарына сондай-ақ оқу қызметінің әрқилы жағдайларында оқушылардың қажет болғанды өзінше танып, содан *өздігінен жауап әрекет орындауға (рефлексия) ынталандыру* идеясы да кіреді. *Жауап әрекетке (рефлексия) келу* дегеніміз баланың өз әрекеттерін сезінуі мен түсінуі, оқу іс-әрекеттерінің тәсіл, әдістерін өзінше байқап, тануы.

Рефлексиялық әрекет-қимылдар әрқашан өзіндік қадағалау және бағалаумен тығыз байланысты болатындықтан дамытушы технология шарттарына орай оларға да көп мән беріледі.

Дамыта оқыту идеясы бұл күнде еліміздің мұғалімдері арасында кең қолданымда. Алайда, бұл технологияның кейбір тұжырымдары пікір таласты болып жүр. Себебі, оқушылардың бәрі бірдей қиыншылықты

деңгей оқуын көтере алмайды. Солар ішінде тума жайсаң қозғалысты тұлғалардың мұндай оқуда әбден күйзеліске түседі. Сондықтан барша шәкірттерді теңдей шапшаң және жоғары күрделілік деңгейінде оқытып, тәрбиелеуге болмайды.

**Бағдарламаластырылған оқу технологиясының (БОТ)** негізгі мақсаты оқу процесінің басқару жүйесін жақсарту (П.Я.Гальперин, Л.Н. Ланда, А.М. Матюшкин және т.б.).

БОТ бастауын берген американдық психологтар мен дидакттар (Н.Краудер, Б.Скиннер, С.Пресси).

БОТ – бұл арнайы жабдықтар, бағдарламаластырылған оқулық, ерекше оқу-машинасы, ЭВМ және т.б. көмегімен күні ілгері дайындалған бағдарлама бойынша орындалатын өзіндік жеке-дара оқу технологиясы. Бұл технология әрбір оқушыға өзіндік сапа-қасиеттеріне орай (оқу қарқыны, сауаттылық деңгейі және т.б.) оқуына мүмкіндік береді.

БОТ-ның өзіне тән сипат белгілері:

- оқу материалының кіші көлемді жеңіл игерілетін бөлшектерге жіктелуі;
- әр бөлшекті игеруге арналған нақты әрекеттерді орындау нұсқаулары жүйесінің берілуі;
- әр бөлшек игерілуінің тексерілуі;
- қадағалау тапсырмаларының дұрыс орындалуымен оқушы материалдың ендігі жаңа бөлшегін алып, келесі оқу қадамын іске асыруға өтуі;
- дұрыс жауап бере алмаған жағдайда оқушының қосымша көмек түсініктемелерін алуы;
- қадағалау тапсырмаларының нәтижесі хатталып, оқушының өзіне де (ішкі кері байланыс), педагогқа да (сырттай кері байланыс) белгілі болуы.

**Проблемді оқу технологиясы** мұғалім басшылығында өтетін оқушылардың оқу міндеттерін шешуге орайластырылған өзіндік ізденіс іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негізделеді. Оқу ізденістері барысында оқушыларда жаңа білім, ептілік және дағдылар қалыптасып, қабілеттері, танымдық белсенділігі, қызығуы, ой-өрісі, шығармашыл ойы және басқа да тұлғалық маңызды сапалары дамиды (Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, М.И.Махмудов және т.б.).

Жалпы түрінде проблемді технология сипаты келесідей: оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, оқушылар алдына міндет (проблема) қояды, оған қызықтырады және оның шешу әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Ал оқушылар мұғалімнің тікелей басшылығында не өз бетінше олардың шешімін табудың жолдары мен әдістерін зерттейді, яғни болжам түзеді, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін



белгілейді әрі талқылайды, дәйектейді, нәтижелерін талдайды, пікір жүргізеді, дәлелдейді.

Проблемді оқу басқа да технологиялар сияқты өзінің ұнамды да болымсыз тараптарына ие. Оның тиімділігі: оқушыларға тек қажетті білім, ептілік және дағдылар жүйесін меңгеруге жәрдемдесіп қоймастан, олардың ақыл-ой дамуына жол ашады, өз шығармашылық қуатымен берік білім қалыптастыруға көмектеседі, өз оқу еңбегіне қызығу ұмтылысын дамытады, оқу нәтижесінің бекінуін қамтамасыз етеді. Кемшілігі : жоспарланған нәтижеге жету көп уақытты талап етеді, сонымен бірге, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін жүйелі басқару қиын.

**Модульді оқу технологиясы** АҚШ пен Батыс Еуропада 1960 жылдары дәстүрлі оқуға балама ретінде ұсынылған білім игеру жүйесі. Бұл технологияның мәні - оқушы модульмен жұмыс орындау барысындағы нақты мақсатқа өз бетінше (не белгілі шамада мұғалім жәрдемімен) жетеді (П.Юцявичене, Т.И.Шамова). *Модуль* – мақсатқа орайластырылған оқу мазмұны мен оны меңгеру жолдарын (технологиясын) біріктірген түйін, топ (узел).

Модуль құрамы: әрекеттің мақсаттық жоспары, ақпарат қоры, дидактикалық мақсатқа жетудің әдістемелік көрсетпелері.

Бұл технологияға орай оқу мазмұны өз алдына белгілі жинақы құрамға келтірілген ақпараттық топ (блок) күйінде беріледі. Ол ақпарат оқу мазмұнының көлемін ғана емес, әдістері мен олардың игерілу деңгейін де көрсететін дидактикалық мақсатқа сәйкес меңгеріледі.

Модульдік оқуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл оқушыға оқу әрекеттеріне кірісумен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен ептіліктеріндегі кемшіліктерді байқауына жәрдемдеседі.

Модульдік оқу дәстүрлі білім игеру жүйесімен байланыста пайдаланылуы мүмкін. Модульдер оқу жүйесінің қалаған ұйымдастырылу формасында орын тауып, оның сапасын жақсартуға және тиімділігін арттыруға қолданылуы ықтимал.

**Шоғырластырылған (концентрлі) оқу технологиясы** педагогикада ежелден танымал *пәнге шомдыру* әдісіне негізделген (П.Блонский, В.Ф.Шаталов, М.П.Щетинин және т.б.).

Бұл технология жақтастарының пікірі: оқудың дәстүрлі сынып-сабақтық жүйесінде бағдарламалар мен оқулықтарға сәйкес берілетін оқу мазмұны бөлім, тақырып, параграфтарға бөлшектеніп, өз алдына шартты дербестенген ауқымда ұсынылады. Осыдан оқушылардың жеке пәндерден алатын білім, ептілік, дағдылары жай қалыптасады. Оқу проблемасының ұзаққа созылып өтілуінен, оқушылардың сабаққа болған қызығушылығы кемиді. Бір дәрістің екіншісінен алшақты

болуынан бір сабақта қабылданған ақпарат келесіге дейін көбіне ұмытылады.

Пәндердің тұрақты ауысып баруынан оқушы олардың бірде-біріне тереңдеп ене алмайды. Бір пәннен екіншісіне өтуде бала қиыншылық көреді, көп уақыт сарп етеді, ендігі сабақ өткендегіні көлеңкелейді, сонымен әр өткен сабақ өз құндылықтарын жойып барады. Әр дәріс оқушы үшін – жаңа жүктеме, мұғалімдердің жаңа талаптары, жаңа мазмұнды материал, жаңа көңіл-күй ықпалдары, т.с.с. осылардың баршасына сәйкес бала икемделіп, оқу іс-әрекеттерін орындауы шарт. Ал бұл енді қалыптасып жатқан жас буынға оңай шаруа емес.

Шомдыру оқуында сабақтар топқа (блокқа) келтіріледі, бір күнге не аптаға межеленіп, қатар өтілетін пәндер саны кемітіледі. Мұндай технология оқу- оқыту процесін адам қабылдауының табиғи психологиялық ерекшеліктеріне жақындастыра түседі. Сабақта игерілген материалды ұмытудың алдын алу үшін оны бекіту жұмыстары сол күні жүргізілуі тиіс, яғни қандай да уақыт аралығында оқушы басқаларына алаңдамай, тек сол пәнмен ғана шұғылданып, толық шомуы қажет.

**Қашықтан оқу технологиясы** –бұл осы заманғы телебайланыс, электронды почта, теледидар және интернет жәрдемімен оқу мекемесіне қатыспай-ақ білімдену қызметтерін пайдалану. Қашықтан оқу қандай да себептермен білім иеленуге қол жеткізе алмай жүргендердің бәріне бірдей үйде отырып оқу мүмкіндіктерін ашады (әсіресе мүгедектерге, зағиптар мен есітуден қалғандарға, т.с.с.).

Оқу технологияларының басқа да түрлері баршылық: әр деңгейлі оқу, толық меңгеру, ұжымдық ықпалдаса оқу, икемдесе оқу, жобалап оқу, авторлық оқу технологиясы (мысалы, В.Ф.Шаталов технологиясы) және т.б.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Оқу технологиясы деген не?
2. «Оқу әдістемесі» және «оқу технологиясы» түсініктерінің айырмашылығы неде?
3. Модульді оқу технологиясының мәні мен сипаты қандай?
4. Проблемді оқу технологиясының мағынасын ашып беріңіз.
5. Оқудың қандай авторлық технологияларын білесіз?

### 3-бөлім. ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ

#### 12- дәрісбаян. Тәрбие мән-мағынасы

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі.»

*әбу Насыр әл-Фараби*

Жоспары

1. Тәрбие міндеттері мен қызметтері.
2. Тәрбие процесінің ерекшеліктері.
3. Тұлғаның өзіндік тәрбиесі мен қайта тәрбиесі.

#### 12.1. Тәрбие міндеттері мен қызметтері

**Тәрбие** педагогикада бірнеше қырларымен танылған:

– *әлеуметтік мағынада* – бұл аға буын жинақтаған тәжірибені жас ұрпақ өкілдеріне өткізу. **Тәжірибе** дегеніміз – адамзаттың өз тарихи даму барысында жасаған рухани мұрасы, дәлірек айтсақ : адамдарға белгілі болған білімдер, ептіліктер, ойлау тәсілдері, құқықтық, адамгершілік және т.б. нормалар.

– *педагогикалық мағынада* – бұл тәрбиеленушіге ықпал жасау үшін ұйымдастырылған арнайы іс-әрекет, тұлға қалыптастыруға бағытталған мақсатты процесс.

Тәрбие қоғамдық талаптарға сәйкес болуы міндетті. Егер қоғам құқықтық демократиялық мемлекет құрып жатса, ендеше ондағы адам тәрбиесі адамгершілік, азаматтық заңдар мен қылық-әрекет нормалары рухында жүріп жатуы қажетті. Жалпы адамзаттық құндылықтар қалыптастырудың маңыздылығын ескерумен бірге әлеуметтік ортаның кездейсоқ та, мақсатты бағытта да әсер, ықпал жасайтынын естен шығармаған жөн.

Қазіргі заман тәрбиесі гуманистік негізде болып, тұлғаның әлеуметтік-мәдени (өмір және әрекет-қылық кейпін таңдау және іске асыру), даралықты (тұлғаның өзіндік қалыптасуы), жауапкерлікті қатынас (құндылықтар таңдау) бағыттарында дамуына орайласады. Мұндай тәрбие технологиялық икемшілдігіменен (адамның қабылдау және психологиялық даму заңдылықтарына сай орындалады), көңіл-күйге сәйкестігімен (көңіл-күй тәжірибесін қалыптастырады), сұхбаттастығымен (екінші біреуге ұсыну үшін емес, өз меншікті

тәжірибесін құрастыру үшін), жағдайға орай орындалуымен (негізгі құралы – тәрбиелік жағдай), болашаққа бағытталуымен (дамудағы тұлғаға арналады) ерекшеленеді.

Сонымен, *тәрбие* – бұл жалпы, ортақ міндеттерді іске асыру барысында мұғалім мен оқушының ықпалдасты әрекеттерін қамтамасыз етуші арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жүйе жағдайында мақсаты тұлға қалыптастыру болған әлеуметтік процесс.

Берілген анықтаманың мазмұндық құрылымына зер салайық:

**«мақсаты тұлға қалыптастыру болған әлеуметтік процесс» мәні**– процесс нақты мақсаты болғанда ғана тәрбие деп аталуы мүмкін.

**«әлеуметтік процесс» мәні** – тәрбие әрқашан адамды ұнамды өзгеріске келтіруші көптеген қоғамдық іс-әрекеттердің арнайы түрі.

**«тұлға қалыптастыру» мәні** – бұл тәрбиеге басқарым, оны іске асыруға жағдай жасау, тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру (зорлау, әкімшіл ықпал мүлде болмауы тиіс). Қалыптастыру екі өзара байланыстан тұрады: педагогикалық қызмет және тәрбиеленушінің жасау іс-әрекеті.

**«арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жүйе» мәні:** неліктен жүйе? Себебі практикалық іс-әрекет процесінде қандай да жалғыз әдіс, тәсіл, жоба қолданумен шектелуге болмайды. Бұлардың бәрі өзара байланыста, бірін-бірі толықтырып, жетілдіретін болса ғана, оқу нәтижесі тиімді болады.

**«тәрбиелеуші мен тәрбиеленушінің ықпалдасты әрекеттері» мәні** – тәрбие процесі кері байланысқа міндетті түрде негізделуі тиіс, ол болмаған жағдайда мұғалім қызметінің нәтижесі жөнінде әңгіме болуы мүмкін емес.

Тәрбие процесінде ықпалдасты іс-әрекеттердің арқасында тәрбиеленуші ұсынылған ұйымдастырылып, белгілі тәжірибені игереді. Осыдан, тәрбиелеушінің басты міндеті – оқушыны көргенін, оқығанын қайталап, оларды өз бойына сіңіріп, өзінің меншікті әрекеті ретінде қайта жаңғырта алатындай оқу жұмыстарына қосудың жолдарын табу. Сонымен, тәрбие- бұл әрқилы іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру процесі. Тәрбие теориясында мұндай бағыт **тұлғалық-іс-әрекеттік** атауын алған. Оның мәні: адам барша әлеуметтік тәжірибеден өзіне табиғаты жағынан жақын, әрі қызықтысын таңдайды.

**Тұлғалық – іс-әрекеттік бағыттың** негізгі мазмұндық бірліктері төмендегідей:

- сан килы тұлғааралық қатынастардың бәрінің негізі – ортақтасу (общение);
- іс-әрекет барысында тұлға дамуына басшылық жасау;
- тұлға дамуы мен әлеуметтенуі.

Гуманистік педагогикада тәрбие –көзделген мақсатқа жеткізуші тәрбиелеуші мен тәрбиеленуші арасындағы тиімді қызметтестік процесі.

**Мақсат** –адамның қол жеткізуі тиіс нәтижені саналық деңгейде алдын-ала ниеттеуі.

Тәрбие мұраттарын анықтауда жаңа жағдайлар мен жаңа қоғамға икемдескен адам мұраты арқау етіледі. Тәрбие мазмұны, формасы, әдістері – бәрі де мақсатқа тәуелді. Тәрбие мақсатын түсінуден оны іске асырудың технологияларын таңдауға жол ашылады. Жан-жақты әрі үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу мақсаты ҚР «Білім туралы» Заңында бекітілген.

Оның баптары:

- тәрбие процесінің мазмұнын анықтайды;
- тәрбие нәтижесінің шарттарын белгілейді;
- педагог қызметінің өлшемдері ретінде қызмет етеді;
- тәрбие жүйесін толықтай айқындайды.

Тәрбие мақсаттары *жалпы* (барша адамдарға арналған) және *даралықты* (жеке адамға арналған) болып бөлінеді.

Тәрбие мақсатын белгілеуде жекеленген іс-әрекеттердің ғана емес, бүкіл оқу–тәрбие процесінің де бірлік элементі ретінде *психологиялық-педагогикалық диагностика* маңызды роль атқарады. Осыдан, тұлғаны зерттеудің әркілы әдістерін білу және олар негізінде тұлға мен ұжымды зерттеудің бағдарламаларын түзе алу қажеттіктері туындайды.

Бір тәрбиелік жүйеде әрдайым бір тәрбие мақсаты көзделеді, ал мақсатқа орай орындалатын міндеттер (жалпы не нақты) көптеген болуы мүмкін. Тәрбие мақсаттары қоғамның даму қажеттерімен айқындалып, әлеуметтік және техникалық прогреске, қоғам, ересектер мен балалардың мүмкіндіктеріне тәуелді келеді. Тәрбиелік іс-әрекет нәтижесінде көрініс беретін көкейкесті мақсаттар : әр адамның даралықты дамуы және оның әлеуметтенуі, ал бұл өз кезегінде ақыл-ес, адамгершілік, әсемдік (эстетикалық), азаматтық, еңбектік және тән-дене тәрбиесі міндеттерінің орындалуымен анықталады.

Тәрбие міндеттерінің шешімі тұлға мәдениеттілігінің негізін қалайды.

## **12.2. Тәрбие процесінің ерекшеліктері**

Оқу және тәрбие - өзара байланысты екі процесс. Олардың міндеттері әркілы, дегенмен, бір-бірімен ажырамас ұштасқан күйде бір уақытта қатар жүріп отырады, бірақ ұйымдасу әдістері және формалары тұрғысынан түбегейлі өзгеше.

Тәрбиелік іс-әрекет тәрбиешінің жекеленген әрекет аймағы түрінде (өз мақсаттарына, міндеттеріне, мазмұнына ие) немесе оқу процесіне тікелей енген (себебі оқу тәрбиелік сипатқа ие) қалыпта болуы мүмкін.

Оқу мен тәрбиенің ортақ белгілері:

- тәрбие процесі өз ішіне оқу элементтерін қамтиды: қандай да ережені орындауды талап етуден бұрын оның іске асырылу жолдарын үйрету қажет;

- оқу процесі мұғалім мен оқушы арасындағы ықпалдасты іс-әрекеттің ұйымдастырылу формасына сәйкес өтеді. Өз қызметі барысында мұғалім оқушыға тәрбиелік ықпал жасайды;

- оқу және тәрбие процесерінде бірдей әдістер (түсіндіру, қадағалау және т.б.) пайдаланылады.

Жалпы педагогикалық процестің аталған екі қызметінің арасындағы принциптік айырмашылық : оқу барысында шәкірт әртүрлі ғылымдар негізін меңгереді, ал тәрбие процесі оқушының тұлғалық сапа-қасиеттерін қалыптастыруға бағышталады.

Тәрбие процесіне тән ерекшеліктер:

- мақсатты бағыттылық (мақсаттың түсінікті болуы нәтиже тиімділігінің кепілі);

- мақсаттар бірлігі (тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы қызметтестіктің көрсеткіші);

- нәтиже ұзақтығы (оқу процесіндегідей нәтиже бірден көрінбейді);

- көп жағдаяттылығы (тұлға көп әрі сан қилы ұнамды да, ұнамсыз да ықпалдарға кезігеді. Тәрбие барысында олар реттеледі. Тараптардың тұлғаға болған ықпалы өзара сәйкес келсе, тәрбие нәтижесі тиімді болады.

- ауыспалылығы (тәрбиеленуші мақсатты, көзделген және кездейсоқ әсерлерге бірдей кезігіп отырады).

- үздіксіздігі (ешқандай науқанды, бір мәртелік шара қаншама жарқын болмасын, аса ыждағаттылықпен жүйелі дайындалған тәрбие істерінің орнын баса алмайды);

- кешенділігі (тәрбие мақсаты мен міндеттерінің , мазмұн, форма және әдістерінің бірлігі);

- баламалылығы (тәрбиеленушілер даралық ерекшеліктері және әлеуметтік тәжірибесінің әр түрлілігімен ажыралады. Тәрбие процесінде бұлар ескерілуі шарт, себебі әсері бірдей болғанның өзінде де тәрбиелік нәтиже әрқилы болуы ықтимал);

- екі тараптылығы (тәрбиелік ықпалды жүргізуші – мұғалім, ол ықпалды қабылдаушы - оқушы);

- тәрбие процесі - өмірлік, ол қозғалмалы да ауыспалы;

- тәрбиеші тұлғасы – тәрбие барысына ықпалды маңызды жағдаят (тәрбие процесінің өнімді болуының кепілі – мұғалім ептілігі, шеберлігі, құндылықты бағыт-бағдары, қызметтестік қатынасқа түсе білу қабілеті);

- қарама-қайшылықты болуы (қарама-қарсылықтар тәрбиенің қозғаушы күші ретінде қарастырылады).

Тәрбиенің негізгі қайшылықтары оқу-тәрбие процесінде кездесетін келесідей құбылыстар арасында көрінеді: қоғамдық өмірдің жаңа шарттары мен оған дайындауға арналған әдістер мен формалардың ескіруі; адамның табиғи даму мүмкіндіктерінің шексіздігі мен бұл дамудың әлеуметтік жағдайлар бағдарламаларына тәуелді шегерілуі; адамның табиғаттан белсенді, әрекетшен болуы, оның қоғамдық өмірге араласу ынта-ықыласы мен өмірлік процеске нақты қатысу үшін қажет тәжірибе, білім, ептілік пен дағдылардың жетіспеуі және т.б.

Сонымен, жоғарыда аталғандарды ескерумен келесідей қорытынды шығаруға болады: тәрбие процесі оқу процесімен бір қатар жүріп жатса да, ол бірнеше мәнді ерекшеліктерге ие, сондықтан да өз алдына дербес қарастырылады.

### **12.3. Тұлғаның өзіндік тәрбиесі мен қайта тәрбиесі**

**Өзіндік тәрбие** – адамның өзіндік дамуға, өзіндік білім алуға, өз ұнамды қасиеттерін жетілдіріп, келеңсіз тұлғалық сапаларын жоюға бағытталған саналы әрі мақсатты бағдарланған іс-әрекеттері.

Өзіндік тәрбие бірліктері - өзіндік таным, өзіндік талдау, өзіндік бағалау, өзіндік есеп және өзіндік қадағалау. Өзіндік тәрбие тәсілдері- өз өзіне бұйрық беру, өзіндік сергектік көтеру, өзіндік қолдап-қуаттау, өзіндік мадақ, өзіндік жаза.

Өзіндік тәрбиеге ынталандырушы жағдай – тек тәрбиешінің тәрбиелік іс-әрекетін ғана емес, сонымен бірге тәрбиеленушінің өз қалауы мен ынта-ықыласын қамтыған дұрыс тәрбие.

Өзіндік тәрбие элементтері мектеп жасына дейінгі балалардың өздерінде де көрініп жатады: олар әзірше өз тұлғалық қасиеттерінің мәнін жете түсіне бермеуі мүмкін, бірақ ненің жақсы, қандай өз әрекеттерінің ересектерге ұнамайтынын сезінеді.

Бозбалалық жаста өзіндік тәрбие процесі біршама саналы сипат алып, бағдарлы мақсатпен ұштасады. Өзіндік тәрбие адамның нақты қабілеттеріне, өзінің даралықты мүмкіндіктерін түбегейлі талдай білуіне сай баға беруге негізделеді. Саналылық дәрежесі неғұрлым

жоғары болса, тұлғаның өзіндік дамуына бағытталған өзіндік тәрбие мәні болымды сипат алады.

Тұлғаның жалпы тәрбиелілігі өзіндік тәрбие деңгейімен сипатталады, өзіндік тәрбие сырттай педагогикалық тәрбиемен ажыралмас өзара байланыста болып, тұлғаның қалыптасу процесіне қолдау-қуаттау береді, әрі оны дамытады.

Оқу, тәрбие және өзіндік тәрбие біртұтас оқу-тәрбие процесінде өзара байланысты. Бұл процестің қаншалықты нәтижелі болары, осы бірліктің есебінен.

***Қайта тәрбие*** – мақсаты келеңсіз қасиеттерді жойып, ұнамды тұлғалық сапаларды дамытуға бағытталған тәрбие түрі.

Бұл процесс жеңіл емес, көп күш-қуат пен шыдамдылықты қажет ететін ұзақты процесс. Тәрбиеленгеннен гөрі қайта тәрбиеге салу анағұрлым күрделі, себебі бұл белгілі бір уақыт аралығында орныққан көзқарас, әдеттерді, мінез бітістерін бұзып, бұрынғыларынан өзгеше, тәрбиеленушілердің дағдыланбаған жаңа әдет-қылық жүйелерінің тіктелуіне байланысты. Егер ұнамсыз мінез бітістері тұрақтанған сипат алған болса, қайта тәрбиелеу әбден қиын соғады. Сондықтан, «кейін қайта өңдеп жатпайтындай етіп тәрбиелеу қажет» (А.С.Макаренко).

Қылмысқа бейімділік, теріс моральдық қылық-әрекеттер мен әдеттер адам бойында қоршаған ортаның кері ықпалынан, болымсыз тәрбиеден, тіршілік жағдайларының қолайсыздығынан орнығады. Мұндай тәрбиеленушілер «қиын балалар» немесе «педагогикалық қамқорлығы болмаған» оқушылар деп аталады. Олар арасында тәрбиелік ықпал-әсерлерді қабылдамайтындар, тіпті оған қарсы тұратын, психикасында педагогикалық тұрғыдан жат ауытқуларға түскендері де кездеседі.

Қайта тәрбиелеу тиімді нәтижеге жетуі үшін тәрбие тезіне түскен адам ең алдымен өзін-өзі тура жолға салу қажеттігін түсінуі, өмір салтын, әдеттерін, қылық-әрекеттерін өзгерту керектігін сезінуі тиіс.

Қайта тәрбиелеудегі маңызды шарт- тәрбиеленушіні қалай да өзіне тарту, тұлғаны кері әрекеттерге итермелеуші проблемалардың туындау себептерін анықтау, кезек, ретімен белгілі бағытта орындалып баратын мақсаттар жүйесін құру. Мысалы, жақын мақсатты жүйе – ойын, саяхат, сыйлық; орта мақсатты жүйе – үйірме, секция жұмыстарына қосу, алыс сапарларға шығу, лагерьге жіберу және т.б.; ұзақ болашақты көздеген мақсат жүйесі - өзіндік өмір және кәсіптік бағдар-бағыттарды айқындау; тәрбиеленуші жасап не оқып жатқан жағдайды өзгерту – басқа ұжымға ауыстыру, жаңа іс-әрекетке қосып, бұрынғы бейімділіктерін ұмыттыру; мінез-құлқын бұрылысқа келтіру



мақсатында тұлға санасына, сезіміне, еркіне үздіксіз ықпал жасау шараларын қолдану және т.б.

Қайта тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз етуші маңызды жағдай – «қиын баланы» тәрбиеші талаптарына құлақ асуға үйрету. Сондықтан тәрбиеші тәрбиеленушімен дұрыс қарым-қатынас қалыптастырудың жолдарын іздестіріп, екі арадағы алакөздікті, дау-дамай себептерін басуға әрекеттенуі тиіс. Өз басы әлекке толы балаға ұжымды қарсы қойып, оған ықпал жасауға тіпті болмайды. Әр тұлға үшін күресу қажет. Тәрбиеленуші мұғалім не педагогтың оның өзіне қарсы әрекеттеніп жатпағанын, ол оның бойындағы теріс мінез бітістеріне қарсы күресетінін сезінуі тиіс.

Қайта тәрбиелеу үшін дәстүрлі әдістермен қатар «адамның барша ниеттерін түпкілікті өзгеріске келтіріп, бүкіл ұмтылыстарына бұрылыс беретін»(А.С.Макаренко) – *жарылыс әдісін* («метод взрыва»)де қолдануға болады. Бұл әдіс тәрбиеленушіге өз теріс қылықтарының бұдан былай жарамсыз болатынын терең сезінуге, өз мінез- құлқы мен қоршаған ортаға деген қатынасын өзгертуге, жаңаша өмір сүру қажеттігін түсінуге жәрдем береді.

Қайта тәрбиелеу барысындағы аса маңызды қадам-тұлғаны өзіндік тәрбие процесіне (өзіндік қайта тәрбиелеу және өзіндік реттеу, түзету) қосу.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Тұлға тәрбиесінің мәні неде?
2. Тәрбиеге тән ерекшеліктерді атаңыз.
3. Тәрбие мен оқу арасындағы айырмашылықтар қандай?
4. Тәрбиелік істер жүйесінде өзіндік тәрбиенің орны қандай?
5. Қайта тәрбиелеу не үшін қажет?

## **13-дәрісбаян. Тәрбиенің жалпы заңдылықтары мен принциптері**

Жоспары:

- 1 Тәрбиенің жалпы заңдылықтары
2. Тәрбие принциптері

### **13.1 Тәрбиенің жалпы заңдылықтары**

Жалпы заңдылықтардың ықпал аймағы тәрбие процесінің барша жүйесіне әсер етеді әрі оның аса маңызды бірліктері арасындағы байланыстарды танытады. Бірақ тәрбие процесі, біз білетіндей, педагогикалық процестің құрамды бөлігі болуымен осы процесс заңдылықтарына тәуелді келуі табиғи құбылыс. Бұл процесте даму және қалыптасу заңдылықтары әрекетке түседі. Бұдан шығатын қорытынды - тәрбие процесі аса күрделі де көп түрлі сипатқа ие. Тәрбие практикасы үшін өте қажет нәрсе: тәрбие процесінің тиімділігі (өнімділігі) мен тәрбие сапасын анықтайтын оның сипаттары және шарт –жағдайлары арасындағы байланыстардың қалай түзілетінін түбегейлі білу.

**Тәрбие тиімділігі** келесі жағдаяттарға **тәуелді**: -қалыптасқан тәрбиелік қарым-қатынастарға; балаға деген ықпал оның қоршаған ортаға, тәрбиешіге, тәрбиелік әсерлерге қатынасына орай жасалады. Егер бұл қатынастар ұнамды болса, проблема тумайды. Ал егер бұл қатынас кереғар сипатта болса, тәрбие процесі тежеледі, одан келетін нәтиже болымсыз сипат алады. Сондықтан келеңсіз қатынасты әрекеттер алдымен жойылып, көзделген мақсатқа қарай қадам аттау орынды. Бастаудан тәрбиеші көзқарастары мен талаптарын оңды қабылдаған тәрбиеленуші оларға икемдесіп үйренеді әрі сенеді, орынды талап кейпінде қабылдайды. Ал егер тәрбиеленуші өз тәрбиешісінің талаптарын дұрыс деп таппай, одан күмәнданса, процесс бағытының қай арнаға түсіп, дамитыны белгісіз. Гуманистік тәрбие өсиеті: жақсы тәрбиелегіңіз келсе, баланы бауырмалдықпен өзіңізге жақындатасыз.

- **мақсат және оған жетуге бағытталған іс-әрекеттер арасындағы сәйкестік.** Егер іс-әрекет, тәрбие жұмыстарының ұйымдасуы алға тартылған мақсатқа орайласпаса, тәрбие процесі табысты болмайды. Керісінше, ұйымдастырылған істер мақсатқа тура келсе, қолданылған әдістер, формалар мен құрал-жабдықтар көзделген міндеттер деңгейінде болса, тәрбие процесінің тиімділігі де сәтті шығады.

- **практика мен тәрбиелік ықпалдар сәйкестігіне.** Тәрбие процесіне тән құбылыс: тәрбиеленуші өз тәрбиешісі айтқанының бәрін

практикада тексеруге құштар. Егер осыдан бала өмір мен алған білімінің, сөзбен істің өзара сай болмағанын сезсе, түңіліске тап болады. Қалыптасқан тұрмыстық, өмір жағдайларын әсте ақырын әрі бірізділікпен бірте-бірте ауыстырып бару жөн. Жылтың, мезеттік табыс қуалау көп ұзамастан тәрбие мен өмір сәйкестігін шұғыл жойып салады.

**- объектив және субъектив жағдаяттардың бірлікті әрекетке түсуіне.**

Субъектив жағдаяттар құрамы: тәрбиешілер мен тәрбиенушілер, олар арасындағы ықпалдастық, қалыптасқан қарым-қатынастар, психологиялық климат және т.б., ал объектив жағдаяттар: тәрбиені іске асыруға қажет шаралар-экономикалық, материалды-техникалық, әлеуметтік, санитар-гигиеналық және т.б., әрқандай нақты тәрбиеге байланысты аталған жағдаяттардың өзара ұштаса күрделі бірігімге келуі тәрбие процесіне қайталанбас, өзіндік сипат береді. Сөйтсе де, тиімді тәрбиені қамтамасыз ету үшін оған қолайлы жағдайлар түзілуі қажет.

**- тәрбие мен өзіндік тәрбие қарқындылығына.** Өзіндік тәрбие - өз тұлғасын жетілдіруге бағытталған оқушы іс-әрекеті. Өзіндік тәрбие процесінде бала өз тәрбие процесінің субъекті ретінде танылады. әрқандай өзіндік тәрбие нақты оқушы өмірінің мазмұнымен, оның қызығулары және жасына сай қатынастарымен тікелей байланысты. Өзіндік тәрбие сырттай тәрбиемен сабақтас әрі оның нәтижесі. Тәрбиеленушінің өзін өзі бағалай білуі, өзінің ұнамды қылықтары мен келенсіздіктерін тануы, жеке өмірлік жоспарын іске асыруға кедергі болар жәйттерді ерік күшін қосып жеңе білуі - өзіндік тәрбиенің табыс кепілдері. Ал оқушының өзін жетілдіре білуінен, яғни өзіндік тәрбиеден мұндай кепілдіктер дамып, ұлғая түседі.

**- тәрбиеге қосарлана жүретін даму мен оқу процестерінің тиімділігіне.** Белгілі болғандай, егер екі процесс өзара байланысты іске қосылса, онда олардың бірінің тиімділігі көтеріледі не кемиді де, екіншісіне өз ықпалын тигізеді. Осыдан тәрбие даму қарқындылығын асырып, ал даму ұтымды тәрбиеге жол ашады. Егер осы байланыс бұзылса, күрделі кедергілер туындайды да, олар өз кезегінде тұлғаның дамуына да, оқуына да, тәрбиесіне де жайсыз жағдайлар жасайды.

**- педагогтың тәрбиелік әрекеттерінің сапасына.** Біліктілігі кем, көлемі тұрғысынан жетімсіз не мерзімінен кешіктірілген педагог істері тәрбие қызметінің төмен нәтижесіне себепкер болады.

**- тәрбиеленушінің «жан аймағына» жасалған ықпалдардың қарқындылығына.** «жан аймағы» дегеніміз тұлғаның сеп-түрткілер, қажеттер, көңіл-күй, сана-сезім жүйесі. Тәрбие процесінде сыртқы ықпалдар оқушының іштей табыстарына, яғни сапа-қасиеттерінің ұнамды дамуына, ауысады. Ал, егер осы ықпалдар ойға алынғандай

күшті болса, бала қажеттеріне орайлас келіп, оның белсенділігінің көтерілуіне жәрдем беретін болса, тұлғаның жеке сеп-түрткілері мен мақсаттарының идеалды күйден практикалық нәтижеге ауысуы анағұрлым жеңіл әрі жылдам өтеді.

- **педагогикалық ықпалдар мен тәрбиеленушілер мүмкіндіктері арасындағы үйлесімге.** Тәрбие процесінде *дамудың біркелкі болмау заңы* көрініс береді, себебі тәрбиеленуші мүмкіндіктері тәрбиеші талаптарына әрқашан сай келе бермейді. Осыдан кейбір теориялық білімдерге байланысты мәселе, сұрақтарды еркін де жеңіл шеше білетін оқушы практикалық тапсырыстарды орындауда, қарапайым еңбек операцияларымен кезіккенде, дене шынықтыру жаттығуларын көрсетуде ебедейсіздік байқатып, едәуір қиналып қалды.

Сонымен, тәрбие заңдылықтары тәрбие процесінің жағдаяттары, шарттары мен нәтижелері арасындағы басты байланыстарды бейнелейді. Тәрбие тәжірибесінде нәтиженің қалыптасқан қатынастарға тәуелділігі, мақсат пен іс-әрекет, практика мен тәрбиелік ықпалдар, субъектив және объектив жағдаяттардың байланысы, әсері, тәрбие және өзіндік тәрбие қарқындылығы және т.б. өз дәлелін өмір барысында тауып отыр.

### 13. 2. Тәрбие принциптері

Тәрбие процесінің принциптері (тәрбие принциптері) бұл тәрбие процесінің мазмұнына, әдістеріне, ұйымдастыру жолдарына қойылатын негізгі талаптарды айғақтайтын жалпы ***бастау тұжырымдары***. Олар тәрбие процесінің анайылығын аңдатып, педагогтарға нақты педагогикалық міндеттерді шешуде бағыт-бағдар береді.

Тәрбие процесіне арқау болар принциптер өз алдына жүйеге бірігеді.

Осы жүйедегі ***гуманистік педагогика*** принциптері келесідей:

- тұлғалық бағыт принципі;
- тәрбиенің жеке тұлғалық және қоғамдық бағыттарының бірлігі принципі;
- тәрбиенің өмір, еңбекпен байланыстылық принципі;
- тәрбиеде ұнамды өнегені пайдалану принципі;
- тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципі.

***Тұлғалық бағыт принципі.*** Тәрбие процесінде тұлғалық бағыт принципі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен даралығын, әсіресе жалпы және жеке адами қасиет - сапалары мен мүмкіндіктерін ескеру негізінде іске асырылады. Адами қасиет сапалар мәні: тұлғаның өмірлік бағыт-бағдары, тіршілік жоспары, құндылықты бағамдары, қалыптасқан жандүниелік ұстамдары, іс-әрекеті мен мінезіндегі

басымды сеп-түрткілер. Тұлғаның осы аталған жетекші сапаларынан бөлектене қарастырылатын жас не даралық ерекшеліктер (мінез, темперамент, ерік және т.б.) жоғары дәрежелі кісілік қадір-қасиеттерді қалыптастыруға бағышталған тәрбиені қамтамасыз ете алмайды, жас деңгейін, даралық ерекшеліктерді білу маңызды, солай да болса, жоғарыда аталған сапалардың жетекшілік ролін тану ғана баланың жас мүмкіндіктері мен жеке ептіліктерін дұрыс пайдаланудың көзін ашады.

Тұлғалық бағыт принципіннің тәрбиеші алдына қоятын талаптары:

1) тәрбиеленушілердің жеке темпераменттік ерекшеліктерін, мінез бітістерін, көзқарастарын, талғамдарын, әдеттерін үздіксіз зерттеп, жете білу; 2) тәрбие процесін диагностикалаумен бірге баланың ойлау қабілеті, сеп-түрткілер, ұстанымдары, өмірлік бағыты, өмір мен еңбекке деген көзқарасы, құндылықты бағамдары, тіршілік жоспарлары секілді тұлғалық сапалардың нақты қалыптасу деңгейін түбегейлі тану; 3) әр оқушыны тұлғаның ілгерілей дамуын қамтамасыз етуші күш-қуатына сәйкес әрі біртіндеп күрделеніп баратын тәрбиелік істерге ұдайы қатыстырып бару; 4) мақсатты іске асыруға кедергі болар себептерді өз уақытында анықтау әрі аластау, ал егер бұл мүмкін болмаса, жаңа жағдайлар мен шарттарға тәуелді тәрбие бағытына дер мезетінде өзгерістер енгізу; 5) барынша тұлғаның өз белсенділігін арқау ету; 6) тәрбиені тұлғаның өзіндік тәрбиесімен ұштастыру, оқушыға өзіндік тәрбие мақсаттарын, әдістері мен формаларын таңдауға жәрдем беру; 7) оқушыда дербестік, ынталылық, өзіндік іс-әрекет қабілеттерін дамыту, тек басшылықпен шектелмей, табысқа жеткізер іс-әрекеттерді ұтымды ұйымдастыру және бағыттау білу.

Осы талаптардың бірлікті орындалуы мектеп тәжірибесінде бұрыннан танымал жас ерекшеліктері мен даралық ескеру принциптерінің қарабайырлығын жояды, тәрбиешінің процестің үстірт белгілеріне шегеленбей, тереңде жатқан мән-мағыналық байланыстарға назар аударуға бағыттайды, осы процесте көрінетін тәрбие заңдылықтары мен себеп-салдарлы қатынастарды тануға жетекшілік етеді.

***Тәрбиенің жеке тұлғалық және қоғамдық бағыттарының бірлігі принципі.*** Озат ойлы педагогтар тәрбиені «әсиет пен өнеге, сендіру және зорлау жәрдемімен адамдарды нәзік шақтан іс-әрекетке қосып, игерілген ережелерді тұрмыста қолдануға үйретуші қоғамдық құрылым» (Г. Сент-Джон) ретінде таныған. әр дәуірде бұл принцип мәні ауысып барған: бірде жеке тұлғалық бағыт басымдау болып, кейде қоғамдық, мемлекеттік бағыттар жетекшілік еткен. Алайда, тәрбиенің басты міндеті - адамды белсенді қоғамдық әрі рахат жеке өмірге дайындау - қай заманда да сақталып қала береді.

Бұл принцип бойынша педагогтың барша қызметі өсіп келе жатқан әулет тәрбиесін мемлекеттің тәрбиелік стратегиясына сәйкес

орындауға және әлеуметтік үйлесімге келген тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мемлекет қызметіндегі тұлға ретінде тәрбиеші тәрбие саласындағы мемлекеттік тапсырысты орындайды. Егер мемлекет және қоғам мүдделері сәйкес келсе, азаматтардың жеке мүдделерімен үйлесімді болса, онда тәрбие принциптері де тәрбие мақсаттары мен міндеттерінің саласында өзіне тиісті орын алады. Ал бұл жағдай керісінше болса, принцип іске аспай қалады, себебі тәрбиешінің тәрбие істері қорына толыққанды тәрбие үшін қажет нақты деректер түспейді.

Бұл принципті іске асыру барысында әсіре ұрандаудан, желікпе үндеулерден, бөспе сөзділіктен аулақ болған абзал, себебі тәрбие ең алдымен құнды әрекет-қылық және қарым-қатынас тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беретін пайдалы іс-әрекет, қызмет процесінде жүзеге келеді. Алайда, оқушы араласқан нақты іс-әрекет (ойын, еңбек, қоғамдық істер, оқу, спорттық және т.б.) тәрбиелік мәнге ие болуы үшін, оның субъекті - балада сол әрекетке деген қоғамдық құнды сеп-түрткілерді қалыптастыру қажет. Егер олар жоғары ізгілікті, қоғамдық мән-мағынасымен елеулі болып келсе, әрекет-қылықтар нәтижесінде орындалатын қызмет те үлкен тәрбиелік ықпалға ие болады. Әр тұлғаның әлеуметтік сапаларын орнықтыруда оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегі олардың мақсатты бағытталған сана-сезімін қалыптастыру істерімен ұштасуы қажет. Баланы қандай да іс-әрекетке ойыстыруға қолданылған сөз, ауызекі нұсқау, нақты тұрмыстық пайдалы қызмет пен ұнамды әлеуметтік тәжірибеде өз бекімін табуы тиіс.

***Тәрбиенің өмір және еңбекпен байланыстық принципі.*** « Мектеп үшін емес - өмір үшін» - ұранымен күтіп алады екен ежелгі Рим мектептері өз оқушыларын. Адамзаттың алғашқы қадамдарының өзінде –ақ адам тәрбиесімен шұғылданған тұлғалар өмір мен тұрмыс практикасынан ажыралған тәрбиенің мағынасыз болатынын түсінген. Адам тұлғасын қалыптастыру оның іс-әрекетімен, қоғамдық және еңбектік қатынастарға келуімен тікелей тәуелді байланыста. Адамның ұнамды сапалары еңбекте ғана дамиды: неғұрлым ол ауқымды, мақсатқа орай болса, тұлғаның дамуы мен әлеуметтену деңгейі де жоғары келеді. Осыдан да тәрбиеленушілерді қоғамдық өмірге, әрқилы пайдалы істерге араластырумен оларға болған ұнамды көзқарас пен қарым-қатынастарын қалыптастырып бару міндетті шара. Тең құқықты мүше ретінде еңбек процесіне қатыса отырып, бала адамгершілікке баулынады, рухани және тәндік дамуға келеді, еңбектің қоғамдық мәнді сеп-түрткілерін ажырататын болады, өзінің моральдық сапа-қасиеттерін бекітеді, одан әрі жетілдіреді.

Тәрбиені өмірмен байланыстыру принципі педагогтардан екі бағытта белсенді қызмет атқаруды талап етеді: 1) тәрбиеленушілерді адамдардың қоғамдық өмірі және еңбегімен қолма-қол әрі кең

таныстырып, жалпы тұрмыста болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді мезетінде түсіндіріп бару; 2) тәрбиеленушілерді шынайы өмір қатынастарына тартып, араластыру, қоғамдық пайдалы іс-әрекеттердің сан-алуан түрлеріне қызығулары мен бейімділіктеріне сәйкес қосып, оның нәтижесінен рахат сезінуге баулу.

Аталған принципті іске асыру барысында педагог орындауы тиіс міндеттер төмендегідей:

- қоғам мен адам өміріндегі еңбектің маңызын әр балаға жете түсіндіру;

- материалды және рухани дүние өндіруші еңбек адамдарына болған құрметке баулу;

- шаршап-жалықпай еңбектену қабілетін дамыту, қоғам және өз мүддесі үшін адал да шығармашылықпен іс қылу ниеттерін өрістете түсу;

- қазіргі заман өндірісінің жалпы негіздері жөніндегі ақпараты жеткізу;

- еңбек аясында өз басы мүдделері мен қоғамдық міндеттерді үйлестіре білуге, қоғам қажеттері мен өз ниеттеріне орай кәсіп таңдауға үйрету;

- қоғамдық игілік және табиғат байлықтарына құндылықпен қатынас жасауға баулу;

- қоғамдық мүлікке байланысты ысырапшылдыққа, жауапкерсіздікке, талан-тараждыққа, табиғат байлықтарына болған жыртқыштыққа төзбеушілік сезімін ояту.

Тәрбиені өмір және еңбекпен ұтымды ұштастыру мақсатында келесі ережелерді ұстанған жөн:

1. Желең сөз емес, оқушылардың нақты әрі қолынан келер ісі пайдалылау. Осыған орай тәрбиеші сабақ және сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын талаптар бағдарламасын түзіп, оларды бірізділік принципі негізінде іске асырып баруы шарт.

2. Өз әрекеттерін жанұя талаптарымен үйлестіре отырып, тәрбиеші әр оқушыға оның басты міндеті оқу екенін жете түсіндіруі لازم. Бұған қосымша –үйге жәрдемдесу, әлі жететін басқа да тапсырмаларды орындау.

3. Бала, әдетте, қандай да істі орындауға күштар; енжарлық, селқостық, іссіздік-бала табиғатына жат құбылыстар.

4. Дәрістер мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында өлкетану материалдарын пайдаланған өте тиімді.

5. Ересектермен қатар еңбекке араласуынан балалар қолға алған жұмыстарды жауапкершілікпен бағамдауға үйренеді, ал бұл олардың азаматтық сапаларының дамуына жәрдем береді.

6. Бала тәрбие процесінде өз еңбегінің басқа адамдарға, қоғамға қажет әрі пайдалы екенін сезінуі тиіс.

*Тәрбиеде өнеге-үлгіні сүйеніш ету принципі.* Егер өз тәрбиеленушісінде педагог тырнақтай да жақсылық нышанын байқап, оны тәрбие процесінде пайдаланатын болса, оның шәкірт жанына жол тауып, тезірек табысқа жетуі сөзсіз. Дана педагогтар тіпті тәрбиесі жетімсіз балалар мінезінен де ұнамды бітістер тауып, оларды тәрбие мақсатына орай басқа да қасиет-сапаларды қалыптастырып, тұрақтандыруға шеберлікпен қолдана алған. Ұнамды үлгі-өнегелерді сүйеніш ету принципінің талаптары қарапайым: педагог баланың ұнамды мінез бітісін табады, оны пайдаланып, басқа, әлі қалыптаспаған не кері кеткен мінез бітістерін дамытады, қажетті деңгейге жетілдіріп, өзге әрекет-қылық сапаларымен үйлестіреді.

Баланың ұнамды сапалары (жануарларға мейірім, тума қайырымдылық, ықыластылық, жомарттық және т.б.) келеңсіз қасиеттермен (уәдесіздік, өтірік айту, еріншектік және т. б.) бірге жүреді. Бірақ түгелдей «бұзық» не тума «сүйкімді» бала болмайды. Адамдағы болымды қасиеттерді молынша көбейтіп, кері сапаларды мүмкіндігінше азайту – тұлғаны ізгілендіру жолындағы тәрбие қолынан келер маңызды міндет.

Тәрбиеші қызметі табысты болып, тез әрі ұнамды нәтижеге жетуі үшін, ол келесі ережелерді ұстануы қажет:

1. Тәрбие процесінде дау-дамайға, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қайшылыққа, күш және көзқарас тайталасына жол бермеу міндетті. Тек қызметтестік, ымырашылдық пен шыдамдылық және бала тағдырына мүсіркей араласумен ғана ұнамды нәтижелерге жету мүмкін.

2. Оқушы қылық-әрекетіндегі тек олқылықтар мен кемшіліктерге ғана назар аудара беру қателік. Әрдайым жақсы нышандарды тауып, қолдау шарт, әлбетте, келеңсіз сапаларды түзету қажет. Дегенмен, мүмкін болғанша, алдымен ұнамды қасиеттерді анықтап, қажет болса қалыптастырып, одан әрі оларды жетілдіре түсу тиімді.

3. Педагогикалық тұрғыдан тәрбиеленушілердің ұнамды қызығулары мен бейімділіктеріне (танымдақ, эстетикалық, табиғат және жануарларға қайырымдылық және т. б.) арқа сүйеген тиімділеу, олар жәрдемімен көптеген еңбек, имандылық, эстетикалық тәрбие міндеттерін шешуге болады. Ұнамды үлгі-өнегені пайдалану принципі тәрбие процесінің табиғатына берілген жетекші өзекті таба білуге байланысты. Әр нақты жағдайға орай осы өзекті табу-бала тәрбиесі жолында жанпидалыққа түскен қай педагогтың да қолынан келетін іс.

4. Ұнамды тәрбие аясын (фон) түзу-өнеге пайдалану принципінің және бір шарты. Бұл ая құрамы - тәрбиеленушілердің тіршілік, іс-әрекет ауқымы мен тәрбиелік қатынастар стилі. Байыпты, іскерлік жағдай жасалып, әркім өз ісімен шұғылданып, басқаларға кедергі болмаса, еңбектену мен тынығу жоғары дәрежеде ұйымдастырылса,



«қабырға да көмектесіп» дегендей сергек те сенімді алға ілгерілеу болады. Жұмыс орнының барша қолайлылықтары алдын ала ойластырылып, үйлесімді әрекеттер мен бірдің екіншіге болған қамқорлығы сезілсе, мұның бәрі қызмет бабындағы адамға ұнамды әсер етпей қоймайды.

5. Қателіктерінен үздіксіз кері әсерге ұшыраған бала өзіне, өз күш-қуаты мен мүмкіндіктеріне сенуден қалады. Тәжірибелі педагогтар ғұлама Гомерден қалған «Мадақ бар жерде-Жаратқан мен сәби жүреді» қанатты ойды ұстанып, балаға деген жылы, қолдау лебізін бір де аямайды, болашақта қолға кіретін жетістіктері үшін де алдын ала мақтауға жомарт келеді. Олар баланың жақсы қылығын күні бұрын жобалап, оның нәтижелі боларына баланы сендіреді, өз шәкірттерін қызметтес жолдасына айналдырып, қателескен жерінде қол ұшын береді.

**Тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципі.** Бұл принциптен туындайтын мақсат-бала тәрбиесіне қатысты ықпалдардың баршасын (жанұя, мектеп, мектептен тыс қоғамдық мекемелер, жалпы қауым) бірлікті іске қосып, тәрбиеленушілерге өзара үйлестіріліп, келісілген талаптар қоюды жүйелеу. Егер мұндай бірлік пен үйлесім болмаса, тәрбие процесінің қатысушылары А.И.Крыловтың кейіпкерлері Шаян, Аққу және Шортан секілді әрекеттерін жан-жаққа шашыратып алмауына кім кепіл? Бұдан үлкен зиян көретін алдымен тәрбиеленуші: кімге сеніп, кімге еретінін білмей сарсаң болады, өзіне абырой тұтқан «пірлерінің» ішінен жөндісін айыра алмай, күйзеліске келеді. Ал мұндай жүктемеден белі қатаймаған баланы құтқару үшін тәрбиелік ықпалдардың бәрін бір арнаға келтіріп, тұлғаға бағытталған күштердің ұнамды әсерін көтеру-тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципінің басты талабы.

Аталған принципті іске асырудың төменде келтірілген ережелері тәрбиешіге өз қызметінің барша саласында кезігетін жағдайларды ескеруге көмектеседі:

1) Тәрбиеленуші тұлғасы отбасы, жолдас-достары, төңірегіндегі ересек адамдар, қоғамдық мекемелер мен оқушылар ұжымы және т.б. ықпалында қалыптасады. Осы сан қилы ықпалдар арасында біршама маңызды рөл сынып ұжымы мен тәрбиеші тұлғасына тиісті болатынын еске ұстай отырып, басқа да тәрбиелік әсер көздері болатынын ұмытпаған жөн. Сыныптағы оқушылар мен тәрбиешіден болатын талаптардың бір-біріне қайшы келмей бір бағытта болғаны аса қажет.

2) Тұлға қалыптастырудағы бас жетекші – отбасы. Өз баласының даралық ерекшеліктерін тереңнен сезіну, оның тәрбиесінде қайталанбас жол таба білу мен сол тәрбиеге мейір, жүрек жылуын қосу тек ата-аналарға ғана берілген шеберлік. Бұл тұрғыдан оларды ешқандай тәрбиеші –педагог не оның істері ауыстыра алмайды. «Ұяда

не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» -деп атам қазақ бекерге айтпаған. Осыдан, талап – отбасымен қажет байланысты қолдап, қуаттау, бекіте түсу, қай тәрбиелік мәселе болса да, оны ата-аналармен бірлесе шешу.

3) Тұрмыста осы тәрбиеге байланысты кейде **табиғи тәрбиелеуші** – жанұя **ресми тәрбиеші**- педагог талаптарын ұнатпай қалатын да жағдайлар кезігіп қалады. Көп жағдайда ата-аналар өз балаларын шектен тыс еркелетіп, олардың жанаярлыққа түсуіне қолқа болады да педагогтардың сол бала тәрбиесіндегі барша жетістіктерін демде желге ұшырады. Мұндай келісімсіздіктерді жоюда бала тәрбиесін оңды жолға қоялық дегендердің бәрі ортақтастық табуға ынталы болғаны жөн.

4) Кейде тәрбиеші ұжым, қоғамдық ұйымдар пікірлерімен келіспей, өз әріптестерін сынға алатын жағдайлар да болып қалады. Бұл балалар көзқарастары мен нанымдарына әсер етпей қоймайды. Сондықтан бала тәрбиесі мекемелерінің мүшелері өзара келісімде, бірлікті қызмет жүргізгені жөн.

5) Ұштастық пен бірізділік принциптері талаптарына орайлас дәрістерге және оқудан тыс тәрбие жұмыстарын бір жүйеде алып барған орынды. Тәрбие жұмысында бұрыннан орныққан ұнамды қасиет сапаларды ескерген жөн. Педагогикалық ықпалдар мен талаптар біртіндеп күрделеніп баруы керек. Бірлікті талаптардың орындалуы жолында отбасы мен ата-аналарға тікелей кеңесші – тәрбиеші-педагог.

6) Тәрбиелік ықпалдары үйлестіру тәсілі – тәрбиеге қатысты адамдардың, қызмет түрлері мен әлеуметтік мекемелердің басын қосып күш біріктіру. Осыдан да тәрбиеші қоғамдық мекемелер, әлеуметтік қауымдастықтар және отбасымен байланыс түзуде шаршап –шалдығу білдірмегені жөн.

Сонымен, тәрбие принциптері – тәрбие процесінің мазмұнына, әдістеріне, ұйымдасуына қойылатын негізгі талаптарды анықтаушы жалпы бастау тұжырымдары. Бүгінгі таңдағы гуманистік педагогика ұстанған принциптері: тәрбиені нақты тұлғаға бағыттау; жеке және қоғамдық тәрбие бағыттарын үйлестіре, байланыстыру; тәрбиені өмір және еңбекпен ұштастыру; тәрбиелік ұнамды үлгі - өнегені арқау ету; тәрбиелік ықпалдарды біріктіре, пайдалану.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәрбиенің негізгі заңдылықтарына түсінік беріңіз.
2. Гуманистік тәрбие принциптерін атаңыз.
3. Гуманистік тәрбие принциптерінің негізгі салаларын атаңыз.
4. Педагогикалық қызметтегі тәрбие принциптері мен ережелерінің маңызын ашып беріңіз.

## **14-дәрісбаян. Тәрбие процесінің мазмұны**

### **Жоспары**

1. Жалпы адамзаттық құндылықтар мен құндылықты бағыт-бағдарлар
2. Тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру
3. Бала құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттар идеяларының тәрбие мазмұнында ескерілуі

### **14.1. Жалпы адамзаттық құндылықтар мен құндылықты бағыт-бағдарлар**

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпы адамзаттық құндылықтарға қатынасынан көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам қызметіндегі заттар, қоғамдық қатынастар және олар қамтыған табиғат құбылыстары құндылықты қатынастар нысандары ретінде танылған бағалы заттар сипатында іс-әрекетке қосылады, яғни бұлардың бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалғандық, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан пайымдалады. Белгілі құбылыстарды бағалауға негіз болған тәсілдер мен өлшем-шектер субъектив баға түрінде қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де адам әрекетін бағыттаушы құралдарға айналады. Қалыпты тәртіптік ұғым формасына енген мұндай құралдар түрі: ұстанымдар және бағалар, бұйрықтар мен шектеулер, мақсаттар мен жобалар.

Сонымен, заттай және субъективті құндылықтар адамның өзін қоршаған дүниеге болған құндылықты қатынастарының екі қарама-қарсы (поляры) шегін аңдатады. Адам іс-әрекеті құрылымындағы құндылықты тараптар танымдық және еріктік құндылықтармен өзара тығыз байланысқан.

Әрбір тарихи нақты қоғамдық құрылым (формация) өзіне тән құндылықтар жиынтығымен ажыралады. Ал одан түзілген жүйе әлеуметтік реттеудің аса жоғары деңгейі сипатында көрінеді. Бұл жүйеде қоғам не әлеуметтік топ мойындаған өлшем-шек, талаптар (критерии) белгіленеді. Тұлғалық деңгейде меңгерілген бұл талаптар тұлға қалыптастырудың негізіне алынып, қоғамды қалыпты тәртіпте ұстауға жәрдемдеседі.

Қоғам өмірінің кезеңдерінде құндылықтар жүйесі өзгеріске түсіп, ауысып барады. Құндылықтар өзіне тән ерекшеліктерге ие. Олардың кейбірі тарихтың қай кезеңінде де өз маңызын жоймайды. Мысалы, ежелгі дүниенің тарих сахнасында өшкенімен, онда мұрат етілген

эстетикалық құндылықтар әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ортағасырлық ағару (просвещение) дәуіріндегі гуманистік, демократиялық идеялар бүгінгі заман қызметіне жарауда.

Қоғамдағы құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі – құндылықты бағыт-бағдар.

**Құндылықты бағыт-бағдар** – бұл стратегиялық өмір мұраттары және жалпы дүниетанымдық алғы шарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі.

Қалыптасқан, тұрақты құндылықтар бағыттарының жиынтығы тұлға тұрақтылығын, қажеттер мен қызығулар бағдарында көрінген әрекет-қылық және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса, ұштасуын қамтамасыз етеді. Осыдан, құндылықты бағыт тұлға сеп-түртікілеріне (мотивтеріне) себепші, реттеуші маңызды жағдаят (фактор) ретінде іске қосылады. Құндылықты бағыт-бағдарлардың негізгі мазмұны – адамның саяси, философиялық (дүниетанымдық), адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, қылық-әрекет, мінез принциптері. Осыдан, қай қоғамда да тұлғаның құндылықты бағыт-бағдары тәрбие және мақсатты ықпал жасау нысаны ретінде қарастырылады. Олар арқылы еріктік күш салу, зейін, ой-өріс бағдарлары анықталады.

Құндылықты бағдардың дамуы –тұлға кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылықты бағыттардың тұрақты бірлігі тұлғаның келесідей сапаларының дамып, орнығуына себерші болады: тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мұраттар мен принциптерге адалдық, осы мұраттар мен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, мақсатқа жетуде табандылық пен өжеттік.

Құндылықты бағыттар арасындағы қайшылықтар әрекет-қылық пен мінездегі тұрақсыздықты туындатады. Құндылықты бағыт-бағдардың мешеуленуі адамның селкостығы мен енжарлығына себепші болады.

Бүгінгі күнде әлем елдерінде әрқилы құндылықтар жүйесі қабылданған. Осы заманғы гуманистік педагогика олардың арасында жалпы адамзаттық келесідей құндылықтарды аса маңыздылар қатарында алға тартады: адам құқы, адамды ең жоғары құндылық ретінде тану, бала тұлғасы мен оның қадіріне құрмет; бала еркіндігі мен даму құқын қорғау; білім және тәрбиедегі демократиялық принциптерді берік ұстану.

Адам құқы және еркі – жалпы адамзаттық құндылық, себебі олар адамзаттың жалпы мүдделерін танытады, әрқилы халықтардың, діндер мен дәуірлердің рухани мұраттарын жақындатады әрі туыстырады. Барша халықтар туындыларын сыйлауға, бағалау мен қорғауға үйрену – бұл ұлттық және ұлтаралық ынтымақтың белгісі ретінде қабылданған жалпы адамзаттық құндылықтарды сезіну және қабылдау нышаны.

Бүгінгі Қазақстандық қоғамда құндылықты бағыттар қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдері, яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін, әдеттерін, туған ел табиғатын құрметтеп білу- жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен бірге әрбір адам үшін жоғары құндылық – бұл өмір, тіршілікке болған қамқорлық, гуманистік қатынастар негізі - әр адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік сапаларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, туған-туысқанды, отбасы, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету.

Жалпы адамзаттық құндылықтар арасында ұлттық құндылықтар шегерілмейді. Керісінше, осы ұлттық құндылықтар арқылы көрінеді. Алғашқыда осы ұлттық формада көзге түскен қайталанбас соны жетістіктер уақыт өте жалпы адамзаттық құндылыққа өтеді (мысалы, жақын уақыттың өзінде қазақ домбырасын жетекші күй аспабы ретінде танытқан «Ұлытау» триосының Голливуд жеңімпазы аталып, бүкіл әлемге танылуы).

Қоғамдағы азаматтық, гуманистік құндылықтардың бекуі, өз міндеттері мен құқықтарының өзара тәуелділігін сезінуші әрі азаматтық ұстанымы бар ерікті тұлғаны қалыптастыру көбіне тәрбие және оқу жүйесіне байланысты. Заман ерекшелігін ескерумен түзілген құндылықты бағыттардың дамуынан әр адам өзін планета азаматы, әлем адамы санатында сезінуге мүмкіндік алады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды түсіне танудың негізі қоғамға бағытталған идеялардың, сезімдердің, ұғымдардың қалыптасуына; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды байланыстыра білуге; қоғамға және басқа адамдарға болған қатынастарға орай құқы мен міндеттерін зерттеп тануға; азамат құқы мен міндеттерінің бірлігін түсінуге; азаматтық мінез-құлық пен сезімдерді тәрбиелеуге; пікір жүргізу еркіндігінің дамуы мен көңіл-күй ортақтығын сезінуге және т.б. орайлас келеді.

Жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт-бағдар тәрбие мазмұнының ажыралмас бір бөлігі.

## 14.2. Тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру

Соңғы педагогикалық зерттеулерде *«тұлғаның базалық мәдениеті»* түсінігі қабылданған. Адамның іс-әрекеті барысында жүзеге келетін білімдер, ептіліктер, дағдылар, ой-өріс, адамгершілік және эстетикалық даму деңгейі, ортақтасу әдістері мен формалары- бәрі қосылып, «тұлғаның базалық мәдениетін» құрайды.

Тәрбие тұлғаның аталған мәдениетін дамытушы әрі қалыптастырушы бірден бір құрал. Соңғы педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның базалық мәдениетін түзуге көмектесетін бірнеше жеке элементтер аталады:

- табиғатқа бағытталған құндылықтар (адамгершілік тәрбиесі, тұлға сапасы ретінде танылған дұрыс та тұрақты қатынастар жасау);

- өмір, тіршілікке бағытталған құндылықтар (адам құқын және оның құндылық мәнін дәріптеу; бақыт, еркіндік, ар-намыс, әділдік-тендік, туысқандық және т.б. сынды құндылықты категорияларды қалыптастыру);

- қоғамға бағытталған құндылықтар (қоғамның құқықтық негізі және оның саяси құрылымымен танысу; қоғамдағы жеке адам проблемасын зерттеу: «Мен» және қоғам, отаншылдық тәрбиесі);

- еңбекке бағытталған құндылықтар (еңбектік дағдыларға үйрету).

Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруға орай жүргізілетін тәрбиелік іс-әрекеттердің бірқанша бағыттары аталады. Ғалымдардың көбі тәрбиелік істердің келесідей бағыттарын ұстанады (Б.Лихачев, В.А.Сластенин, М.П.Подласый, т.б.):

- ғылыми дүниетаным қалыптастыру;

- азаматтық тәрбие;

- еңбек тәрбиесі;

- адамгершілік тәрбиесі;

- эстетикалық тәрбие;

- дене тәрбиесі.

Тәрбиелік істердің кейбір жетекші бағыттарының мазмұнын ашайық.

**Ғылыми дүниетаным тәрбиесі.** Дүниетаным негізі – әлемді түсіну, яғни қоршаған болмыс жөніндегі білімдер тобын меңгеру. Бұл білімдер мен ұғымдар ертеңге де, бүгінге де, алыс болашаққа да қатысты. Олардың бәрі адамдардың рухани дүниесінің кәусар көзі. Дүниетаным құрамы күнделікті өмір барысында, өнерде, әдебиетте, ғылым мен дінде қалыптасатын белгілі мұраттар мен шындық бейнелерінде көрінген болмыстық қабылдаулардан құралады.

Дүниетаным наным, сеніммен байланысты. Дүниетаным көзқарастары адамның ұзақ уақыт айналысқан күрделі ақыл-ес жұмыстарының негізінде орнығады. Бұл көзқарастар тұлғаның рухани өмірінің тұғырына, оның «Мен» мәніне айналып, өмірлік ұстанымын айқындауға негіз болады.

Дүниетанымның қалыптасуы кездейсоқ жәй, тұрмыстық тәжірибеден не әркілы дүниетанымдық ұстанымдар тоғысынан, немесе саналы, тұғырлы идеялар, мұраттар мен принциптердің теориялық зерт-теулері арқасында болуы мүмкін.

Адам дүниетанымында әрқашан белгілі уақыт, заман белгілері көрініс береді. Әлем жөніндегі бүгінгі ұғым, дүниетаным бүкілдей ғылым жетістіктерінің негізінде қаланды. Біздің қазіргі дәуірімізге тән дүниетанымдық көзқарастар: демократия құндылықтары және адам құқын, оның экономикалық және саяси еркіндіктерін, ар-намыс және дүниетанымдық еркіндікті бүкіл әлем болып қолдап-қуаттау және қорғау. Күннен күнге білім құндылығы артуда. Қоғам болашағы да осы білімге иек артады, стратегиялық әлеуметтік бағдарламалар да көбіне білімді негізге алып түзетілетін болды.

Ғылыми дүниетаным қалыптастырудағы басты мақсат –мына күрделі де қайшылықты өмірде адамға өз бетінше дербес іс-әрекет жасаудың бағдарын беру.

*Азаматтық тәрбие* мәні – кемелденудегі ұрпақты отаншылдық, құқықтық, адамгершілік сезімдеріне баулып, өз қадірін, тұлғалық еркіндігін, тәртіптілікті, басқа азаматтар мен мемлекеттік билікті сыйлауды үйрету, сонымен бірге жүктелген міндеттерді орындау, отаншылдық, ұлтжандылық және ұлтаралық сыйластық сезімдерін үйлесімді байланыстыра білу қабілетін дамыту.

Азаматтық тәрбие мақсаты – әр адамда қоғамның адамгершілік мұраттарын, Отанға деген сүйіспеншілік, бейбітшілікке ат салысу ықылас –ниеттерін қалыптастыру. Азаматтықтың негізгі элементтері – мемлекет және басқа азаматтарды құрметтеуге байланысты өз міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін адамгершілік және құқықтық мәдениет. Кемелденген азаматтықтың белгісі – сөз бен істің бірлігі. Адам тұлғасының дамуына бағытталған гуманистік қадамдар да – осы азаматтық сезімдердің деңгейімен бағаланады.

Азаматтық тәрбиеге байланысты іс-әрекеттер мазмұны: әрекет-қылықтың конституциялық және құқықтық талаптарын зерттеу, үйрену; бейбітшілікке, зорлау күшін жұмсамауға тәрбиелеу; қоғам және тұлға мүддесін танытушы қоғамдық сананың бір формасы азаматтың сезімін, ұлтаралық ортақтасу және құқықтық қатынастар мәдениетін, еліміздің жетістіктері жөніндегі білімдер жүйесін, адамның қоғамда өз мүмкіндіктерін іске асыруға себепші азаматтық тәжірибесін қалыптастыру.

Азаматтық тәрбие тиімділігін көтерудің арқасында төмендегідей жетістіктерді қолға түсіруіміз мүмкін:

- азаматшылдық идеяларын қабылдаудың психологиялық кейіп жағдайлары жасалады;
- азаматтар өз араларындағы міндеттерді мойындайтын болады;
- бірлікті өмір сүруге дағдыланады;
- өз талаптарында , әрекет-қылықтарында , әдеттері мен әрекеттерінде, ниеттері мен қалауларында астамдылыққа бармауға үйренеді;

- басқалар мүддесін де ескерудің қажеттігін сезінетін болады;
- қоғамдағы бейбітшілік, өзара түсіністік, ымырашылдық пен тәртіптілік сақтау үшін қажет азаматтық ортақтасудың басты шарты өзіндік бақылау мен қадағалау жүргізуге бейімделеді.

**Отаншылдық тәрбиесі.** Бұл тәрбиенің мақсаты – оқушыда өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, оған адал қызмет жасауға, оны қорғауға баулу; туған ел тарихы және өз халқы мен басқа да ұлыстардың мәдени мұрасын, салттары мен дәстүрлерін қастерлеу қатынасын қалыптастыру;

Отаншылдық тәрбиесінің мазмұны:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін (Ел таңба, Ту, Әнұран) зерттеп, тану. Сонымен бірге басқа елдердің де мемлекеттік белгілерін білу;

- отаншылдық (өз Отанына болған сүйіспеншілік) пен интернационализмнің (басқа ұлт адамдарына, елдерге, мемлекеттерге бағытталып қалыптасқан достық, қатынастар сезімі) әрқилы тұстарын түсініп, қайта қарастыруға мүмкіндік беретін білімдер шеңберін кеңейту;

- туған өлке табиғаты мен тарихын зерттеу;

- елімізбен байланысқан өзге мемлекеттер тілін, тарихын, ондағы халықтар салты мен дәстүрлерін білу;

- халқымыздың жауынгерлік даңқы мен қаһармандығына байланысты нақты дерек көздерін іздеу және зерттеу.

**Құқықтық тәрбие.** Құқықтық тәрбие мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет-қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу. Құқықтық тәрбие жүйесі мемлекет сипаты және саясатымен белгіленеді.

Құқықтық норма адамның қоғамдағы талапқа сай әрекет-қылығының мұратты (идеяльная) моделі. Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-аналар мен ересектер арқылы іске асып барады. Азаматтық қорғанысы әлі жетілмеген бала заң аясында қолдау табады: оның ерекше мәртебесі «Адам құқықтарының жалпы декларациясында»(1989ж) және «Бала туралы Конвенцияда» (1989ж) жарияланды. Отбасы және мектеп жағдайларында балалар орынды әрекет-қылық әдеттерін, адамгершілік және құқықтық нормаларын, әлеуметтік іс-әрекеттердің алғашқы дағдыларын меңгере бастайды.

Құқықтық тәрбиеге байланысты іс-әрекеттер мазмұны- құқық бұзушылық әрекеттерге арқау болар жағдайларды (өмір мен тәрбиедегі қолайсыз жәйттерді) жою; оқушылардың өмірі мен тәрбиесіне орай жағдайлар мен оларды қоршаған ортаны зерттеу; тәрбиеленушінің



жеке ұстанымдарына түзетулер енгізу; бұрын қылмыс жасаған оқушылармен жұмыс алып бару.

**Адамгершілік тәрбиесі.** Бұл қоғамдық талаптар және әрекет-қылқ нормаларын ескерумен іс жасауға мүмкіндік беруші ептіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тәрбие процесінің мәнді бір бөлігі.

Мәдениет тарихында адамгершілік тәрбиесі мәнін түсінудің төрт негізгі дәстүрі қалыптасқан:

- патерналистік (патер-лат. «әке», үлкендерге құрмет түріндегі адамгершілік тәрбиесі);
- діни-дәстүрлік (діни наным сенімдер мәртебесін қолдау түріндегі адамгершілік тәрбиесі);
- ағартушылық (ғылыми білімдер игерудің нәтижесі түріндегі адамгершілік тәрбиесі);
- коммунитаторлық (коммуна-лат. «қауым», «бірлестік»; ұжымшылдық сезімін қалыптастыру сезімі түріндегі адамгершілік тәрбиесі).

Адамгершілік тәрбиесінің мақсаты- өз іс-әрекетіне жауапкершілікті, адал, намысты, жалғандық пен кәззартықтан жаны аулақ адамды тәрбиелеу.

Алайда адамгершілік тек сырттай форма ретінде игерілуі мүмкін емес, ол адамның тұлғалық дербестігіне негізделіп, әр тұлғаның өзіндік заңы күйінде танылады. Адамгершілік қалаған уақытта, қалаған нақты жолмен орындалатын жәй мақсат емес. Ол адами іс-әрекеттің өз негізінде жатқан *мақсаттардың мақсаты*.

Адамгершілік тәрбиесі негізінде қалыптасушы сапа-қасиеттер түрі келесідей: шыдамдылық, жомарттық, әдептілік, ізгіліктілік; адамдар арасындағы өзара сыйластық, өзара жәрдем және жолдастық, үлкенге сый, кішіге қамқорлық, әйел және ер арасындағы құрметтеу қатынасы; өзіндік тәртіптілік, өзіндік қадағалау, өзіндік басқарым, өзін өзі тану, өзін өзі реттеу қабілеттері. Әр адам өзі қалаған әдет-қылықтарды ардақтау арқылы өз адамгершілігінің дамуына ықпал жасауы мүмкін.

Адамгершілік тәрбиесіне орай іс-әрекеттер мазмұны:

- ұжымдық оқу және қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді қамқорлыққа баулу;
- қайырымдылық пен жауыздық проблемаларын талдай білуге үйрету;
- шынайы және бейнақты гуманизмді айыра білуге жаттықтыру;
- әлеуметтік әділдік пен әділетсіздік мәнін түсінуге баулу;
- гуманизм идеялары мен олардың жалпы адамзаттық сипатын түсіне, бағалауға дағдыландыру.

**Экологиялық тәрбие.** Бұл тәрбиенің мақсаттары-тәрбиеленушілерде қоршаған ортаға деген жауапкершілік; табиғатты ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық ретінде тану мен оған жауапкершілікті қатынастар жасау жөніндегі білімдер қалыптастыру; нақты тіршілік аймағы табиғатын зерттеп, мүмкін болар экологиялық жағдайлардың ауысуынан туындайтын зардаптардың алдын алуға үйрету; сонымен бірге *қоршаған ортадан ләззат* (халықаралық экологиялық қауымдастықтың ұраны) *алу* арқылы табиғат субъекттерінің баршасына қатысты қайырымдылық сезімін тәрбиелеу.

Экологиялық тәрбиеге байланысты іс-әрекеттер мазмұны:

- тәрбиеленушілердің қоршаған табиғатты зерттеп, тануы;
- табиғаттың экологиялық қалпына талдау жүргізу;
- әлем, ел, оқушы жасап жатқан ортаның экологиялық жүйесі проблемаларымен танысу;
- адам әрекет-қилығын зерттеп, нақты аймақ пен бүкіл әлемдік экологиялық жағдай, одан болар ықпалдарды (ұнамды не кері) зерттеп, білу.

**Эстетикалық тәрбие.** Бұл тұлғаның эстетикалық көңіл-күй – сезімдік және тұлғалық сана мен оған сәйкес іс-әрекет қалыптастыру және дамыту.

Бұл тәрбие түрі тұлғаның өзіндік білім игеруі мен өзіндік дамуы барысында іске асады әрі құндылық мәнін иелейді. Эстетикалық тәрбие өз ішіне эстетикалық көңіл шарпулары (эмоция) мен бағамдарын туындататын болмыстың әсем нысандары мен олардың қасиеттеріне бағытталған тәрбие жұмыстарының формалары және әдістемелік жұмыстар түрлерін қамтиды.

Эстетикалық тәрбие және білім алудағы мақсаттар: тұлғаның өнер мен қоршаған болмыс нысандарын қабылдау, игеру және бағалау дайындығын дамыту; көркем өнер, рухани және дене шынықтыру мәдениеті саласында шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

Эстетикалық тәрбие тұлғаның әсемдікті тануға орайласқан санасын (сезімі, бағамы, талғамдары, ұғымдары, мұраттары, құндылықтары мен көзқарастары), оның қасиеттерін, бағалау - эстетикалық қатынастарын және олардың әрекет-қилық пен мінезде, өз қалаулары мен іс-әрекеттеріндегі (қабылдауында, бағалауында, шығармашылық қызметтестік пен өзіндік жасампаздық, сезіне жауапқа келуінде, талдауда) көрінісін ашуға, анықтауға бағытталған.

Қазіргі заман жағдайларына орай аса маңыздылары ретінде эстетикалық тәрбиенің келесі бағыттары алға тартылуда: көркем өнерлік білімді үздіксіз дамыту; оқушылардың ән-күй мәдениетін қалыптастыру, театрға байланысты тәрбие мен білім беру, көркем әдебиеттік қабілеттер дарыту және дамыту, т.с.с.

Әсемдікке тәрбиелеудің нәтижелік көрсеткіштері: тәрбиеленушілердің эстетикалық санасының даму деңгейі; олардың эстетикалық құнды заттар, құбылыстар, көркем шығармалар әлемінен игерілген қорға шығармашылықпен қатысы.

Эстетикалық тәрбие бойынша қызметтер мазмұны: мұражайлар мен көрмелерге саяхаттар ұйымдастыру, көркем әдебиет туындылары бойынша конференциялар өткізу; дөңгелек үстел төңірегінде кездесулер ұйымдастыру; әйгілі орындаушылар (жеке әншілер, хор, оркестрлер) күйтабақтарын жинақтау; тірі табиғат бұрышын және т.б. жасау.

**Дене тәрбиесі** – тән - денелік бой тіктеу үшін қажетті білімдер мен әдістерді ұрпақтан ұрпаққа ауыстыра жеткізуге бағытталған педагогикалық ұйымдасқан процесс. Дене тәрбиесінің мақсаты – адам тұлғасының, оның дене қасиеттері мен қабілеттерінің жан-жақты жетілуі, қозғалысты дағдылары мен ептіліктерінің қалыптасуы, тән саулығын көтеру.

Дене тәрбиесінің негізгі құрал-жабдықтары – дене шынықтыру жаттығулары, табиғаттың тума күш көздерін пайдалану (күн энергиясы, ауа мен су ортасы және т.б.) гигиена ережелерін ұстану (эр адамның жеке басына, еңбегіне, тұрмысына және т.б. байланысты). Дене шынықтыруға арналған жаттығулар тән-дене қабілеттерінің дамуына әртараптан әсер етеді. Олардың адам ағзасына ықпал жасау заңдылықтарын тану және оларды орынды қолдана білуден әрбір оқушы не ересек дене шынықтыру мәдениетін, дене тәрбиесі мақсаттарын іске асыруға пайдалана алады. Бұл тәрбие түрі үш негізгі бағытта орындалып жатады: жалпы дене дайындығы, кәсіби дене дайындығы, спорттық дайындық.

Дене тәрбиесіне орай іс әрекеттер мазмұны өз ішіне таңғы гимнастиканы, таза ауада жүріп-тұруды, кешкі серуенді, салауаттық күндерін, әрқилы спорттық бөлімдерге қатысуды, туристік саяхаттарды және т.б. қамтиды.

**Еңбек тәрбиесі.** Бұл тәрбие түрінің мақсаты- тәрбиеленушіде осы заманғы техника, технология және өндірісті ұйымдастыру, жалпы еңбектік ептіліктер мен дағдылар, еңбекке деген жауапкерлі қатынаспен психологиялық дайындық, еңбектенуге болған ықылас-ниет, еңбеккерге сый-құрмет сезімін қалыптастыру.

Еңбек тәрбиесінің мазмұндық негізін оқу еңбегі (ақыл-ес және тән-денелік), өзіндік қызмет еңбегі (мектепте және үйде), қоғамдық пайдалы еңбек (демалыс кезіндегі тәжірибелік еңбек, құрылыс отрядтарындағы жұмыстар, орман қорғау, тимур қозғалысы және т.б.) құрайды.

**Экономикалық тәрбие** тәрбиеленушілердің мүмкіндіктеріне орай өндіріс, заттасқан және рухани игіліктерді бөлісу, алмасу мен

қажеттікке жарату жөніндегі біртұтас түсініктерді меңгертуге бағытталады.

Экономикалық тәрбиенің негізгі мақсаты- нарықтық заман аймағында бағыт-бағдар алып жүруге қабілетті әрі өз іс-әрекеті мен қызметін экономикалық тұрғыдан үнемді де тиімді іске асыра білетін тұлға қалыптастыру.

Бұл мақсаттың жүзеге келуі ұланғайыр міндеттер кешенін шеше білуге байланысты. Атап айтсақ, олар:

- тәрбиеленушілерде экономикалық білімдер мен экономикалық іс-әрекеттерге деген қажетсіну сезімін қалыптастыру;
- негізгі экономикалық ұғымдарды, категорияларды , заңдар мен процестерді меңгеру;
- табыскерлікті , жауапкершілікті, өзіндік дербестікті дамыту;
- табыскерлік іс-әрекетке қажет дағдыларды игеру;
- мүмкін болар қиыншылықтарға психологиялық дайындық қалыптастыру.

Экономикалық тәрбие мазмұны тәрбиеленушілердің экономикалық білімдерді меңгеруі үшін қажет әркілі құрал-жабдықтарды пайдалануына, экономика бастауларын оқу барысында , сондай-ақ сабақтан тыс (бизнес –клуб, менеджерлер клубы, маркетинг-клуб және т.б.) үйренуіне; кәсіби оқуына жол ашады. Экономикалық тәрбие формалары мен әдістері оқушылардың экономикалық білімдерді қажетсінуінен өз бетінше игеру және оларды қалыптан тыс жағдайларда пайдалана білу ептіліктерін орнықтыруға бағытталған.

**Кәсіби бағдарлау** – отбасы, оқу орны, мемлекет, қоғам және коммерциялық мекемелердің ел тұрғындарына кәсіп таңдау, іріктеу және ауыстыру жолында жәрдем беруді қамтамасыз етуші ақпараттық әрі ұйымдастыру – тәжірибелік іс-әрекеті. Бұл қызмет әр тұлғаның жеке мүддесін, сонымен бірге еңбек рыногінің қажетін ескеру негізінде жүргізілуі тиіс. Кәсіби бағдарлау ісі – әр адамның өз жеке басына сай кәсіпті өзінше айқындап, таңдауына жәрдем ретінде ұйымдастырылатын әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық, өндіріс-техникалық шаралардың ғылыми негізделген жүйесі.

Кәсіби бағдарлау жүйесі өз аймағында келесідей кәсіптік қызметтерді қамтиды:

- **ағарту** – тәрбиеленушілерді әрқандай кәсіптердің әлеуметтік – экономикалық, психологиялық –физиологиялық ерекшеліктері жөніндегі білімдермен таныстыру;

- **диагностикалау** – кәсіп таңдауға байланысты адам жүйке жүйесінің ерекшеліктерін, оның денсаулығын, қызығулары мен ынтасын, құндылықты бағыт-бағдарын, ұстаным-көзқарастарын зерттеп, анықтау;

- *кеңес беру* – кәсіпке қойылатын талаптар мен нақты тұлғаның жеке-дара психологиялық ерекшеліктері арасындағы сәйкестікті айқындау;
- *кәсіптік іріктеу* – адамды қызметке қабылдаушы мекемелер тарапынан жүргізілетін іс;
- *бейімделу* – адамның кәсібі іс-әрекетке кірісу процесі, өндіріс жүйесі мен мамандық ерекшеліктеріне икемдесу процесі.

### **14.3. Бала құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттар идеяларының тәрбие мазмұнында ескерілуі**

Бала құқықтары, оның өміріне, дамуына, білімденуі мен тәрбиесіне қамқорлық қашанда бүкіләлемдік проблема болған. Қабылданған халықаралық құжаттарда (Бала құқықтары Декларациясы, 1959ж.; Бала құқықтары жөніндегі Конвенция, 1989ж.; Балалар тіршілігін сақтау, қорғау және оларды дамыту Декларациясы, 1990ж.; Ымырашылдық принциптері Декларациясы 1995ж.; Әлем мәдениеті жөніндегі Декларация, 1998ж. және т.б.) қоғамда бала құқықтарының үстемдігін, оларда ымырашылдық, басқыншылыққа бармау сезімдерін оятып, тыңдай білу мен зер салуға үйрету қажеттігі жария етілді. Бұл құжаттарда хатталған бағдарламалар барша аймақтардағы барлық халықтар үшін теңдей маңызды да олар тарапынан бірдей орындалуы міндетті.

Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктері рухындағы тәрбие мақсаттары, принциптері және мазмұны БҰҰ білім, ғылым және мәдениет бойынша Бас конференциясының «Халықаралық қатынастар, өзара түсіністік және бейбітшілік рухындағы тәрбие және адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін құрметтеу рухындағы тәрбие жөніндегі» ұсыныстарында (Париж, қараша, 1974ж.) жарияланды. Сонымен бірге бұл шешім Еуропалық Кеңес мүшелері – мемлекеттерінің Министрлері Комитетінің № Р (85)7 адам құқықтарын мектепте оқыту туралы жарлығымен (14 мамыр, 1985ж.) бекіген. БҰҰ Бас Конференциясының Ұсыныстарында тәрбиеге былайша анықтама берілген: *«тәрбие- ұлттар мен халықаралық қауымдастық шеңберінде және олар игілігі үшін жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың өз дарынын, қабілеттерін және білімдерін саналы түрде дамытуға мүмкіндік беретін бүкіл қоғамдық өмір процесін аңдатады»*. Бұл процесс қандай да нақты шарамен шектеліп, тоқтап қалмайды.

Бұл құжаттың III бап (4-б.) тәрбие мазмұнының негізгі принциптері және аса маңызды мәселелері нақты көрсетілген:

- барша халықтарды, олар мәдениетін, өркениетін, құндылықтары мен өмір салтын ұлыстың мәдениетімен бірге және өзге адамдар мәдениетін түсіну, құрметтеу;

- халықтар мен ұлттар арасындағы күннен күнге ұлғайып бара жатқан ғаламдық өзара тәуелділікті сезіну;

- өзгелермен ортақтасу, қарым-қатынас жасауға қабілеттілік;

- жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар мен халықтардың өз құқықтарын ғана емес, сонымен қатар бір-біріне жүктейтін міндеттерін де аңдау;

- халықаралық ынтымақтастық және қызметтестіктің қажеттігін түсіну және т.б.

Аталған құжат адам, азаматтар құқықтары сарынындағы тәрбиенің адамгершілік рухындағы тәрбиемен (10-16б.), бейбітшілік бағытындағы тәрбиемен (6 б.), мәдени аралық тәрбиемен өзара байланысты болатынын әрі бұлардың бәрі оғандық және әлемдік ұлыстар мәдениетін меңгеру негізінде орындалатынын баса насихаттайды (17,21,22,23 б.б.).

Аса жоғары педагогикалық маңызға ие болған құжат – бұл Бала құқықтары жөніндегі Конвенция. Қазақстан Республикасында бұл Конвенция ресми түрде бекіп, қабылданды. Оның тұжырымдары төрт негізгі талаптарға саяды: баланың тіршілік ету, даму, қорғану және қоғам өміріне белсенді араласу құқықтарын қамтамасыз ету. Конвенцияда ересектердің балалармен қарым-қатынас жасаудың жалпы адамзаттық мәдениет идеяларының негізіне арқау адамгершілік – инабаттық қағидалары айқындалған. Мұнда барша жұртшылыққа өз арақатынастарын гуманистік негізде құрып, бала тұлғасын құрметтеу және әлпештеу, оның ой-пікірлері мен көзқарастарын қолдап-қуаттау және осылардың бәрін ізгілік тәрбиесінің негізіне қалау қажеттігі жөнінде ұран тасталды.

Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Конвенциясы тұжырымдарын, Бала тіршілігін, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік Декларациясы және оны іске асыру әрекеттерінің Жоспарын орындау мақсатында ҚР үкіметі өз Қаулысын қабылдады. Осыған сәйкес Республикалық бағдарлама түзіліп, С.Назарбаева бастаған «Бөбек» қоры және балалар қамқорлығын өз міндетіне алған басқа да қоғамдық мекемелер іске қосылды.

Бала құқықтары жөніндегі Конвенция және БҰҰ-ның басқа да тұғырлы құжаттарында жарияланған Ережелердің түпкі мәні – білім және тәрбие толығымен тұлға дамуына, сонымен бірге адамның құқықтарын және негізгі еркіндіктерін құрмет тұтуға бағышталуы.

## **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Тәрбиеленушілердің дүниетанымын қалыптастыруда ғылыми білімдердің маңызы қаншалықты?

2. Тұлға сапасы ретінде азаматтық белгілері қандай?
3. Кәсіп таңдауға дайындық барысында тәрбиеленушілерде қалыптасуы тиіс сапа-қасиеттер түрі қандай болмақ?
4. Қай жағдайларда адамгершілік талаптары мен ережелері терең мәнді де тиіс болуы мүмкін?
5. Қандай құндылықтар жалпы адамзаттық мәнге ие? Өз ойыңызды дәйектеңіз.

## **15-дәрісбаян. Тәрбие әдістері**

### **Жоспары**

1. Тәрбие әдістері мен тәсілдері жөнінде түсінік
2. Сана қалыптастыру әдістері
3. Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері
4. Ынталандыру әдістері
5. Педагогикалық қолдау, оның мәні және ұйымдастыру жолдары

### **15.1. Тәрбие әдістері мен тәсілдері жөнінде түсінік.**

**Тәрбие әдістері** – бұл тәрбие көздеген мақсатқа жетудің жолдары, тәсілдері. Мектеп тәжірибесіне орай әдістердің және бір анықтамасы – қажетті сапаларды қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушілердің санасына, еркіне, сезіміне және қылық-әрекетіне ықпал жасау тәсілдері.

Әдістер түрі сан-алуан да шексіз көп. Ал оның нақты көрінуі өз шәкірттерінің білімдік күш-қуаты мен жалпы мүмкіндіктерін жете танып, оларды өтілетін материал сипатына байланыстырып және басқа да көп оқу жағдаяттарын зерделі саралай білген педагог әрекетіне тәуелді. Қай тұлға, қанша тұлға араласса, әдіс формасы да сондай әрі сонша – бұл заңдылық. Әлбетте, әдістердің бәрі бірдей тиімді деп айту қиын. Ол үшін сол әдістің түзілу, қолдану жағдайларын білу қажет. Нақты мақсатқа байланысты дайындалған көп әдістердің ішінен біреуі ғана тиімді болуы мүмкін. Тәрбие тәжірибесі алдымен ежелден келе жатқан дәстүрлі әдістерге арқа сүйегенді тәуір көреді. Алайда, көптеген жағдайларда олардың да тиімсіз болып қалатыны бар, сондықтан да тәрбиеші әрдайым тәрбиенің нақты шарттарына сай келер көздеген мақсатқа үлкен үнем және мол табыспен, жылдам жеткізетін жаңа әдістерді іздестіруге мәжбүр. Тәрбие әдістерін құрастыру, таңдау және дұрыс қолдану – педагогикалық шеберлік шыңы.

**Тәрбие тәсілі** – жалпы әдіс бөлігі, нақты жақсаруға жеткізетін жеке әрекет. Көркемдеп айтатын болсақ, тәсіл- тәрбиешінің өз шәкірттерімен бірге мақсатқа тезірек жету үшін таптап өткен соқпағы. Егер осы тәсілмен басқа да тәрбиешілер пайдалана бастаса, тәсілдер уақыт озуымен даңғыл жолға - әдістерге айналады. Әдістер мен тәсілдер байланысының тығыз екені осыдан көрінеді.

**Тәрбие құрал-жабдықтары.** Тәрбие жеке ықпалдарды байқатса, құрал-жабдықтар тәсілдердің жиынтығынан құралады. Мысалы, еңбек – тәрбие құралы, ал көрсету, еңбекті бағалау, жұмыс қателігін білдіру – тәсілдер. Сөз (кең мағынада) – тәрбие жабдығы, ал ілікпе сөз, әзіл ескертпе, ескертпе теңеу – осы жабдық құрамындағы тәсіл. Бұл



тұрғыдан кейде тәрбие әдісін көзделген мақсат үшін қолданылатын тәсілдер мен құрал-жабдықтар жүйесі деп те атайды.

Әдіс баламалары өте көп. Олар арасынан мақсаттар мен нақты жағдайларға сай келетіндерін таңдап алу үшін оларды қандай да бір ретке келтіріп, топтастыру, яғни классификациялау қажет. Әдістер классификациясы дегеніміз *қандай да белгісі бойынша бір топқа келтірілген әдістер жүйесі*. Осы классификацияға арқа сүйеіп, педагог барша жүйені анық білуімен бірге оның қажеті мен өзіне тән сипаттарын тереңірек түсінеді.

Тәрбие әдісі- көп өлшемді құбылыс, оның жүйелесуіне негіз болар белгілер сан-алуан. Солар арасында аса танымал болғандарын атап өтейік. *Сипаты бойынша әдістер* – сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау. Мұндағы «сипат» мәні – әдістің бағыт-бағдарын, қолдану аймағын, ерекшеліктерін және т.б. білдіреді.

## 15.2. Сана қалыптастыру әдістері

Тәрбие процесінің жалпы құрылымынан байқағанымыздай, дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің бірінші сатысы- оқушылардың өздерінде қалыптасуы қажет әрекет-қылық нормалары мен ережелерін білу (түсіну). Ең алдымен қандай да сапаны туындатып, орнықтыру үшін, сол сапаның мән-мағынасын жете түсініп алу міндетті. Адамның көзқарастарын, ұғымдарын, наным-сенімдерін кемелдендіруге бағытталған әдістер *тұлға санасын қалыптастыру әдістері* атамасын алған. Бұл топ әдістері екінші кезеңде іске қосылатын – сезім, көңіл-күй толғаныстарын қалыптастыруда аса қажет. Егер оқушы педагогикалық ықпалға бейтараптылық пен немқұрайлылық танытатын болса, тәрбие процесі шабандайды, мақсатқа жете алмайды. Егер оқушы қабылдаған идеясын өзін толғантқан жарқын бейнеге айналдыра алса ғана, оның бойында ізгі де жарқын сезімдер туады. Өткен жылдар оқулықтарында бұл әдістер тобы *сендіру әдістері* деп аталған, себебі олардың міндеті – тұрақты наным-сенімдер қалыптастыру болған. Оқушы әрекет-қылығына дем беретін оның білімі мен білігі емес, ең алдымен ол көзделген адами сапаның қоғамдық қажеттігі мен өзіне пайдалылығын танып, оны өз нанымы негізінде әрекет-қылыққа айналдыруы, ал бұл сана қалыптасуымен бірге жүретін психикалық құбылыс. Тәрбие мазмұнымен белгіленген іс-әрекетке бала белсенді араласуға дайын болған жағдайда ғана қолданылатын әдіс өз нәтижесін береді.

Наным-сенімге оқушыны әрқилы әдістермен жеткізу мүмкін. Өткен ғасыр басындағы мектептерде бұл үшін тағылым-тарихи өсиеттер, хадистер мен мысалдар кең қолданылған. Ал қорытынды шығару баланың өз еркіне берілді. Өкініштісі, бүгінде біз мұндай аса құнды

әдістерді пайдаланудан мүлде қалғанбыз, олардың орнына тура, қарабайыр, ойға жетелемейтін уағыздау әдісіне көшкенбіз. Құрғақ уағыз айтып, шексіз бір жақсы көрсетпе-нұсқау беруден түскен өнім шамалы. Сондықтан, ұмыт болған әдістерді жаңғыртып, мұғалімдер өз сабақтарында ислам хадистерін, ақын-жыраулар тағылымдарын, шешен билердің ұлағатты кеңестерін, ғұлама Абайдың «Қара сөздерін» және т.б. тағылым-тәрбие көздерін молынша пайдалануда. Сондай-ақ әдептілік-имандылық тақырыбындағы **әңгімелер, ұғындыру, түсіндіру, әдептілік сұхбаттары, насихаттау, сендіру, көрсетпе беру** әдістері де өз қолданымын табуда. Сендірудің аса маңызды әдісі - **өнеге-үлгі**. Әдістердің әрқайсысы өз ерекшелігі мен қолданымына ие. Сырт көзге қарапайым көрінгенмен, бұл топ әдістерінің бәрі де жоғары педагогикалық бірлікті қажет етеді әрі жүйелі түрде басқа әдістермен бірге қолданылады.

**Этикалық тақырыптағы әңгіме** – *инабаттық мазмұнға негізделген деректер мен оқиғалардың үлкен көңіл көтеріңкілігімен әсерлі баяндау әдісі*. Сезімге ықпал ете отырып, әңгіме моральдық бағамдар мен әрекет-қылық нормаларының мәнін түсініп, ұғуға жәрдемдеседі. Ол адамгершілік ұғым, түсініктерінің мазмұнын ашып қоймастан, оқушылардың инабаттылық талаптарына сәйкес болымды тұлғалық әрекеттеріне деген ұнамды қатынас өрбітіп, мінез-құлықтың оңды өзгерісіне ықпал жасайды. Әдептілік әңгімелері бірнеше қызмет жасайды: 1) білім көзі; 2) тұлғаның адамгершілік сапаларын басқалардың имандылық қасиеттерімен толықтырады; 3) тәрбиелік ұнамды үлгі-өнегені өрнек ретінде ұсынады.

Әдептілік әңгіме тиімділігі келесі шарттарға байланысты:

- әңгіме оқушылардың әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес болу қажет. Ол – қысқа, түсінікті, балалар толғаныстарына орай;

- әңгіме көрнекілік әдісін бірге қолдану арқылы жүргізіледі (көркемөнер туындылары, көркем фотосуреттер, халық колөнер бұйымдары), әңгіме мазмұнын қабылдауға ән-күй үлкен жәрдем береді.

- әдептілік әңгіме өткізу үшін қолайлы үй-жай, жағдай қажет.

Қоршаған жай-жағдайлардың әсемдігі мен **ондағы дүние заттары**, олардың адам көңіліне көтеріңкі әсері әңгіме тақырыбы мен мазмұнына сәйкес болуы қажет шарт. Педагогикалық құрал-жабдықтар қорында қай жағдайда да жарасымды әңгімелер молшылық (шеру алаулары төңірегі, автокөлікті саяхат барысында, кең дала төсінде не жайлы бөлмеде, үлкен қала алаңында немесе көктем бағында).

- әңгіменің әсері кәсіптік дайындыққа байланысты. Ебедейсіз, дөрекі тілді адамнан шешен әңгімеші шықпайды, ондайдан бала құлағы тынып, қашуға мәжбүр болады.

- әңгіме мазмұны тыңдаушыларды еліктіруі шарт. Одан алған әсер көп уақытқа дейін ұмытылмауы тиіс.

**Ұғындыру** – тәрбиеленушілерге эмоционал-сөздік ықпал жасау әдісі. Бұл әдістің қолданылуы сынып ұжымы мен әр баланың тұлғалық сапаларын танып, білуге көзделген. Бастауыш мектеп балаларына қарапайым тәсілдер мен құрал-шараларды пайдаланудың өзі жеткілікті. Кіші жастағы оқушы «Осылай істеу керек», «Осылай істеп жатыр» - деп жай ескерткеннің өзінде-ақ, педагог айтқанына ере салады. Ұғындыру әдісі, егер тәрбиеленуші қандай да талаптың мәніне жете алмай жатса, жаңа адамгершілік сапа жөніндегі ақпарды ой елегіне түсіріп, қабылдауға қиналса, яғни қалай болғанда да оның санасы мен сезіміне түрткі салу қажетінде қолданылады. Ал мектепте қоғамдағы жай, айқын да ақиқат ережелерді ежелеп түсіндіре ұқтырудан аулақ болған жөн, мысалы, партаны сызба, тұрпайы сөз айтпа, еденге түкірме және т.б. Бұл орайдағы ұғындыру емес, шектеу әдістерін қолданған дұрыс. Аталған әдіс негізінен: а) жаңа моральдық сапа мен әрекет-қылық формасын қалыптастыру әрі бекіту үшін; б) тәрбиеленушілердің қандай да болған қылыққа дұрыс көзқарас-қатынасын қалыптастыру ниетімен - қолданылады.

Қандай да ұғымның орнығуы, баланы оған *сендіре білуге* байланысты. Сенім кейде мұғалім сөзін сын-сарапқа сала алмаудан шалыс, қателікті болуы мүмкін. Сенімнің санаға еніп жатқанын адам сезе бермейді, осыдан ол ырықсыз сеп-түрткілер жетегінде қалып, тұтастай тұлғалық сапаларын өзгертуіне тура келеді. Педагог сендіру әдісін оқушыға нақты нұсқау-талапты қабылдату үшін, басқа тәрбие әдістерінің ықпал әсерін күшейту мақсатында қолданады.

Тәрбие тәжірибесінде ұғындыру мен сендіруге қоса *үгіттеу* әдісіне де жүгінуге тура келеді. Үгіттеу әрекеті тәрбиеші ұстанған қатынас формасына түгелдей тәуелді. Үгіттеу арқылы педагог тәрбиеленуші тұлғасында ұнамды қалыптарды жобалайды, жақсылық сезімін ұялатады, жоғары нәтижелерге жететініне сендіреді. Үгіттеуден болатын тиімділік тәрбиеші абыройына, оның жеке адамгершілік болмысына тәуелді, өз сөздері мен әрекеттерінің дұрыстығына кепіл бола алған жағдайда ғана оның үгіті мақсатына жетеді. Бала тәрбиесінде ұнамды үлгі-өнегеге арқа сүйеу, мадақ, өз қадірін сезіну, ар-намысты қолдан бермеу секілді алғы шарттарды пайдаланған педагог қай күрделі жағдайда да үгіт жұмысының өз нысанына жетіп, жемісті боларына толық сенуіне болады.

Үгіттеу арқылы кейде оқушыны өз қылығынан ұялу, өкіну сезіміне келтіруге болады. Педагог баланың мұндай сезімдерін оятып қана қоймастан, келеңсіз әрекеттерін түзетудің жолдарын да көрсетеді. Бұл жағдайларда орынсыз әрекеттің, оның салдарының мәнін дәлелді ашып берумен бірге тәрбиеленуші мінезіне ұнамды ықпал жасаушы тәрбие көздерін тауып, қолданады. Кейде орынсыз қылық білместіктің салдарынан болады. Мұндайда үгіт ұғындыру және сендірумен бірге

қолданылып, оқушы өз қателерін мойындап, мінезін оң қалыпқа келтіргендей әсерде жүргізіледі.

**Әдептілік сұхбаты** - екі тарап өкілдері – тәрбиеші және тәрбиеленуші қатысуымен болатын жүйелі де бірізді білімдер талқысы. Сұхбаттың әңгімелеу мен көрсетпе беруден айырмашылығы - тәрбиеші өз сұхбаттасы – тәрбиеленушінің пікірін тыңдайды және онымен есептеседі, олармен болған өз қатынасын құқық теңдігі және қызметтестік принциптері негізінде түзетеді. Әдептілік сұхбаттарының негізгі арқауы адамгершілік, инабаттық-имандылық проблемалары. Сұхбат мақсаты – ізгілік ұғымдарын нығайту, тұрақтандыру бұл бағыттағы білімдерді қорытындылау және бекіту, адамилық көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастыру.

Әдептілік сұхбаттары тәрбиеленушілерді өздерін толғантқан барша сұрақтар бойынша дұрыс баға беріп, пікір жүргізуге жәрдем береді. Болған жағдай, оқиғалар мен әрқандай қылықтарды талқыға сала отырып, балалар олардың мән-мағынасын жеңіл түсінуге мүмкіндік алады. Көп жағдайларда әдептілік сұхбаттарды да өткізуге нақты дерек, оқиға, балалардың қылығы себеп болады. Мұндай сөйлесулерді болған оқиғалардың «ізін суытпай» не сол оқиғаның кінәкәрі сәл өзіне келіп, «жүрегі орнына» түсіп, мән-жайды аңғаратындай болған соң ұйымдастырған жөн.

Әдептілік сұхбаттарының тиімді болуы келесідей маңызды шарттарға тәуелді:

1. Сұхбаттың проблемді сипатта болғаны өте маңызды. Осыдан көзқарастар, идеялар, пікір сайыстары өрбиді. Тәрбиеші тосын, қалыпқа келмейтін сұрақтардың туындауына себепші болып, өз шәкірттерін оларға жауап іздеп, табуға баулиды.

2. Сұхбаттың жаттанды дайын не үлкендердің құлаққа салған жауаптары бойынша өтуіне жол бермеңіз. Балаларды не ойлағанын ашық айтуға тартыңыз, басқалар пікірін сыйлауға үйретіңіз, шыдаммен дәлелді тұжырымдар топшылауға жетелеңіз.

3. Сұхбатыңыз тәрбиеші көпіре сөйлеп, тәрбиеленушілер үндемей тыңдайтын дәрісбаянға айналып кетпесін. Сұхбат барысында ашық та анық айтылған пікір балаларды дұрыс қорытындыға келтіреді. Әңгіме-сұхбат нәтижелілігі екі адам ортасындағы көңіл табысудан, пейіл жылуынан шығады.

4. Сұхбат үшін таңдалған материал тәрбиеленушінің эмоционалдық кейіпіне сай болғаны жөн. Талқыланатын тақырып оқушыларға жете түсінімді болмай, олардан сөз-жарыс, пікір- талас белсенділігін күту не талап етуге болмайды. Шынайы тәжірибеге негізделген сұхбат қана өзінің болымды нәтижесін береді.

5. Сұхбат барысында барша көзқарастарды айқындап, салыстыра білу қажет. Ешкімнің де пікірін жоққа шығаруға болмайды – бұл әділдік шынайылығы, қатынас мәдениетінің ізгілікті белгілері.

6. Әдептілік сұхбатында дұрыс басшылық – мәні - тәрбиеленушілерге өз ынта, әрекетімен дұрыс шешім қабылдауға жәрдем беру. Бұл үшін тәрбиеші болған оқиғаларға тәрбиеленуші тұрғысынан көз салып, оның ойы мен сезімін түсінуге тырысуы қажет.

Сұхбат өзінен өзі бола қалады деу – қате пікір. Жоғары маманданған педагогтар әдептілік сұхбаттарын не болса соны сылтау қылып, өткізе салмайды, оған тыңғылықты дайындық көреді, шәкірттерін де байыппен дайындайды. Мектепте әдептілік сұхбаттары жалқылау (индуктив) не жалпылау (дедуктив) жолымен жүргізіледі: нақты деректер талқыланады, баға беріледі, соңынан жалпы қорытынды жасалады немесе алғашқыда үлкен проблема қойылып, кейін ол дара бөлшектеніп, шешіледі.

Жазықты балалармен сұхбаттасу үлкен кәсіби шеберлікті қажет етеді. Мұндай әңгімелесу кезінде екі ортада психологиялық кедергі, түсініспестік болмауы тиіс. Егер оқушы болған жағдайды дұрыс түсінбейтіні байқалса, оның намысына тимей, кемшілік-қателігін бетіне баспай, әрекет-қылығының шалыс екенін ұғындырып бағу қажет, көпшілік кезінде бұл сұхбат қысқа да нұсқа, байсалды, әжуа-сықақсыз өткені дұрыс. Өз тәрбиешісінің шынайы көңілін, жәрдем пиғылын сезінсе ғана, ол айтқан ақыл-кеңеске құлақ түреді, жазатайым болған келеңсіз ісін енді қайталамауға уәде береді, қайтып ондай әрекетке бармайды да. Оқушымен жекелеп сұхбаттасу тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы кейіп түсінігімен өтсе, оның толық нәтижеге жеткені.

**Үлгі-өнеге** - өте әсерлі тәрбие әдісі. Бұл әдіс негізінде жатқан заңдылық: көрумен қабылданған санада тез әрі жеңіл бекиді, себебі оны ойланып сөзбен таңбалап не таңбасын ауыстырып жатудың қажеті жоқ. Үлгі- бірінші, ал сөз – екінші сигналдық жүйе деңгейінде әсер етеді. Үлгі еліктеу үшін нақты өрнек беріп, сана, сезім, сенімді белсенді қалыптастырып, іс-әрекетке қозғау салады. «Уағыз жолы ұзақ, үлгі жолы қысқа» - деген байырғы Рим ғұламсы Сенека. Бала өміріндегі тұңғыш жанды өрнек - ата-ана, тәрбиеші, дос-жаран. Әдебиет, фильм кейіпкерлері, тарихи қайраткерлер, ұлы ғалымдар да үлкен тәрбиелік ықпал жасайды. Үлгінің психологиялық негізі – **еліктеушілік**. Осыған орай бала әлеуметтік және инабаттық тәжірибе жинақтайды. Мектеп жасындағы балалар өздері аса ұнатқан адамдарға еліктейді. Сондықтан, баланың адамгершілік дамуына қамқорлық жасауда оның өнегелі ортаға араласуына басты назар аудару қажет.

Өмір өнегесі ұдайы оңды болса, тіпті жақсы, бірақ олай бола бермейді, балаға әсер етуші кері өрнек аяқ астында. Оқушылар назарын өмір, адам келеңсіздіктеріне аударып бару, болымсыз қылықтар салдарын талдап, олардан қорытынды шығару –міндетті шарт. Мезетімен орынды пайдаланған ұнамды үлгі тәрбиеленушіні жаман қылықтан сақтандыруға жәрдем беретінін де ескерген жөн.

Тәрбие тәрбиешінің жеке басы үлгі-өнегесіне, оның қылық-әрекетіне, қамқорлығындағы балаларға қатынасына, дүниетанымына, іскерлігі мен абыройына тәуелді. Ұстаз үлгісінің оңды ықпалы оның сөзі мен ісінің жарасымдылығына, балалардың бәріне бірдей ақ пейілді қатынасына орай арта түседі. Бұл тәрбиешінің беделіне, ол бастаған істің жүйелілігі мен бірізділігіне де байланысты.

Сонымен, сана қалыптастыру әдістері тұлғаның ізгілену тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Мұндай әдістер түрі: әдептілік әңгімелері, түсіндіру, ұғындыру, әдептілік сұхбаттары, үгіттеу, сендіру, көрсетпе нұсқау, үлгі тәрбие әдістерінің тиімділігі олардың қалай қолданылуына, педагог таңдаған гуманистік бағытқа тәуелді.

### 15.3. Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері

Тәрбие көзделген *әрекет-қылық* (поведение) типін қалыптастыруы міндетті. Тұлға тәрбиелілігі түсінік, ұғымнан көрінбейді, ол адамның нақты іс-әрекетімен бағаланады. Бұл тұрғыдан іс-әрекет ұйымдастыру мен қылық қалыптастыру тәрбие процесінің өзегі ретінде қарастырылады. Аталған топтағы әдістердің бәрі тәрбиеленушілердің *практикалық іс-әрекетіне* негізделген. Мұндай іс-әрекетті басқару үшін педагог оны құрамды бөліктерге – нақты істер және қылықтарға жіктейді.

Қажетті тұлға сапаларын қалыптастырудың жалпыланған әдісі – *жаттықтыру*. Балада қалыптасатын қылық, әрекеттің қай-қайсысы да жаттығып, дағдыланудан. Балаға басқалардың қалай жазатынын әңгімелеп, жазуға, атакты күйші өнерін көрсетіп, домбыра тартуға үйрету мүмкін емес. Тәрбиеленушіні мақсатты бағытталған белсенді әрекетке ынталандырмай, жоспарланған мінез бітісін де орнықтыруға болмайды. Жаттықтыру мәні – талап етілген әрекеттерді көп мәрте қайталаумен автоматты орындалу дәрежесіне жеткізу. Жаттығулар нәтижесі – тұлғаның бекіген сапалары: әдеттер мен дағдылар.

Жаттықтыру істерінің тиімділігін келесі шарттар анықтайды: 1) жаттығулар жүйесі; 2) олар мазмұны; 3) түсініктілігі мен жеңілдігі; 4) көлемі;

5) қайталау жиілігі; 6) бақылау мен түзету; 7) тәрбиеленушілердің тұлғалық сапалары; 8) жаттығулардың орындалу мерзімі мен орны; 9) жеке-дара, топтық, ұжымдық жаттығулар формасы; 10) жаттығу сеп-

түрткілері мен оған деген ынта себептері. Жаттығулар жиілігі, көлемі және жетіскен нәтижелер арасында тікелей тәуелділік бар: **жаттығу неғұрлым көп орындалса, олар жәрдемімен қалыптасушы сапалар дамуы да соғұрлым жоғары келеді.** Бұл тәуелділік тұлғалық ерекшеліктерімен реттеліп барады. Бірдей тең деңгейлі сапаны қалыптастыру үшін әр оқушының орындайтын жаттығуларының саны әрқилы: бір бала көзделген сапаға аз санды жаттығудан жететін болса, екінші біреуінде ондаған, жүздеген жаттығу әрекеті қажет. Сапа неғұрлым күрделі келсе, оған байланысты әдеттерді қалыптастырып, тұрақтандыру үшін соғұрлым **көп жаттығу орындап, көп мәрте қайталау керек.**

Жаттығулар жүйесін жоспарлауда тәрбиеші ең алдымен өз тәрбиеленушілеріне қандай дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруы қажет болатынын ойластырып алғаны жөн. Жаттығулардың көзделген қылық-әрекетке **сәйкес болуы (адекватность)** – әдісінен баланың өмірлік қажетті, мәнді және пайдалы дағдылары мен әдеттері қалыптасады. Сондықтан жаттығулар қалай болса, солай ойдан шығарылмай, өмірден алынуы тиіс. Бірінші кезекте жалпы адамзаттық ізгілі сапалар тұрғызушы жаттығулар пайдаланылады.

Тұрақты дағдылар мен әдеттер қалыптастыру үшін жаттығуларды мүмкін болғанша ерте жастан қолданған дұрыс. Жас организм қай әсерді де тез қабылдайды. Әдеттенген адам өз сезімін басқара біледі, құмарлықтарына тоқтау береді, өз ниеттерін басқалар мүдделерімен салыстырып, бағалай алады. ұстамдылық, өзіндік бақылау, ұқыптылық, тәртіптілік, қатынас мәдениеті – бәрі де тұрақтанған әдеттер негізінде туындайтын ізгілі адам сапалары.

Жаттықтыру әдістерінің тиімділігіне себепші маңызды шарттардың бірі- **біртұтас жаттығулар жүйесінің** біртіндеп күрделеніп баруы. Кіші сынып оқушыларында мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда келесідей шамалап түзілген ілгерілі жаттығулар жоспарын ұсынуға болады.

Гуманистік тәрбиеде де қатаң әдістер қолданылады. Бірақ әңгіме оны қалай пайдалануда. Осындай шешімді әдеттердің бірі – **талап**. Тәрбие барысындағы талап тәрбиеленуші әрекетінің ынталылығын көтеруге не оны тежеуге қажет талаптар тікелей не жанамалы болып келеді. **Тікелей талап** – анық, дәл, нақты. **Жанамалы талапта** әрекетке келтіретін талаптың (кеңес, өтініш, сенім, қолдау, құлақ-қағыс және т.б.) өзі емес, ал сол талаптан туындайтын психологиялық жағдаяттар: толғаныс, күйзеліс, мүдде, ұмтылыс. Жанамалы талаптар арасында аса көп қолданылатындары:

**Кеңес-талап.** Бала санасына ықпал жасаумен педагог қойған талаптың қажеттігін, пайдасын түсіндіреді. Мұндайда кеңестің

қабылдануы не қабылданбауы педагог беделіне, оның оқушымен қатынасына тәуелді.

**Ойын талап.** Әрқандай талаптарды қою үшін тәжірибелі мұғалім баланың ойынға құштарлығын пайдаланады. Бала ойынды қызығушылықпен орындай жүріп, өзі байқамай талаптарды да қабылдайды. Бұл талап әдісінің өте ізгілікті және тиімді формасы, бірақ оны қолдануда аса жоғары педагогикалық шеберлік қажет.

**Сенім талап.** Мұндай әдіс, әдетте, сыйластық жайлаған ортада іске асады.

**Өтініш талап.** Педагог пен тәрбиеленуші арасында достық, жолдастық қарым-қатынас болған жағдайда өз тиімділігін береді.

**Үйретіп көндіру** – көзделген сапаны жылдам әрі жоғары деңгейде қалыптастыру үшін қолданылады. Кейде бала мұндай талапты ауырсынады, өжеттікпен қарсы шығады. Солай болса да, көндіру баланың өзі үшін қажет. Гуманистік педагогика адам құқына қарсы қатаң әдістерді қолданудан аулақ, дегенмен орынды жерінде бұл әдісті жұмсарта, басқа әдістермен, әсіресе ойынмен бірлестіре пайдаланғанды жөн санайды. Үйретіп көндіру және оны ойынмен бірлестіру бала табиғатына сай келеді.

Үйретіп көндіру тәрбие процесінің барша кезеңдерінде де тиімді, бірақ бала дамуының алғашқы сатысында әбден қажет. Бұл әдісті пайдалану шарттары:

1. Тәрбие шарттарын екі тараптың да анық, дұрыс түсінуі. Егер тәрбиеші алдына қойған көндіру мақсатының мәнін, пайдасын жете пайымдамаса, онда әдіс баланы түгелдей бағындырумен орындалады. Баланың өзі нені қажетсінетінін түбегейлі түсінген жағдайда ғана әдіс өз нәтижесін береді.

2. Қандай да талапқа көндіруде, айтар ойыңызды сөзбен анық, түсінімді өрнектеңіз, ерекше пікіріңізді «олай бол да, солай бол» деп қайырмаңыз. Дұрысы «Көршіңе сәлем берсең – ол да жылы сәлемдеседі», «Салақтың болашағы жоқ, тырнағы өскен, құлағы кір – адам шоршытады» сияқты насихат жолымен ұғындырған жөн.

3. Әрбір уақыт аралығына қонымды, оқушы мүмкіндігіне сай әрекет жоспарлаңыз. Асығыстық мақсатты жақындатпайды, керісінше, алыстатады. Алғашында дәл орындауға, кейін тез орындауға үйретіңіз.

4. Қалай орындалуын, одан болар нәтижені көрсете біліңіз. Салақтық пен тазалықты, ұқыптылық пен салғырттықты нақты мысалмен көрсете түсіндіріп, бала жанын қозғаңыз, өз тәрбиесіздігінен ұялып, оқушыны өзінің келеңсіз әрекетінен жеркенуге мәжбүр етіңіз.

5. Көндірудің бірізді – параллель схемасын қолданыңыз. Егер тұлға сапаларын біртіндеп, кезегімен тәрбиелейтін болсаңыз – уақыт жеткізе алмаймыз. Барша сапаларды параллель де қалыптастырып болмайды. Сондықтан, қай сапалар өзара табиғи байланысты



болатынын анықтап, оларды бірқатар тәрбиелеңіз, екіншіде қай сапа қандай қасиетке негіз боларын біліп алып, оларды бірінен соң екіншісін қалыптастырыңыз.

6. Көндіру тілектестік пен мүдделілікке негізделген, бірақ бірқалыпты қатаң, үздіксіз бақылау бар жерде нәтижесін береді. Бақылау оқушының өзіндік бақылауына ұласуы қажет.

7. Көндірудің педагогикалық тиімді нәтижесі ойынмен бірге келеді. Бала белгілі қағидаларды ойын барысында еш зорлықсыз-ақ, өз қалауымен орындайды. Көндіру үшін баланы ойынға тартудың себептері: 1) қажетті іс-әрекет мақсаты оқушылар үшін тартымсыз болса; 2) мақсатқа жету жолы іс логикасына орай баланы жалықтыратын, қолайсыз болса.

**Тапсырыстар беру** – балаларды ұнамды қылық-әрекеттерге жетелеудің тиімді жолы. Тапсырыстар түрі әрқилы: сырқат жолдасынан хабар алып, оның оқуына жәрдемдесу; қамқорлыққа алынған балабақшаға ойыншықтар дайындау; сынып бөлмесін мейрамға безендіру және т.б. Қажетті сапаларды дамыту үшін де тапсырмалар қолданылады, мысалы, нақтылығы мен ұқыптылығы кем балаларға – дәл әрі орынды жасау әрекеті, шыдамсыздарға – байсалдылық талап ететін жұмыстарды тапсырып тәрбиелеуге болады. Тапсырыстың орындалуын ежелеп, түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

Тәрбиелік жағдайлар – арнайы жасалған шарттарға орай тәрбиеленуші іс-әрекеті мен мінез-қылығын қалыптастыру әдісі. Тәрбиелік жағдайлар (ситуация) тиімділігін көтерудің екі жолын еске ұстаған жөн:

- жағдай жалған, жасанды болмай, нақты өмірде кездесетін қарама-қарсылықтары мен күрделіліктерден құралуы тиіс. Тәрбиеші әдейі жағдай туындатушы шарттарды түзеді, ал ситуациялар табиғи қалпында өтуі тиіс. Мектеп өмірі мұндай ситуацияларға бай: «Оқушы – мұғалім», «Оқушы – жол тәртібінің сақшысы», «Оқушы – ертеңгі серуен басшысы» және т.б. тосын жағдайлар. Мұғалім ескертпесін күткен тәрбиеленуші оған алдын ала дайындалады, ал әрекет тосын болса, көп жағдайда бала мұғалім айтқанына көнеді. Оқушының тосын қылығына мұғалім кеңпейілділік, қайырымдылық танытуы лазым. Бірақ бұл жағдайдағы басты шарт: бала мұғалім әрекетін дұрыс түсініп, оны әлсіздік, сенімсіздік демей, жоғары адамгершілік тұрғысынан қабылдауы тиіс. Қай жағдайда да мұғалімнің ситуация дамуына тікелей араласпағаны жөн.

Аталған әдіс басқа тәрбие әдістерінің баршасымен тығыз байланысты.

Тұлға мінез-қылығын қалыптастыру әдістері тәрбиеде өте қажет. Олардың бәрі тәрбие процесінің өзегін құрайды. Атап айтсақ, бұл әдістер: жаттықтыру, талап, көндіру, тәрбиелік жағдайлар (ситуациялар).

## 15.4. Ынталандыру әдістері

Тәрбиеленушіні белгілі іс-әрекетті орындатуға талаптандыру ниетімен қолданылатын әдістер тобында ынталандырудың орны өз алдына. Бұл әдістің ежелден-ақ *мадақтау* мен *жазалау* түрі белгілі. XX ғасыр педагогикасы және бір өте әсерлі ынталандыру әдісі – *жарыстыру* әдісін алға тартып отыр. Кейінгі он жылдықта дәстүрлі ықпал әдістеріне қосымша *субъектив-прагматикалық* әдістің тиімділігі жариялануда. Ғылыми зерттеулер мен практика нақтылағандай, бүгінгі жастардың ерекшелігі - өмірге болған прагматикалық (пайдакүнемдік) қатынасы. Осыдан қазіргі заман оқушысы өзіне, өз жолдастарына тәрбие маған не береді, неге, қай уақытта ол қажет, одан түсер пайда қандай және қаншалықты деген сұрақтарды үстемелеп қоятын болды. Осы секілді пайдакүнемдік – прагматикалық бағытты ескере отырып, кейбір шет ел педагогикалық жүйелері тәрбие процесін тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы коммерциялық қатынас сипатында бағалайды. Ал мұндай қатынас өзегі – пайда. Әдіс әлі қалыптасып, ресми қабылданған емес, бірақ тұрмыста тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасында түзілетін келісім-шарттар жүйесімен біртіндеп тұрақтануда.

*Мадақтау* – тәрбиеленушілер әрекетіне ұнамды баға беру. Мадақтау ықпалы оқушының ұнамды көңіл-күй сезімін көтеруге негізделген. Осыдан да мадақтау балада өзіне деген сенім орнықтырып, жұмысқа деген жағымды көңіл қатынасын оятады, жауапкершілік арттырады. Мадақтау түрліше орындалуы мүмкін. Олар арасында тәрбие процесінде жиі қолданылатындары – қолдау, қуаттау, алғыс жариялау, құрметті құқықтар беру, мақтау қағаздары мен сыйлықтар беру және т.б.

Қарапайымды бола тұра, мадақтау өте жауапкерлі де іс. Мадақ шектен тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады. Осыдан мадақтаудың психологиялық қырлары мен оның салдарын ескерген жөн:

1. Мадақ-марапат сырттай көзге түсіп, әйгілену ниетімен емес, мақтаушы мұғалім мен марапатталушы оқушының, яғни екі тараптың бірдей жан дүниелік қалауы мен қабылдауынан болуы шарт.

2. Мадақтау арқылы тәрбиеленушіні басқа балаларға қарсы қойып алмауды да ойластырған жөн. Сондықтан тек табысқа жеткен оқушыны ғана мақтап шектелместен, шын ықыласымен еңбектенген, өз ісіне адалдық танытатындардың бәріне де жылы лебіз, мадақ сөзді аянбаған жөн.

3. Мадақ қолдана отырып, кім, не үшін, қаншалықты сыйға тұрарлық екенін сараптауды ұмытпаңыз. Әсіре мадақ астамшылдыққа апарады.

4. Әрқандай мадақ жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескерумен беріледі. Өзіне сенімі жоқ, үлгерімі төмен оқушыны қолдап-қуаттау қажет. Қандай да ұнамды сапасын танып, педагог сол арқылы балада сенім оятады, ұмтылыс пен дербестік, кедергілерден сескенбеу қасиетін баулиды. Өзіне тәрбиеші, төңірегіндегі адамдар сенімін артқан бала, өз кемшіліктерін де «жүгендеп», оңды жолға түсе бастайды.

5. Бүгінгі мектеп тәрбиесіндегі басты міндеттерден жазбау. Мадақтау мәселесін шешуде өз шәкірттеріңізбен пікір алысуды да жадтан шығармаңыз.

**Жарыс, бәсеке.** Көп бала топтала қалса, сол бойда өзара бедел таластыра бастайды. Балалар табиғатына аса тән құбылыс – *бәсекелестік*. Төңірегіндегілер арасында өз беделін танытып, оны бекіту – әр адамның тума қажеті. Ал бұл қажеттілікті іске асыру басқалармен жарысуды керек етеді. Жарыс нәтижесі баланың ұжымдағы беделін ұзақ уақытқа айқындап, бекітеді.

Жарыс әдісімен баланың бәсекелестікке деген табиғи қажеттігін жеке тұлғаға және жалпы қоғамға сай қасиеттерді баулитын тәрбие арнасына бұруға болады. Өзара жарыса жүріп, оқушылар қоғамдық қылық тәжірибелерін тез игеріп, тән-дене, адамгершілік, эстетикалық сапаларын дамытады. Жарыс әсіресе үлгерімі төмен оқушылар үшін аса қажет: өз нәтижелерін жолдастарының жетістіктерімен салыстыра отырып, өз білімдері мен ептіліктерін көтеруге болған қозғау күш алады, оқуы мен өзіндік тәрбиесіне ден қоя бастайды. Жарыс ұйымдастыру – оңай іс емес: балалар психологиясын жете тану қажет, біртұтас маңызды шарттар мен талаптарды ұстану әрі орындау керек. Жарыс тиімділігі оның ұйымдастырылуында. Бұл үшін жарыстың мақсаттары мен міндеттері айқындалады, бағдарлама түзіледі, баға өлшемдері белгіленеді, жарыстыру шарт - жағдайлары жасалады, қорытынды шығарылып, жеңімпаздар марапатталады. Жарыс өзіне сай күрделілігімен әрі қызықты өткізілуі тиіс. Сонымен бірге жарыс ережелері соңғы нәтижелерді бағалап, салыстыруға келетіндей нақты болғаны жөн. қорытындылау мен жеңімпаздарды анықтау жариялы болып, бағалау өлшемдері қарапайым, баршаға түсінімді болғаны дұрыс. Жарыс бағдары мен мазмұны айқын болуы тиіс. Бүгінгі таңда мектеп тәжірибесінде сынып, мектептің озық оқушысы, пән білгірі атақтарын алу жарыстары өткізілуде.

Гуманистік педагогика *жазалауды* да жоққа шығармайды, бірақ оның шегін, сипатын, орындалу жолдарын өзгертуді талап етеді.

*Жазалау – келеңсіз қылықтарды шектеп, тежеу үшін, басқалар алдында, өз тұрғысынан айыбын мойындау сезімін ояту мақсатында қолданылатын педагогикалық ықпал әдісі.* Басқа тәрбие әдістері секілді жазалау да қылық-әрекеттердің сырттай себептерінің тұлғалық ішкі ықылас-ниеттерге ауысуына негізделген. Мектеп тәжірибесінде жазалаудың келесідей түрлері қолданылуға: 1) қосымша міндеттер таңу; 2) кей құқықтардан айыру не шектеу; 3) моральдық сөгіс, не айып тағу. Тәрбие барысында жазалаудың келесі формалары қабылданған: *жақтырмау, ескерту, сөгіс жариялау, алдын ала сақтандыру, айыпқа сай талап қою.*

Жазалау әдісінің тиімділігін анықтаушы шарттар төмендегідей:

1. Оқушы «пір» тұтқан абыройлы адам тарапынан болған жаза әсерлі келеді. Келеңсіз қылығы тек тәрбиеші емес, дос, жолдастарының да жақтырмауына, ескертуіне ұшыраса, айып сезімі күштілеу болады. Сондықтан тәрбиеші ұжымдық пікірге көбірек жүгінгені жөн.

2. Бүкіл сыныпқа жаза қолдануға болмайды.

3. Жаза шешімі қабылданса, ол орындалуы шарт.

4. Жаза тиімділігі оның оқушыға түсінімді болып, оны әділ деп қабылдауынан. Өтелген жаза қайтып еске алынбайды, оқушымен қалыпты қатынас жалғасын табады.

5. Жазала, бірақ оқушының намысына тиюші болма. Тәрбиеші жазаны өз жек көргендігінен емес, педагогикалық қажеттіктен қолданады. «Келеңсіз қылық - жаза» формуласы мүлтіксіз орындалуы шарт.

6. Жазалау мәселесін шешуде негізінен келеңсіз қылықтарды, болымсыз мінез бітістері мен әдістерді шектеу, тежеуге бағытталған тәрбие әрекеттері тізбегін біртіндеп қолданып, басты, мәні нақты, ұнамды сапаларды орнықтыруға қаратылған іс-әрекеттерге өту қажет.

7. Жазалау әдісін қолдануға негіз- дау-дамайлы жағдай (ситуация). Бірақ көрінген орынсыз қылық пен ережеден ауытқу жанжал туындатпайды, сондықтан, парықсыз жаза қолдана беруге болмайды. Жазалау мәселесінде жалпы, барша жағдайға жаза тағайындау мүмкін емес, әрқандай тәртіп бұзу өзінің дара сипатына ие: оны істеген кім, қандай жағдайда болды, себептері не – осы жәйттерді ескерумен жаза жеңіл не өте қатал болуы ықтимал.

8. Жазалау - өте ауыр да әсерлі әдіс. Жаза таңдаудағы педагог қателігін түзету өте қиын. Сондықтан, жүз берген жағдай жөнінде толық та анық түсінім болмағанша, асығыстықпен жаза қолдануға болмайды. Кері жағдайда жаза өз әділдігі мен пайдасын жоғалтады.

9. Педагогикалық процестегі жаза – кек алу құралы емес. Балада жазаның оның өз пайдасы үшін қолданылып жатқанына сенім тудырыңыз. әрқандай жаза әр баланың жеке ерекшеліктеріне орай қолданылғаны дұрыс.

10. Жазаның жеке балаға,оны даралығына сай қолдануы – әділдіктен ауытқу емес. Бұл өте маңызды проблема. Егер педагог оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне мән беретін болса, жаза да, мадақтау да жікке келеді, ал, егер ол тек келеңсіз қылықтың өзіне мән беріп, қай тәрбиеленуші тарапынан болғанына назар аудармаса, жаза түрлері жіктелінбей қолданылып, тұлғалық бағыт заңдылығына қайшы келеді. Мұғалім өз педагогикалық позициясын балаларға түсіндіруі шарт, сонда ғана шәкірттер жаза әділдігін мойындайды.

11. Әрқандай жаза педагогикалық әдептілікті, жас кезеңдері психологиясын, сонымен бірге тек жазамен істі оңғаруға болмайтынын түсінген жөн. Осыдан да жаза басқа тәрбие әдістерімен бірлікті қолданылады.

**Субъектив – прагматикалық әдіс** негізі – тәрбиесіздік пен білімсіздіктің, тәртіп пен қоғамдық талаптарды өрескел бұзудың пайдасыз екенін түсінуде. Қоғамдық және экономикалық қатынастар баланы ерте жастан қатаң конкуренттік тайталасқа қосып, өмірге тыңғылықты дайындық көруге мәжбүрлейді. Осыдан да нарықтық экономикаға ертерек көшіп, дамыған елдердегі мектептік білім мен тәрбие қарапайым тұрмыс-тіршілік қажетіне (утилитарное) бағытталып, басты мақсат – шәкірттерді оқу орнын бітірген соң жұмыс табу, тіршілік қамын жасауға тәрбиелейді. Біздің өткен кеңестік дәуірдегі тәрбиеміз, керісінше, оқушыға бәрін білдірді, бірақ субъектив – прагматикалық тәрбиені буржуазиялық деп жоққа шығарғандықтан, мектеп түлегі білгенін тұрмыста қолдана алмай, жеке де, қоғамдық та пайдаға жарата алмады.

Педагогтар қоғамдық-экономикалық тарығуларды тәрбие мақсатында қолданады. Алдымен олар жоғары сапалы мектеп тәрбиесінің әр адамның нарықтық әлеміндегі орны және жағдайымен байланысты болатынын баса түсіндіреді, тәрбиесі төмен, білімі кем адамдардың болашақта беделді қызметтен, жоғары жалақыдан жүрдай болатынын, жұмыссыздар қатарында қалуы мүмкін екендігін нақты мысалдармен көрсетеді. Осыған байланысты тәрбие қатаң жеке тұлғалық бағытта жүргізіледі, себебі әр тәрбиеленуші мектеп бітіруде ұнамды пікір, бағамен еленіп, жұмысқа орналасу мен оқуға түсу үшін негіз қалайды. Бұлай болмағанда, жұмыс орындары мен мекеме басшылары оны қызметке алмайды. Егер педагог академиялық табыс, яғни педагогикалық процестегі жетістік әр оқушының қабілетіне байланысты болатынын әрі ол табысты қолға түсіру бала даралығына орай екенін жете түсінсе, оның қолынан болымсыз түлек шықпайтынына кәміл сенуге болады.

Субъектив – прагматикалық әдістің нақты іске асыру жолдары төмендегідей:

- тараптар міндеттері анық көрсетіліп, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында жасалған келісім-шарт (контракт);
- тәрбиешілер және ата-аналар ортасында келісіммен түзілген жеке өзіндік жетілу бағдарламасы (өзіндік тәрбие мазмұны);
- жеке қызығушылықты арттыру үшін оқушылар қалаулары бойынша түзілген төлемді оқу-тәрбие топтары;
- құқық бұзуға бейімді балалармен тәрбие – сақтандыру жұмыстарын алып баруға арналған «тәрбиешілік топтары»;
- ең соңғы техникалық құралдар және электронды – есептеу машиналары жәрдемімен тәрбиеленушілердің мінез-құлығын, әлеуметтік дамуын үздіксіз бақылауға алу, яғни мониторинг жүргізу;
- техникалық құралдармен жинақталған сандық және сапалық көрсеткіштер нәтижесі негізінде тәрбиеленушінің жеке-дара даму бағытын анықтап, тұлғаның қажетті қасиет-сапаларын алдын ала жоспарланған арнада тәрбиелеудің «сценариін» түзу;
- ұдайы өткізіліп тұратын ойын, жарыс, курстарға байланысты әрбір оқушының тәрбиелік, әлеуметтік кемел, азаматтық дәрежесін анықтау үшін ұйымдастырылатыны тест-байқаулар;
- тәртіп бұзушыларды жазалау мақсатында қолданылатын айыппұл төлету, құқықтары мен еркіндігінен айыру, әлеуметтік-қоғамдық басымдықтарын (привилегии) алып тастау және т.б. секілді шараларды пайдалану.

Бұл әдіс, әзірше еліміз мектептерінде кең өріс ала алмай отыр. Дегенмен, тұрмысымызға қарқындай еніп жатқан әлеуметтік және экономикалық өзгерістер уақыт оздырмай, тәрбие процесінің маңызды шарттарының бірі ретінде субъектив-прагматикалық әдістің алғы шепке шығуы – заңды күтілетін құбылыс.

### **15.5. Педагогикалық қолдау, оның мәні және ұйымдастыру жолдары**

Тәрбие процесінің нәтижелілігі көбіне оған болған педагогикалық қолдаудың дұрыс ұйымдастырылуына тәуелді. Мұндай қолдау бүгінгі таңда төмендегідей қарастырылады:

- нақты адамға оның денсаулығы мен психикалық қалпына, оқуына, тұрмыстық әрі кәсіби бой тіктеуіне кедергілердің алдын алу және нақты іс-әрекеттік көмек көрсету;
- адамның жеке басы ерекшеліктерінің орнығу процесін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық қызметтер;
- ауытқуға бейім қылық-әрекет қиыншылықтарын жеңуге бағытталған ықпалдасты әрекеттердің ерекше түрі;

- келеңсіз мінез әрекеттеріне бейім жас өспірімге нақты жекеленген жәрдем беру;
- баланы басшылықты жетекке алу;
- тәлім-тәрбие мекемесінің педагогикалық қолдау проблемасын өзінің өмірлік принципіне айналдыруы;
- балалардың өзін-өзі тану шартына айналып, оқу мен тәрбие шеңберін үйлестіруге бағытталған мұғалім мен оқушы ықпалдастығын күшейте түсу.

Педагогикалық қолдау – бұл: а) тәрбиеленуші сенімінен шығу; б) көбіне педагогикалық қолдау қажеттігін өзі сезбейді, бірақ оған мұқтаж болған тәрбиеленушілерге қол ұшы жәрдемін беріп, қолдап-қуаттау.

Педагогикалық қолдау мәні: жайма-шуақ психологиялық жағдай жасау; тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына шарт-жағдайлар түзу; өз қадір-қасиеті мен ар-намысын сақтап қалуға және ұтымды нәтижеге жету жолындағы кедергілерді бірлікті жеңіп бару; «жәрдем бер» деп алақанын ашық жайып отырғанға ғана емес, достық ықылас-ниетке мұқтаж болғанның бәріне көмек көрсету; әрқандай тәрбиешінің өмірдегі өз орнын табуға құштарлық білдірген тәрбиеленуші проблемаларын өз назарында ұстай білуі; тәрбиешінің кәсіби деңгейінің жоғары болуы.

Педагогикалық қолдаудың көрініс формалары – жылы лебіз; құлақ сала білу, қажет болса – кеңес беру; тәрбиеленушіге сенім; оның құқығын қорғау; тәрбиешінің балаға болған қамқорлық қатынасы; шәкірттің қандай да табысын көре танып, оған ұнамды баға беруден жалықпау және т.б.

Педагогикалық қолдау 1) тәрбиеленушілердің баршасына бағытталып, оларға деген қамқорлық пен сенім қатынасында көрінумен өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізеді; 2) жеке тұлғаға бағытталып, оның дамуына, білім игеруіне, тәрбиелілігіне, өз басы проблемаларын шешуге жәрдем көрсетіп, азаматтың өзгерістерін диагностикалап баруға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаға арналған педагогикалық қолдаудың мазмұны – адамды алда көздеген нәтижелерден алшақтататын кедергілерді жеңу жолдарын қамтиды. Мұндай кедергілердің түрі:

- субъектив (тұлғалық) «Мен» - кедергілер: өз бетінше дербес шешім қабылдауға қажет ақпараттың болмауы (ақпарат толықса, кедергі сол бойда жойылады); адамның қосымша еңбектенуінің қажеттігі (қол ұшы жәрдем беріп, ынтасын көтеру); тұлғаны күйзеліске келтіретін кемшіліктер (тән-денелік, психикалық, арақатынастық); білім және тәжірибе жетіспеуі;

- объектив (әлеуметтік) «Олар» - кедергілер: (әлеуметтік орта – мұғалімдер, әкімшілік, дос-жарандар, құрбы-қатарлар, отбасы және басқалар).
- материалдық кедергілер (отбасының қаржылық жағдайы және т.б.).

### **15.6. Тәрбие әдістерін таңдау**

Тәрбие әдістерін таңдау – күрделі проблемалардың бірі.

Тәрбиешінің кәсіби қызметтерін орындау барысындағы тәрбие әдістерін таңдауы әрі оларды пайдалануы көптеген қалыптасқан шарттар мен мүмкіндіктерге тәуелді. Мұндай шарттар түрі: ниеттелген тәрбие мақсаттары мен міндеттері; тәрбиеленушілердің жас және даралық ерекшеліктері; тәрбие мезеті; шәкірттердің қызығулары мен қажеттері; оларды қоршаған әлеуметтік жағдайлар; тәрбиеленуші қатысқан топтың қалыптасу деңгейі; күтілген нәтижелер; тәрбиешінің өз басы мүмкіндіктері.

Тәрбие әдісін таңдау негізінде тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы гуманистік қатынас болуы шарт. Қолданылатын әдістердің тиімділігі келесі жағдайларға байланысты: таңдалған әдістің шынайы әрі нақты шарттарға сәйкестенуі; әдісті қолдану мезетіндегі тәрбиеленушілердің психологиялық қалпын кәсіби көрегендікпен сезе білу; әрқилы тәрбие әдістерін өзара үйлестіре пайдалану; таңдалған әдісті тәрбие шараларымен толықтыра түсу; әрбір әдісті қисынды нәтижеге жеткенше орынды пайдалану.

Тәрбие әдісін таңдай отырып, тәрбиеші әрбір тәрбиеленушіге өз жасампаздық іскерлігін жүзеге асыруға, даралық шығармашылығын танытуға, табыс көздерін іздестіре білуге, нәтижелерді болжастыруға, көзделген мақсатты іске асыруға толық мүмкіндік беретіндерін пайдалануға ұмтылуы қажет.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Тәрбие әдіс, тәсілдері мәнін қалай түсіндірер едіңіз?
2. Тәрбие әдістері қалай топтастырылады?
3. Әміршіл-әкімшіл және гуманистік педагогикадағы тәрбие әдістері жүйелерінің айырмашылығы неде?
4. Үлгі-өнеге әдісінің мәні қандай?
5. Тәрбие әдісін таңдауда қандай шарттарды ескеру қажет?



## **16-дәрісбаян. Тәрбие құрал-жабдықтары мен формалары**

### Жоспары

1. Тәрбие құрал-жабдықтары және формалары түсінігі
2. Тәрбиенің негізгі формаларына сипаттама
3. Тәрбие формалары мен құрал-жабдықтарын таңдау

### **16.1.Тәрбие құрал-жабдықтары және формалары түсінігі**

**Тәрбие құрал-жабдықтары** – бұл әлеуметтік тәжірибенің педагогикалық тәуелсіз көздері. Ниеттеген мақсатына жету жолындағы, субъектке тәрбиелік ықпал жасаушы әрқандай заттың бәрі тәрбие құрал-жабдығы есептеледі. Қоршаған болмыстың қалаған нысаны: зат, мүлік, дыбыс, аң, жануарлар, өсімдіктер, шығармашылық туындылары, құбылыстар, оқиғалар, өмірлік сәт көріністері және т.б. – тәрбиелік ықпалға ие. Тәрбие құрал-жабдықтары тәрбиеленушіге өздігінен әсер етеді, сонымен бірге оларды тәрбиеші мақсатты бағытта пайдалануы да мүмкін.

Тәрбие құрал-жабдықтары қандай да тәрбие мақсатын іске асыру үшін іріктеледі. Мұндай да таңдау тәрбие әдісіне орайлас орындалады. Құралдар өмір құбылыстарын көз алдына келтіреді, тәрбиеленушілердің белсенділігін көтереді, материалды- техникалық тұрғыдан қамсыздандырады, психологиялық көңіл-күй шуағын береді, іс-әрекет сайманы ретінде қолданылады, қандай да қызметтің астарлы мәнін айқындай түседі, т.с.с.

Құрал- жабдықтар белгілі гигиеналық, эстетикалық, экономикалық, инәбаттылық, құқықтық талаптарға сай болуы шарт.

Педагог даралығына негізделген әдістер мен құрал-жабдықтар бірлігі тәрбиелік іс-әрекеттер формасына арқау болады.

*«Форма»* терминінің мәні: 1) тәрбие процесінің сырттай көрінісі; 2) тәрбиелік жұмыстардың сырттай көрінуін қамтамасыз ететін ұйымдастыру тәсілдері мен тәрбиелік шаралардың бірлікті жиынтығы; 3) тәрбиеленушілердің ұжымдық және жеке-дара іс-әрекеттерін жоспарлы ұйымдастыру жүйесі. Сонымен, форма – бұл тәрбиелік істер процесіндегі тәрбиеленушінің тәрбиешімен ықпалды қатынас түзу көрінісі.

Тәрбиелік жұмыстар өз кезегінде төмендегі аталған тәрбиелік қызметтерді орындайды:

- **ұйымдастырушылық;** ұйымдастыру ісі тәрбиелік жұмысқа қатысушылардың өзара ықпалды әрекеттерінің қисынын (логикасын) бейнелейді;

- **реттеушілік:** қандай да форманың өзі оны пайдалану процесінде әлеуметтік қатынастар нормаларын қалыптастырушы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы өзара байланыстарды реттеп, түзетіп баруға мүмкіндік береді;

- **ақпараттық:** тәрбиеленушілердің игерген білімдерін ғана біржақты хабарлауына мүмкіндік ашып қоймастан, олардың өзіндік тәжірибелеріне арқа сүйеп, бұрыннан меңгерген ақпараттарын іске қосуына жол ашады.

## 16.2. Тәрбиенің негізгі формаларына сипаттама

Тәрбие жұмыстары формаларын түрліше топтастыру мүмкіндіктері бар. Бір форманың басқаларынан ерекшеленуі төмендегі шарттарға тәуелді:

- **уақыт ұзақтығы:** қысқа мерзімді (бірнеше сағат, минут); ұзаққа созылған (бірнеше күн, апта);

- **тәрбиеленушілер қызметтерінің түрі:** оқу, еңбек, спорт, көркем өнер;

- **педагогтың ықпал жасау тәсілі:** тікелей, жанама;

- **нәтиже:** ақпарат алмасу, жалпы тұжырымға келу, қоғамдық мәнді өнім;

- **қатысушылар саны:** жеке-дара (тәрбиеші –тәрбиеленуші), топтық (тәрбиеші –оқушылар тобы), жаппай көпшілік (тәрбиеші – бірнеше топ) формалары.

Қатысушылар санымен ажыралған тәрбиелік жұмыстардың кейбір формаларының ерекшеліктерін қарастырып көрейік.

**Жеке-даралықты тәрбие формалары:** әңгімелесу, сыр бөлісу, кеңес беру, пікір алмасу, нақты жұмыс бойынша жеке жәрдем, проблема шешімін бірлікті іздестіру. Тәрбиеші міндеттері: оқушы мүмкіндіктерімен танысу, оның талантын ашу, бала мінезіндегі барша құндылықты бітістер мен дамуына кедергі қасиеттерді байқау.

**Ұжымдық шығармашыл жұмыстар формалары:** дәстүрлі тапсырмаларды кезегімен ауыстырып бару, сюжетті-ролдік ойындар, ұжымдық жоспарлау, бірлікті талдау.

**Топтық тәрбие формалары:** іс-шаралар кеңесі, шығармашылық топтар, өзіндік басқару кешендері, шағын үйірмелер. Тәрбиеші міндеттері: әр оқушының өзін танытуға жәрдемдесу, топ мүшелерінің бәріне бірдей мәнді нәтижеге жету жағдайларын жасау.

**Ұжымдық тәрбие формалары:** конкурстар, сахналық қойылымдар, ән-күй кештері, үгіт бригадалары, саяхат-шерулер, спорт жарыстары.

Тәрбиелік іс-әрекет формаларының әрбіріндегі тәрбиешінің ролі мен орны әрқилы. Олар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, тәрбие мақсаттарына байланысты.

Тәрбие жұмысының формасы *ұжымдық шығармашылық* түрінде болуы мүмкін. Мұндай ұжымдық шығармашылық қызметтер барысында тәрбиеленушілер ересектермен бірлікте және олардың басшылығында жаңа тәжірибелер жасайды, бұрын игерген білім, ептіліктерін қолданады, жаңа ғылыми ақпараттар топтайды.

Ұжымдық шығармашылық жұмыстар әдістемесі негізін қызметтестік, ұжым мүшелерінің бірлікті істері, көппен бірге жоспарлау, жұмысты өткізу және бағалау, өмірлік маңызды міндеттер шешімін табудың ұтымды жолдарын іздестіру құрайды.

Ұжымдық шығармашыл жұмыстарды дайындау және өткізу бірнеше кезеңнен тұрады.

**Бірінші кезең** – уақытша ынталы топ құрылады. Ол алдағы жұмыстарды жоспарлайды.

**Екінші кезең** – басқарушы топ алдағы жұмыстардың бағыттарын белгілейді, қатысушылар өз ұсыныстарын береді, ұсыныстар талданады, ниетке алынған істердің жалпы бағдарламасы пайда болады.

**Үшінші кезең** – ойға алынған істердің орындалуына қажет дайындық жұмыстарының, құрал-жабдықтардың, материалдардың тізімі жасалады.

**Төртінші кезең** – тапсырмалар бөлістіріледі, тәрбиеленушілердің баршасын түгелдей қамтыған жеке-дара, топтық, ұжымдық іс-шаралар жүктеме ретінде тапсырылады.

**Бесінші кезең** – тәрбиеленушілердің бәрі өз борышына алған шығармашыл жұмыстарды дайындауға кіріседі.

**Алтыншы кезең** – дайындалған тәрбиелік шығармашыл іс өткізіледі.

**Жетінші кезең** – тәрбиелік іс-шара өткізілгеннен соң ынталы топ және ұжым мүшелерінің қатысуымен көзделген бағдарламаның орындалуына ұжымдық талдау беріледі, сапасы бағаланады.

Аталған жеті кезеңнің әрқайсысының орындайтын өзіне тән міндет, қызметі бар. Атап айтсақ, бірінші кезеңде - өзіндік басқару кешенін түзу тәжірибесі қалыптастырылады, тәрбиеленушілер өз тұлғалық қасиет-сапаларын бағалауға үйренеді; екінші кезеңде – топтық жоспар жасау қабілеттері дамиды; үшінші кезеңде – қызмет бабына, іскерлікке дағдыланады, табыс берер шарттарды көрегендіктен тануға баулынады; төртінші кезеңде - әлеуметтік тәжірибе қалыптасып, тұлғаның ұйымдастырушылық сапалары тұрақтанады; бесінші кезеңде – танымдық, ұйымдастыру, тақырыптық, ой-пікірлерін хаттау, іс-шараға сай безендіру әрекеттері нығайып, тәрбиеленушілердің өзара қатынастарынан іскерлік сапалары байи түседі; алтыншы кезеңде - әртүрлі ұжымдық, топтық, дара жұмыстарға

араласа отырып, тәрбиеленуші өзінің тұлғалық деңгейін көтереді. Жетінші кезеңде - өз әрекеттері мен ептіліктерін сын көзбен саралаумен өзіндік бағалауға үйренеді.

Ұжымдық шығармашыл іс-әрекеттерді ұйымдастырушының төмендегі технологиялық ұстанымдарды ескергені жөн:

- ұжым мүшелерінің саны 7-9-дан 25-30 адамға дейін болуы мүмкін. Қатысушылар саны шектен тыс көбейіп кетсе, іс тиімділігі күрт төмендейді;

- ұжымдық шығармашыл жұмысқа қатысушылардың жеке тұлғалық даму мақсаты басты назарға алынуы шарт;

- шығармашыл мәселе, міндеттер тәрбиеленушілердің өздері тарапынан анықталып, белгіленгені дұрыс;

- әрбір тәрбиеленушіге өз қызығулары мен тілектеріне сәйкес жұмыс түрлерін таңдау мүмкіндігі беріледі.

Жоғарыда баяндалған технология форма тұрғысынан әркілі тәрбиелік шараларды өткізуде пайдаланылуы мүмкін (әртүрлі тақырыптағы сынып сағаттары; конференциялар; поэзия, ән-күй, би; ауызекі журналдар; конкурстар; әйгілі адамдармен кездесу; құрбы-құрдастарымен, мектеп түлектерімен дидарласу және т.б.).

Соңғы жылдары тәрбиелік жұмыстардың келесідей формалары кең тарап, мектеп тәжірибесіне енуде:

**Көпшілік тыңдарман тәрбиеленушілерге арналған дәрісбаяндар :** әдемі әрі сәнді жағдайда 15-20 минут аралығында ұсынылатын қызықты да тосын мысал, деректерге бай жарқын ақпарат тәрбиеленушілердің баяндалып жатқан құбылыс не оқиғаға болған көзқарас, қатынасын жаңа қырынан қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**«Сократтық сұхбат»** - кезегімен қосымша сұрақтар қоя отырып, оларға жауап тауып, қойылған проблеманың көптеген балама шешімдерін кеңінен қарастырумен біртіндеп шындыққа жету жолы.

**Ашық микрофон** формасы қоғамдық өмір проблемаларын талқылау үшін қолданылады.

**Фалсафалық бас қосу** – тәрбиеленуші өмірінің мән-мағынасын тереңдей түсінуге арналған ғұламалық сұхбат-кеңес.

**Белгілі тақырып бойынша пікір-сайыс** – екі топ кезегімен ой толғаныстарын ортаға салып, өз жобаларын қорғайды.

**Интеллектуалдар саудасы** – ақыл-ес әрекеттерін жарыстырудың ойын формасы. Ұсынылған «тауарды» – кітап, сурет, күйтабақ, қолөнер туындысы және т.б. «сатып алу» үшін, қатысушы қалаған затына байланысты өз білімдерін жария етуі тиіс.

**Мамыра жай әңгіме-** сезім төрінде жатқан құпия көңіл сырларын бөлісу, тәлімдік мазмұнды өмір құндылықтары жөнінде сұхбат.

*Даналар күні* – арнайы күні, ұлы ғұламалар мерейтойларына орай өткізілетін танымдық, құндылықты бағыт беретіндей қызықты да мазмұнды шара.

*Кесірлі дөңгелек стол* – алдын ала жинақталған пікір таласты материалдар негізінде заманның көкейкесті проблемалары жөніндегі тәрбиеленушілердің пікірін біліп, олар бойынша талдау салуға арналған сөз-жарыс.

### **16.3. Тәрбие формалары мен құрал-жабдықтарын таңдау**

Тәрбие құралдары мен формаларын таңдастыру тәрбиеші алдында тұрған күрделі мәселе. Тәрбиелік іс-әрекеттің тиімді болуы осы мәселенің дұрыс шешіміне тәуелді.

Тәрбие жабдықтары мен формаларын таңдап, іріктеудегі басты мақсат- олардың білім беру, дамыту және тәрбиелеу қызметтерінің толық іске асуы, оқушылардың рухани белсенділігіне дем беріп, ой-толғанис әрекеттерін ұштауы, қоршаған болмыс заттарымен өзбетінше дербес қарым-қатынас жасауға жәрдем беруі.

Тәрбиелік істердің әрбір жекеленген жағдайларында өзіндік ерекшеліктерімен, қызығулары және мүмкіндіктерімен дараланған әртүрлі тәрбиеленушілер қатысады. Мұндай жұмыстарға араласқан ересектердің өздері де балалар сияқты қайталанбас сыр-сипатқа ие. Бұдан шығатын тұжырым –тәрбиелік жұмыстарда жоғарыдан берілетін көрсетпе –нұсқауларға таңылып не нақты ұжыммен байланысы жоқ сырттай біреулердің дайын сценарийлерін ойсыз пайдалана, іс жүргізуге болмайды. Жұмыстар жалықтыратындай бір текті де болмағаны жөн. Бұрыннан бар, тәжірибеде сыналып, тиімділігі сенімді тәрбиелік жұмыс формаларының кейбір идеалды не заттай элементтерін заман ыңғайы мен тәрбиеленушілер ерекшеліктеріне сәйкестендіре пайдаланған ойға қонымды . Мүмкін болғанша, іс-шара формаларының тәрбиеші мен балалар ұжымының өзара ықпалдастық қатынастары барысында туындағаны пайдалылау. Себебі, қалаулы істің орындалуы да қызықты.

Тәрбие формаларын іріктей отырып, дәл мезеттегі нақты тәрбие міндеттері мен тәрбиеленушілердің араласуымен орындалатын іс-әрекет түрлерін; тәрбиелік процестің ұйымдасу принциптерін, балалардың дайындығын, олардың қызығулары мен қажеттерін; материалдық қор мен сырттай шарт – жағдайларды, педагогтар және ата-аналар мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Тәрбиенің қай формасы болмасын, ол өзіне сай нақты іс-әрекет әдіс, тәсіл, жол-жобаларын пайдалануды қажет етеді және бұлардың бәрі сол әрекетке қатысушылармен бірлікте іске асқаны жөн.

## **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Тәрбие формасы деген не?
2. Тәрбие құрал-жабдығы түсінігіне анықтама беріңіз.
3. Қандай тәрбие құралдары мен формаларынан хабарыңыз бар?
4. Тәрбие құралдары мен формаларын таңдау неге байланысты ?
5. Дәстүрлі және жаңа тәрбие жұмыстарын атап, оларға сипаттама беріңіз.

## **17-дәрісбаян. Тәрбие құралы – әлеуметтік орта**

### **Жоспары**

1. Отбасы – педагогикалық қатынас субъекті
2. Мектеп ұжымы
3. Балалар және жасөспірімдер бірлестіктері

#### **17.1. Отбасы – педагогикалық қатынас субъекті**

Отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше «тәрбиешілер» тобын құрайды. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді; мектеп оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады; балалар мен жеткіншектер ұйымдары қарым-қатынас жүйелеріне ендіреді; ал көше болса, отбасы, мектеп, әрқилы бірлестік топтар бере алмағандардың орнын толтырады. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса, сонысын таңдайды, соның ықпал тәуелділігінде болады.

Осыдан тәрбие тұлғаға ықпал жасаушы құрылымдардың өзара қатынастарымен бірлікте қарастырылады.

Бала үшін отбасы – ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Осыдан отбасында қабылданған көзқарастар, салт-дәстүрлер, ұстанымдар, әрекет-қылық үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды.

Отбасы белгілі қызметтерді атқарады:

- *қайта өндіру (репродуктивті)* – ұрпақ келтіру (тек жалғастыру тума әрекеті, перзентті болу, оларды өсіру және тәрбиелеу қажеттігі);
- *шаруашылық- экономикалық*, (ортақ шаруашылық және қаржы пайдалану, еңбекке жарамсыздарға қамқорлық және оларды материалды қамсыздандыру);
- *тәрбиелеу* (отбасы, оның әрбір мүшесінің тұлғалық қалыптасуына жағдайлар жасау; отбасы ұжымының өз мүшелеріне жеке-дара ықпал жасап баруы; өмірлік тәжірибе, инабаттылық тәртіптері мен адамгершілік құндылықтарға баулу);
- *қарым-қатынас құру (коммуникативті* – отбасы ішіндегі қатынас түзу, отбасының басқа адамдармен, жанұялармен, әлеуметтік топтармен байланысын ұйымдастыру);

- *қайта қалыпқа келу (рекреативті* – бос уақыттарындағы демалыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру; отбасы мүшелерінің күш-қуатын, денсаулығын қайта тіктеу шараларын қамтамасыз ету).

Отбасы тәрбиелік қызметтерінің іске асуы оның ұлттық ерекшеліктеріне, әлеуметтік –мәдени салт-дәстүрлеріне және ол енген қауымдастыққа тән талап-тәртіп ұстанымдарына байланысты.

Тұлғаның әлеуметтенуінде жетекшілік маңызға ие жалпыға бірдей жағдаяттар болады. Олар: туған күнінен бастап, балаға болатын үздіксіз де тұрақты ықпал; отбасыдағы қарым-қатынастың туысқандық, сүйіспеншілік, сенім, өзара жауапкершілік сезімдеріне негізделуі; ұрпақтан-ұрпаққа тәжірибе өткізуге бағытталған әркілы деңгейдегі отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы және ықпалы. Өз балаларының ерекшеліктерін, қызығулары мен қажеттерін ескеруде ата-аналар мүмкіндіктері орасан.

Отбасылардың өздеріне тән ерекшеліктеріне орай топтасуы төмендегідей:

*Құрылымы бойынша* (мүшелер саны, жас деңгейлері): *үш әулетті отбасылар* – ата-аналар, балалар, немерелер; *екі әулетті отбасы*- ата-аналар және балалар; *бір балалы; көп балалы* (үш одан да көп балалы) отбасылар; толық болмаған, яғни ата-анасының біреуі жоқ; *перзентсіз* және т.б. отбасылар; *отбасы тұрмысы және даму жағдайларына* байланысты (жарасымды және қисыны кеткен жанұялар); отбасылық тәрбие стиліне орай (әкімшіл, адамгершілікті, либералды).

*Әкімшіл (авторитарлы) отбасы* – бала қарсылығын не күйзелісі мен селқостығын туындататын қаталдығы шектен тыс талаптарымен сипатталады. Сырттай бұл дәрекі қылық пен тұрпайы, жалған сөзден, екіжүзділіктен көрініп, балада қорқыныш пен қорғансыздық сезімін пайда етеді.

*Адамгершілікті қатынас түрі (стилі)* ата-аналардың бала тұлғасына болған сыйластық, құрметімен, оның көзқарас, ой-пікірлерін қабылдауымен, өзіндік дербестігін шектемейтіндігімен еленеді. Мұндай отбасылар балалар датына құлақ түре алады, өз шешімдерімен баланы тұсауламайды, оның шығармашыл ынтасының дамуына көмектеседі. Бұл отбасы жағдайында бала өзін жайлы сезінеді, әрдайым табысты әрекет қуанышына бөленіп, оны ата-анасымен бөліседі, олардан қорықпайды, керісінше, ішкі нәзік сырларын ортаға салып, проблемаларымен бөліседі, кеңестерін тыңдауға асығады, өз қадір мәртебесін сезінеді.

*Либералды стильдік қатынас* отбасы баласының не істесе де бетін қайтармауға, оның жауапкерсіздігі мен өзімшілдігіне бастау береді. Балалар ата-аналарының әсіре сүйіспеншілігін «қорғаныс» етеді немесе олардың түгелдей елемеу, немқұрайлылығына тап болады. Бұл баланы



екіжүзділікке, менмендікке, тәртіпсіздікке, моральдық жұтандыққа душар етеді.

Өз перзентіне шынайы қамқорлық пен сүйіспеншілік шуағын арнаған ата-ана, негізінен *адамгершілікті (демократтық)* стильді қолдана отырып, орынды жерінде әкімшіл не либералды тәрбие элементтерін қолдануды да ұмытпайды.

Отбасында тиімді тәрбиелеудің белгілі ережелері қалыптасқан:

- баланы бар қалпында сүйю, құрметтеу қажет;
- балаға әсер ететіні құрғақ сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы мәнді;
- баламен қатынас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы шарт, сонда ғана үлкендер мен кішілер арасындағы дау-дамай туындамайды да ең қонымды тәрбие әдісін таңдап, қолдануға болады;
- баланың не айтқысы келетінін түсініп алған жөн, асығыс қорытынды жасаудан сақтанған дұрыс;
- жазаны істеген келеңсіз әрекеті үшін қолдануға үйренген жөн, баланы намысына тиіп, қорламаңыз (ешуақытта бала жаман емес, оның қылығы жаман);
- бала жөнінде басқалар (мұғалімдер, көршілер) тарапынан айтылған сын пікірлерден қорытынды жасаудан бұрын оның өзімен әңгімелесіп, әрекетінің себебін анықтап, кейін шешім қабылдаған жөн: жұрт алдында өз беделінді жоғалтамын деп шошынудың қажеті шамалы, өз баланның сенімінен айырылып қалмаған дұрыстау;
- балаға үйрететінін алдымен өзің үйреніп, біліп ал;
- өз балаңызға қанша рет «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қорытынды шығарыңыз. Бала ата-анасына түгелдей тәуелді;
- бала жасына қарамай, басыбайлы қадағалауды жек көреді. Ата-анасының өз өміріне шын ықыласпен араласқанын ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата-анасын сүйеді;
- баламен өмір, тұрмыс жөнінде жиі сұхбаттасып тұрған жөн, себебі қателіктен ешбір адам қашып құтыла алмайды;
- баланы қиындықтар құрсауында жападан жалғыз қалдыруға болмайды.

Отбасы тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер – бұл өнеге-үлгі, бірлікті еңбек, іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдап-қуаттау, баланы қорғау. «Мендей бол!», «Мендей істе!» ұранымен тәрбиелей отырып, ата-аналар өз өнегесімен қалай жасау, еңбектену қажеттігін үйретіп, сыйластық- сүйіспеншілік сезімін білдіреді. Отбасыда ешкім «мен енді сені тәрбиелемеймін» - деп айтпағаны жөн, себебі төңіректегінің бәрі: - баланы қалыптастыруда өз үлесін қосып барады. Балаға болған қатынас, ата-аналар арасындағы байланыс, басқа адамдармен араласу,

отбасы ішіндегі тұрмыс процесі, барша отбасылық істер. Сондықтан да тәрбие үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ – тек қана дұрыс, инабатты, адамгершілік әдеп сақтап, өмір сүруді басты ұстаным етіп алу керек.

## 17.2. Мектеп ұжымы

Көп авторлардың пікірінше, тұлғаның дамуы мен қалыптасуы тек ұжымдық тәрбие жүйесінде іске асуы мүмкін. Осы жағдайда ғана ұжым дұрыс әрекеттегі өзіндік басқарым органына, тұлғалық арақатынастағы ұжымшылдыққа және өзара жауапкершілікке ие болады. Бұл өз кезегінде жан-жақты дамуға, еркіндікке, қорғанысты болуға, сонымен бірге әр тұлғаның мәртебесін көтеруге жол ашады.

Педагогикалық әдебиеттерде келесідей белгілерге ие болған әрқандай тәрбиеленушілер бірлестігі – **ұжым** деп аталады:

- **ортақ әлеуметтік мәнді мақсатқа ие.** Қалаған топтың мақсаты бар: дүкен кезегінде тұрған не автобус күтіп тұрған адамдардың да, қылмыскерлердің де. Әңгіме, ол мақсаттың мағынасында, неге бағдарлануында. Ал ұжым мақсаты әлеуметтік мақсаттармен ұштасады, оны қоғам да, мемлекет те қолдап, қуаттайды.

- **іс-әрекет** – ортақ мақсатты іске асыруға бағытталады.: ол бірлікті ұйымдастырылып, ұжым мүшелерінің іс-әрекет нәтижесіне болған ерекше жауапкершілігін танытады.

- **жауапкерлі тәуелділік қатынасында болуы.** Ұжым мүшелері арасында мақсат не іс-әрекет бірлігі ғана емес, сонымен бірге оларға байланысты ерекше бірін-бірі қажетсіну қатынастары жүйесі қалыптасады.

- **Сайлаумен тағайындалатын ортақ басшы орган.** Ұжымдарды басқару органдары ұжымның аса беделді мүшелерін тікелей және ашық сайлау жолымен қалыпқа келтіріледі.

Сонымен, **мектеп ұжымы** – бұл әлеуметтік мәнді мақсатпен, іс-әрекетпен, сол іс-әрекетті ұйымдастыру бағытымен бірлескен, ортақ сайлану органымен, ынтымағымен, ортақ жауапкершілігімен, теңдей құқық пен міндеттерге ие бола тұрып, өзара тәуелділігін тани білген барша тәрбиеленушілер тобынан құралады.

Тұлға әлеуметтенуінде мектеп ұжымының ықпалы өте күшті. Себебі, бұл ұжым өз ішіне біртұтас жалпы мектептік ұжымды, сыныптар, үйірмелер, спорттық бөлімдер, уақытша ұжымдық бірлестіктер құрылымдарын қамтиды. Тәрбиеленушілер өз алдына ұжым есептелетін оқу, еңбек, қоғамдық, көркем өнер – шығармашылық, клубтық, спорттық және өзге де бірлестіктердің мүшелері болуы ықтимал.

Тәрбиеленушілер тобының аса мәнді сапасы- *әлеуметтік-психологиялық кемелі*. Себебі, осындай кемел деңгейі ғана топты түбегейлі жаңа әлеуметтік құрылым – топ-ұжым дәрежесіне жетілдіреді.

Ұжым қалыптасуының төменгі деңгейі бұл *топ- конгломерат* («қырық рулы- тобыр»), бұрын бірін-бірі танымаған, бір кеңістікте, бір уақытта қандай да себептермен кездесіп, топтасып қалған балалар бірігімі (балалар лагерлері, әрқилы денсаулық сақтау және т.б. топтар). Бұл топтағылардың ара-қатынастары үстірт, жағдайға байланысты. Мұндай топ бірте-бірте өз атамасына ие болып, ортақ мақсат төңірегінде бірлесе бастауы да мүмкін.

Егер осындай бірлесу жүріп, ортақ іс-әрекет белгіленсе, конгломераттар бір саты көтеріліп – *одақтасқан (ассоциативті)* топқа айналуы мүмкін. Осы деңгейде топтың ортақ өмірлік тіршілігі, іс-әрекеті өрбіп, ұжым құрылымына тән бастау алуы мүмкін.

Рәсми алғашқы топ аймағындағы бірлікті іс-әрекет одақтасқан (ассоциативті) топқа жоғары деңгейлі құрылымға, ең бастысы тұлға аралық қатынастарға жаңа өң беретін еңбектік мақсат төңірегінде ұжымдасқан *топ- кооперацияларға* есік ашады.

Еңбек тобы- кооперация нақты және ұжымдаса әрекетке келуші құрылымға ие, жоғары қызметестік қатынасқа бейім топ дәрежесіне көтеріледі, оның тұлғааралық қатынастары іскерлік сипатқа ие болып, жоғары нәтижелер көзіне айналады. Бұл кооперация тобының келесі жоғары деңгейдегі дербестенген – автономиялы тобына айналуына мүмкіндік береді.

*Дербестенген автономиялы* топ жоғары ынтымағымен ерекшеленеді. Дәл осы деңгейде топ балалары өздерінің ұжым мүшелігін сезінеді. Осы жағдайда ғана ұжымның әрбір мүшесі өзінің даралығын сезіне отырып, іштей бірлік және ынтымаққа келіп, аса жоғары деңгейге жетуге ұмтылыс білдіреді.

Дегенмен, кейде дербестікке ие болған топ, еңбек бірлестігі – ұжымнан бөлініп, өз бетінше кетуге де ынта білдіруі мүмкін. Мұндай жағдай топтың тұйықтыққа беріліп, басқа топтардан ажыралып, оларды өзіне қарсы қоюынан да болуы мүмкін. Осыдан топ жалған ұжым сипатына енуі күтіледі.

Керісінше, егер бірлестік тұлғааралық қарым-қатынас пен өзара әрекетке келетін болса, онда ұжымдасқан бағыт-бағдар қалыптасып, топ кәдімгідей бір мақсатты, ортақ іс-әрекет төңірегінде біріккен ұжымға айналады.

Ұжымдар өндірістік, саяси, мектептік, отбасылық, көркем өнер бірлестіктері болып ажырайады.

Мектеп ұжымы күрделі сипатқа ие болуымен, өз ішіне оқушылар ұжымын және мұғалімдер ұжымын қамтиды.

Оқушылар ұжымында келесі бірлестіктер болуы мүмкін:

- бастапқы (не өзара байланысты) ұжым- ұзақты қарым-қатынасқа түскен бір сыныптағы оқушылар (сынып);
- жалпы мектептік ұжым – ол сынып бірлестіктерінен құралады.

Кейбір оқу-тәрбие жұмыстарды орындау үшін ұзақты не қысқа мерзімді, уақытша ұжымдар түзіледі: үйірмелер, спорт секциялары және т.б.

Соңғы кездері әлеумет танушылар ұжым ішінде шағын топтарды бөліп қарастыруды жөн көруде. *Шағын топ* қатысушыларының өзара жақындығы әлеуметтік мәнді мақсаттардан болмай, олардың арасындағы жеке сыйластық пен кішігірім топтық қызығуларға негізделеді.

Мектеп ұжымының даму процесі кездейсоқ емес, ол педагогикалық басқарымды. Ұжымды педагогикалық басқару тұрғысынан келесі ережелерді ескеру қажет:

- педагогикалық басшылық тәрбиеленушілердің өз бойына тән дербестік пен еркіндікке болған ұмтылысына негізделуі шарт;
- педагогикалық басшылық жүйелі түрде ауысып барғаны дұрыс, себебі, ұжым- қозғалысты, үздіксіз дамудағы құбылыс;
- барша тәрбиелік ықпалдар: отбасы, қоршаған орта, сынып мұғалімдері -өзара сәйкестендіріле, бірлікті іске асырылуы тиіс;
- ұжым мүшелерінің өз міндеттерін орындауын бақылау, қадағалау және реттеу демократиялық басшылық шеңберінде іске асуы міндетті;
- тапсырмалар бөлістіруде олардың ұжымға ғана қажеттігін ескеріп қоймай, тәрбиеленушілер қызығуларына сәйкестігін де ойластырған жөн;

Ұжым ынтымақтастығын болдырудың келесідей жолдарын пайдалану қажет:

- ***бірлікті іс-әрекет.*** Оқушылар әрқилы іс-әрекеттермен айналысады: оқу, қоғамдық пайдалы жұмыс, еңбек, ойын, көркем өнер, эстетикалық, спорт, туризм және т.б.

Мектеп субъекттерін алдымен біріктіретін оқу істері, себебі олар бір бағдарлама негізінде орындалады, оқуды жүргізетіндер де бір мұғалімдер тобы, үйренетін әлеуметтік тәжірибелері де, әртүрлі себептермен болатын **толғаныс, күйзелістері де ортақ.** Ұжым басын қосуға себепкер - дұрыс педагогикалық басшылықпен ұйымдастырылған еңбек және ойын әрекеттері. Ойын арқылы

тәрбиеленушілер қоршаған болмысты таниды, ойынды ойластыратын да өздері;

- **ұжым салт-дәстүрлері;**
- **ұжым қызметтерінің мазмұны және жүрісі;**
- **тәрбиеленушілердің ұжымда не болып жатқанынан хабардар болуы,** осыдан балалардың ортақ толғанысы туындайды;
- **салыстыру, жариялылық, жәрдем, ұнамды баға принциптеріне** сәйкес өткізілетін жарыс, бәсекелер;
- **ұжым кейпі мен эстетикасы;**
- **өзіндік басқарымның ұйымдастырылуы.**

**Өзіндік басқарым** – бұл ұжым тіршілігінің өкілетті тұлғалар тарапынан реттеліп баруы.

Өзіндік басқару органдары және олардың саны нақты жұмыстарға байланысты белгіленеді. Олар тұрақты (сынып кеңесі, оқушылар комитеті, староста) және уақытша (штабтар, комиссиялар, жұмыс бабындағы кеңестер) болуы мүмкін.

Мектептегі өзіндік басқарудың ең жоғары органы – жалпы мектеп ұжымының не оның өкілдерінің жиналысы. Жиналыс шешімдері өкілетті мүшелерге берілген құқықтар деңгейінде қабылданады.

Мектептегі өзіндік басқарудың орындалу шарттары төмендегідей:

- басқару органдары мен сайланған өкілетті тұлғалардың ретімен ауысып баруы;
- сатылы жауапкершілік жүйесінің болуы;
- уақытымен берілетін есеп;
- басқару істеріне ойын элементтерін қосып бару.

### **17.3. Балалар және жасөспірімдер бірлестіктері**

Балалар және жасөспірімдер бірлестіктері (БЖӨБ) тәрбиеленушілердің қызығулары мен қажеттерін қанағаттандыру негізінде олардың мүмкіндіктерін дамыту мен іске асыруда көмегін тигізеді. Мұндай бірлестіктер әр балаға өз қалағанымен айналысуға, өз мүдделерін қорғауға, өзіндік басқару жұмыстарына араласуға мүмкіндік береді. БЖӨБ-де тәрбиеленушілер қоғамдық қатынастар тәжірибесін игереді, сонымен бірге өздеріне жаңалық болған әлеуметтік рольдерді атқаруға үйренеді.

Тәрбиеленушілер әрқилы мақсаттар төңірегінде бірігеді. Ондай мақсаттар түрлері келесідей болуы мүмкін: өз құрбыларымен ресми емес қарым-қатынасқа түсу; қарым-қатынас шеңберін кеңейту; тұрмыстағы өз орны мен беделін анықтауда, құқықтары мен еркіндігін қорғауда, ересек өмірге дайындалуда жәрдем алу.

Балалар бірлестіктері жағдайындағы тұлғаның әлеуметтенуіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған тәрбиелік жұмыстар өз

мақсаты, мазмұны және құрылымы бойынша сыныптан тыс жұмыстардан көптеген ерекшеліктерімен ажыралады. Мысалы, БЖӨБ мақсаты бір тараптан – тәрбиеленушінің өз алдына қойған мақсаты ретінде қарастырылса, екінші тараптан – бірлестік істеріне араласқан ересектердің де тәрбие мақсаты ретінде қабылданады.

БЖӨБ-де тәрбиеленушілер іс-әрекеттерінің әлеуметтік маңызы арта түседі. Бұған себепші болатын шарт – тұлғаның әлеуметтенуіне табыс беретін жағдайлардың жасалуы, осының нәтижесінде оқушыда қоғамдағы әлеуметтік қызметтерді орындауға деген ынта-ықыласы қалыптасады, сонымен бірге тәрбиеленушілердің қажеттері мен қызығуларын қанағаттандырудың көздері ашылып, баланың өзінің де , ол қатысқан ұжымның да іштей мазмұн- сапалық тұрғыдан дамып, байи түсуіне, жаңа ұмтылыстар бағытын алуға көмегін тигізеді, тұлғаның әрекет-қылық талаптары қоғамдық норма, құндылықтар, әлеуметтік бағдарламаларға сәйкес ретке келеді, баланың қорғану қызметтері орындалып барады.

Балалар мен жасөспірімдер бірлестігі төмендегідей белгілермен ажыралады:

- *іс-әрекет мазмұны* (еңбектік, бос уақыттарды толтыру, қоғамдық –саяси, діни, патриоттық, танымдық және т.б.)
- *мерзімі* (тұрақты - мектепте, қосымша білім беру мекемелерінде, балалар мекен жайында; уақытша- балалардың жазғы орталықтары, туристік топтар және т.б.; нақты жағдайларға орай - жәрдем қызметі қатысушылары, әрқилы жиындар, слеттер және т.б.);
- *басқару формасы* (ресми емес, үйірмелік, ұжымдасқан мейрам, кештер және т.б.).

БЖӨБ іс-әрекет, қызметтері өз мазмұны, формалары және әдістерімен ажыралып, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, олардың қызығулары мен қажеттеріне сәйкес іске асырылады. Балалар не жас өспірімдер бірлестіктерінің бірін таңдауы, бір ұжымнан екіншісіне ауысу құқығы оқушылардың өз еркінде. Мұндай баламалы бағыт мүдде, мұқтаждықтарға байланысты таңдау жасап, соған сәйкес өз ойын, бағдарламасын іске асыру мақсатында өзіндік жоспар түзуге, мерзімін белгілеп, орындау жөн-жосығын айқындауға мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңдағы педагогикалық әдебиеттерде (Н.Г.Полянская және басқалар) балалар бірлестіктерінің қызмет атқару моделі берілген. Мұнда балалар бірлестіктеріндегі тәрбиеленушілер тұлғасын дамыту ерекшеліктеріне сәйкестендірілген іс-әрекеттерді ұйымдастырудың негізгі кезеңдері мен педагогикалық шарттары көрсетілген. Олар: алғашқы бейімделу, жаңа іс-әрекет түрлерін меңгеру, жаңа жағдайға орай өз мүмкіндіктерін іске асыруға үйрену, білімдері мен ептіліктерін тұрмыста пайдалануға дайындық жасау.

Бұл бірлестіктердегі іс-әрекеттер тобы үш принципке орай орындалып барады:

- балалар мен жас өспірімдердің бірлестіктері шеңберінде жалпы адамзаттық құндылықтарды жан-жақты үйлестіру;
- тәрбиеленушілерді адамның өмірлік ұстанымдары мен әлеуметтік ролдерінің дамуына ұтымды негіз қызметін атқаратын қоғамдық әрі тұлғалық мәнді қатынастарға араластыру;
- балалар бірлестіктерінде тәрбиеленушілердің өзіндік ұйымдасуына және бойындағы мүмкіндіктерін өзінше жүзеге асыруына жәрдем беретін ұжымның өзіндік басқаруы мен педагогикалық жетекшілікті өзара байланыстыра жүргізу.

Ерекше тәрбиелік мүмкіндіктерге ие **уақытша бірлестіктер де** (балалар лагерлері, жастардың ауыспалы топтары, нұсқау беру жиындары) маңызды істер атқаруда. Мұндай қысқа мерзімді ұжымдарда бала кең өрісті әрі жедел қатынастарға түсіп, құрбы-құрдастарымен тез тіл табысып, жан-жақты шығармашылық қабілеттерін іске асыруға қолайлы мүмкіндіктер алады. Уақытша бірлестіктерде жасөспірімдер өз тіршілігін өз бетінше ұйымдастыруға ұмтылып, бастапқы енжар бақылаушы қалпынан белсенді ұйымдастырушы тұлға дәрежесіне көтеріледі.

Бірлестіктегі ересектер мен құрбыларының ықпалынан тәрбиеленуші бойында орнығып, көрінетін әлеуметтік әрекет-қылық үлгілері балаға өзін белсенді субъект ретінде тануға, игерген тұрмыс, тәлімдік қалып, талаптарды орындауға жол ашады.

**Бала дамуы нәтижесінде тұрақтанған сапалық өзгерістер - өзара нақты қатынастар барысындағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің бірлікті, қызметтес іс-әрекеттерінің жемісі.**

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Баланы отбасыда дұрыс тәрбиелеудің шарттары қандай?
2. Отбасыдағы тәрбие әдістерін атаңыз.
3. Балалардың қоғамдық бірлестіктерінің ерекшеліктері неде?
4. Балалар ұжымына тән белгілер қандай?
5. Ұжымдық бірлестіктерге сипаттама беріңіз.

## 4-бөлім. БІЛІМ ЖҮЙЕЛЕРІН БАСҚАРУ

### 18-дәрісбаян. Білім басқарудың мемлекеттік – қоғамдық жүйелері

Жоспары:

1. Педагогикалық жүйелерді басқарудың ерекшеліктері
2. Педагогикалық жүйелерді басқарудың негізгі принциптері

#### 18.1. Педагогикалық жүйелерді басқарудың ерекшеліктері

Қазіргі заман жағдайында жалпы білімдік немесе қалаған басқа да оқу-тәрбие мекемелерінің педагогикалық жүйесін әрқайсысы өз алдына күрделі жүйе бөлімшелері болып есептелетін төмендегідей жүйешелер (подсистемы) бірлігі ретінде қарастыру қабылданған:

- *дидактикалық*. Бұл жүйеше өз ішіне сабақ және сабақтан тыс оқу-тәрбие жұмыстарын; міндетті және факультатив дәрістерді; оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақты (сабақтағы оқушы және мұғалімдердің жұмыс орындау әдістемелерін) -әрбірін өз алдына жүйе бірліктері ретінде қамтиды;

- *тәрбиелік* – үлкен жүйе бола тұрып, келесідей сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстары, отбасы тәрбиесі, қоғамдық мекемелердегі тәрбие және өзіндік тәрбие жүйешелерінен құралады;

- *оқушылардың қарым-қатынастары және олардың мектептегі өзіндік басқару жүйешесі* (мұның құрамына енетіндер: сыныптағы өзіндік басқарым, әрқилы іс-әрекет бағыттары бойынша кіші жүйешелер);

- *мектептің әкімшілік жүйесі*: оқу процесін басқару, тәрбие жұмыстарына жетекшілік, басқа да жұмыс түрлерін алып бару жүйешелерінен құралады.

Әкімшілік жүйенің қажеттігі – дидактикалық, тәрбиелік, материалды-техникалық жүйешелер мен оқушылардың өзіндік басқару жүйешелерінің басын қосып, үлкен біртұтас жүйелікке келтіру мақсатынан.

Оқушылардың жан-жақты тәрбиесі мен дамуына қатысты міндеттердің шешілуі, яғни жүйенің тиімді жұмыс атқарушы барша жүйелік бірліктердің іс-әрекеттері бір бағытта орындалып бару шартына байланысты. Тұлға бөлшектеніп қалыптаспайды. Бұл кешенді де (комплексті) әрі педагогикалық жүйелерді басқарудың өзіндік ерекшелігін танытады.

Басқаруға тән және бір сипат- бұл жұмысқа баршаның: әкімшілік, мұғалімдер, оқушылар – араласуы. Мұндай жағдай басқару қызметінің



мазмұны мен нәтижесіне үлкен әсерін тигізеді, себебі бұл істің қалаған сатысында қай деңгейде болмасын, басқарушы адам өз әрекетінің кез-келген сәті мен жүйенің қалпы тек оның шешіміне тәуелді болмайтынын мойындауы тиіс.

Білім жүйесінде қалаған деңгейдегі басқару қатынастары тәрбиелік қызметті де атқарады. Тәрбиеленушілерді басқарушы болып есептелетін педагог - тәрбиешілер оларға жетекшілік етеді, ал тәрбиеленушілер осы жетекшілік қатынастарды пайдалы ұғымдар ретінде игереді, яғни тәрбиелік қызметтің орындалып жатқаны. Осыдан да басшының, тәрбиешінің, мұғалімнің моральдық, әдептілік кейпіне жоғары талаптар қойылады. Кәсіби іс-әрекетті әркілы деңгейде бірдей тең басқару – бұл да педагогикалық жүйелерді басқарудың өз алдына ерекшелігі. Өз тұлғасын қалыптастыру барысындағы оқушы іс-әрекетін тәрбиешінің бір өзі басқармайды, бұған бірнеше пән мұғалімдері, сынып жетекшісі және басқа да күнделікті ықпал жасаушы мектептің барша қызметкерлері араласады. Сондай-ақ, мұғалімдердің, сынып басшыларының қызметтеріне мектеп директоры мен директордың оқу, тәрбие және сыныптан тыс жұмыстар бойынша орынбасарлары әкімшілік басқару жүргізеді. Мұғалімдер бір уақытта бірнеше қызмет атқарады. Ол – сынып басшысы, пән мұғалімі, әдістемелік бірлестік мүшесі.

Мектеп көп тарапты байланысқа ие. Оның жұмысы ата-аналармен, қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен қатынастар негізінде атқарылып барады.

Мектеп - мемлекеттік (немесе онымен тығыз байланысқан) құрылым. Отбасы, қоғам, мемлекет араларындағы бірлікті іс-әрекеттердің ұштаса орындалуынан тәрбиенің жалпы мақсаттары іске асып барады. Мұндайда өзара байланыстар міндетті түрде жүйелі басқарымда болуы шарт. Бұл да педагогикалық жүйелерді басқарудың өз ерекшелігі. Білім берудегі мектеп жағдайы «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасына тәуелді екенін ескеретін болсақ, білім жүйесін басқарудың келесі ерекшеліктерін де біліп қойған жөн: әртүрлі жас деңгейіндегі балалар бірлестіктеріне басшылық; материалдық ынтадан гөрі моральдық ынтаның басым болуы; басқарушының өз басқарымындағылармен жеке таныс болу қажеттігі, білім саласын басқаратын тұлғаның жоғары дәрежеде білікті, білімді болуы.

## **18.2. Педагогикалық жүйелерді басқарудың негізгі принциптері**

Директор және басқа да басшылардың оқу-тәрбие процесін нақты басқару қызметтері белгілі принциптерге негізделіп орындалады. Ол принциптер төмендегідей:

- педагогикалық жүйелер басқарымын демократияластыру және гуманизациялау. Бұл басшылардың, мұғалімдердің, оқушылар мен олардың ата-аналарының өзіндік іс-әрекеттері мен ынтасының дамуына жол ашады. Ал бұлардың орындалуы пікір алмасу және басқару шешімдерінің қабылдануына байланысты жариялылықты қажет етеді;

- орталықты басқару мен өзіндік басқарымдарды оңтайлы үйлестіру. Мұндай басқару үйлесімдері әкімшілік және қоғамдық органдар басшыларының іс-әрекетін мектептің бүкіл ұжымы мүддесіне орай жүргізілуін қамтамасыз етеді; басқару шешімдерін талқылау және қабылдауды, кәсіби деңгейде іске асыруға жағдайлар жасайды; жүйедегі барша құрылымдық бөлімдерді өз жұмыстарында бірін-бірі қайталаудан құтқарып, әрекеттерін жоғары деңгейде орайластырып баруға мүмкіндік береді;

- жеке басқару және ұжымдасқан жетекшілік бірлігі. Бұл принципті ұстанудағы мақсат- біртұтас педагогикалық процесті басқару барысында субъективизм мен әміршілдікке жол бермеу. Ұжымдасқан жетекшілік сонымен бірге тапсырылған іске деген ұжым мүшелерінің әрбірінің жеке жауапкершілігін жоққа шығармайды. Ал жеке басқару тәртіп және жөн-жосақ қамтамасыз етіп, педагогикалық процесс қатысушыларының өз өкілеттіктерін нақты шектеп, ретімен орындап жүруін қадағалайды.

- педагогикалық жүйелерді басқарудағы шынайылық және ақпарат молдығы.

Басқару ақпараттарын әрқилы белгілеріне қарай жіктеуге болады:

- уақыты бойынша – күнделікті, ай сайынғы, тоқсандық, жылдық;
- басқару қызметі бойынша- талдауға орай, бағалық, құрастырушылық, ұйымдастыруға байланысты;
- келіп түсу көздері бойынша- мектепшілік, ведомстволық, қарым-қатынастағы мекемелерден;
- мақсаты бойынша - өкімдік, ұсыныс, нұсқау-таныстыру және т.б.
- өкілеттіктер беру принципі.

Басқару жауапкершілігінің келесідей түрлері қалыптасқан: **жалпы** – қызметке орай жағдайларды жасау; **белгілі қызметтік** – нақты іс-әрекеттерге байланысты шарттарды түзу. Өкілеттік тапсырыстар лауазым иесінің атына емес, лауазымның өзіне байланысты беріледі (мысалы, мектеп директоры С.Қасымовқа емес, мектеп директорына (С.Қасымов) тапсырылсын). Жеке адамдарға жүктелетін тапсырмалар – күнделікті шаруашылық; кешенді істерге дайындық; арнайы орындалатын іс-әрекеттер; жекеленген мәселелер. Жекелеп берілмейтін міндеттер-басшы қызметі; мақсаттар тағайындау; мектеп стратегиясына орай шешім қабылдау; нәтижеге бақылау салу; қызметкерлерге басшылық,

оларды еңбекке ынталандыру; аса маңызды міндеттер;тәуекелдікті талап ететін жоғары дәрежелі тапсырыстар; тосын, қалыптан тыс істер; түсіндіріп, қайта тексеріп жатуға мерзімі тығыз қауырт жұмыстар; жоғары сенімділікті қажет етуші қатқыл тапсырыстар.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. «Педагогикалық жүйе» түсінігінің мәнін ашып беріңіз.
2. Педагогикалық жүйелерді басқарудың ерекшеліктері неде?
3. Білім беру жүйелерін басқарудың негізгі принциптерін атап беріңіз.
4. Білім беру мекемесін басқарудағы жүйелілік бағыт мәнін қалай түсіндіресіз.

## **19-дәрісбаян. Мектеп – педагогикалық жүйе және басқару нысаны**

### Жоспары

1. Осы заман мектебіндегі ғылыми басқарым мәні
2. Басқару қызметтері, әдістері және формалары

#### **19.1. Осы заман мектебіндегі ғылыми басқарым мәні**

Күрделі педагогикалық жүйе ретінде танылған осы заман мектебін басқару әрбір басшыдан біртұтас басқару жүйесін түзіп, оны даму жолына бағыттауда жоғары ғылыми дайындықты талап етеді. Бұл үшін түрлі деңгейдегі мектеп жетекшілері төмендегілерді білуі міндетті:

- мектеп түрі мен мақсаты;
- ақпараттық жабдықталуы (оқушылар қызығулары мен мүмкіндіктері, ата-аналар тапсырыстары);
- мамандар, материалдық-техникалық, психологиялық жағдайлар (анықталған қажеттіктерді қамтамасыз ету үшін);
- оқу жоспарының мектептік баламасы;
- оқу жүйесі жеке-дара, сынып-сабақтық, дәрісбаян-тәжірибелік, мектептің әркілы сатылары мен оқушы топтарына арналған циклды-ағымдық және т.б.);
- оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың мерзімдік тәртібі (бес-алты күндік, апта, түске дейінгі не күннің екінші жартысында);
- мектептің белгілеген мақсаттарға жетудегі басты шарттары (мамандар, материалды-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-психологиялық).

Педагогикалық жүйе ретінде мектепті басқару барысында, бір жағынан, оның тұтастығын сақтауға, екінші жағынан- ондағы жүйе бірліктерінің әрекеттеріне ықпал жасаумен оларды өзгертіп, реттеуге мүмкіндік беруі қажет. Педагогикалық жүйенің өзіндік қызметтері қоғам қажетінен туындаған мақсаттардың дәл мезетінде орындалып баруына бағытталуы қажет. Мақсаттар мектептің педагогикалық жүйесінің мазмұнын айқындайды, ал сол мазмұнның іске асырылуы, өз кезегінде көптеген , әркілы әдістер мен формаларды ойластыруды керек етеді.

Мектептегі педагогикалық жүйенің негізгі құрылымдық бірліктерін анықтайтын жағдаяттар – педагогикалық ұжым және оның басшыларының қызметтік іс-әрекеттері (В.А.Сластенин). Мектептердің көбі төрт деңгейлі басқару құрылымын қолдануда:

**Бірінші деңгей-** мемлекеттік орган бекіткен не ұжым сайлаған мектеп директоры; мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық бірлестіктер басшылары. Бұл деңгейде мектептің стратегиялық даму бағыты анықталады.

**Екінші деңгей-** мектеп директорының орынбасарлары, мектеп психологы; әлеуметтік педагог, қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруға жауапкер, әкімшілік-шаруашылық бойынша директор көмекшісі; өзіндік басқаруға қатысты органдар мен бірлестіктер басшылары.

**Үшінші деңгей-** оқу барысында және оқудан тыс білім-тәрбие жұмыстарына байланысты оқушыларға басшылық қызметтерді атқарушы мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері. Бұл деңгейге қоғамдық басқару органдары мен өзіндік басқару, қосымша білім беру мекемелерімен байланыс жүргізуші педагогтарды да енгізуге болады.

**Төртінші деңгей-** сыныптық және жалпы мектептік өзіндік басқару қызметтері тапсырылған оқушылар. Бұл деңгейдің назарға алынуы мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынастың «субъект-субъектті» сипатын баса танытады. Мұндай қатынаста оқушы өзара ықпал нысаны болумен бірге өз дамуының қозғаушы күші – субъект ролін де атқарады.

Сатысына қарай әрбір басқару субъекті бір уақытта жоғары деңгейлі басқарудың объекті – нысаны болып есептеледі.

Басқарымды жүйеде оқушылар ұжымы маңызды орынға ие. Бұл ұжымда басқару екі деңгейде жүргізіледі: **біріншісі-** жалпы мектептік және сынып ұжымы; **екіншісі-** оқушылардың қоғамдық ұйымдары, спорттық бөлімдер, шығармашыл бірлестіктер, үйірмелер, оқу-үйрену топтары (бригадалары) және т.б. Педагогикалық және оқушылар ұжымдарының өзара бірлестік іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен жалпы білім беруші мекемелер Жарғысы негізінде реттеліп барады.

## 19.2. Басқару қызметтері, әдістері және формалары

Басқару іс-әрекеттері процесінде төмендегідей қызметтер орындалады:

- **мақсаттар айқындау** (бүкіл жүйенің, сонымен бірге әр кезеңінің соңғы нәтижесін болжастырып, ой-санада нақтылау);
- **жоспарлау** (мектеп жұмыстарының барша бағыттары бойынша ұзақты болашақ пен әр жылға жоспар түзу);
- **ұйымдастыру** (қызметтік міндеттерді сауатты бөлістіру және бағыну мен жауапкершілік жүйесін қалыптастыру);
- **реттеу** (қабылданған шешімдерді іске асыру мақсатында әркімге бағыттағы түрлі қызмет жүйелерінің іс-әрекеттерін үйлестіру);
- **ынталандыру** (шығармашылық істерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, инновациялық жобаларға қатыстыру үшін жағдайлар жасау; мұғалімдердің рухани бірлік сезімін қалыптастыру, олардың

әлеуметтік белсенділігіне дем беру; жетістіктеріне орай бағалау және мадақтау);

- **қадағалау** (талдау және жаңа міндеттерді белгілеу үшін көзделген жоспарлардың орындалуы жөнінде уақтылы ақпараттар алып тұру);

- **педагогикалық талдау** (оқу процесін, тәрбие жұмыстарын, білім мекемесінің материалдық қорын, қаржы-экономикалық жағдайын педагогикалық мамандар мен тәрбиеленушілер құрамын жетілдіруге байланысты зерттеулер және талдаулар, нақты қорытындылар жасап, ұсыныстар беру).

Жоғарыда аталған қызметтер жөнін талдау арқылы басқару мазмұнын екі жікке келтіруге болады: 1) **ұйымдастыру- бақылау жұмыстары** (басқарымдағылардың іс-әрекеттеріне жетекшілік: тапсырма беру, талаптар қою, күштерін біріктіру, жұмыс барысын қадағалау, марапаттау және т.б.) және 2) **басқарушылар іс-әрекеттері** (мақсаттар айқындау, ынталандыру, қаржы көздерін табу, ұжым құрылымын жүйелеу, іс-әрекеттердің технологиялық негізін қалау).

Педагогикалық басқару әдістері көзделген мақсаттарға жету және басқару қызметтерін іске асыру құралдары ретінде қарастырылады. Басқару әдістерінің негізгі топтары төмендегідей:

- **педагогикалық қызметкерлерді экономикалық тұрғыдан қызықтыру** (еңбек саны және сапасына орай, категориялары мен атақ-дәрежелеріне сәйкес жалақы беру);

- **әкімшілік – ұйымдастыру әдістері** (орындаушылар қызметтерінің шек-өлшемін белгілеу, көрсетпелер, нұсқаулар, бұйрықтар беру және т.б.);

- **психологиялық – педагогикалық ықпал жасау** (кеңес, өтініш, тілек білдіру, алғыстар жариялау) және **әсерлендіру** (шуақты психологиялық климат қалыптастыру, шығармашылық пен ынталылық сезімдерін көтеру, білім мекемесінің әлеуметтік даму болашағы жөніндегі болжамдармен таныстыру);

- **қоғамдық ықпалдарды пайдалану** (педагогтар мен оқушыларды білім мекемесін басқаруға араластыру);

- **қоғамдық әсер әдістері** (ұжымда демократияны нығайтып, басқалармен қатынаста шыдамдылық сақтау, мекеме қызметкерлерінің беделі мен мәртебесін ұлықтау).

Соңғы жылдары мектепте психологиялық қызметтің қалыптасуымен жаңа басқару әдістері пайда бола бастады. Оқу-тәрбие ақпараттарымен жұмыс жүргізуші қызметкер оларды жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін жақсы білгені жөн. Мектеп басшысы, менеджер өз қызметінде бақылау, анкетті сауалнама жүргізу, тестілеу, нұсқау және әдістемелік материалдармен жұмыс жасау әдістерін белсенді қолдана білуі шарт. Мектеп әкімшілігінің күш-

қуаты басқарудың мектепшілік ақпараттық технологиясын нақтылап, тәжірибеге ендіруге жұмсалуды тиіс. Бұл технологиялар басшыларға да, әр мұғалімге де таныс болуы міндетті.

Басқаруды ұйымдастыру формалары әрқилы құрылым және бағыттарда болуы мүмкін: нұсқау-әдістемелік, теориялық семинар, оқушылар ұжымының отырыстары, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, ұстаздық, мектеп конференциялары, педагогикалық оқулар, ата-аналарды педагогикалық жаппай сауаттандыру. Әлеуметтік –психологиялық әдістерді іске асыру формалары мектептің ішкі тәртіп Ережелерінде көрсетіледі немесе мектеп Жарғысына ендіріледі.

Сонымен, мектеп басқарымын ұйымдастырудағы маңызды жағдай – педагогикалық басқару жүйесінің қалыпты күйге келіп, әрекетшендік жағдайында болуы және оны іске асыру жолдарын әрбір басшының жіті білуі.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Педагогикалық жүйе сипатындағы мектептің негізгі белгілерін атаңыз.
2. Осы заманғы мектепті ғылыми тұрғыдан басқарудың мәні неде?
3. Мектептің педагогикалық жүйесін басқарудың негізгі әдістеріне сипаттама беріңіз.
4. Басқару қызметтерінің түрлері қандай?
5. Мектеп педагогикалық жүйесін басқару принциптерін атаңыз.

## **20-дәрісбаян. Мектеп дамуына байланысты инновациялық процестерді басқару**

Жоспары

1. Инновациялық процестерді басқару
2. Мектепшілік басқарудағы тың енгізулер бағдары

### **20.1. Инновациялық процестерді басқару**

«Инновация» термині жаңашылдық, өзгеріс, қандай да жаңалық ендіру дегенді аңдатады. Педагогикалық процеске байланысты бұл түсінік оқу және тәрбие жұмыстарымен мұғалім және оқушының бірлікті іс-әрекеттерін ұйымдастыру мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен формаларына енген, енетін жаңалықтардан хабар береді (ғылыми рәміз ретінде бұл терминді аудармасыз, өз күйінде қолданғанды жөн көрдік).

*Инновация*, сонымен, жаңалық жеткізуші, жаңаланып жатқан жүйеге өзгеріс беретін құрал. Жаңалығы болмаған инновация мәнсіз. Инновациялық маңызға ие болмаған жаңалық іс-әрекет қалпын жақсартудың дерексіз (абстракт), болмысқа жарасымы жоқ құрғақ теория. Басқарудағы жаңалықтар мен инновациялар әрқилы даму, тіршілік сатылары мен қисынды құрылымдарды қамтиды. Өз даму айналымында инновация белгілі кезеңдерден өтеді: идеяның туындауы, мақсат белгілеу, жаңалық идеясын ойластыру және әрекет бабына келтіру, жаңалықты іске асыру, тарату және тоқырау (жойылу). Инновациялардың іске асып бару кезеңдері жаңалықты қабылдап, игеруші ұжымның даму кезеңдерімен тығыз байланыста.

Жекеленген басқарым инновацияларының жиынтығы мектепті басқарудың жалпы инновациялық процесін құрайды, ал ол өз кезегінде аудан, аймақ, республикалық білім жүйесінде жүріп жатқан кең ауқымды инновациялық кешендердің құрамынан орын алады.

*Инновациялық процесс* – бұл күнделікті тәжірибеде өз алдына бөлек жаңалық ретінде танылған нақты да соны ауқымды бірлігі. Мектеп басшысының айналысатыны да осы үлкен, кең шеңберлі процесс.

Инновациялық тәртіп пен кейіп өріс алған жағдайларда оқушылардың да, педагогтардың да тұлғалық бой тіктеуге, өз мүмкіндіктерін іске асыруға болған ынта-ықыласы белсенді даму арнасына түседі. Бұл педагогикалық процесс қатысушыларының өзара қатынасында көрініс береді. Инновациялық процесс нәтижесі – қолданымға енген теориялық та, практикалық та жаңа идеялар. Мұғалім бұл орайда жаңалық авторы, дайындаушысы, зерттеушісі,



пайдаланушысы және насихаттаушысы сипаттарын бірдей алады. Ал бұл қызметтерге қатысты басқару жұмыстары соны тұжырым, теория, идея, технология, әдістеме және озат педагогикалық тәжірибелерді қандай да мақсатқа орай бағалауды және кәсіби іс-әрекетте пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қоғам, мәдениет және білімнің бүгінгі даму жағдайында педагогикалық іс-әрекеттегі инновациялық бағыттардың қажеттігі бірнеше шарттардан туындап отыр. Олар:

- әр текті оқу орындарындағы білім беру жүйесінің, әдіснамасының және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру технологияларының жаңалануы;
- білім мазмұнының күшті адамилық (гуманитаризация) сипат алуы;
- оқу пәндері көлемінің үздіксіз өзгеріп баруы;
- оқудың жаңа ұйымдастыру формалары мен технологияларын ұдайы іздестіруді қажет ететін жаңа оқу пәндерінің енгізілуі;
- мұғалімдердің педагогикалық жаңалықтарды меңгеруі мен қолдануының өзіне болған қатынастар сипатының өзгеруі;
- жалпы білімдік оқу мекемелерінің нарықтық экономикаға бет бұруы;
- жаңа оқу орындары, олардың арасында мемлекеттік емес білім ордаларының құрылуы;

Күнделікті тәжірибеде инновациялық процестер сипаты күтілген нәтижелер мазмұнымен, енгізілудегі ұсыныстардың күрделілік және тыңғылық дәрежесімен, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетке дайындық дәрежесімен анықталады.

Соңғы нәтижеге болжам жасай отырып, мектептегі инновациялық процесті басқаруда осы қызметтің негізгі бөлімі ұжымдық талқыға түседі. Бағдарламалы инновацияға байланысты өте ірі шаралар топтық әдіспен дайындалады.

Нақты бағдарлама түзіліп, онда ұжымдағы әрбір мүше іс-әрекетінің бастау бағыты көрсетіледі, соңғы нәтиже болжамы түзіледі, көзделген мақсаттың іске асу мерзімі айқындалады, бар жағдай- шарттардың жақсылана түсуі қамтамасыз етіледі.

Инновациялық процестерді басқаруда нәтижеге бақылау жасау үлкен маңызға ие. Бақылаудағы міндеттер:

- жеткен нәтижелерді бағамдық талдауға салу, білімдік іс-әрекет процестерін реттеуге байланысты жұмыстар жүргізу үшін қажетті тұжырымдар жасау;
- ұжым кейпі мен іс-әрекеттеріне түзетулер енгізу мақсатында инновациялық процестің барша қатысушыларының қызметтері мен жұмыс нәтижелеріне баға беру; қорытындылар шығару;

- кешенді – мақсатты бағдарламаға сәйкес инновацияларды басқару нәтижелерін бағалау және басқару ықпалдарын ретке келтіруге орай ұсыныстар беру;

- инновациялық процесс қатысушыларын ақпараттандыру мен инталандыру үшін тура және кері байланыс өзектерін қалыптастыру.

Мектепті басқару сол мекеменің бұдан былайғы тіршілік нәтижесіне үлкен ықпалын тигізеді.

## **20.2. Мектепішілік басқарудағы тың енгізулер бағдары**

Нақты білім мекемесіндегі мектепішілік басқару жүйесінің жаңалану процесі көбіне ондағы және сыбайлас оқу орындарындағы инновациялық процестің жеделдігіне, мақсатты бағытына, мазмұнына тәуелді.

Мектепішілік басқарудың дамуында аса үлкен маңызға ие болар келесідей бағдар-бағыттарды атау орынды:

- әлеуметтік орта мен мектептің өзін жаңа сипаттағы басқару қажеттіктерінің объектив күрделенуі;

- мектептегі басқару іс-әрекеттеріне қойылатын талаптардың күшеюі;

- мектепті тиімді басқарудың жаңа жағдайлы мүмкіндіктерінің пайда болуы;

- мектепішілік басқару жүйесінің дамуы;

Жоғарыда аталған бағыт-бағдарлар мектепішілік басқару жүйесіндегі инновациялық процестердің өтуіне мүмкіндік береді. Мұндай жаңалықты іс-әрекеттер түрі төмендегідей:

- тұлғалық бағыттағы оқуға бет бұру;

- оқу-білім мекемелерінің жобаларын жасауда ұлттық және діни-рухани құндылықтарды да негізге алу;

- оқушы тұлғасының кемелденуі процесінде білім мен мектептің ролі орнына мән беру;

- демократиялық және гуманистік басқару бағытын ұстану;

- кейбір аса маңызды құндылықтардың мектеп өміріне ену себепшісі ретінде мектепішілік басқару жүйесінің сыр-сипатын тереңдей түсіну;

- нақты әлеуметтік тапсырысты ескеру;

- мектептің даму бағдарламалары мен тұжырымдарын дайындау және т.б.

Білім мекемелерінің құқықтық мәртебесіндегі, басқару нысандары жағдайы мен міндеттеріндегі күрделі өзгерістер басқару қызметтерінің жаңа түрлерін пайда етті:

- мектептің жан-жақты іс-шаралар жүргізуге байланысты құқықтық аясы мен оған қатысты басқару нысандары шеңберінің кеңеюі;
- бұл процестің басқарушылық санада орын тебуі;
- басқарылушы нысан мән-бейнесінің молаюы;
- жаңа біртұтас басқару нысандарының (мектептердің жаңа типтері, түрлері, жобалары) немесе олардағы жаңа элементтер, қырлар, байланыстар мен қатынастардың туындауы не туындау қажеттігі;
- әлеуметтік тапсырыс және жаңа табысты қор келтіру көзі – мектеппен байланысты сырттай ортаның көзге түсер сапалық өзгерістерге келуі;
- стратегиялық және ұзақ мерзімді жоспарлауға өту;
- нысанда жаңа процестер мен іс-әрекет түрлерінің (зерттеу және қолданым түріне келтіру, эксперимент, сын баға беру) пайда болуы,
- басқарудың жаңа түрлерін игеру.

Басқару қызметтерінің арасында инновациялық процестерді басқару және оларды бұдан былай дамыту мақсатындағы арнайы қызметтер салаларының (сапа менеджменті, білім маркетингі, мектеп психодиагностикасы және т.б.) пайда болуы – бүгінгі оқу-тәрбие орындарындағы жаңа құбылыстар. Мектептер өзін қоршаған ортаны және ол ортаның болашақ өзгерістер бағытында талдау жұмыстарын жүргізе бастады. Мектеп өзінің бәсекелестік заман жағдайына дайындығын ойластырып, одан жеңіп шығу жолдарын іздестіретіндей санаға жетуде. Бұл орайда білім ордасы өзінің барша тіршілігінің нәтижесін тек оқу –тәрбие процесін ұйымдастырудағы табыстарымен ғана байланыстыруы тиіс.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Білім саласындағы «инновациялық процестер» деген не?
2. Мектепшілік басқарудағы көзге түскендей жаңалықтар қандай?
3. Жаңашылдық іс-әрекеттерге байланысты мектеп дамуының негізгі бағыттарын атаңыз.
4. Осы заман мектебіндегі инновациялық процестерге сипаттама беріңіз.
5. Мектепке жаңалық ендіруде басты назарға алынатын не?

## **21-дәрісбаян. Біліктілік көтеру және мектеп қызметкерлерін сараптау(аттестациялау)**

### **Жоспары**

1. Педагогтар біліктілігін көтеру
2. Педагогикалық сараптау міндеттері
3. Педагогикалық сараптау технологиясы

### **21.1. Педагогтар біліктілігін көтеру**

Мұғалімдер, тәрбиешілер, мектеп жетекшілерінің *біліктілігін (квалификация) көтеруге* басшылық – білім саласындағы басқару қызметі бағыттарының маңызды да мәнділерінің бірі. Бұл қызмет төмендегідей аса маңызды әрі қажетті бірліктерден құралады:

- мұғалімдер және тәрбиешілердің оқушылармен жүргізетін оқу-тәрбие жұмыстарының формалары мен әдістерін пайдалану және қолдану шеберлігін жетілдіру, үздіксіз күрделене дамудағы білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ету;

- мектептегі оқу-тәрбие процесінің мүмкіндігінше жоғары деңгейде жабдықталуы мен барша деңгейдегі жаңашыл-жасампаз іс-әрекеттердің орындалуына жағдай жасау;

- мектептің даму бағытын айқындауға байланысты педагогикалық ұжым қызметіне дем беріп, оны жетілдіру;

Кәсіби қызметінің барысында барша мамандар өз педагогикалық шеберлігін арнайы курстарда, семинарларда, біліктілік көтеру мекемелерінде жетілдіріп баруы міндетті. Бұл мақсатта келесідей іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:

- негізгі жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар (соңғы емтихан, сынақ не нақты кәсіби қызмет мәселесіне орай реферат қорғаумен бітеді);

- сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық не проблемді орташа мерзімді семинарлар (жұмыстан үзіліссіз);

- мамандардың кәсіби қызмет бағытында біліктілік көтеру мекемесінде ұзақ мерзімді оқуы.

Жаңа бағдарламалар бойынша қосымша білім және ептіліктер игеру және кәсіби қызметке орай жаңа мазмұн мен соны технологияларды меңгеру үшін кәсіби қайта дайындық (екінші мамандық алу) оқулары ұйымдастырылады.

Қайта дайындық нәтижелері бойынша кәсіби іс-әрекеттің белгілі саласында жұмыс алып бару құқығына кепіл мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

## 21.2. Педагогикалық сараптау міндеттері

Елде қабылданған мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру жүйесі – *сараптау (аттестация)* – педагогтар мен мектеп басшыларының біліктілігін көтерудің аса маңызды да тиімді құралы есептеледі. **Сараптау мақсаты-** кәсібилік деңгейді көтеруге ынталандыру, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру, шығармашылықта дамыту, сонымен бірге нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында жекеленген еңбек жалақысын беру жолымен педагогтардың әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз ету. Бұл орайда мұғалім жұмысының сапасы мен оның еңбек ақысы арасындағы сәйкестікті ұстану көзделген.

Кәсібилік деңгейіне сәйкес педагогтың біліктілік категориясын тағайындау да осы сараптау қызметінің нәтижесі.

**Сараптау принциптері:** еріктілік, жариялылық, жүйелілік және тұтастық, шынайылық.

Мұғалімдерді сараптауда педагогикалық еңбектің бағамы- оның нәтижелілігі және оқу-тәрбие процесінің сапасы – есепке алынады. Ол әр бес жылда бір рет педагогтың өзі таңдаған біліктілік категориясы көрсетілген жеке өтінішіне орай өткізіледі.

Біліктілік категориясын иемдеуге байланысты өз сараптау мүмкіндіктерін мұғалімдердің өздері анықтайды, олар сараптау формаларын таңдауға құқылы: дәрістер тобын көрсету, сыныптан тыс оқу жұмыстарымен таныстыру, белгілі бағдарлама бойынша «емтихан» (әңгімелесу) не шығармашылық есеп, ғылыми-әдістемелік немесе тәжірибе-эксперименттік жұмысты қорғау және т.б.

Категория иемдену үшін сараптан өтуді қаламаған мұғалімдердің жалақысы тариф негізінде білімі және еңбек стажына орай белгіленеді.

Кей жағдайда нақты мұғалімнің біліктілік деңгейі мен оның тағайындалған қызметіне сәйкестігін анықтау үшін сараптау жұмысы әкімшіліктің, мектеп кеңесі мен педагогикалық кеңес ұсынысымен де өткізілуі мүмкін.

ҚР Білім және ғылым министрлігі бұйрығына орай қабылдаған «Мемлекеттік және жеке меншік білім мекемелерінің педагогикалық және басқару қызметкерлерін сараптау жөніндегі Ережелеріне» сәйкес үш түрлі сараптау комиссиясы түзіледі:

- бас сараптау комиссиясы – республикалық деңгейдегі басқару органы тарапынан ҚР, облыстар құрамында түзіледі;
- аудандық (аймақтық) не қалалық комиссия – жергілікті жердегі білім басқармасы тарапынан ұйымдастырылады;
- білім мекемесіндегі сараптау комиссиясы – оның педагогикалық кеңесі ұсынысымен құрылады.

Әр комиссия өз құзырына сай мәселелерді шешеді. Сараптау комиссиясының қабылдайтын негізгі шешімі – біліктілік категориясын тағайындау. Қазіргі күнде әрекеттегі Ережелерге орай үш біліктілік категориясы белгіленген:

- ең жоғары, оны бас сараптау комиссиясы белгілейді;
- бірінші, оны аудандық (аймақтық) не қалалық комиссия тағайындайды;
- екінші категория мектептің сараптау комиссиясы тарапынан беріледі.

Мұғалім не басшы қызметінің бағамы, екі кешенді көрсеткіштер бойынша іске асырылады: қызмет нәтижелерін қорытындылау (шығармашылық есеп, ғылыми-әдістемелік не тәжірибе-эксперимент жұмыс түрінде) және практикалық іс-әрекеттің эксперттік бағамы әртүрлі баламадағы психикалық–педагогикалық экспертиза).

Категория құжаттық материалдар (стаж, мінездеме, мұғалімдердің біліктілігін көтеру курстарын өткені жөніндегі сертификат) негізінде беріледі.

Сараптаудың табысты болуы оның ұйымдасуымен, қойылатын талаптар туралы қажетті ақпараттың нақтылығымен, қорғау және эксперттеу әрекеттерімен, іскерлік және көңілге қонымды жағдайлардың жасалуымен байланысты келеді. Мұғалімдерді сараптау қорытындысы мектеп жұмысының стратегиясы және тактикасын белгілеуде маңызды рөл атқарады.

### **21.3. Педагогикалық сараптау технологиясы**

Педагогикалық сарап мақсаты – бұл мұғалімдердің оқу-тәрбие қызметінің тиімділігін шынайы анықтап (диагностикалап), оның нақты бағасын шығару. Ал мұғалімнің педагогикалық деңгейіне берілетін баға ол оқытып, тәрбиелеп жатқан шәкірттердің оқу іс-әрекеттерінің нәтижелілігіне байланысты болатыны әбден түсінікті. Осыдан мұғалім бағасы мен шәкірт тәлім-тәрбиесіндегі нәтижелілік көрсеткіштері ажыралмас бір процестің екі тарапы. Біріншісі –негізі сабақ болған білім беру, оқыту процесінің тиімділік деңгей бағасы, ал екіншісі – нәтиже, яғни оқушының оқудағы үлгерімі (дамуы) мен тәртіптілік дәрежесіне берілетін баға.

Мұғалім еңбегін бағалауға қойылатын жалпы талаптар екі өлшем-шекке (критерийге) негізделеді: нәтижелілік өлшем және процестік өлшем.

**Нәтижелілік өлшем-шек** (педагогикалық қызмет нәтижесі). Оқушының пән бойынша үлгерімін және олардың тәртіптілік деңгейін анықтауда ескірілетін жәйттер:

- пәндік нақты білім қоры;

- игерілген білімдерді пайдалана білу (сауатты жазу, есептеу және т.б.);
- табиғат және қоғамда жүріп жатқан оқиғалар мен құбылыстардың мәнін түсіну;
- оқушының дербестігі, өз бетінше іс-әрекет жасау дәрежесі;
- оқуға, білім жинақтауға байланысты ізденіс, ептілік мүмкіндігі;
- тапсырылған іске жауапкершілігі, мектептегі тәртіп ұстанымы, қоғамдық пайдалы еңбектегі белсенділігі, эстетикалық және тән-дене мәдениетіне орай талғамы.

Әрине, оқу-тәрбие жұмыстарының оқушы арқылы көрінетін нәтижелері мұғалім қызметін бағалауда қажет-ақ, дегенмен, олармен шектелу шынайылыққа нұқсан.

Сондықтан, мұғалімнің өз педагогикалық қызметін белгілі дәрежеде орындап баруы үшін үнемі, тынымсыз жүргізетін іс-әрекет процесін ескерген де жөн. Бұл тұрғыдан назар аударарлық ұстаз әрекеттері; яғни **процестік өлшем- шектері**:

- мұғалімнің өз біліктілігін көтеру жұмыстары;
- өткізетін сабақтарының сапасы, оқу және тәрбие жұмыстары;
- оқыту және тәрбиелеу барысында әр оқушыға жекелей қатынас жасаудағы мұғалім ептілігі;
- ата-аналармен жұмыс, бала тәрбиесіне байланысты отбасыға педагогикалық жәрдем ұйымдастыра білу.

Мұғалімдерді сараптау үш кезеңмен жүргізіледі:

**Алғашқы кезеңде** білім мекемесінде Педагогикалық кеңес қаулысымен сараптау комиссиясы түзіліп, оны сол мекеме басшысы бекітеді.

Сараптау жөніндегі Ережеге сәйкес мұғалімнің (педагогикалық қызметкердің) сараптан өтуіне қажет жеке құжаттары дайындалады: сарапқа түсу жөніндегі арызы, біліктілік көтергені жөніндегі құжаттар көшірмесі, бақылау- қадағалау не басқа біліктілік жұмыстарын орындағаны туралы эксперттік комиссия шешімі, сараптау парағы, білім беру мекемесі басшысының бұйрығынан көшірме.

Екінші біліктілік категориясын алу үшін мұғалім мектеп сараптау комиссиясына , бірінші категория үшін – аудандық комиссияға, жоғары категория үшін – аймақтық, облыстық комиссияға арыз береді.

**Екінші кезең**- мұғалімнің біліктілік деңгейін, оның кәсіби қызметінің нәтижелілігін бағалауды ұйымдастыру;

**Үшінші кезең** – сараптау комиссияларының шешім қабылдауы және сол шешімдердің нәтижесі бойынша бұйрық жариялау.

Сараптау комиссияларының шешімдерінің негізінде білім басқару органдары мен білім беру мекемелерінің басшылары педагогикалық қызметкерлерге біліктілік категорияларын беру жөнінде бұйрық

шығарады, белгіленген разрядтар бойынша еңбек ақы деңгейін тағайындайды.

Жоғарыда әңгіме тиегі болған біліктілік көтеру жүйесінің тиімділігі көптеген жағдайды ескеруден іске асатынын байқауға болады, атап айтсақ, ол – басқару сапасы, мұғалімдер мен тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге деген басшылар мен мектеп ісін ұйымдастырушылардың көзқарас – қатынасына байланысты, яғни, біліктілік көтеру мектеп директорларының тұлғалық сапасына, аудан, облыс, жалпы елдегі оқу ісін басқарушы, ұйымдастырушылардың мұғалімге болған ықылас – ниет сипатына тәуелді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Педагог мамандарды сараптаудағы негізгі мақсат не?
2. Мұғалімді сараптау негіздерін атаңыз.
3. Сараптау негіздеріне сипаттама беріңіз.
4. Мұғалімдерді сараптаудың негізгі кезеңдерін атаңыз.
5. Сараптаудың негізгі кезеңдеріне сипаттама беріңіз.



# М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз

## 1-бөлім. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

**1-дәрісбаян. Педагогиканың адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны**

- 1.1. Педагогика – тәрбие жөніндегі ғылым
- 1.2. Педагогиканың пайда болуы мен дамуы
- 1.3. Педагогика нысаны, пәні және қызметтері
- 1.4. Педагогикалық ғылымдар жүйесі
- 1.5. Педагогика және басқа ғылымдар

**2-дәрісбаян. Педагогика әдіснамасы мен әдістері**

- 2.1. Педагогика әдіснамасы жөнінде түсінік
- 2.2. Педагогиканың философиялық негіздемесі
- 2.3. Педагогиканың жалпы ғылымдық әдіснамасы
- 2.4. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық принциптері
- 2.5. Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру
- 2.6. Педагогикалық зерттеу әдістемесі мен әдістер жүйесі

**3-дәрісбаян. Педагогикадағы тұлға дамуына байланысты проблемалар**

- 3.1. Тұлғаның даму процесі
- 3.2. Нәсілдік және қоршаған орта
- 3.3. Іс-әрекет және тұлға дамуы
- 3.4. Даму диагностикасы

**4-дәрісбаян. Білім мәні мен маңызы**

- 4.1. Білім – жалпыадамзаттық құбылыс
- 4.2. Білім - әлеуметтік қажеттілік
- 4.3. Білімнің жүйелілігі
- 4.4. Білім-педагогикалық процесс
- 4.5. Қазіргі заман білім жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары

## 2-бөлім. ОҚУ ТЕОРИЯСЫ (дидактика)

**5-дәрісбаян. Оқу процесінің мән-мағынасы**

- 5.1. Оқу процесінің мәні және дидактика жөнінде түсінік
- 5.2. Оқу- дидактикалық процесс
- 5.3. Оқу процесінің қызметтері
- 5.4. Оқудың әдіснама-дидактикалық жүйелері
- 5.5. Таным теориясы және оқу

### **6-дәрісбаян. Оқу заңдары, заңдылықтары және принциптері**

- 6.1. Заңдар, заңдылықтар және принциптер мен ережелер жөнінде түсінік
- 6.2. Оқудың негізгі заңдары мен заңдылықтарына шолу
- 6.3. Принциптер және оларға байланысты оқу ережелері

### **7-дәрісбаян. Білім мазмұны**

- 7.1. Білім мазмұны түсінігі және оның мәні
- 7.2. Білім мазмұнын қалыптастыруға байланысты негізгі теориялар
- 7.3. Мемлекеттік білім стандарты
- 7.4. Оқу жоспарлары, бағдарламалары және оқу құралдары

### **8-дәрісбаян. Оқу әдістері және құрал жабдықтары**

- 8.1. Оқу, әдіс, тәсіл және ережелері түсінігі мен мәні
- 8.2. Оқу әдістерін топтастыру
- 8.3. Оқу құрал-жабдықтары
- 8.4. Оқу әдістері мен құралдарын іріктеу

### **9-дәрісбаян. Оқу формалары**

- 9.1. Оқу формасы түсінігі
- 9.2. Оқу формаларының қалыптасуы мен жетіліп баруы
- 9.3. Оқу процесін ұйымдастыру формалары
- 9.4. Оқу түрлері

### **10 – дәрісбаян. Оқу барысындағы диагностика және бақылау – қадағалау**

- 10.1. Оқу сапасын диагностикалау
- 10.2. Қадағалау түрлері, формалары және әдістері
- 10.3. Оқу іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау
- 10.4. Бағалаудағы қателіктер

### **11-дәрісбаян. Оқудың педагогикалық технологиялары**

- 11.1. Оқудың педагогикалық технологиялары түсінігі
- 11.2. Оқудың педагогикалық технологиялары сипаттамасы

## **3-бөлім. ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ**

### **12- дәрісбаян. Тәрбие мән-мағынасы**

- 12.1. Тәрбие міндеттері мен қызметтері
- 12.2. Тәрбие процесінің ерекшеліктері
- 12.3. Тұлғаның өзіндік тәрбиесі мен қайта тәрбиесі

### **13-дәрісбаян. Тәрбиенің жалпы заңдылықтары мен принциптері**

- 13.1. Тәрбиенің жалпы заңдылықтары
- 13.2. Тәрбие принциптері

#### **14-дәрісбаян. Тәрбие процесінің мазмұны**

- 14.1. Жалпы адамзаттық құндылықтар мен құндылықты бағыт-бағдарлар
- 14.2. Тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру
- 14.3. Бала құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттар идеяларының тәрбие мазмұнында ескерілуі

#### **15-дәрісбаян. Тәрбие әдістері**

- 15.1. Тәрбие әдістері мен тәсілдері жөнінде түсінік
- 15.2. Сана қалыптастыру әдістері
- 15.3. Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері
- 15.4. Ынталандыру әдістері
- 15.5. Педагогикалық қолдау, оның мәні және ұйымдастыру жолдары
- 15.6. Тәрбие әдістерін талдау

#### **16-дәрісбаян. Тәрбие құрал-жабдықтары мен формалары**

- 16.1. Тәрбие құрал-жабдықтары және формалары түсінігі
- 16.2. Тәрбиенің негізгі формаларына сипаттама
- 16.3. Тәрбие формалары мен құрал-жабдықтарын таңдау

#### **17-дәрісбаян. Тәрбие құралы – әлеуметтік орта**

- 17.1. Отбасы – педагогикалық қатынас субъекті
- 17.2. Мектеп ұжымы
- 17.3. Балалар және жасөспірімдер бірлестіктері

### **4-бөлім. БІЛІМ ЖҮЙЕЛЕРІН БАСҚАРУ**

#### **18-дәрісбаян. Білім басқарудың мемлекеттік – қоғамдық жүйелері**

- 18.1. Педагогикалық жүйелерді басқарудың ерекшеліктері
- 18.2. Педагогикалық жүйелерді басқарудың негізгі принциптері

#### **19-дәрісбаян. Мектеп – педагогикалық жүйе және басқару нысаны**

- 19.1. Осы заман мектебіндегі ғылыми басқарым мәні
- 19.2. Басқару қызметтері, әдістері және формалары

#### **20-дәрісбаян. Мектеп дамуына байланысты инновациялық процестерді басқару**

- 20.1. Инновациялық процестерді басқару
- 20.2. Мектепшілік басқарудағы тың енгізулер бағдары

#### **21-дәрісбаян. Біліктілік көтеру және мектеп қызметкерлерін сараптау**

- 21.1. Педагогтар біліктілігін көтеру
- 21.2. Педагогикалық сараптау міндеттері
- 21.3. Педагогикалық сараптау технологиясы

*Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К.*

# **ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА**

## **Оқулық**

*ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры  
Жансеитов Н. Н.*

*Басылымға жауапты қызметкерлер: Омарқожаева Г.К., Төребаева Г.А.  
Сарашысы: Оспанова Д. Н.  
Беттеуші: Төребаева Г.А.  
Оператор: Жансеитов А.Н.  
Дизайн: Савельев А.О.*

Басуға 28.03.2005 қол қойылды. Офсеттік басылыс.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».  
Шартты баспа табағы 14,25.  
Таралымы 700. Тапсырыс № 124.

«Нұр-пресс» баспасы  
050057 Алматы қ.,  
М. Озтүрік к-сі, 12 үй.  
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.  
E-mail: law\_literature@nursat.kz

ЖШС “Заң әдебиеті” баспаханасында басылған